

ҚУАНЫШ СЕРІК


**Атырау-
Маңғыстау
аймағы
1917 жылғы
революциялық
өзгерістер
тұсында**



ҚУАНЫШ СЕРІК

АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ

1917 жылғы революциялық
өзгерістер тұсында



Аймағы
e-ACE
2010

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)
Қ 71

Пікір жазғандар:

Х.Б.Табылдиев – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Қоғамдық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан
Жазушылар Одағының мүшесі.

М.Н.Слыков – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы-
ның директоры.

Қуаныш С.
Қ 71 **АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ 1917 ЖЫЛҒЫ**
революциялық өзгерістер тұсында / Қуаныш Серік
– Алматы: Өлке, 2010. – 240 б.

ISBN 978-601-253-052-0

*Қолдарыңыздағы ғылыми еңбекте 1917 жылғы Атырау-
Маңғыстау аймағында болып өткен тарихи оқиғалардың пайда
болуы, өзгеруі және ішкі даму динамикасын мейлінше дәлірек
сиралаған.*

*Бұл туынды жоғары оқу орындарының студенттері
мен аспиранттарына, мұғалімдеріне және тарих ғылымы
мамандарына арналған.*

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 978-601-253-052-0

© Қуаныш С., 2010
© Өлке, 2010

КІРІСПЕ

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін өткен тарихының кей кезеңдеріне сын көзбен қарауға мүмкіндік туды. Тарихи актандақтардың орнын толтырарлық және бұрмалаушылықтан ада зерттеулердің қатары өсті. Мұрағаттардың құпия қорлары ашылып, өз зерттеушілерін тапса, жекелеген мәселелер бойынша тарихи концепциялар жасалынып, жаңа толқындағы зерттеу мектептері қалыптасты. Бұл отандық тарихтың өзіндік бейнесінің қалыптаса бастағанының дәлелі болса керек.

Қазіргі кезеңде 1917 жылғы Қазан төңкерісінің жеңісінен соң басталған социалистік құрылысқа қатысты көзқарастың өзі түбегейлі өзгеріске ұшырауда. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап социалистік даму жолына балама бағыт ретіндегі қоғамдық өзгерістер мүмкіндігі жөнінде мәселе қайтадан көтеріліп, оған иланарлық жауап іздестірілуде. Ал осы өзара егеске түскен түрлі даму мүмкіндіктерінің артында тұрған қоғамдық күштерді анықтау, олардың ара-салмағын, жеңіске жету немесе жеңілу себептерін талдауға алу – зерттеуші мамандардың міндеті.

Кеңестік тарихнамада 1917 жылғы қос төңкеріс тұсынданғы Қазақстанның саяси және әлеуметтік жағдайы туралы аз жазылған жоқ. Бірақ, кеңестік кезең мен ғылымда талдау жасалған нәтижелерінің үлкендік құрған кезеңде өмірге келген бұл еңбектердегі тұжырымдар методологиялық тұрғыдан шектеулі, тым біржақты жасалғандығымен

сипатталады. Сондықтан да тарихи шындықты партиялық принцип тұрғысынан талдауға алған еңбектерді қайта карап, жаңа тұжырымдар жасауға мұқтаж тақырыптар жеткілікті. Елбасы Н.Назарбаев атап көрсеткендей: «Біздің ұлттық тарихымызды парықтауда, әрине, зерттеушілердің ынғайына және әдістемелік қисынға қарай бұрыннан қалыптасқан үлгі негіз болмақ. Алайда, әртүрлі тетіктер мен тарихи ахуалдарға қарамастан, қазақ этностығының тағдырын жан-жақты танып-түсіну үшін отаршылдық кезенге біртұтас құбылыс ретінде ден қою керек. Әсіресе, жақын кезеңдерде «жадымызға түскен тарихи іздер» айрықша мәнді және ондай іздер мінез-құлыққа, өмір құбылыстарының мән-мағынасын парықтауға, соның ішінде қазақтық дүниетанымға тікелей ықпал етеді» [1]. Демек, мемлекетіміз тәуелсіздікке толық ие болған бүгінгі таңда 1917 жылғы қазақ жерінде болып өткен тарихи оқиғалардың пайда болуы, өзгеруі және ішкі даму динамикасын мейлінше дәлірек саралап беру – Қазақстан тарихы ғылымының өзекті міндеттерінің бірі.

Ресей халықтарының билікке қарсы сансыз қозғалыстарына қарамастан, самодержавие «реформа, құқықтық негізді жетілдіру мен жазалау шаралары арқылы ұлттық аймақтарды бағындырып, мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтап және сепаратистік тенденцияларды өз бақылауында ұстап келді» [2]. Осыған орай, Джеффри Хоскинг бүкіл Ресей империясында тек Қазақстан мен Орта Азияны ғана нағыз отар ретінде алып қарауға болады деп жазады [3]. Алайда, ХХ ғасыр басындағы этникалық санадың оянуы мен земстволық, либералдық, монархистік және социалистік қозғалыстардың осуы, саяси партиялар мен парламентаризмнің дүниеге келуі жағдайында мемлекет пен аймақтарға байланысты қатаң орталықтандырылған саясат ұлттық қозғалыстардың көтерілуіне және қарқынды дамуына алып келді. Сонымен қатар, жаңа оппозициялық

күштердің пайда болуына шет аймақтардағы халықтардың әлеуметтік-саяси статусының күрт нашарлауы, олардың діни, рухани және мәдени салалардағы құқықтарының бұзылуы және тіл мәселесіндегі кемсітушіліктер себеп болған болатын.

Қазақстанның территориясы ұлан-байтақ. Ол өз ерекшеліктері бар бірнеше аймақтан тұрады. Біз қарастырып отырған Атырау-Маңғыстау аймағы Ресей империясының құрамына сонау Әбілқайыр ханның тұсында қосыла бастаған болатын. Ресей империясының казак даласындағы китұртқы отарлау саясаты әуелі осы Батыс Қазақстанда сыннан өтіп, кейін бүкіл Қазақстанға танылатын эксперименттік үлгі ретінде қаралды. XIX ғасырдың 70-90 жж. Маңғыстау өлкесінің Ресей империясының құрамына енуіне байланысты Каспий теңізінің қазақстандық жағалауында отарлық жүйенің толық бақылауы орнады. Бұл жерлердің Қазақстанның өзге аймақтарына карағанда өзіндік ерекшеліктері болғаны даусыз. Олар:

– табиғи-климаттық жағдайдың тым қаталдығы және әрқелкілігі, шөлейт аймақта орналасуына байланысты су және шөп тапшылығы;

– аймақта басқарудың әртүрлі формасына негізделген әкімшілік-территориялық бөліністің болуы (Астрахан губерниясының құрамына кірген Бөкей Ордасы, Орал облысының құрамына кірген Гурьев уезі және Түркістан генерал-губернаторлығының Закаспий облысына енген Маңғыстау уезі, сонымен қатар, соғыс министрлігінің казак әскерлері Бас басқармасы арқылы басқарылған Жайық казак әскерлерінің жері);

– ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін қолға келе бастауына қарамастан, урпақтардың балықшылыққа ұшырауы және жергілікті казақтардың біразының қосалқы шаруашылықтарға, оның ішінде егіншілікке, балық кәсіпшілігіне,

тұз өндіру ісіне көшуге мәжбүр болуы, және «XX ғасырдың басындағы өлкенің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы барлық қайшылықтарды бір жерге жинаған. ең басты проблема болған – аграрлық проблема» [4];

– орыс, орыс-казак мектептерінің, училищелердің отаршылдық әкімшілікке қажетті кадрлар дайындап қана қоймай, аймақтағы білімді азаматтардың жалпы санының көбеюіне, осыған орай заман талабына сай көзі ашық, көкірегі ояу, ұлттық мүддені жеке мүддеден жоғары қоя білген зиялы қауымның жаңа буынының қалыптасуына тигізген әсері;

– дәстүрлі мал шаруашылығымен қатар жаңа кәсіпшіліктердің, оның ішінде мұнай кәсіпшілігінің дамуы, ұлттық жұмысшы кадрлерінің қалыптасуы мен шетелдік капиталдың аймақ экономикасынан алған елеулі үлесі және т.б.

Бұл ерекшеліктердің барлығы 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері тұсында жаңа қоғамдық-саяси жағдайдың қалыптасуына өз әсерін тигізді. Шын мәнінде, 1916 және 1917 жылдар Ресей империясының шет аймақтарды басқару негізін шайқалтып, әлемдегі саяси күштердің орналасуында түбегейлі өзгерістер және Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстанның да ішкі және мемлекетаралық қатынастарына жаңа элементтер әкелген болатын.

Аталған ерекшеліктер 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі жаңа қоғамдық-саяси жағдайдың қалыптасуына қалай әсер етті: Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен кеңестер билігінің ара-салмағы қандай болды; казак, мұсылман комитеттерінің жаңа құрылыс тұрғызудағы белсенді қызметі мен тап күресі теориясы арасында байланыс болды ма; шиеленісе түскен саяси күрестің ішкі және сыртқы қозғаушы күштері қандай болды; аймақтағы Қазан төңкерісінің жеңісі және қоғамдық-

саяси, шаруашылық өмірдегі кеңестік өзгерістер неліктен азамат соғысына ұласты деген сұрақтарға жауап іздеу аймақтағы саяси, әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістердің ортақ және тек өзіне ғана тән заңдылықтарына ден қойып, салыстырмалы тарихи талдау тұрғысынан тұжырымдауды қажет етеді. Қазақстанның батыс аймағында болған өзгерістердің басқа аймақтарға карағанда өз ерекшеліктері болса, бір аймаққа жататын қазіргі Атырау-Маңғыстау жеріндегі оқиғалардың барысы жергілікті жағдайға биімделген бір-бірінен тәуелсіз, бір-біріне ұқсамайтын өзіндік формада болды. Аталған ерекшеліктердің барлығы 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерістері тұсында Каспий теңізінің қазақстандық аймағында жаңа қоғамдық-саяси жағдайдың қалыптасуына, әртүрлі ерекшеліктер әсерінен кейінгі дамудың әркелкі бағытта жүруіне өз әсерін тигізді.

Міне, осы және басқа да көптеген сауалдарға тиянақты, дәлелді жауап бермей, біз 1917 жылғы Қазақстандағы түбегейлі өзгерістерді терең түсініп, қажет теориялық деңгейде қорыта алмаймыз. Сондықтан да 1917 жылғы революциялық өзгерістер тұсындағы Каспий аймағындағы Бөкей Ордасы, Гурьев және Маңғыстау уездері жеке зерттеу нысанасы ретінде алынды. Бұл түбірлі өзгерістерді бүгінгі күн талабына сай, тұтас проблемаларды жекелеген мәселелерге бөле және жекелеген аймақтардағы қоғамдық-саяси құбылыстарды тұтас зерттеу объектісі ретінде ала отырып, қазақ тарихының қажетін аз да болса өтеу мақсатында осы зерттеу жұмысы жазылды.

I ТАРАУ

АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ҚАРСАҢЫ МЕН ТҮСЫНДА

Аймақтың әкімшілік-саяси басқаруындағы ерекшеліктер

Атырау-Маңғыстау аймағы – Каспий теңізін бойлай, батысында Ресейдің Астрахан облысымен, солтүстігінде Батыс-Қазақстан облысымен, шығысында Ақтөбе облысы және Қарақалпақстанмен, оңтүстігінде Түркіменстанмен шектесетін, көлемі 277600 шаршы шақырым жерді алып жатқан, қазақтың кең-байтақ даласының бір шеті. Климаты тым континенттік, қуаң. Жыл бойы қатты жел соғып тұрады. Қысы біршама суық болғанымен, оңтүстігінде жұмсақтау. Жазы ыстық, әрі құрғақ. Жылдық жауын-шашын мөлшері 100-200 мм-ден аспайды. Жер бетінің бедері әр текті. Егер солтүстігі төбелі жазық болып келсе, оңтүстігінде таулар, жоталар, қыраттар, қырқалы құм белестер көп. Каспий теңізінің жағалауы, Жайық бойы ойпатта орналасқан. Аймақтың едәуір бөлігін құм алып жатыр. Олар: Нарын, Тайсойған, Бүйрек, Қаракұм – Атырау жерінде, Сам, Ұялы, Қарынжарық, Түйесу, Қызылқұм, Жылымшық – Маңғыстау жерінде. Оңтүстіктегі Ақтау, Қаратау жоталары теңіз деңгейінен төмен жатқан ойпаттар және жазықтармен араласып жатыр. Жер бетіндегі су біркелкі тармаған, озен-көл түгелдей солтүстік, солтүстік-батыс бөлігінде. Олар:

ірілі-ұсақты Жайық, Ойыл, Сағыз, Жем, Үлкенөзен және Кішіөзен, Ақсай, Боксай, Бүгілөзен және тағы басқалары. Солтүстік, солтүстік-шығыстағы өзендердің басым көпшілігі (Жем, Ойыл, Сағыз т.б.) жазда тартылып, қара суларға бөлінеді, суы сортаңданып, ішуге жарамсыз болып қалады. Көл онша көп емес, негізінен, Каспий теңізінің жағалауы мен өзен аңғарларында ғана бар. Көлдің көпшілігі тұзды келеді. Ірі көлдері – Индер, Жамансор, Айғыркөл, Қарашек және тағы басқалары. Ұсақ көлдер жазда құрғап, кебірге және сорға айналады. Жері – шөл және шөлейт топырақты. Солтүстік бөлігінде қоңыр топырақта жусан аралас соран және астық тұқымдас шөптер өседі. Өсімдіктің өсіп-өну кезені солтүстіктен оңтүстікке қарай 200 күннен 230 күнге ұзарады. Сұр топырақты жерде жусан, бұйырғын, балықкөз, мырзасоран, сарсазан, құмда еркекшөп, жусан, шағыр, қияқ, ақ селеу, сүттіген және ажырақ өседі. Оңтүстікке қарай, Түркіменстанмен шекаралас жерде өсімдік мүлде жоқтың қасы. Орман, ағаш атаулы, сулы жер болмаса, өте азшылық. Мысалы, Атырау жерінде ол 1%-дан да төмен.

Бұл аймақ ежелден-ақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы. Солтүстік және солтүстік-батысындағы өзен бойларындағы қолайлы жерлер болмаса, ауа райының ыстық, жауын-шашынның аз, топырақтың құнарсыз, сортаң және ащы болуына байланысты егіншілік өркендемеген. Тек, ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жайылымдық жердің азаюына, Ресейдің ішкі губернияларынан қоныс аударушылардың көптеп келе бастауына орай, жергілікті қазақтардың біразы қосалқы шаруашылықтарға, оның ішінде егіншілікке, балық кәсіпшілігіне көшуге мәжбүр болды. Бұл жерде Кіші жүздің рулары мекен ететін, ХІХ ғасырдың басында Бокей Ордасының құрылуына байланысты, олар Жайықтың оң жағасына көшіп, мекендерін кеңейтті. Алайда ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында болған әлемдік экономикалық, әкімшілік өзгерістерге байланысты орыстардың, украиндардың, татарлардың және басқа да ұлт өкілдерінің саны да көбейді.

Аймақтың әкімшілік-территориялық бөлінісіне келсек, **Бөкей Ордасы** 1917 жыл қарсаңында бес қисым (Торғын, Қалмақ, Нарын, Қамыс-Самар, Талов) және екі округтан (Бірінші және Екінші Теңіз) – барлығы 84 ауылдан тұрды. Жер көлемі – 6.7 миллион десятина. Халқы, негізінен, мал шаруашылығымен айналысатын, ХІХ ғасырдың аяғына қарай, жер мәселесінің шиеленісуіне байланысты, қосалқы шаруашылықтар (егіншілік, балық кәсіпшілігі, тұз өндіру, кіре тарту және тағы басқалары) да дами бастады. Теңізге жақын Еділ бойындағы ірі өзеңтердің барлығы Астрахан губерниясының Марфино, Мултаново, Большой Могой, Цветное, Зеленга, Тишково, Камызяк және тағы басқа селоларында тұратын орыс тұрғындардың бақылауында болды. Жұмыс іздеген жергілікті және Бөкей даласының казактары соларға барып, жалданып жұмысқа кіретін. Біраз

Кесте 1. Бөкей Ордасы халқының әкімшілік-территориялық орналасуы (1915 жылғы мәлімет бойынша) [5]:

Әкімшілік бөлініс	Барлығы (абс.)	Қазақтар (%)	Орыстар (%)	Өзге ұлттар (%)
1	2	3	4	5
Қамыс-Самар қисымы	52249	96,6	0,8	2,6
Торғын қисымы	41140	96,4	3,37	0,23
Нарын қисымы	34678	100	-	-
Қалмақ қисымы	27123	99,5	-	-
Талов қисымы	41554	97,9	1,75	0,35
Бірінші Теңіз округы	48971	100	-	-
Екінші Теңіз округы	68200	100	-	-
Хан ставкасы	3650	53,5	21,1	25,4

халық Басқұншақ, Эльтон тұз кеніштеріне жұмысқа кірсе, біразы – Астрахан казактарының, Самара губерниясы мен Орал облысының жерлерінен жұмыс іздейтін.

Бөкей Ордасы өзінің географиялық орналасуына және саяси жағдайына байланысты казак хандықтарының ішінде алғашқы болып Ресей империясының құрамына енгенімен де, ішкі басқаруда өзінің кейбір саяси ерекшелігін сақтап қалған еді. Ол Қазақстанның басқа аймақтарымен салыстырғанда «казактар мен орыс шаруаларының және казачествоның арасындағы шаруашылық және мәдени өмірдегі, өмір салты мен тұрмыстағы тығыз байланысты тудырды. Сонымен қатар, патша үкіметі Бөкей даласына, кейін бүкіл Қазақстанға танылатын отарлау саясатын сынайтын, эксперименттік үлгі ретінде қарады» [6, С.3-4].

Гурьев уезі әкімшілік жағынан Орал облысының құрамына енді, «Уақытша ережеге» сәйкес 1868 жылы қазан айында құрылды. Жер көлемі – шамамен 6 млн. десятина. 17 казак болысынан (Жаршы, Акбас, Ембі, Акжол, Бестөбе, Қарашығыр, Ембі-Атырау, Семберлі, Есбол, Қаратөбе, Гурьев, Қарабайлы, Былаң, Кермек, Қарабау, Тайсойған, Қызылкоға) – барлығы 177 ауыл, бір орыс болысынан (Жылкосы) және үш теңіз жағалауындағы поселкеден (Жилая Коса, Ракуша, Прорва) құралды.

Әкімшілік және шаруашылық-экономикалық жағынан казактар мен орыстар ұзақ уақыт бір-бірінен бөлек, араласпай тұрғанымен аймақта косалқы шаруашылықтың (бірінші кезекте балық кәсіпшілігі) және ХХ ғасыр басында капиталистік қатынастардың (мұнай өнеркәсібі) дамуына байланысты бұл ерекшелік біртіндеп жойыла бастады және ол, әсіресе, жалдамалы жұмысшылар арасында тез жүрді. Өнеркәсіп жұмысшыларының қалыптасуы, олардың өз құқықтарын қорғауға ауызбіршілік күрестің жана түрлерін меңгеріп бастауы, кейінгі бес жыл көрсеткен революция тұсында ерекше көрінді.

Кесте 2. Гурьев уезі крестьянский начальниктерінің әкімшілік бақылауларында болған жерлер [7]:

	Станицалар		Болыстар	
	аты	поселке саны	аты	ауыл саны
1- учаскок крестьянский начальник бақылауында	Кулагино	4	Гурьев	9
	Орлово	3	Семберлі	10
	Жаманкала	3	Есбол	13
	Сарайшык	5	Қарабау	10
	Гурьев	1	Кермек	7
			Тайсойған	11
			Қызылкоға	13
	5	16	7	73
2- учаскок крестьянский начальник бақылауында			Қаратөбе	8
			Былан	11
			Қарабайлы	10
			Жаршы	11
			Ембі	8
			Ақбас	11
			Ембі-Атырау	17
			Қарашығыр	8
			Ақжол	9
			Бестөбе	11
		1	Жылқосы	
		1	Рақуша	
	-	2	12	103
Барлығы:	5	18	19	176

1912 жылы Жилая Коса Жылқосы болысы мен теңіз жағалауындағы болыстардың әкімшілік орталығына айналды. Ембі болысының № 4-5 әкімшілік ауылдары поселка құрамына кірді. 1914 жылы Жилая Косада 300 шаруашылық, 1943 адам тұрды, 78 сауда лавкасы болды, поселка тұрғындарының басым көпшілігі балық шаруашылығымен айналысты. Кейін екінші учаскок құрамына кірген Ракуша болысы (бір поселке) 1915 жылғы сәуір айында таратылған еді. Әкімшіліктен поселкеде староста (жыл сайын сайланатын), урядник құқындағы және оның міндетін атқаратын салт атты полиция стражнигі болды. Сонымен қатар, Гурьев уезі екінші учаскесінің крестьянский начальнигі Жилая Косада тұрды. 1901 жылғы 2 маусымда қабылданған заң бойынша крестьянский начальниктерге әкімшілік, фискальдық (қаржы, салық мәселері) және полициялық функциялар берілді. Олар ауылдар мен деревнялардың үстінен қатаң бақылау арқылы полициялық тәртіпті және алым-салықтардың уақытында түсіп тұруын камтамасыз етті. Осы мақсатта крестьянский начальниктер ауыл-деревня жиындарының шешімдеріне араласып, өздеріне ұнамайтын үміткерлерді өткізбей тастап отыратын. Тіпті, шешімдерді бекіту-бекітпеу, жиындарға талқылауға өз ұсынысын беру крестьянский начальниктердің заң бойынша бекітілген міндеттерінің бірі болатын. Қазактардың бір ауылдан екінші ауылға өтуін, ауыл шаруашылық жұмыстарына жалдау, жалдану; жерді, жайылымды жалға беру немесе пайдалануға байланысты дауларды шешу де крестьянский начальниктің мойнында еді. Тәртіп бұзғандарға крестьянский начальник 15 сомнан айыппұл салатын (Ресейдің ішкі губернияларында ол 7 сомнан аспайтын).

Маңғыстау уезі алғаш Кавказ әскери округына, ал 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Закаспий облысының құрамына кірді. Оңтүстік шекарасы 1893 жылы — Қарабұғазды қақ жара, Арал

теңізіне дейін, солтүстік шекарасы 1897 жылы – Өлі қолтықтың солтүстігінен Үстірт жотасы арқылы, Арал теңізінің батысына дейін межеленді. Негізінен еліміздің ең қуаң бөлігі, әрі тарихы әлі күнге дейін кемшін зерттелген Қазақстанның аймақтарының бірі. Территориялық жағынан оқшаулығына, қатаң табиғаты мен жер жағдайына, жауынгер түркімендермен және Хиуа хандығымен ұзақ уақыт көрші болуына, оңтүстіктен солтүстікке дейін созылып жатқан мың шақырымнан артық жерде көшіп-қонып жүруіне, негізінен бір тайпа адамдары мекендеуіне және тағы басқа жағдайларға байланысты Қазақстанның басқа өлкелерге карағанда бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуында өзіндік ерекшеліктері болды. Маңғыстау уезінің территориясы 201602 шаршы км құрағанымен де, жайылым тапшылығына байланысты жергілікті халық 345200 шаршы шақырым территорияны, бірінші кезекте көршілес Орал облысы, Хиуа, Түркімен жерлерін, мекен етті.

Әкімшілік жағынан 10 болыстан (Бірінші, Екінші Маңғыстау; Бірінші, Екінші, Үшінші Бозашы; Түркімен-Адай; Жеменей; Райымберді, Тұбқараған және Түркімен болысы), 4 поселкеден (Николаев, Долгое, Завороть, Құлалы) және 89 ауылдан құралды. Су тапшылығы Маңғыстау казактарының шаруашылығында басты проблемалардың бірі болды. Өлі күнге дейін адайлар арасында «Төбелеспен табылған суды тегін су демейсін бе» деген мәтел сақталған. Қыста қар аз түседі, әрі тез еріп кетеді. Аязы қатты, әрі үнемі жел соғып тұрады. Жаңбыр жылына бір-екі рет қана жауады, 100-150 мм аспайтын ылғал ғана береді, ал малды суғару құдықтар арқылы жүзеге асады. XX ғасыр басына қарай жайылымдық жер тапшылығына, осыған орай, дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауына байланысты Маңғыстау жерінде үлкен-үлкен жұт болып, халық аштыққа ұшырады. Амалсыздан балықшылық кәсіпке бет бұрды. Бұл жерде мекен еткен түркімендермен бірігіп казактар балықшы ауылдарын құрды және орыс көпестері, ірі балық

кәсіпкерлеріне жалданып жұмыс істеді. Балықшылар орыс байларына жалданатын, немесе өздері жеке балықшы ауыл құрып теңізден және Жайық өзенінен көкбұқа, бекіре, шоқыр, майшабақ, каракөз, сазан, табан, жайын және тағы басқа балықтар, қыста Каспийдің солтүстігінен итбалық аулайтын. Маңғыстау жеріндегі бірден-бір қала ретінде есептелген Александровск форты алғашқы кезде орталықтан жер аударылған саяси қылмыскерлер ұстайтын орын болғанымен де, кейін ірі саяси, экономикалық орталыққа айналды.

Кесте 3. Маңғыстау халқының әкімшілік-территориялық орналасуы (1911 жылғы мәлімет бойынша) [8, С.195]:

Болыстар	Түтін саны	Адам саны
1	2	3
Бірінші Маңғыстау	1532	8291
Екінші Маңғыстау	1195	5893
Бірінші Бозашы	1847	7531
Екінші Бозашы	1433	6885
Үшінші Бозашы	1556	7825
Түркімен-Адай	1976	8803
Жеменей	1914	9073
Райымберді	1800	7477
Тұбқараған	1641	7307
Түркімен	1046	5027
Барлығы:	15940	74112

1914 жылғы 3 желтоқсанда шыққан Закаспий облысының бастығы генерал-майор Калмыковтың циркулярына сәйкес, болыс, ауылнайлар жыл сайын сайлаудан өтіп, бір жылға бекітілсе, 1916 жылғы 10 ақпандағы жаңа циркулярға сәйкес олар үш жылда бір рет сайланатын болды [9]. Басты себеп – соғыс жағдайына байланысты, сайлауға кететін

қаржыны үнемдеу (Маңғыстау казактары жылдың ұзақ мерзімі көшіп жүруіне байланысты, сайлау даярлау, өткізу жергілікті әкімшілікке үлкен ауыртпалық әкелетін). Болыс правительдерінде бір хатшы және екі шабарманнан болса, ауылнайларда бір хатшы және бір шабарманнан қызмет етті. Маңғыстау уезінің өзіндік ерекшеліктеріне (бірінші кезекте қазақтардың уезд орталығынан алыс жайылымдарда ұзақ уақыт көшіп жүрулеріне) байланысты уездік басқарма жергілікті басқару органдарына оған бейімдеуге кірісті. Сөйтіп, кейбір болыс правительдерінің көшпелі ауыл және уезд басшысымен байланыста болу міндеттері управительдердің кандидаттарына жүктелді. Форт Александровскіге жақын жерде қала отырып, кандидаттар правительдердің орнына оның бүкіл іс қағаздарын жүргізетін, үнемі уезд басшылығымен байланыста болатын.

Жайық казак әскерлері 1591 жылы құрылды, патша үкіметінің осы аймақтағы отарлық саясат жүргізудегі ең басты тірегіне, казак, қалмақ, башқұрт халықтарының азаттық күресіне қарсы құралына айналды. Территориясы шамамен 6,4 млн. десятина. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі қарсаңында Жайық казак әскерлері үш бөлімнен (Орал, Қалмыково, Гурьев) және 33 станицадан құралды. Гурьев уезінің құрамына бес казак станицасы кірді, олар: Гурьев, Сарайшық, Жаманқала, Орлово, Қулагино. Жайықтың оң жағасындағы ең шұрайлы жерлерді тартып алған казактар, бір жағынан, өздерінің сословиелік ерекшеліктерін сақтауға тырысып, тек патшаға ғана қызмет етеміз деген желеумен, тіпті, қарапайым орыс шаруаларына да жоғарыдан қарап, олардың да мүдделеріне қарсы келіп отырса; екінші жағынан, осы жерлердің шын мәніндегі иелері казактармен жайылымдық жер, шабындық үшін, балық аулауда, тұз өндіруде, сауда-саттықта үнемі қақтығысқа барып, өз өктемдіктерін жүргізуге тырысты. Гурьев уезінің құрамына кіргенімен де өзіндік автономиясын сақтап қалған казактар ең кертартпа, ең реакцияшыл күш болды. Имперализм

дәуіріне аяқ басумен казактар арасында да таптық жіктеліс күшейе түсті. Ал бірінші дүниежүзілік соғыс болса бұл жікті одан әрі тереңдете түсті. Соған қарамастан казактар әлі де біртұтас, жеке мүдделерін корпоративтік ортақ мүддеге бағындыра білетін елеулі күш еді.

Патша үкіметінің қазақ даласында жүргізген отарлық саясаты туралы айта отырып, академик С.З. Зиманов оның кейбіреулеріне ерекше тоқталған екен:

«а) жергілікті жерлердегі басқарудың жауапты орындарына орыс шенеуніктер, көбінесе, әскери адамдар тағайындалды... Жергілікті халық болса екінші кезектегі, техникалық міндеттерге тартылды:

ә) үкімет өлкеде ерекше жеңілдіктерге ие казак станицаларын құрды және дамытты;

б) отаршылдық әкімшілік жергілікті халықтың игі-жақсыларын өз жағына тарту арқылы отарлық саясатты жүргізу құралына айналдырды, сөйтіп олар болыстық және ауылдық басқару жүйесіне енгізілді;


в) царизм орыс, украин тұрғындарын, казактарды жергілікті халыққа қарсы бағытталған шовинистік күйде ұстауға және оны жандандыруға тырысқан саясат ұстады;

г) үкімет жергілікті халықтың өз құқықтарының сақталуын талап еткен кез келген қарсылығын тұтанбай жатып, асқан қаталдықпен басып тастауға тырысты;

ғ) патша үкіметі қазақ халқының ауызбірлігіне жол бермеу мақсатында рулар, әртүрлі топтар арасындағы кикілжіңдерді, қақтығыстарды қоздыра түсті;

д) қазақ жерінде едәуір тұрақты әскери күштер орналас-ты, олар өз «жаттығуларында» қазақтарды басты «нысана» ретінде алып, ауылдарға қарсы үнемі жазалау шараларын жүргізіп отырды, кінәсіз халықты қырып жойды, мүлкін тонауға салды» [10, С.18-19]. Біздің кейінгі зерттеулеріміз осы түйінді одан сайын айқындай түседі.

Аймақ халқының басым көпшілігі ауылдық, селолық жерде тұрды, қалалар қатарына — Гурьев, форт



Александровск. Хан ставкасы (Орда) ғана жатты. Қала халқының қалыптасуындағы негізгі факторлар шаруалардың қоныс аударуы, саяси жер аудару, әскери бөлімдердің тұрақты контингенттері, жатақтар санының көбеюі және басқалары болды. Мұның бәрі қала халқының этникалық, кәсіптік, діни, жанұялық құрамының қалыптасуында өз әсерін тигізді. Айта кету керек, ХХ ғасыр басына қарай Қазақстан халқы негізінен ауылдық жерде тұрды. Қала халқының үлес салмағы Ұлыбританияда – 75%, Германия, Франция, АҚШ-та – 40-50%, Ресейде – 15% болса, Қазақстанда небары 7% ғана болды [11]. Қазақ даласында негізінен өндірісі нашар дамыған, әкімшілік және сауда функцияларына бейімделген кіші қалалар кең таралды. Саяси, экономикалық, мәдени, әкімшілік орталық ретінде қалаларда отарлық басқарудың барлық түйіні, әскери күштер, сауда адамдары және шенеуніктер шоғырланды. «Қала тұрғындары, – деп жазады академик С.З. Зиманов, – өздерінің жалпы даму деңгейіне, өмірге көзқарасына, мәдениетіне, шаруагерлік тәжірибесіне және өзара байланыстарына қарай отырықшылыққа көшпеген қазақ халқынан әлдеқайда жоғары тұрамыз дейтін. Қала мен ауыл арасындағы антогонизмнің (бірінші кезекте отырықшы мен көшпенді, қанаушы мен қаналушы ұлт арасындағы) Қазақстан жағдайындағы өзіндік ерекшелігі сонда, ол өлке экономикасының дамуына кедергі болды, еңбек бөлінісі әлсіз жүрді, отырықшы орталықтардың тигізетін прогрессивті өркениеттік ықпалын шектеді» [10, С.12]. Саяси күрестің орталығы болған қалалар ауыл өміріне үлкен ықпал жасай алмады, тіпті, қалалар категориясына жатқызылғандардың өзінің поселкеден айырмашылығы болған жоқ. Негізінен, әкімшілік, соған байланысты әскер гарнизондары орналасқан қалалар орталықтың саясатын мүлтіксіз орындайтын, отаршылдық саясатты небір қитұртқылықпен жүргізетін әккі аппарат өкілдерінен құралды. 1917 жылғы қос төңкеріс қарсаңында аймақ халқының 24,9%-ын құраған орыс және басқа еуропалық

ұлттар кейіннен болған оқиғаларда, жаңа қоғамдық қатынас орнату жолында күресте шешуші рөл атқарды және, көп жағдайда, орталықта болып жатқан оқиғалардың ықпалын қазақ даласына жеткізуде, оны бұрынғы империя арнасында ұстап, ұлттық идеяға тұсау салуда, сөйтіп «біртұтас және бөлінбес» мемлекетті сақтап қалуда басты күш болды.

Сөйтіп, аймақтағы халықтың басым көпшілігін құраған қазақтар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысты және қауымдық құрылыста, бірлесе өмір сүріп жатты. Әкімшілік және әскери гарнизондар орналасқан, негізінен орыстар тұрған қалалар болса ауыл өміріне үлкен ықпал жасай алмады.

Халыққа білім беру ісі – отарлау саясатының жалғасы

XX ғасыр басындағы Ресей империясындағы сауаттылық – 21,1%, отар аймақтарда бұл көрсеткіш 3,6% болды, ауыл-село халқының 75%-ы, ал қала халқының 59,2%-ы тіптен сауатсыз болды [12, С.23].

«Егемен Қазақстан» газетінің 2009 жылғы 25 ақпанында зерттеуші Б.Насенов Мәскеу Әскери-тарихи мұрағатынан табылған сол кездегі Әскери-медицина Академиясының студенті Халел Досмұхамедовтың Қазан қаласындағы ветеринарлық институт студенті, өзінің жерлесі Ғұбайдолла Бердиевке жазған хатын жариялады (айта кету керек, Ғұбайдолла Бердиев те кейін Алаш көсемдері немесе көптеген қазақ комитеттерінің белсенді мүшелері болған Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Нұрғали Ипмағамбетов және басқалары секілді кезінде Орал қалалық войсковой реалды училищесін бітірген болатын). Хат 1904 жылғы 7 қазанда жазылған. Халел хатында: «Сенен

басқа жүздеген, мындаған қазақтар жоғары дәрежелі білім алып жатқанын ойыңызға алсаңыз, сол кезде бұл халық та еңбекке, алға басуға қабілетті деп есептейсіз. Ол – бір кезде дүниежүзінде алдыңғы қатарлы құрметті орындардың бірін алады, ол – екінші Жапонияға айналады деген сөз», – деп жазған екен.

Одан әрі Халел: «Ақ шайтандардың қоластында үнемі бола беру мүмкін емес. Өзін-өзі тұншықтырушы. әрі өз билігін шектемеген, тіпті жерасы күшіне қарсы тұра алмайтындар өзінің өшін ешқандай кінәсі жоқ шет аймақтардағы халықтардан алмақшы. Осылайша, әзірге қарсыласуға шамасы жоқ біздің халқымызды тықсыруда, жаншуда. Олардың жерлерін тартып алуда. Бұл жерлерді халқымыз қанын төгіп татар, башқұрт, қалмақтардан қорғап қалған еді. Отаршылар мындаған адамдардың өмірін қиып, ұрыларына, тонаушыларына біздің халықты «үйретушілерге» бөліп берді. Олар біздің халыққа темекі тарту, арақ ішу, өтірік айту, ұрлық, зорлық, зомбылық арқылы қайыршы болуды үйретіп, соның жемісі ретінде бүкіл халықты құрып кету дәуіріне жеткізбекші. Біздің халық өмір сүру үшін жанталасуы қажет», – деп ащы шындықты жазады.

Осы хаты үшін құпия полицияның «күдіктілер» тізіміне түскен Халел, Ғұбайдолла және басқа да қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері, болашақ белгілі саяси қайраткерлер, зангерлер, мұғалімдер, дәрігерлер және басқалары болып жатқан оқиғалардың барысын пайымдай отырып, заман ағымына орай жаңа дәуірде, қазақ халқының жаңа тарихи даму кезеңінде саяси күрестің бұрынғы әдіс-тәсілдерін жетілдіру, оған бірінші кезекте оқыған, көзі ашық, көкірегі ояу жастарды тарту қажеттігін жақсы түсінсе керек. Саяси күреске студенттер кейде өз еркінен тыс тартылған. Орталықпен салыстырғанда жергілікті жердегі оқу мәселесі, жалпы сауат ашу мәселесі қандай болды, енді соған келсек.

1910 жылы Маңғыстау уезінің орталығы, форт Александровскіде – етікшілік шеберханасы, интернаты

бар бастауыш училище жұмыс істеді, онда 3 мұғалім және 67 ұл, 12 қыз бала оқыды. Николаев поселкесінде ағаш, темір ұсталығына даярлайтын шеберханасы бар ерлердің екі кластық училищесі (4 мұғалім, 105 ұл, 4 қыз бала), бір кластық қыздар училищесі (3 мұғаліма, 56 қыз бала) білім берсе, Долгое селосында қайық жөндейтін шеберханасы бар екі кластық училище (2 мұғалім, 19 ұл, 121 қыз бала) жұмыс істеді [8, С.322].

Сонымен қатар 9 қазақ, 1 түркімен болыстарында 72 мектепте 75 мұғалім 745 ұл және 84 қыз балаға білім негіздерін үйретсе, 44 медреседе 44 мұғалім 507 ұл балаға діни, имандылық сабақтарын оқытатын [13]. Мектеп, медреселерде оқыған қазақ балалары жергілікті әкімшілікке тірек болатынына күмәндана қараған уезд бастығы Быков «жақында 2 кластық болып құрылған форттағы училище интернатында қазақ балалары үшін 70 орын даярлап қойдық, 1917 жылғы оқу жылынан бастап ол 100 адамға дейін кеңейтіледі, сөйтіп орысша білім алуға деген ұмтылыс империяның түпкі мүдделеріне қайшы келмейді» деп өзін-өзі жұбатады [14].

Бөкей Ордасына келсек, ХХ ғасыр басында жаңадан Хан ставкасында, Жаңа Казанкада, Таловкада, Үлкен Ганюшкинода, Төменгі Басқұншақта бір кластық орыс-қазақ мектептері, қисымдардың, болыстардың әкімшілік орталықтарында алты жылдық мерзімге есептелген екі кластық орыс-қазақ мектептері ашылған болатын. 1914 жылы Бөкей даласында 40 бір кластық (912 оқушы оқыды), 4 екі кластық (203 оқушы оқыды) мектеп және Хан ставкасында 262 оқушыға есептелген қалалық училище жұмыс істеді, барлығы бұл кезеңде 1377 оқушы орыс-қазақ мектептерінде оқыды.

Патша әкімшілігі қазақ мектептерінің алдына шектеулі міндет қойып, шәкірттерге жалпы білім беруге, жеке ғылымдар саласын дамытуға құштар болған жоқ. Бұл жердегі оқу жүйесінің ерекшеліктері мынадай болды:

Біріншіден, әртүрлі типтегі мектептердің болуы (мұсылман, аймақтық, ересектер, бастауыш, училище т.б.);

Екіншіден, оқу жылының басталуы мен аяқталуының тұрақсыздығы:

Үшіншіден, оқушылардың барлығы дерлік толық оқу курсы аяқтамады. Мұның басты себептері мынада: казак балалары ерте жастан шаруашылықпен айналысты және материалдық жағдайлары төмен болды (киім, аяқ киім, оқу құралы жетіспеді). Сонымен қатар мектептің елдімекендерден алыс орналасуы да қиындық туғызды. Оқу орыс тілінде болған соң, қарапайым казак оқи алмады. Сондықтан, С.Меңдешов 1911 ж. Санкт-Петербурда болғанда казакша мектеп ашу, казакша оқыту жөнінде мәселе көтерген, бірақ патша чиновниктері оны ескерусіз қалдырды. 1915 ж. А.Мәметов, Қ.Басымов, және тағы басқа казак жастары, бас-аяғы 33 адам, Орынборда шығатын «Вахт» газетінде Қазақстанда казак мектебін ашып, ана тілінде оқытуды ұсынған. Бұл да аяқсыз қалды. Ана тілінде оқудың болмауы ұлт мәселесін ушықтыра түсті [15, 65-66 б.].

Гурьев қаласында 1915 жылдың қыркүйегінде жоғарғы төрт кластық бастауыш училище (оны бітіргендер Орал қаласына барып реальный училищеде оқуларын жалғастыра алатын) және оның жанындағы педагогикалық курстар, екі кластық орыс-казак училищесі, бастауыш училище, бірінші медресе жанындағы орыс класы, екінші медресе жанындағы орыс класы, жеке төменгі оқу орны, ерлердің бір кластық училищесі, қыздардың екі кластық училищесі, оған қоса үш (Николаев, Успенъ единовѣрие және Успенъ православие) шіркеу жанындағы діни мектептер, казак балаларға арналған 220 кісілік екі діни мектеп-медресе мен 30 кісілік мектеп жұмыс істеді. Бұлармен қатар, Жылқосыда, Есполда, Кермекте – екі кластық орыс-казак училищелері, Қарабауда, Рақушада, Соколомта бір кластық орыс-казак училищелері, Есполда, Қызылқоғада, Тайсойғанда, Көбайдарлыда –

бастауыш орыс-казак және Жайық казактарының Горькое, Зеленый, Орлово, Редут, Сарайшык, Сорочино, Тополино, Харкино. Жаманкала станицаларында бастауыш училищелер жұмыс істеді. Сонымен, Гурьев қаласында 11 оқу орны, 768 оқушы болды. Яғни, 1028 адамға бір оқу орнынан, Жайық казактары жерінде 20 мектеп, 1083 оқушы немесе 779 адамға бір оқу орнынан келсе; 17 казак болысында барлығы 13 мектеп жұмыс істеп, онда 708 бала оқыды немесе 10732 адамға бір мектептен келді.

Халыққа білім беру ісі де отарлау саясатының жалғасы ретінде ғана қаралды. Мәселен, Маңғыстау уезінің бастығы подполковник Быков: «бастауыш училищені жоғарғы білім сатысына көтеру және оларды бітірген оқушыларды орта және жоғары оқу орындарына түсіру арқылы біз империя ісіне шын берілген, жергілікті тұрғындардың бізге қосылып, араласып кетуін тездетуге көмектесетін бұратана интеллигенция кадрын даярлар едік» деп армандады. Ал, Орынбор оқу округі попечителінің Бөкей Ордасындағы діни-миссионерлік жұмыстарына байланысты: «Ақылға қонымды, тоқтаусыз православиелік миссионерлік қызмет арқылы, православиелік храмдар тұрғызу, оған казак тілін білетін қабілетті священниктерді тағайындау арқылы, православиелік қасиетті-діни кітаптарды тәржімалау әрі діни оқу орындарын ашу арқылы, ең бастысы, орыстардың Ішкі Ордаға қоныстануына жағдай жасау арқылы біз казак өлкесін ортақ отанымызбен біріктіруде және сіңіріп жіберуде ерекше мәні бар, мемлекеттік шараны жүзеге асырамыз» [16] – деп тегін жазбаған еді. Білім алу, әсіресе, Маңғыстау жерінде әлі де болса көп балалардың қол жетпес арманы болып қала берді.

Отаршылдық саясаттың дәстүрлі шаруашылыққа тигізген зардаптары және қосалқы шаруашылықтардың қалыптасуы

Ғасырлар бойы қазақ даласында, негізінен, бірден-бір шаруашылық ретінде, бүкіл саяси, экономикалық, әлеуметтік құрылымның іргетасы ретінде мал шаруашылығы қалыптасқан болатын. Отаршылдық саясат қазақ қоғамының экономикалық негізі ретінде мал шаруашылығына, оның ішінде жерге – қазақ жеріне – қарсы бағытталды. «Қазақтар мал шаруашылығымен күн көреді, ол өмір сүру, рақат көру жолындағы байлықтың жалғыз ғана қайнар көзі, – деп жазды Салық Бабажанов. – Ал мал дегеніміз өзіне керекті жайылымдық оты бар құнарлы жерсіз өмір сүре алмайды. Жер қазақтар үшін ең бірінші керек мүлік, негізгі байлық көзі, сонымен қатар өмір сүрудің ең басты тірегі, қазақтар тек мал шаруашылығымен ғана айналысады, ал мал шаруашылығы жеткілікті түрде жайылымдық жермен қамтамасыз етілмесе, ешқандай да пайда келтірмейді, өсім де бермейді. Қазақтар өнім шығарудың басқа түрін білмейді, сондықтан оларды жалғыз ғана күнкөріс көзіне айналған шаруашылықтан қол үздіру қазақтардың құрып, қырылып қалуымен пара-пар» [17: 41, 50-66.].

1915 жылғы мәліметтер бойынша Бөкей Ордасын мекен еткен 329500 адамның 98,3%-ы, Маңғыстаудағы 72400 адамның 89,85%-ы, Гурьев уезіндегі 125000 адамның 77,09% қазақтар болды [18, С.176-177]. Бөкей Ордасы қазақтары 1897 жылмен салыстырғанда, 122300 адамға (немесе 57,02%) көбейген екен. Сол сияқты Гурьев уезі бойынша, қазақтар 54100 адамға (76,28%), орыстар – 21400 адамға (145,5%), ал Маңғыстау уезі бойынша қазақтар 8600 адамға (13,5%) көбейген. Бөкей Ордасы мен Гурьев уезіндегі

казактар санының күрт өсуінің басты себебі, солтүстіктегі Орал облысына қоныс аударушылардың көптеп келе бастауы, соған байланысты ол жерлердегі казактардың аталған жерлерге ығыстырылуы болды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында, әсіресе, Столыпин реформасынан кейін қоныстандыру саясаты кең канат жайды. Тек Батыс Қазақстанда қоныс аударушыларға арнап жер қорын құру үшін 1.2 млн. десятина жер тартып алынды және бұрын казактардың дәстүрлі шаруашылық-экономикалық айналымына кіретін Жайықтың сол жағалауындағы территорияда 15 орыс болысы құрылды [19, С.20]. Жалпы аймаққа 200 мыңнан артық адам қоныс аударды. Қоныс аударушылардың көптеп келе бастауы 1906-1910 жылдар аралығында еді. Бұл кезеңде жаңадан 47018 адам келіп қоныстанды, оларға 102 жер учаскесі немесе 638 мың десятина жер бөлініп берілді. Орал және Ілбішін уездерінің казактары солтүстіктегі шұрайлы, шаруашылыққа қолайлы жерлерінен оңтүстікке, құмды, шөлейтті жерлерге ығыстырылған болатын. Орал уезінде 54 участок жерге немесе 252429 десятина жерге 25946 қоныс аударушы келсе, Гурьев уезімен көршілес Темір уезінде 21073 карашекпен 48 учаскені немесе 386032 десятина жерді тартып алды [20, С.80]. Сөйтіп, қоныстандыру саясаты бұл жердің жергілікті казактарын ғана емес, Маңғыстау және Гурьев уездерінен келіп, жаз жайлауын өткізетін казактарды да аса қиын жағдайға ұшыратты. Шабындық жердің жетіспеуі, қысқа арнайы шөп жинауға мүмкіндіктің болмауы, үнемі қайталанып отыратын жұт және жайылымдық жердің одан әрі қысқаруы мыңдаған бөкейлік казактарды Астрахан, Самара губерниялары мен Орал облысындағы тұз кендерінде; Гурьев уезінің біраз казактарын мұнай, балық кәсіпшіліктерінде жалдануға немесе өз малдарын қырып алмау үшін казак станицаларына малшы ретінде жалданып, ақы-пұлсыз шөбін шауып, малын бағуға мәжбүр етті.

– Қазақтар жалпы орыстарды «сары орыс», «қара

орыс» деп екіге бөледі, – деп жазды Салық Бабажанов. – Олардың түсінігінше «сарыға» Ресейдегі шашы сары, көзі көк орыстардың басым көпшілігі жатады да, «қараға» әр қиырдан жиналған, ұрлықпен айналысатын, момын елді басынып, зорлық-зомбылық жасап үйренген казак атанған тобыр жатады. Олар да орысша сөйлейді, орыс фамилиясын алған, діні де христандық, бірақ кресті қисық тағып, таза текті сары орыстармен ыдыс-аяғын араластырмайтын, өздерінше тақуа жандар. Оралдық казактар байырғы өлкенің байырғы тұрғындары казактарға «гуманистік» көзқарас көрсеткен болады, онысы Павел Небольсин сөзімен айтқанда: «Оралдық казактарға мұсылман казактарды ығыстырып, қорлап, ұрысып, алдап кету түкке тұрмайтын әдеттегі істей; олар ертеден-ақ казактарды кім көрінген пайдаланып кететін зат-бұйым ретінде санап келді; олардың адамдық құқ-правосын оралдық казактар ешқашан мойындаған жоқ» [17, 8-б.].

Гурьев уезі халқының 11,2 %-ін құраған 18 мың казак әскері үшін жер қатынасы 1889 жылғы 21 сәуірде қабылданған «Казак әскерлеріндегі жер қатынасы құрылымы» ережесіне сәйкес реттеліп отырды. Ол бойынша жер үш категорияға бөлінді: 1) станицалық үлес, әрбір 17 жасқа толған казак бұдан өз үлесін алатын; 2) войсковой запас, бұл қордың есебінен жана үлестер құрылды немесе станицалық қордың есебі толықтырылып отырылды, войсковой қазына бұл жерлердің біразын жалға беру арқылы табыс табу көзіне айналдырды және 3) офицерлік-шенеуніктік үлес, алдыңғы екі жер үлесіне қарағанда бұл жерлер ұрпақтан-ұрпаққа қалдырылып отырды. Ол бойынша казак әскерлердің жері шаруашылыққа жарамды (81320 десятина), жарамсыз (600153 десятина) деп екіге бөлінетін. Тіпті «жарамды» деген жердің де казактар 65,7%-ін ғана кәдеге жарата білді, оның да 56,6%-ы шабындық жер [19: С.11, 16].

Жайық казак әскерлерінің ең басты шаруашылығы, табыс көзі, балық аулауды есептемегенде, мал шаруашылығы болды. 1915 жылы мал шаруашылығынан түскен жалпы

табыс 56682070 сом болды [21, С.163], ол егіншіліктен түсетін пайдадан бес есе артық болатын. Егер Гурьев қаласында барлығы 1600 жылқы, 3420 түйе, 5560 сиыр, 50000 қой, 1650 ешкі және 1176 шошқа, есек болғанын, ал қала тұрғындарының 46,5%-ы казактар болғанын ескерсек, мал шаруашылығының Жайық казак әскерлері шаруашылығында да қаншалықты зор маңызға ие болғанын көреміз [22]. Ол төмендегі кестеде берілген.

Кесте 4. Гурьев уезіне қарасты бес казак станицаларындағы малдың жалпы саны (1913 жылғы мәлімет бойынша)

Төрт түлік мал	Жалпы саны	Уезд бойынша, %
1	2	3
Жылқы малы	4684	14,5
Түйе малы	5609	9,26
Сиыр малы	10346	29,5
Қой малы	129452	28,9
Ешкі малы	3836	15

Шаруашылықтары күйзеліске ұшыраған жергілікті казактар казактарға жалданып жұмыс істейтін. Табыстары – күніне 1,36 сом, ал айына 26 сом 38 тиын, жылына 95 сом; шалғышылар, далалық жерде шөп шабатындардың табысы – күніне 1,05 сом, шабындық жерде, тоғай арасында жұмыс істейтіндер 1,67 сомтабатын. Казактардың шаруашылығында таңның атысы, күннің батысы жұмыс істеген жалшы казак жігіттері бір айлық табысына 17-18 пұт тары немесе 11 пұт сұлы немесе қозысымен екі қой ғана сатып ала алатын. Олардың табысын сол кездегі Гурьев қаласындағы базар бәсімен салыстырсақ [19, С.32]:

Жоғарыдағы айтқан малдан түсірген пайдадан бөлек казактар балықты басқа облыстарға сату арқылы жылына 2-3 млн. сом табыс түсіретін, ал войсковой қазына ерекше

алым ретінде жылына 100-150 мың сомды тағы пайда қылатын. Сөйтіп, Д.А.Аманжолова атап өткендей, «казактар жергілікті халықты басыбайлы крепостной шаруаларға айналдырған помещиктерге айналды» [4, С.26].

Кесте 5. Гурьев каласы базарындағы кейбір тауардың бәсі (1915 жылғы баға бойынша)

Тауар түрі	Базар бәсі
1	2
Тары (1 пұт)	1,40-1.60 сом
Сұлы (1 пұт)	2 сом 40 тиын
Шөп (1 бума)	30-60 тиын
Мініс ат	111 сом 95 тиын
Сыыр	60-90 сом
Қой	10 сом 25 тиын
Нар түйе	133 сом 61 тиын
Қосөркешті түйе	97 сом 5 тиын
Ет (1 пұт)	6 сом 60 тиын
Қой жүні (1 пұт)	9 сом 92 тиын
Түйе жүні (1 пұт)	13 сом 2 тиын

Аймақ экономикасында сауда-саттық ерекше орын алды. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар өнеркәсіп заттарына, егіншілік өнімдеріне өте мұқтаж болатын. Мал, мал өнімдері, соның ішінде жүн, тері, кейбір колөнер бұйымдары, балық және балық өнімдері көршілес Астрахан, Саратов губернияларына, Орал облысына, Красноводск уезіне, Хиуа, Петровск (қазіргі Махачкала), тіпті Бақу қалаларына шығарылатын. Мал өнімдерімен сауда-саттыққа Ойыл, Темір және Бөкей Ордасындағы жәрмеңкелердің орны ерекше болды. Мысалы, Александровск форты арқылы 1112902 сомның тауары шетке шығарылса, шеттен 1108370 сомның тауары

әкелінді. Импортталған товарлар арасында – астық, құрылыс материалдары, мануфактура өнімдерінің үлесі көп. Түйе керуендері арқылы 70003 сомның өнімі шығарылды. Маңғыстау казактары Ойыл жәрмеңкесінде, 1910 жылы, 353317 сомның өнімін сатып, 289871 сомның өнімін сатып алған екен [8, С.122]. Гурьев пен Астрахан арасындағы байланысты екі акционерлік қоғамның кемелері жүргізді, олар жүн, тері, балық апаратын. 1916 жылы, Гурьев балық кеңсесі 11526,3 пұт балық және 542437,2 пұт балық өнімдерін экспорттады. Қара уылдырық Германия, Австрия, Польша, Грекия, Румыния және басқа да елдерге шығарылды. Сыртқы саудамен Жайық казактары және «Жайық-Каспий балық және итбалық кәсіпшілігі» айналысты. Сонымен қатар, Бөкей Ордасында түйе арбалармен керуен құрып, жүк таситын кірешілер керуені Басқұншақтан Астраханға, Гурьевке тұз, Астрахан мен Гурьевке балық тасып, оларды Царицын, Саратов және Еділдің Балаково, Ровное, Покровское айлақтарына апаратын, қайтарда ағаш, басқа жүк тиеп оралатын.

Сауда-саттықтың қарқынды дамуы аймақ экономикасына капиталистік қатынастардың енуіне жағдай жасады, қазақ байларының біразының ірі саудагерлерге, ірі кәсіпкерлерге айналуына мүмкіндік туды. Сонымен қатар капиталистік қатынастар қазақтар арасындағы таптық жіктелісті тереңдете түсті. Дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы жағдайында ол халықтың басым көпшілігін кедейлік пен қайыршылыққа әкелді. ХХ ғасыр басында мал шаруашылығында, әсіресе ірі байлар шаруашылығында, малды шетке шығарып сату кең етек алды. Олар бірінші кезекте қой, жылқы малын көбейтті. Мысалы, Орал облысы уездерінде сатылған жылқының 60%-дан астамы және қой-ешкінің 58%-ы байлардың үлесінде болды [23, С.5]. Қауымдық жерлерді тартып алу мүмкін болмаған жағдайларда байлар шөбі шүйгін, оты қалың жерлерді әкімшілік қолдауымен жалға ала бастады. Ол жер

тапшылығы ерекше сезілетін Бөкей Ордасында әлдеқайда тез жүрді. Осындай жағдайда шаруашылығы күйзелген қазақтар да жерді жалға ала бастады, бірақ мың-мыңдап немесе мал бағу үшін емес, басқалармен бірігіп жатақ құрып, егін салу үшін алды. Мұрағат мәліметтері бойынша, егер 1906 жылы – 31610, 1913 жылы 33949 адам мал бағуды қойып, басқа кәсіпке көшсе, 1916 жылы 15 мыңдай түгін Ордадан тыс жерлерде тұрып жатты. 42192 адам қосалқы шаруашылықпен (егіншілік, балық аулау, тұз өндіру) айналысып, олар 11725080 сом табыс тапқан [24] немесе орта есеппен әрбір адам 277 сом 90 тиыннан келеді. Ол ақшаның қаншалықты аз не көп екенін немесе қаншалықты қиындықпен келгенін қосалқы шаруашылықпен айналысатын қазақтардың (мысалы, тұз өндірушілердің) еңбектерін талдау арқылы ғана білуге болады. Бұл мәліметке күмән келтіргенмен де, атап өтетін бір мәселе – дәстүрлі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауына байланысты Бөкей Ордасында қосалқы шаруашылықтардың рөлі арта түсті. Егер балық кәсіпшілігі негізінен Каспий теңізінің жағалауында болса, егіншілік Торғын, Таловка. Қалмақ қисымдарында тез дами бастады. 1916 жылы бұл қисымдарда 24769 десятина жерге егін егіліп, 75331 пұт бидай өсірілді. Алайда, қанша егін немесе жерді жалға беріп, отырықшылыққа көше бастады дегенмен де, тіпті егіншілікпен айналысуға қолайлы, жері құнарлы Талов және Торғын қисымдарының жерлерінің өзінде жыртылған жер жалпы жер көлеміне қарағанда өте аз болды, сөйтіп, негізгі шаруашылық, әлі де болса, мал шаруашылығы болып қала берді. Мысалы, басқа қисымдарға қарағанда егіншілік әлдеқайда жақсы дамыған Талов және Торғын қисымдарындағы жайылымдық жер барлық жер көлемінің 89,63%-ын құраса, шабындық және жыртылған жер, небары 5,05% ғана болды [24, 4467-іс, 29-п.].

Бірақ уақыт талабы Бөкей қазақтарының шаруашылықтың жаңа түрі – егіншілікті, отырықшылыққа көшу мәселесін таңдауының жөн екенін көрсетті.

Кесте 6. Талов және Торғын қисымдарындағы жер көлемі және мал басы (1914 жылғы мәлімет бойынша)

Жер көлемі және мал басы	Өлшем бірлігі	Талов қисымы бойынша	Торғын қисымы бойынша	Барлығы
1	2	3	4	5
Барлық жер көлемі	Десятина	886473	854445	1740918
	%	100	100	100
Жайылымдық жерлер	Десятина	788896	771429	1560325
	%	88,99	90,29	89,63
Шабындық және жыртылған жер	Десятина	45512	42354	87866
	%	5,14	4,95	5,05
Жарамсыз жерлер, сорлар мен тұздар	Десятина	52065	40662	92727
	%	5,87	4,76	5,32
Ірі мал	Бас	86073	103055	189128
Ұсақ мал	Бас	147893	171631	319524

Гурьев уезі құрамына кіретін Орал облысында да отырықшылыққа көшу процесі жүріп жатты. Өздерінің ен шұрайлы жерлерінен айрылған Орал уезінің 8577 шаруашылығы (26731 ер адам немесе уезд бойынша барлық шаруашылықтың 64%-ы). Ілбішін уезінің 393 шаруашылығы (1174 ер адам немесе 2%) және Темір уезінен 2520 шаруашылық (7050 ер адам, барлық шаруашылықтың 17%-ы) отырықшылыққа көсуге мәжбүр болды [20, С.83]. Отырықшылыққа көшкен қазақтар тары, бидай, сұлы, арпа, күнбағыс екті, сиырды көбейтті, қысқа шөп даярлады. Гурьев уезіне 1906-1910 жылдар аралығында 2225 адам келіп қоныстанды. Бұрын жұмысшы поселкелері болған, балық кәсіпшілігімен айналысқан Жилая Коса, Рақуша, Прорва поселкелерінің тұрмысы қоныстанушылардың

келуіне байланысты әжептәуір өзгерді: базарлар пайда болды, қазақтармен тұрақты сауда байланысы орнады, қазақтар да ауыл шаруашылық техникаларын сатып ала бастады, тұрақты үйлер тұрғызды. үй құстарын өсіре бастады, басқа да шаруаларды қолға алды.

Отырықшылыққа көшуге қазақтарды итермелеген оқиғалардың бірі «ит-доңыз» жылғы (1910-1911) жұт болатын. Мал басының жалпы саны Гурьев уезді бойынша 27%-ға қысқарды. Халық наразылығынан қорыққан үкімет өз тарапынан аш-жаланаптарға көмектесуге мәжбүр болды. Бірінші кезекте қоғамдық тамақтандыру пункттері, асханалар ашылды, аш адамдарға ұн, ақшалай ссуда үлестірілді. Орал облысы бойынша 34434 ересек адамға және 17334 балаға, Орал қаласында 2931 ересек адам және 3989 балаға қазына тарапынан көмек көрсетілді [19, С.137].

1912 жылдан бастап Гурьев уезінде мал саны қысқара бастады. Оған себеп, солтүстіктегі жайлауларынан қоныс аударушылардың көптеп келуіне байланысты ығыстырылған адайлар Гурьев уезінің жайлауларын иемденуге тырысты, екінші жағынан кейбір болыстардағы жерлерді мұнай кәсіпшіліктеріне беруге байланысты ол жерлер қазақтардың шаруашылық-экономикалық айналымынан шығып қалды. Нақтылап айтсақ, Доссор мен Мақаттағы мұнай компанияларының қаржысы 36 млн. сом еді, оның ішінде ағылшын капиталы 13 млн. сом болды.

Мұнай компаниялары, Гурьев уезінің қазақтар мекендеген жерлерін, мал жайылымдарын әр жерден ойып алып, олардың көшіп-қонуына кедергі жасады. Мысалы, Орал-Каспий мұнай қоғамы 1909 жылдан бастап, жалпы көлемі 20 мың шаршы верст (немесе 21200 шаршы шақырым) жерді өз меншігінде деп есептеді. Үкімет берген жеңілдіктер, арзан жұмыс күші, казак жұмысшыларын аяусыздықпен қанау, күшті бәсекелестердің болмауы арқасында шетелдік компаниялар үлкен шығын шығармастан-ақ шаш-етектен пайдаға кенелді. 1916 жылы Ембі кәсіпшіліктеріндегі

жұмысшылардың саны 2 мыңдай болса, оның 1690-ы, яғни 84,5%-ы қазақтар болған екен. Осы жылдары Ембі өңіріндегі жұмысшылар саны Қазақстандағы тау-кен жұмысшылары санымен пара-пар түскен де, көмір, мыс өндірісіндегі жұмысшылардан 2-3 еседей артық болыпты [25]. Жұмыс өте ауыр болғандықтан, жұмысшы тұрақтамаған. Мысалы, 1915 жылы жұмысқа қабылданған 2101 адамның 1697-сі (80,6%) бір жыл толмай жұмыстарынан кетіп қалған екен. Жұмысқа 15 минутқа дейін кешіккендерге – 25 тиын, жарты сағат кешіккендерге – 50 тиын, 1 сағатқа дейін кешіккендерге – 1 сом айып салынды [26].

Оның үстіне 1913 жылы енгізілген, жаңа үшжылдыққа есептелген түтін салығы земстволық алымды қоспағанда 7 сом 16 тиынға жетті, ол да қазақ шаруашылықтарын титықтатып жіберді. Жайылымдық жері тарылған қазақтар шаруашылықтың интенсивті түрін игере бастады. 1915 жылы Орал облысы қазақтары Жайық қазақтарына қарағанда екі есе, орыс шаруаларына қарағанда сегіз есе артық шөп дайындайтын болды. Мысалы, Гурьев уезі бойынша 1572 пұт, уезбен көршілес Темір жерінде 327 пұт, Ілбішін жерінде 24322 пұт шөп жиналды [20, С.85]. Бөкей Ордасымен, тіпті көршілес Орал облысының Орал, Ілбішін, Темір уездерімен салыстырғанда, Гурьев уезі қазақтары әлі де болса дәстүрлі мал шаруашылығын сақтап қалды, отырықшылыққа толық көше қойған жоқ. Мысалы, 1916 жылғы мәлімет бойынша қазақтар 722 десятина жерге егін салған екен, ол облыстағы егіндік жердің 0,1%-ына тең. Олар негізінен тары еккен. Жиналған егін жан басына шаққанда 0,1 пұттан аспады [19; С.11, 16]. Отырықшылыққа көшкендіктің бір көрінісі сиыр малының үлес санынан көрінді. Егер облыстағы қазақтар арасында оның үлес салмағы 19,32% болса, Гурьев уезінде ол небары 4,97% болды. Сондықтан Гурьев уезіндегі шаруашылықтары күйзелген қазақтар балықшылық кәсіпке, не болмаса мұнай кәсіпшілігіне жалданып жұмыс істей бастады.

Дәстүрлі шаруашылығы сол күйінде сақталған, бірақ жайылым тапшылығына байланысты шаруашылықтары үлкен күйзеліске ұшыраған Маңғыстау қазақтары болды. «Адайлардың барлық өмірі мал бағуға бағышталған, – деп жазды Әлихан Бөкейхан, – адайдың мал шаруашылығымен және малмен айналасуының шегіне жеткені соншалық, мал Адай үшін емес. Адайдың өзі малды бағу, суару, ұры-қары мен бөріден сақтау, азық-түлік салығынан жасыру үшін туған секілді» [27].

Маңғыстауда жер пайдаланудың негізгі үш тобы қалыптасты. Біріншісі – көктем шыға, бар малымен солтүстік, солтүстік-шығысқа көшетіндер. XX ғасыр басында олардың саны 13900 түтінге жетті. Салыстыру үшін айтсақ, барлық шаруашылықтың 47%-ы; екінші топ – жазды Үстіртте өткізетіндер, шамамен 7300-ге жуық түтін (28%); үшінші топ – аралас шаруашылықты жатақтар. Қыстақтан көп ұзамай тың жерге, жазғы суаттарға барумен шектелген, ал бірқатары қосалқы егін, балық аулаумен де шұғылданған, олардың саны шамамен 7000 түтін (25%) [28]. Адай ауылы үнемі оңтүстіктен солтүстікке әрлі-берлі көшумен жүреді, жер, шөп жағдайы малға жайлы болса, жазда бірге болады. Бұл малдың қон жинап, алдағы қиындықтарға дайындалатын кезі. Егер жайылымдық жер тек түйеге ғана қолайлы болса, ауыл бірнеше малшыны бөліп, жылқы мен қойды бөлек бағады. Жаз жайлауы шамамен маусымнан басталып, қазан айының ортасына дейін созылатын. Күн суыта, оңтүстікке жылжи отырып, адайлар Үстірт бойындағы күздеулік жерлеріне келетін. Қысқа даярланып, күйек алу, күзем алу сияқты жұмыстарын жасайтын. Желтоқсан айының ортасына қарай ауылдар Маңғыстау ойы, Бозашы түбегі, Сам, Матай құмдарындағы, Қоңырат және Красноводск уезіндегі Шағадамдағы қыстауларына бет түзейтін. Көктеуге шығу, гол қабылдау, жабағы жүн алу, тағы басқа жұмыстар наурыз айының аяғы мен маусым айына дейінгі аралықты қамтитын. Ең жақсы жайылымдар – Маңғыстау мен Бозашы

түбегінде, Үстірттің солтүстік-шығысында, Қарынжарық құмының шығыс беткейінде, Ақтөбе-Сауысқан, Тұйықсу даласында, сонымен қатар Сам алқабында. Қаратау тауының бұлақ көздері бар сайлары мен шатқалдарында болды. Өлі қолтықтыңшығысы—Қарақұм, Асмантай, Матайқұмдарында тұшы сумен жеткілікті жайылым бар, бұл жерлерге адайлар көктемде және күзде келетін. Су көздерінің тапшылығына байланысты адайлар жылына екі жүзден алты жүзге дейін жана құдықтар қазып, ескілерін тазалап отырған. Осыған байланысты кез келген адайдың жанында құдық тазалауға арналған кішкене күрекше-белдемесі болған. 1903 жылы Маңғыстауда 5500-дей құдық болған еді [29, С.15].

1897 жылғы Закаспий облысының Маңғыстау уезі мен Орал облысының Гурьев уезі арасында шекара межесінің жүргізілуіне байланысты Маңғыстау қазақтарының біразы бұрынғыдай Жем, Сағыз, Ойыл бойларына жайлауға шығудан қалды. Он мыңдай отбасы Хиуа жерінде көшіп жүрсе, екі мыңдай отбасы көршілес Красноводск уезіне көше бастады. Хиуа жерінде мал жайғаны үшін хан сыбағасы ретінде әрбір үйден бір семіз қой, бек есебіне 10 койдан бір қой, бір түйеден 2-4 теңге (40-80 тиын), бір жылқыдан 1 теңге салық төлеу керек еді. Ханға тиесілі жердің су көздерін пайдаланғандары үшін адайлар жылына 400 ділдә немесе 720 сом төлейтін. Мысалы, 1913 жылы Көне Үргеніш каналынан жаңа арық жүргізу кезінде адайлар 560 жұмысшы беруі тиіс болды. 500 үйден олар 310 жұмысшы жинай алды, қалған 250 адам үшін 1000 ділдә (1800 сом) ақша хан қазынасына төледі [29, С.136].

Хиуа ханына төлейтін мал салығы мен Красноводск уездік басқармасына төлейтін жер салығы осы жерлердегі адайларға оңай тиген жоқ. Патша өкіметінің қарсылығына карамастан, жыл сайын сегіз-он мыңдай түтін жаз жайлауын Орал облысының жерінде өткізетін. Алайда Орал облысының жеріне 1906-1910 жылдары 4800-дай қоныс аударушы келіп, 638 мың десятина жерді тартып алуына байланысты, ол

жерлердегі казактар оңтүстікке ығыстырылды да, мұның акыры Маңғыстау казактарымен әртүрлі қақтығыстардың көбеюіне алып келді. Ол өз кезегінде жұтқа, аштыққа әкеліп соқты. Егер 1905 жылы 4846 түтін, шамамен 24-25 мыңдай адам аштыққа ұшыраса, 1910-1911 жылдардың («ит-доңыз») жұты одан да асып түсті, 498090 кой-ешкі, 37193 жылқы, 28279 түйе арам өлді [8, С.67].

«Александрбайға барлық казак болыстарынан 250-дей отбасы жиналды, шамамен 600 адам, көбі аш» деп жазды Райымберді және Әлитасым ауылдарының ауылнайлары Бердібековпен Төлебаев 1912жылдың ақпанында Маңғыстау уезінің бастығына берген есептерінде. Патша өкіметі шұғыл түрде Маңғыстау халқына көмек ұйымдастыруға мәжбүр болды. Ел оған «көже көмек» деп ат қойды. Осы мақсатта Александрбай және Кендірліде тамақтану орындары ашылды. Бұл шараны бақылау үшін Александрбайға Түркімен, Түпқараған болыстарының, Кендірліге Түркімен-Адай, Екінші Маңғыстау болыстарының кандидаттары және әрқайсына үш ауылнайдан бекітілді. Маңғыстау уезінің бастығының 1912 жылғы 14 ақпандағы шешімімен 100 балықшыға, әрқайсысына 5 пұттан, ссудаға қара бидай таратылды. Жалпы таратылған бидай 2500 пұтқа жетті. Ірі балық кәсіпкері Захар Дубский сол кездерде аш-жалаңаштарға көмекке келгендердің алдыңғы шебінде болды. Мұрағат құжаттарында оның 717 сом 96 тиынға аш адамдарға ұн, нан, кант, сүт, сабын, қазан, тағы басқа заттар алып беріп көмектескені туралы мәліметтер бар [30]. Айта кету керек, кейін кеңес өкіметі орнап, ірілі-ұсақты байлардың бәрін тәркілеп, өздерін жер аудара бастаған кезде жергілікті халыққа мейірбандықпен қараған, қолұшын берумен келген З.Дубский аман қалған болатын. Аш-жалаңаш қалғандарға көмекке келгендер қатарында болашақ мемлекет қайраткері, сол кезде 19-20 жастағы Жалау Мыңбаев та болған. Ол уездік әкімшіліктен арнайы рұқсат алып, аш адамдарға жүйелі көмек көрсету мақсатында өкімет

тарапынан жәрдем ұйымдастырушылардың қатарында көзге түседі [13, 971-іс, 84-п.].

Сонымен қатар патша өкіметі аш адамдарға ақшалай және малмен көмек бере бастады. Оны кредит және ссудалық-жинақ серіктестіктері жүргізді. Бұл кезеңде Қазақстан мен Қырғызстан жерінде 44 банк мекемесі мен 345 кредиттік және ссудалық-жинақ серіктестігі болған екен. Тек, 1910 жылдың 8 желтоқсаны мен 1911 жылдың 22 наурызы аралығында Бірінші Маңғыстау болысының 361 отбасы 10-20 сомнан, барлығы 4354 сом 15 тиын көлемінде ссуда алды. Ссуда малмен де берілді. Тіпті, 1914 жылдың өзінде де 314 отбасы малмен ссуда алса [13, 1016-1018, 1060-істер], 1915 жылы кедейлерге 40 мың сомның тұқымдық бидайы ссуда ретінде таратылды [13, 1104-іс, 41-п.]. Бұл жұт тағы қайталанып соғатынын білген ел басы – ақсақалдар, болыстар 1912 жылдың 24 ақпанында Маңғыстау уезінің бастығына мынадай талап-тілектерін ұсынып, хат жазады:

«1. Қазына есебінен Үстірт, Төбекұдық, Таушықта (Қаратау) жаңа су көздерін ашу үшін инженер жіберу;

2. Каспийден балық аулау үшін жеңілдектер беру, балықшыларға құрал-сайман, қайық беру;

3. Орал облысынан шөп шабуға және егін егуге жер алып беру, тұқыммен және шөп шабатын, егіншілік құралдарымен қамтамасыз ету;

4. Егіншілікпен айналысу үшін Әмудариядан бері қарай канал тарту;

5. Тенжент уезі мен Байрамалыдан егін салуға арналған жер бөліп беру;

6. Айтылған жерлерге көше қалған жағдайда қоныс аударушыларға қазынадан жалға уақытша ақша беру;

7. Ондай жағдайда уақытша қоныс аударушылар өздерінің ақшаларын пошта арқылы елге жыл сайын аударып тұрар еді» [30, 12-п.]. Қол койғандар: Бірінші Бозашы болысы Тобанияз Әлниязов, Екінші Бозашы болысы Мұхамедин Матжанов, Түпқараған болысы Тілеген Мәмбетов, Жеменей

болысы Телемген Қабақов, Бірінші Маңғыстау болысы Шаңжақпай Сапарбаев және Екінші Маңғыстау болысы Абак Құлышев. Олар бұрынғыдай тек мал шаруашылығымен ғана айналысып, өмір сүрудің қиын екенін, сондықтан қосалқы шаруашылықпен, соның ішінде бірінші кезекте егіншілікпен айналысу керектігін түсінген болатын. Алайда, патша өкіметі оларды жауапсыз қалдырды. Отаршылдық жүйе үшін казактардың егін салып, отырықшылықпен айналысуы емес, мал бағып, ауыл шаруашылық өнімдерімен метрополияны жабдықтап отыруы әлдеқайда тиімді еді. Малға жайылымдық жер, жаңа су көздерін табу, қосалқы шаруашылық мәселесі, тіпті, кеңес өкіметі белең алып тұрған 1920 жылдардың екінші жартысында да күн тәртібінен түспеді. Осы мәселелерді көтергені үшін Тобанияз Әлниязов болыс кезінде патша әкімшілігі тарапынан қуғынға ұшыраса, кейін «Адай ревкомы» атанған ол «халық жауы» деп айыпталып, атылған еді.

Сөйтіп, отаршылдық саясаттың күшеюі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы – мал шаруашылығын дағдарысқа ұшыратты, ол казактарды қосалқы шаруашылықпен айналысуға, шаруашылықтың интенсивті түрін меңгеруге итермеледі. Сонымен қатар, капиталистік жер қатынастарының кеңірек енуі қазақ ауылындағы таптық жіктелісті тереңдетті, саяси сана-сезімнің оянуына, өз құқықтарын қорғау жолында күрестің жаңа формаларын игеруге мәжбүр етті.

Аймақтағы жер мәселесінің шиеленісуі

Айта кету керек, Жайық казак әскерлері мен Кіші жүз, Бөкей Ордасы қазақтарының бірнеше ғасырға созылған қактығыстарының ең басты себебі – жер мәселесі. Академик С.З. Зиманов атап өткендей: «Орданың бүкіл тарихы бір жағынан Хандықтың, екінші жағынан Жайық, Астрахан қазақтарының жер үшін таласына негізделген». Ал 1890 жылы «Русский вестникте» жазған мақаласында Салық Бабажанов жерге байланысты қазақ-казак қатынасын былай суреттейді: «Мал өзіне керекті жайылымдық оты бар құнарлы жерсіз өмір сүре алмайды. Егер осындай жерлерді, яғни осындағы қазақтардың ұзындығы 450 шақырымдық, ені 40-тан 150 шақырымға тарта, нағыз құнарлы мал жайылымдарын оралдық казактар бекет-форпостық карауылға деп ойып алып жатқанда, әскерилер үшін деп қыруар жерді тағы да алып жатса, енді-енді ғана бұрынғы оралдықтардың тырнағынан құтыла бастаған қазақтардың қандай жан түршігерлік жағдайға ұшырайтынын әбден түсінуге болады. Әрбір жаңа бекет-форпост салу үшін қазақтардың емін-еркін мал жайған жайылымдарын тартып алды. Біздің халқымыз көз жасы төгіліп, боздады, ауыр қайғыға ұшырады» [17, 20-б.].

Жайық казактары мен Бөкей қазақтары арасындағы жер дауы әр кезде әртүрлі аймақтарды қамтыған еді. Бірақ, Қазан төңкерісі кезеңіне дейін созылған жер дауының негізгі үш аймағы болды, олар: а) Қамыс-Самар көліне дейінгі екі өзен аралығындағы жер; ә) Қамыс-Самар көлі мен ондағы балық шаруашылығы және б) ұзындығы 180 шақырым, ені 2-ден 20 шақырымға дейін созылатын Қамыс-Самар көліне дейінгі Каспий теңізінің жағалауындағы құм аралас тұздық. Жерге тартыс кезінде жергілікті қазақтардың қазақтарға қарсы әділ талаптары үнемі аяқсыз қалып отырды.

Мысалы, Бірінші Теңіз округы, № 1, 7 болыстарының

казактары Айып Баймұхамедов, Бөтеш Барақов Астрахан генерал-губернаторына жазған шағымдарында, 1873 жылы Бөкей Ордасы есебінен Жайық казактарына 143520 десятина жер бөлінген кезде ол жерде 3029 қазақ қыстақтары болғанын, ондағы адамдардың бәрі Орда жеріне көшірілгенін, тек Жалтырөзек пен Ақөзекте 44 қыстақ қана қалғанын айта келе, «енді балық кәсіпшілігі мекемелері сол жерде тұрғанымыз үшін ақшалай алым алғандарымен қоймай, қыстауларыңызды бұзамыз деп күнде тыныштық бермейді, сендердің казак әскерлерінің жерін жайлап, қандай да бір құрылыс тұрғызуға ешқандай құқықтарың жоқ» дейді. Ал «Байқолтық жерінде екі жылдан бері тұрып жатқан Досмағамбет Жамбатыровка 60 шаршы сажень жерге (немесе 0,027 га) рұқсатсыз коралы қыстау салғаны үшін екі жылға 54 сом айып салды» [31] деген. Бұл дауға байланысты Ішкі Орданы басқарудың Уақытша Кеңесінің «айтылған теңіз жағасының казак әскерлері үшін ешқандай қажеттілігі жоқ, бұл жерде бірде-бір балық кәсіпшілігінің мекемесі де жоқ, ал казактар бұл жерлерде үнемі көшіп жүреді, казак-орыстар болса олардың малдарын тартып алып, үлкен айып салады, екі арадағы қатынасты одан әрі ушықтырмау үшін бұл жерлерді казактарға қайтару керек» деген шешіміне қарамастан, 1916 жылғы қараша айында да, 1917 жылғы қарашада да бұл дау шешілмей қалды. Сонымен қатар, 8000 түгін казак Жайық казак әскерлері жерінен, 5000 қазақ түгіні теңіз жағасындағы қазына жерінен (князь Юсупов әулетінің, Крестьянский Поземельный Банктің Синеморье имениесінің, Красноярск, Астрахан, Енотаев уездері шаруаларының жерлерінен) «бұл жерлерді заңсыз, өз беттерімен жалға алып тұрғандары үшін» көшірілуге тиіс болды. Оған себеп патша әкімшілігі де, кейін Уақытша үкімет те жер дауын шешуде казактардан көрі, өкіметтің тірегі болып келген, қарулы казак-орыстарға көбірек жалтақтауы еді. Казактар мен казак-орыстар арасындағы жер дауының шиеленісуі түбінде үлкен қақтығыстарға, жөнсіз қантөгіске әкелетіні сол кезден-ақ белгілі болған еді.

1915 жылдан бастап Бөкей қазақтары мен Астрахан казак-орыс әскерлері арасында жер үшін күрес басталды. 1914 жылғы 21 маусымда шыққан заңға сәйкес әрбір казакқа 40 десятина жер тиесілі болды (30-станицалық үлес, 10-станицалық запас). Астрахан казак әскерлерінің Қазақ және Қалмақ далаларына шекаралас жердегі тоғыз станицада жер үлесін алуға құқығы бар 9250 казак (ер адамдар) тұрған еді. Олардың әрбіреуіне орта есеппен 16,03 десятинадан келетін. Жаңа заң бойынша, әлі де 129212 десятина жерден, оның үстіне шіркеу қажеттілігіне 300 десятина жерден, барлығы 173668 десятина [31, 1525-іс, 25 об.-п.] жерден дәмеленген казактар патшаға бұрқыратып арыздарын бірінің артынан бірін жіберіп жатты. Қазына жерінен, орыс шаруалары есебінен жер бөлуден тартынған үкімет, оны Бөкей Ордасы және Қалмақ даласы есебінен қанағаттандыру керек деп шешті. Айта кету керек, бұл кезеңде Бөкей Ордасы жерінен 321030 десятина жер құм тоқтату мақсатында тартып алынса, Нарын және Қамыс-Самар қисымдарынан тағы да 447166 десятина жер осы мақсатта алынуы тиіс делінді, оған қоса 145000 десятина жер Нарын орман шаруашылығына бөлінді де, барлығы 913196 десятина жердің қазақтары қуылып, жерлері «тазалана» бастады [24, 4467-іс, 19-п.].

Патша үкіметінің орталықта – Нарын, Теректіқұм, Батпайсағыр; Теңіз округтарында – Қосдәулет, Бозанай, Мыңтеке, Айшағыл құмдарын тоқтатамыз деп жүргізген шаралары туралы, Ордада Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрескер П.Варламов былай деп еске алған: «Үкімет құмды тоқтату үшін ағаш егу керек деп, Ордада орманшы, орман кондукторы, күзетшілері, тағы басқалары бар үлкен аппарат ұстады, алайда орман-мелиорация ұйымдарының жұмыс қорытындысы сол бір миллион гектар жерді бұрынғыдай құм дала басып жатты да, тек Толыбай мекенінде 2-3 мыңдай ғана шілік тал, бұта егілді. Оның есесіне патша үкіметі бұл жердің бәрін мемлекет меншігі деп жариялап, қазақтарға қымбат бағамен жалға берді. Сөйтіп, орман-мелиорация

органдары, шын мәнінде, салық, айыппұл жинайтын және «орман қорғау заңын бұзушыларға қарсы күрес органына айналды» [32].

Сол кезде, «жығылғанға – жұдырық» деп Астрахан казактары да Торғын қисымының ұзындығы 30, ені 12 верст ең шұрайлы жерін талап етті. Бұл жерде № 3, 4, 5 болыстардың 924 шаруашылығы тұрып жатқан; құны 474038 сом 670 қыстау, 18150 сом тұратын бес мешіт, 16600 сом тұратын 63 шегенделген құдық, барлығы 508788 сомның дүние-мүлкі, оған қоса 5100 десятина егіндік жер мен 1774 десятина шабындық жер де бар. Егіншілікпен айналысып, өз күндерін өздері көріп отырған жергілікті халық бұл жерден көшуден үзілді-кесілді бас тартты. Екі жылға созылған даудан кейін (бұл кезде бірінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан болатын, Астрахан казактарының көпшілігі майданға кетті, мал бағусыз, егін күтімсіз қалғандықтан, бүкіл ауыртпалық сол жерде жалданып жұмыс істеп жүрген қазақ жігіттеріне түсті), Астрахан казак-орыстары 1916 жылғы 1 сәуірде жеті станицаға жалпы көлемі 106 мың десятина жерді Талов қисымының солтүстік шетінен, Сары өзен (Малая узень) мен Торғын өзені аралығынан берілуі тиіс деген шешім қабылдады [31, 29 об-п.]. Жергілікті халықты жұбату мақсатында үкімет «қалмақ кезекті көші» деген атпен арнаулы ақша және басқа жақтан жер беріледі деп хабарлады. Бұл Бөкей казактарының ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларының ашу-ызасын туғызды. Ол туралы «Қазақ» газеті: «180000 десятина жер. Бұл жерді казактарға бермекші. Бұл жерді 1802 жылдан бері қарай қазақ қоныс қылған. Жүзден астам жыл бұл жерге қазақтың кірі, қызметі сіңген. Бұл жерде Астрахан казактары 114 жыл кір жуып, кіндік кескен. Ол алынатын жерде неше мың салулы үй, қора-қопсы бар. Жұрт қадірлеген бейіт бар. Қанша мың адам шаруасын істеп, күн көрген, пішендік, егін жай, мал өрісі осы жерде. Жұртты сыртынан малша бағып дағдыланған үкімет оюды өзі пішіп, өзі ойып отыр», – деп жазды.

Бөкейлік Ғұбайдолла Ахметов, Сейітқали Меңдешов, Нығметолла Ибраһимов, Ғұмар Қарашев «Қазақ» газетіне жазған хаттарында «бұл мәселеде біздің талап-тілектерімізді жеткізетін өз депутатымыз жоқ, сондықтан мұсылман фракциясына өз адамдарымызды жібергелі жатырмыз» дейді. Оған Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газеті арқылы: «Бас министрге бөкейліктен Петроград барған Ғұмар Қарашұлы деген белгілі қазақ ақыны қағаз берді. Астрахан атты казагына алатын жерді, бізге казакка тиісті жер еншісі, бөліп беріп ал деді. Бұл Ғұмар тілегі аз бөкейліктің бір бөлімі тілегі. Қазақ жұрт болып мұны қылғанда мұсылман фракциясы, мұның бюросы бөкейлікке жер берілетін заң жобасын Государственный Думаға кірсін десті. Мұны тірі болсам мен жазам» [33, 321-б.] – деп жауап берді. Осы мәселе бойынша Петроградқа барған Ғұбайдолла Ахметов, Нығметолла Ибраһимов және Сейітқали Меңдешов те Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясымен, Ахметбек Салықовпен және Әлихан Бөкейханмен кездесті. Жер дауы бойынша Ішкі істер министрлігінің земство бөліміне арнаулы хат даярлайды [34]. Алайда қазақ жігіттерін «реквизициялау» туралы «июнь жарлығы» шыққан соң бұл делегация алдарына қойған мақсаттарына жете алмай, елге оралуға мәжбүр болды.

Ақпан төңкерісі қарсаңындағы жер тапшылығы, казак-орыстардың, балықкәсіпшілігі басқармаларының озбырлығы халықты қатты ашындырды. Мұрағат құжаттарында сол кездегі ауыл жиындары қабылдаған шешімдер бар, солардың басым көпшілігінен қазақ ауылдарының казактармен, балық кәсіпкерлерімен, орыс шаруаларымен тікелей қақтығысқа бара қоймағанымен де, шыдамдарының шегіне жеткендігін аңғаруға болады. Мысалы, Нарын қисымының № 4 болысынан Екінші Теңіз округының № 6 болысына көшіп келген казактар «жер жетпегендіктен осы жерге келгендерін, бірақ соңғы 30 жыл бойы екі жаққа бірдей салық төлеп тұрғандарын, әбден шыдамдары таусылғандарын» ашына

жазса, Талов, Торғын, Қалмақ қисымдарының, Бірінші Теңіз округының көптеген ауылдары өз жерлерін орыс шаруаларына пайдалануға беруді тоқтату жөнінде шешім қабылдаған. Бірінші Теңіз округы №9 болысының қазақтары шабындық жерді қорғау мақсатында:

«1) шабындық жерге көшу тек 22 мамырдан кейін болуы тиіс, тыңдамағандар мал санына байланысты ірі малға – 30 тиын, ұсақ малға 5 тиыннан айып салсын;

2) ол жерлерге малымен орыс шаруалары да, басқа болыстың қазақтары да жіберілмесін, айыппұл ірі малға – 50 тиын, ұсақ малға – 10 тиын;

3) шабылған пішенді орыс шаруаларына, басқа болыс қазақтарына сатуға тыйым салынсын, айыппұл әрбір шөмелеге – 1 сомнан, әрі сатылған пішен қайтарылуы тиіс;

4) шөп шабушы-пішеншілер ретінде басқа болыстың қазақтарын жұмысқа жалдаған кезде оның 10 бас ірі малдан артық малынан 30 тиын, ұсақ малынан 10 тиын акциз алынуы тиіс» [24, 4248-іс, 1-п.] деп шешті және тағы сол сияқтылар. №9 болысы қазақтарының құқықтарын қорғаған бұл шешімді қорғап, қолдауы тиіс әкімшілік. керісінше, оны жазған, қол қойған қазақтарды заңсыз сотпен қорқытып-үркіткен. Бұл олардың кімнің жағында екенін анық көрсетті.

Жер тапшылығына байланысты біраз ауылдар елдің үстінен өтіп, Еділдің сол жағалауындағы шабындық жерлерді – Ахтуба өзенінің алқабы мен Чернояр, Еногаев уездеріндегі орыс шаруаларының жерлерін жалға алып, малдарын сол жерлерге бағатын. Қыстың ұзақтығы мен шөптің шығуына орай олар бар малының 10-20%-ын жалдау ақысына төлейтін. Малдарын Басқұншак жерінде жайғандары үшін қазақтар, билет бойынша 37 сом 48 тиын төлейтін. Билетсіз, яғни ақша төлемей баққандарға айып салынатын. Мысалы, сегіз ешкісін жайған Мәкен Оралбаева 15 тиыннан 1 сом 20 тиын айып төлеген екен. 1914 жылғы сәуір-мамыр айларында бұл жерлерді жалдағандары үшін қазақтар 1038 сом 84 тиын төлеген; айыппұл ретінде 21

сом 15 тиын, ал малды бұл жерлерден айдап өткендері үшін 216 сом 78 тиын төлеген. Жалға беру ақысы бірте-бірте өсе түседі де, тамыз айында қазақтар 1416 сом 28 тиын, 137 сом 50 тиын айыппұл және 216 сом 78 тиынды мал айдағандары үшін төлейді. Ал 1915 жылдың қаңтарында жалдау ақысы – 1544 сом 2 тиын, айыппұл 197 сом 5 тиын болса, мал айдағандары үшін төленген ақы 216 сом 78 тиынға жеткен екен [35].

Мұндай жер дауы теңіз жағасында да толас таппады. Арнаулы үкім бойынша қазақтардың теңіз жағасына қоныстануына, отырықшылыққа көшуіне тыйым салынды. Бұл жерге құмнан ығысқан, жер іздеген қазақтар көптеп келе бастады. Каспий бойында, помещиктер саяжайы жерінде жеті деревня орналасты. Олар – Никольская, Жамбай, Самохваловка, Марфина, Александрия, Кривотубинская, Ильинская. XVIII ғасырдан бастап бұл жерлер князь Юсупов пен граф Безбородконың меншігінде болды. Безбородколар иелігінде 2 млн. десятина жер болды, ұзындығы 97 верст, ол жер теңізден 12-35 верст қашықтықта теңіз жағасын бойлап жатты. Юсуповтардың бұл жерде екі учаскесі болды, біреуінде – 115 мың десятина, екіншісінде 16 мыңнан артық десятина жер бар еді. Бұл учаскелер теңіз бойын жағалай ұзындығы 200, ені 12 верст жерді алып жатты. Сөйтіп, Еділ мен Жайық сағалары арасындағы осы бір жерлерде көшіп жүргендері үшін қазақтар малмен не ақшалай ақы төлейтін; қамысын шауып, балық кәсіпкерлері үшін мұз оятын. Олар жерді пайдаланғандары үшін Юсуповтарға жылына 8000 сом, Синеморье имениесіне 65 мың сомға дейін төлейтін. Бұрын жер ақысын приказщиктер жинаған болса, кейін бұл жұмысты ірі байлар, ру басылары өз қолдарына алды. Олар ақшамен емес, малмен жинайтын және әрбір шаруашылыққа әртүрлі уақыт белгіледі, жер ақысы 300%-ға дейін көтерілді.

Жер тапшылығы, табиғат зардаптары, әсіресе 1914 жылғы Орда жерінде болған жұт біраз шаруашылықты

күйзелтті. Уақытша Кеңес жапа шеккендерге 43 сом 33 тиыннан көмек көрсетіп, казактарды мүсіркеген болды. Малынан айырылған, бұрынғы өмірдің қайта келмейтінін сезген казактар, әсіресе теңізге жақын Бірінші және Екінші округ тұрғындары, балықшылық кәсіпке бет бұрды. теңіз жағасына көше бастады. Жағадан жер жалдау үшін әрбір ауыл өз өкілдерін сайлайтын, мысалы Екінші Теңіз округы №3 болысының Биімбет ауылы (322 адам) 1916 жылғы 12 ақпанда өткен ауыл жиынында Нұртаза Сәдуақасовқа өкілдік бере отырып, одан «Каспий теңізі жағасынан №17 учаскенін шабындық жерлерінен шөп шабуға және мал бағуға жер сұрауды тапсырды» [24, 4504-іс. 1-п.]. Дәл осындай өтінішпен Екінші Теңіз округы, №3 болысына қарасты Тұрмамбет ауылының (274 адам) тұрғындары да шықты. Олар 1915 жылғы 20 қарашадағы шешімдері бойынша теңіз жағасындағы тоғыз учаскені, атап айтқанда Злодиева Коса, Ботакан, Жапырақ, Қойысбай, Белужая Коса, Керуен, Наркес, Жалпак, Қоныр учаскелерін Каспий-Волга кәсіпшілігі Басқармасынан сұрады. Мақсат – балық кәсіпшілігімен айналысу деп көрсетті. Бұл сұраныс та, Злодиева Коса учаскесін қосарлана сұраған Нарын қисымының №2 болыс казактарының сұранысы да қабылданбады. «Каспий-Волга балық және итбалық кәсіпшілігі» Басқармасының № 17-18 учаскелерінің менгерушісі Егоров осы сұраныстарға байланысты түсініктемесінде: «Осы және осыған ұқсас сегіз өтінішті тіркей отырып айтарым, бұлардың бәріне де теріс жауап беру керек. Казактар тек пішен шабу үшін ғана жер сұрап отыр. Егер де оларға сұраған жерлерін беретіндей болсақ, өздері айналысатын кәсіпшіліктің, тұрғызатын үйлерінің жобаларын талап ету керек», – деп жазды. Казактар болса, тұрғызатын кәсіпшілік, үй жобаларын даярлап, Басқармаға түсіре бастады. Алайда 1916 жылғы 14 және 25 сәуірде Каспий-Волга кәсіпшілігі Басқармасы теңіз жағасынан балық кәсіпшілігін ашу мақсатында жер сұраған Қожақ Сәрсенов, Шалабай Өтегенов, Асқат Дүниеалиев.

Әли Сейдалиев, Әбілқайыр Берқалиев, Мұса Сейдалиев, Өтеғали және Құбаш Танашев, Нартай Тілеулиев және Жұбан Ниязовтың өтініштерін қабылдамай тастады [36].

1916 жылғы 8 ақпанда Екінші Теңіз округы №4 болысы Сормандай поселкесі, Крестьянский Поземельный Банк кесінді учаскесінде тұрып жатқан қазақтар 400 бас малын бағу үшін теңіз жағасынан, 17-учаске жерінен 200 десятина жерді үш жылдан алты жыл аралығында жалға сұрайды. Әр жылқыдан – 2 сом 50 тиын, әр сиырдан – 2 сомнан, ұсақ малдан 50 тиыннан салық төлеуге уәде берді. Алайда, бұл өтініш те, тағы көптеген басқа өтініштер де қабылданбады. Теңіз жағасындағы қысқы боран мен аязда малға ықтасын камысы бар, су-көлге толы, қалың тоғайлы, жазда шөбі белуардан келетін, балығы да мол шұрайлы жерге қазақтардың аяғы тисе кетпей қояды деп қорыққан Каспий-Волга балық және итбалық кәсіпшілігінің Басқармасы қазақтарды теңізге жақындатпады.

Атырау-Маңғыстау аймағында, әсіресе Бөкей Ордасында, ірі байлардың, ру басыларының, жергілікті әкімшілік өкілдерінің қауымдық меншіктегі жерлерді, су көздерін өз қолдарына алуға тырысуы жер мәселесін одан әрі ауырлатты, бұл жағдай қарапайым халықтың соңғы сенімінен айырды. Мысалы, Бекмұхамедов секілді ірі байлар жеке меншікке жер сұрай отырып, «жердің бізге дворяндар ретінде, Ресейде қалай жүрсе, сондай негізде, сондай артықшылықтарымен бөлінгенін қалаймыз» деген талап қойды. Қалмақ қисымы №7 болысының қазақтары Ақбаулин мен Балқожиннің 1914 жылғы 20 маусымда Астрахан губернаторына жазған шағымында: «Бабажановтардың тұқымы Сикыт және Қойлық Мұқановтар өздерінің аталары Салық Бабажановтан қалған 95 десятина жерлері аз болғандай, 300 десятинаға дейін қауымдық жерлерді жыртып, егін салады, шөбін шабады. Оған қоса, ол жерлерге алты шаруашылықтан орыстардың малын – 200 сиыр, 200 қой, 40 түйе, тіпті шошқа жібереді, жерді жалдағандары үшін ірі малдан 2 сомнан, ұсақ малдан

50 тиыннан ақша алады. Егер олар орыс шаруаларының малын жайылымға жібергілері келсе, өздерінің жерлеріне жіберсін» [37] дейді. Мұндай фактілер басқа жерлерде де аз болмаса керек.

50 десятина жерді №5 болыс пайдасына қайта бөлуге байланысты Талов қисымының Әжібай көл ауылының тұрғындары Бөкей Ордасын басқаратын Уақытша Кеңестің төрағасы Климовқа, правитель Қарабаевқа, депутат Әлмурзинге, №5 болыс старшины Айдаболов пен №6 болыс старшины Қаражановқа қарулы қарсылық көрсетеді. Жер тапшылығына, орыс шаруаларының көптеп қоныс аударуына байланысты әртүрлі толқулардың алдын алуға тырысқан ішкі істер министрінің орынбасары Орал облысы, Астрахан губерниясы басшыларына жазған хатында: «Қазақ даласында болып жатқан оқиғалардың бәрін қатаң бақылап отыру керек, қажет болған жағдайда қазақтар тарапынан орыс өкіметі мен әскерлеріне, орыс халқына қарсы көзсіз әрекеттердің алдын алып, тез және батыл түрде басып тастау керек» [37, С.69-70] деп нақтылады.

Көріп отырғанмыздай, жер мәселесіндегі тартыстар қазақтар мен Жайық казактары арасындағы бітіспес қарама-қарсылықты, өштестікті күшейтті: сонымен қатар, патшаның отаршылдық саясатын жүргізуде негізгі тірек болған жергілікті үстем тап өкілдерінен бөлек Қазақстанның барлық аймағында халықты соңына ерте алатын, саяси күрес жүргізуге қабілетті зиялы қауым өкілдері қалыптасты.

Балық кәсіпшілігінің дамуы және тұз өндіру

1910-1911 жылғы жұттың Маңғыстау бойынша қорытындысы: қой саны 37,2%-ға, ешкі малы – 40,1%, жылқы малы – 35,5%, түйе малы – 18% және сиыр саны 47,3%-ға қысқарды [38]. Осыған байланысты жатақтар саны көбейді, шамамен 680 десятина жерге егін егілді. Форт

Кесте 7. 1910 жылғы мәлімет бойынша Маңғыстаудағы балық кәсіпшілігінің даму көрсеткіштері [8; С.214, 216]:

	Өлшем бірлігі	Николаев поселкесі	Долгое, Құлалы селолары, Александр слободасы	Қазақтар
Шаруашылық саны		253	97	584
Адам саны		1325	481	
Қайық	дана	479	291	302
Ау	дана	62195	30710	5345
Қармақ	дана	3400	1560	300
Кеме	дана	10	40	-
Охан	дана	4150	8990	-
Ауланғаны:				
Ірі балық (бекіре, қортпа, т.б.)	пұт	25967	840	
Қара уылдырық	пұт	99	1	
Итбалық	пұт	18707	280	
Майшабақ	пұт	1751000	265000	

Александровскіге қоныс аударып келген орыстар болса бакша салатын. Алайда, азық-түлік жетіспеуіне байланысты жылына 325-330 мың пұттай астық шеттен әкелінетін. Сондықтан, Маңғыстау қазақтары арасында қосалқы шаруашылық ретінде балық кәсіпшілігі ерекше орын алды.

Бұл жерде балық кәсіпшілігін дамыту үшін патша өкіметі Маңғыстау түбегіне қоныс аударушыларға біраз жеңілдіктер берді: оларды он жылдай барлық салықтар мен міндеттерден, оның ішінде әскери міндеттен де босатты. Негізінен Тамбов губерниясынан келген қоныс аударушылар Үлкен және Кіші Долгое аралына, соған жақын теңіз жағасына қоныстанды.

Кесте 8. 1911 жылғы мәлімет бойынша Маңғыстауды мекен еткен орыс халқының әкімшілік-территориялық орналасуы [8, С.204]:

Балықшы поселкелері	Шаруашылық саны	Адам саны
1	2	3
Николаев (1847 ж. іргесі қаланған)	253	1335
Долгое (1876 ж.)	85	393
Завороть (1892 ж.)	4	26
Құлалы (1909 ж.)	9	38
Барлығы:	351	1792

Николаев поселкесіндегі балықшылардың көбі көп кешікпей ірі балық кәсіпкерлеріне айнала бастады. «Орта есеппен бір үй жылына 1000-1500 сомға дейін табыс табатын» [29, С.143] деп жазады М.С.Тұрсынова. Маңғыстау уезінің 11 ватагасында 579900 сомның балығы және балық өнімдері ауланса, Красноводск уезінің 37 ватагасында ол 1426000 сом болған еді. Балықшылықпен айналысудың тиімді болғаны соншама, форт Александровскінің 1500 тұрғынының 187-сі ғана қолөнермен айналысып, қалғандары ұсақ балық кәсіпшіліктерінде, мердігерлік

жүйе бойынша жұмыс істеген. Балықшылық кәсіппен казак байлары мен саудагерлер де айналыса бастады. Бірте-бірте олардың арасынан ірі-ірі байлар, кәсіпкерлер шығып, теңіз жағасындағы балық аулау кәсібін өз бақылауларына ала бастады. Жылой қолтығынан Қара бұғазға дейінгі жерде Дубский, Голенковский, Даньков, Агафонов, Шараев, Воробьев және басқа да ірі балық кәсіпкерлері болды. Мысалы, Захар Дубскийдің бес балық промыслы болды, онда казактар да, орыстар да жұмыс істеді.

Ірі кәсіпкерлер, сонымен қатар, Астраханнан орыс, калмақ жұмысшыларын алып келетін. Негізінен, олар жазда қайық-кемелермен, қыста мұз үстінде теңізге шығып балық аулайтын. аулайтындары: майшабақ, қызыл балық, мұз астынан аулайтыны – ақ балық. Бөкей Ордасында да көптеген балық кәсіпшіліктері болды, олардың ішіндегі ірі балық кәсіпкерлері – орыс байлары Базилевский, ағайынды Сапожниковтар, Осокин, Жиденов, Матяев, Рытман, Гусев, Пасенков, Платонов, Гордеев және тағы басқалары. Олардың қатарында казактар арасынан шыққан кәсіпкерлер де болды: Танашев Өтеғали, қол астында 5 промысел: «Патанайский», «Дружининский», «Михайловский», «Малый Дружининский», «Қаракөл»: Танашев Харис – «Бережник» промыслы; Ибраһимов Салық – «Барровский» промыслы, Дауылбатыров, Шарипов және тағы басқалар.

Балықшылыққа көшкен Гурьев уезінің казактары Каспий теңізіне қарай көше бастады. Орал статистикалық комитетінің ресми құжаттарында «балық кәсіпшілігі казактар арасында жыл сайын кең тарауда» деп көрсетті. Жайық казактары Жайықтың Каспийге құятын жерінен 1095 шақырым, оның бүкіл сағасын және Каспий жағасын: Жайықтың он жағында 76 шақырым, сол жағында 88 шақырым, теңізден 90 шақырым қашықтықтағы территорияны өз бақылауында ұстады [19, С.44-45], сондықтан теңізге жақын жатқан он болыстың төртеуінің (Былаң, Жаршы, Ембі, Ақбас болыстары) халқы балықты теңізден, Жем өзені мен оның тармақтарынан

аулайтын. 1913 жылы 1119 қазақ отбасы өз ауларымен, құралдарымен балықты жеке ауласа, 993 адам ортақ үлеске салып, бірлесе аулаған екен. Оларда ортақ ау, кәсіптік кемелер, қайықтар, тағы басқалары болған. 1914 жылы 850 жалдамалы жұмысшының 759-ы қазақтар болды [39]. 1914 жылы Гурьев уезінде 29 балық кәсіпшілігі жұмыс істеді.

Сонымен қатар, балықшылардың өздерінің арасында да мүлік теңсіздігі күшейіп, олардың арасынан да ірі кәсіпкерлер немесе подрядчиктер шыға бастады. Мысалы, 1915 жылы Маңғыстау балықшылар болысында 393 қайық былай бөлінген екен: 283 отбасында – бір-бір қайықтан, 41 отбасында – екі қайықтан, сегіз отбасында – үш қайықтан, бір отбасында – төрт қайық [29, С.156].

Балықшылық кәсіпке жанадан адамдардың, бірінші кезекте, шаруашылығы күйзелген қазақтардың, көптеп тартыла бастауы бұл кәсіпшіліктегі жұмысты одан әрі жетілдіруге мүмкіндік берді. Балық кәсіпшілігі қожайындары, балық аулағанды қойып, енді дайын балық және балық өнімдерін көтерме бағамен сатып алуға кірісті. Сонымен қатар, балық кәсіпкерлері мердігерлік жүйеге көше бастады. Ол бойынша, кәсіпкерлер (саудагерлер, делдалдар, тағы басқалары) алдын ала кредит беру арқылы болашақ балық өнімдерін түгел сатып алатын, бірақ кредит балықшылардың өздеріне, тіпті балықшы артельдеріне емес, жеке адамға, делдал ретінде подрядчикке ашылатын. Подрядчиктер, әдетте, балық аулайтын қайығы, құрал-саймандары бар орыс, қазақ немесе түркімендер еді. Подрядчиктер теңізге шығатын балықшыларды өздері жинайтын және бағасымен келісетін. Әрбір жалдамалы балықшының алатын жалақысы кредит бөлінгенде көрсетілген ақшадан әлдеқайда төмен еді. Балық аулау үш кезеңге бөлінетін: 1) көктемгі: наурыз-мамыр айлары, 2) жазғы: шілденің ортасынан тамыз айының аяғына дейін, 3) күзгі-қысқы кезең: тамыз айының аяғынан желтоқсан айының ортасына дейін.

Бөкей Ордасында балық кәсіпшілігінде жалдамалы

жұмысшылар арасында Нарын, Қамыс-Самар қисымы және Бірінші, Екінші Теңіз округтарының қазақтары басым болды. XX ғасыр басында, тек Екінші Теңіз округындағы казак балықшы жігіттерінің саны 1232-ге жеткен еді. Бірақ бұл процестердің бәрі онай жүрді, жаңа кәсіпке көшкен казактар бірден мол байлыққа қарық болды деп айту қате. Ол көп жағдайда ауа райына, теңізден шыққан балық санына, балықты көтерме бағамен алатын саудагердің қойған бағасына, сауданың жүруіне, еттің және басқа тауарлардың балық бағасына тигізетін әсеріне және басқа көптеген факторларға байланысты болды. Әсіресе, үлкен қайықтары жоқ, аулары жетіспейтін казак балықшылары үлкен қиындық көрді. Құмды, сусыз теңіз жағасында шаруашылықтың басқа түрімен айналысу да мүмкін болмады. Көптеген балықшылар, Маңғыстауда, тіпті орыс балықшылары, ірі балық кәсіпкерлеріне үлкен ақшадан берешек болды. Барлық ауланған балықтың Маңғыстауда 35-45%-ы, Бөкей Ордасы мен Гурьев уезінде басым бөлігі Астраханға апарылатын. Бұрын жатақтар әлденіп, мал жинаған соң көшкен ауылдан қалмауға тырысса, балықшылықты тек уақытша кәсіп ретінде қараса, енді бірте-бірте бірнеше ұрпаққа жалғасқан кәсіби казак балықшылары қалыптаса бастады.

Тұз өндіру бұл жерлерде бұрыннан-ақ жақсы дамыған болатын. Жергілікті халық тұзды көлдерді, сорларды тұз алу және емделу үшін пайдаланатын. Тұз өндіру ісін кең түрде, кәсіптік негізде дамытқан, бұл бағытта да қожайын болуға ұмтылған, казак жерінің тұзына дейін тартып алған Жайық казактары еді. Олар XIX ғасыр басында Жайықтың оң жағалауындағы Шалқар, Көшім, Үлкен және Кіші өзендерден, Индер көлінен тұз өндіретін. Тіпті 1911 жылы да үкімет шешімімен Гурьев, Темір уездеріндегі тұзды көлдерді Жайық казактары өз қолдарына алған еді. Маңғыстаудағы тұздың негізгі орындары Тасорпа, Тұзбайыр, Қайлы, Шопаната, Кетік болатын. Қосалқы шаруашылыққа көшкен бірталай казактар тұз өндірісінде еңбек еткен. Жалпы тұз

өнімі форт Александровск комендантының билігінде болып, балық өндірісі үшін ірі орыс байларына – 150 пұттан, казак байларына – он пұттан, қалғандарына екі пұттан берілетін. Балықшылықпен айналысатын казак байларының саны өскеніне қарамастан, патша әкімшілігі «орыс», «казак» деп алалауын қоймаған еді. Жем және Маңғыстау бойынша 1917 жылға дейін 241900 пұт тұз жұмсалған екен [28. 91-б.]. Тұз өндіру өте ауыр жұмыс болатын. Жұмыс тәсілінің бәрі қол күшімен атқарылып, сүймен, күрек, үлкен қол балға, қайла секілді құралдар пайдаланылатын. Еңбек өнімділігі өте төмен еді. Көл шетінде тұзды суды тізеден кешіп тұрып тұз кесектерін оятын, оларды түйе арбалармен жағаға үйіп, диірменге салып уататын. Тұз өндіру деген тірінің азабы, жұмыс уақыты 12-14 сағатқа созылатын, денсаулыққа өте зиянды еді. Көптеген жұмысшылар аяқ-қолдарын тұз жеп, еңбекке жарамсыз болып шығатын. Бұл сахарда еркін өмір сүруге үйренген казактар үшін қиямет тірлік еді. Кәсіпкерлер осындай қиын еңбекпен тапқан жалақының өзін жұмысшыларға уақытында бермей, оның орнына сапасы төмен, бірақ бағасы жоғары әртүрлі тауарлар мен азық-түлік беретін. Мұндай жағдайда көптеген жұмысшылар ақша табудың орнына, өздері берешек болып қалатын.

Тұз өндіру мамыр айынан басталып, қазан айына дейін созылатын. Осыған байланысты уақытша (маусымдық) жұмысшылардың саны үнемі өзгеріп отырды. Жұмысшылар жұмыс түріне байланысты әртүрлі категорияларға бөлінді: 1) тұзды өндірушілер не уатушылар (олар көлдегі тұзды уатып, жуып, жандарында тұрған арбаларға тиейтін), 2) тұзды тасушылар (түйе арбамен не өгіз арбамен тұзды жағаға шығарушылар), 3) тұзды төгушілер (олар көл жағасына, биіктеу жерге тұзды төгіп кептіретін), 4) жүкшілер (тұзды вагонға тиеушілер) және тағы басқа қосалқы жұмыста жүргендер. 1000 пұт тұз тиегендері үшін жүкшілер 10-15 сом ғана ақша алатын [40]. Тұз ауылдарда бір пұты 7-8 тиыннан сатылатын. Балық кәсіпшілігінің дамуына байланысты

тұз өндірісінің өнімділігі де арта түсті. Ең ірі кәсіпшілік Басқұншақ көлі болды. Ұзындығы – 19,3 шақырым, ені 10,2 шақырым бұл тұз кәсіпшілігіндегі тұз төгушілер 10 сағаттық жұмыс уақытында 6000 пұттай тұз төгетін, жүкшілер болса күніне 2000-3000 пұттық 2-3 вагонды толтыратын.

Басқұншақта негізінен Қалмақ. Нарын қисымдарының. Бірінші. Екінші округтардың қазақтары жұмыс істеді. 1914 жылғы орташа біркүндік ақы тұз уатушылар үшін – 1 сом 86 тиын, тұз тасушылар үшін – 1 сом 51 тиын, тұз төгушілер үшін – 1 сом 92 тиын, жүкшілер үшін 2 сом 99 тиын болды. Тұз өндірудің ауыр да азапты жұмысында еңбек еткен жұмысшылардың шағым айтар, көмек сұрар ешкімі болмады.

Басқұншақ 150-160 учаскеге бөлінді, олардың ішіндегі ірі тұз кәсіпкерлері және көпестер Шаров, Леонозов, Федоров, Сапожников, Типков, Коңуев және тағы басқалар болатын. Олар темір жол және су жолымен Басқұншақ тұзын Саратов, Самара, Симбирск, Қазан, Тамбов губернияларына жеткізетін. Тұзды қазақтар кіре тартып, ат және түйе арбалармен жеткізіп отырған. 1915 жылы шамамен 400-дей қазақ кіреші Басқұншақтан 70-75 шақырым жердегі Владимир кемежайына тұз тасумен айналысқан. 1917 жылы Басқұншақта 1910 тұз уатушы, 1013 тұз тасушы, 770 жүкші, барлығы – 3693 жұмысшы жұмыс істеп, 1149 түйе найдаланылды [41. С.65-66].

Басқұншақта Қалмақ. Нарын қисымдарының. Бірінші. Екінші округтардың қазақтары жұмыс істегенін айттық. 1916 жылы тұз кәсіпшілігінде жұмыс істеген маусымдық жұмысшылардың саны мен ұлттық құрамы мынадай болды [35]:

Үкімет те, жергілікті әкімшілік те тұз өндіру ісін жеке кәсіпкерлердің қолдарына бергеннен кейін олардың ісіне араласпады, ешқандай мемлекеттік бақылау болмауы ол кәсіпкерлердің жұмысшылар есебінен мол пайдаға кенелуіне, аз уақытта тез баюына мүмкіндік берді.

Кесте 9. Тұз кәсіпшілігінде жұмыс істеген маусымдық жұмысшылардың саны мен ұлттық құрамы (1916 жылы 27 ақпан – 28 қазан аралығы)

Уақыты	Жұмысшы мамандықтары							
	Жүкшілер		Тұз төгушілер		Тұз тасушылар		Тұз уатушылар	
	қазақ	орыс	қазақ	орыс	қазақ	орыс	қазақ	орыс
27 ақпан – 1 сәуір	194	52	-	-	-	-	-	-
4 маусым – 1 шілде	730	266	1271	40	3507	439	7274	7
1 – 28 қазан	1334	19	326	-	724	74	1384	58

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аймақ экономикасына тигізген зардаптары

Осы кезде басталған бірінші дүниежүзілік соғыс қазақ халқына жаңа ауыртпалықтар алып келді. «Бұл соғыстан жалпы пайда жоқ, нарлар алысар, ал шаруасын бұзып, қанын төгетін сорлы халық болар», – деп жазды Әлихан Бөкейхан «Тағы соғыс» деген мақаласында. Соғыс кезінде экономикалық та, саяси қанау да шегіне жетті. Қазақ халқы 1915 жылғы 19 сәуірде қабылданған заң бойынша, түтін салығына қосымша жаңадан соғыс салығын төлейтін болды. Ол Орал облысында түтін салығының 17 пайызына, Маңғыстауда – 21, Астрахань губерниясы құрамына кіретін Бөкей Ордасында 40 пайызына жетті. Алым-салықтардың түрі көбейді, оның бар ауыртпалығы қарапайым халықтың

иығына түсті. Мал басы кеміді. шаруашылық күйзелді. Салықтар көлемі 3-4, ал жекелеген жағдайда 15 есе өсті. Мысалы. Манғыстау уезі. Райымберді болысының Екінші Әнет ауылының тұрғындары (барлығы 102 түтін) 12 салық түрін төледі. Мәселен: түтін салығы – 8 сом, облыстық земстволық алым – 2 сом, интернат ұстауға – 60 тиын, земстволық пошта ұстауға – 25 тиын, қоғамдық жұмыстарға – 15 тиын, қайырымдылық қорына – 1 сом, соғыс салығы – 84 тиын, форт Александровскіде ашылатын жәрмеңке үшін – 20 тиын, судьяның жалақысына – 6 сом, ауылнайға – 100 сом, хатшыға – 55 сом, шабарманға – 40 сом, барлығы – 1532 сом [13, 1095-іс, 17-п.].

Соғыс кезінде бүкіл империя халқына ауыртпалығын түсірген алым-салықтың бір түрі соғыс заемдері болды. Ақпан революциясына дейінгі аралықта патша өкіметі ел ішінде жалпы құны 8 млрд. сом болатын алты түрлі облигация таратты. Барлық заемнан түскен қаржының сегізден бесі 1916 жылы жиналды, сондықтан 1916 жыл қазақ халқы үшін барлық жағынан да ауыр тиген еді. «Ішкі заемның облигацияларын сату Ресей соғыс дефицитінің төрттен бірінен артығын жабуға тиіс еді, – деп жазады Р.Пайпс, – 1916 жылғы қазан айына түскен 8 млрд. сом көзалдау болды, өйткені тұрғындар да, банктер де заем алуға онша құлшына қоймады... Герман эксперттерінің есептеулері бойынша, 1916 жылғы қазан айында 3 млрд. сомға шығарылған облигация, шын мәнінде небары 150 млн. сом ғана жинады» [42]. Мұның бәрі ақшаның құнсыздануына, бағаның өсуіне әкеліп соқты. 1916 жылдың аяғында баға 3-4 есе көтерілді.

Бөкей Ордасындағы халықтың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналыскандықтан, алым-салық мал және мал өнімдеріне салынды. Сол кезеңде жиналған барлық мал салығы – 181166 сом 2 тиынға жетті. Бұларға қосымша Бөкей қазақтары жер жыртып, егін салғандары үшін 1916 жылы 8802 сом, жәрмеңкедегі орын үшін 1915-1916 жылдары – 8087 сом, қазына үйлерінен – 29087 сом

85 тиын жинаған. Салықтардың өсуі әрі соғыс ауыртпалығы жергілікті халықтың мемлекетке қарыздарының көбеюіне әкеліп соқты. 1911-1914 жылдардағы қарыз 8623 сом 40 тиын болды.

Кесте 10. 1915 жылғы мәлімет бойынша Бөкей Ордасындағы жалпы мал саны мен мал басына салынатын салық мөлшері [31. 1518-іс, 7-п.]:

Түлік түрі	Мал саны	Мал басына салық
1	2	3
Түйе	150485	28 тиын
Жылқы	165069	28 тиын
Сиыр	379911	14 тиын
Қой, ешкі	990584	4 тиын
Барлығы:	1686049	

Соғыс басталғаннан-ақ әртүрлі қорларға қазақтардың еркінен тыс ақша жинау басталды. 1914 жылғы қыркүйек айының өзінде Орданан 10000 сом аударылса, Қамыс-Самар қисымы қазақтары 7295 сом жинады. Қызыл Крест қажеттілігі үшін жиналған салық 40532 сом болды. 1915 жылы Бөкей қазақтарынан қоғамдық қажеттілікке 250664 сом жиналды, оның 86787 сомы соғысқа байланысты болды. Бұл ақшалай жиналған салықтар ғана.

Маңғыстауға келсек, 1916 жылы түтін салығы, соғыс салығы және земстволық алымға – 175 мың сомның үстінде. «қоғамдық қажеттілікке» – 15 мың төледі және бұрын алған ссудалары бойынша 100 мың сомның үстінде қарыздарын қайтарды. Қайырымдылық қорларына 1914 жылы – 2150 сом, 1915 жылы – 13056 сом және құны 200 мың сом тұратын 1000 түйе, 1916 жылы – 20744 сом және құны 100 мың сом тұратын 1000 жылқы, барлығы – 335950 сом төледі. 1914 жылдан бастап есептегенде барлық салықтар 465500 сомға

жетті. Бұлар тек мұрағат құжаттары бойынша табылған деректік мәліметтер ғана, төрт жылдық соғыс кезінде жиналған алым-салықтар, әрине, бұдан әлдеқайда көп-ақ.

Кесте 11. 1915 жылғы мәлімет бойынша Бөкей Ордасынан жиналған мал салығы [24, 8814-іс, 10-п.].

Әкімшілік бірліктер	Жиналған мал салығы
1	2
Қалмақ қисымы	19899 сом 30 тиын
Торғын қисымы	28256 сом 2 тиын
Нарын қисымы	22580 сом 36 тиын
Талов қисымы	23551 сом 2 тиын
Қамыс-Самар қисымы	32677 сом 42 тиын
Бірінші Теңіз округы	23157 сом 82 тиын
Екінші Теңіз округы	31144 сом 8 тиын
Барлық мал салығы:	181166 сом 2 тиын

Гурьев уезі құрамына кірген Орал облысына келсек, соғыс басталғаннан бастап 1916 жылдың 1 қаңтарына қарай қазақтардан 248719 сом 4 тиын жиналды [19, С.137]. Түтін сайын бір сомнан жинаған азық-түлік капиталына ақшалай – 24967 сом 82 тиын, пайыздық қағаздармен 153044 сом жиналды. Өкінішке орай, Гурьев уезіне байланысты мұрағат құжаттары сақталмағандықтан, ол туралы мәліметтер толық емес. Айта кету керек, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің мұрағаттары Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатына шоғырланғанына байланысты облыстық мұрағаттарда, негізінен, 1918-1920 жылдардан кейінгі кезеңнің құжаттары кездеседі. Өкінішке орай, Гурьев қаласының 1917 жылға дейінгі тарихына байланысты біраз мұрағат құжаттары аласапыран заманда жоғалып кеткен. Кейбір деректерде атаман Толстов 1920 жылы Гурьевтен шегінген кезде өзімен бірге ала кеткен десе, басқа деректер

бойынша қаланы азат етуші қызыл әскер бөлімдері 1920 жылғы қыстың қатты суығында мұрағат құжаттарын отын ретінде пайдаланған деседі. Дегенмен, кейбір құжаттардан, естеліктерден осыған дейінгі кезеңге байланысты үзік-үзік мәліметтерді де кездестіруге болады.

Алым-салықтардың өсуі қазақтарды қатты күйзелтті. Алғашқы кезде салықты тез жинап берсек, соғыс ауыртпалығынан тез құтыламыз, соғыс тез аяқталады деп ойлаған қазақтар соғыс тоқтамақ түгілі, одан әрі өрши түскенін көріп, салық төлеуден қашқактай бастады. Оның үстіне, 1916 жылы армия қажеттілігіне ұсақ мал жинау туралы жоспар жасалып, онда 1917 жылдың 1 қаңтарына дейін қазақ даласынан 97 мың бас мал жинау көзделді [43]. Бөкей қазақтары осы қосымша мал салығы бойынша 15 мамырға қарай 25619 бас ұсақ мал тапсыруға тиіс болды.

Әскерге қажетті ет тапшылығын жабу үшін үкімет жергілікті халықтан сойыс малын сатып ала бастады. Мысалы, 1917 жылды қаңтардың 13, 24, 30-күндері Хан ставкасында 2385 сом 35 тиынға жалпы салмағы 344,3 пұт болатын 144 бас қой, 10283 сом 29 тиынға жалпы салмағы 1887,3 пұт болатын 156 бас сиыр, баспақ, өгіз, қашар сатып алғаны туралы мұрағат құжаттары кездеседі [24, 8405-іс, 1, 7, 15-пп].

Азық-түлік, оның ішінде ет тапшылығына байланысты Маңғыстауда 1916 жылдың тамыз айында уез бастығының жарлығымен ет жеуге шек қойылды. 1915 жылдың екінші жартыжылдығында 2922 ұсақ, 95 ірі мал сойылса, 1916 жылдың бірінші жартысында 3003 ұсақ, 89 ірі мал сойылған екен. Енді жарлық бойынша: «Бәріне бірдей сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі және жұма күндері сауда орындарында, базарларда, алаңдарда және басқа жерлерде қолдан жасалған және басқа жақтан әкелінген ет (сиыр, бұзау, қой, қозы, шошқа, торай еті) және ет бұйымдарын сатуға тыйым салынады;

– дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері мал союға тыйым салынады;

– барлық жерлерде: ресторан, трактир, қонақүйлер, қоғамдық асханалар, бұфеттер, кеме пристандарында, тағы басқа жерлерде осы жарлық мүлтіксіз орындалуы тиіс;

– бұл жарлықты бұзғандарға: бір рет бұзса – елуден үш жүз сомға дейін айып және үш айға дейін қамау, екінші рет бұзса — үш айдан бір жыл алты айға дейін түрмеге жабу;

– казактарға жылқы және түйе етін жеуге, орыстарға форт Александровскіде (гарнизоннан бөлек) – бес бас, Николаев селосында – он бас кой етін жеуге рұқсат етіледі» [13. 1102-іс. 1, 9-пп.] деп хабарланды. Кейін соңғы шешім форт Александровск және Николаев селосы тұрғындарына он ұсақ, екі бас ірі кара (күніне) жеуге болады деп өзгертілді. Бұл орындалуы оңай емес, ал орындалуын қадағалау одан да қиын шешімдердің бірі еді. Амалдары таусылған шарасыз үкімет пен жергілікті басшылық азық-түлік дағдарысынан шығу үшін «соғыс жағдайына» сүйене отырып, халық арасында қолдау таппаған осындай әдістерге дейін барды.

Алым-салықтарға майдандағы солдаттарға киім, қолғап, тон, киіз үй тағы басқа заттар жинау да кірді. «Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан-ақ, – деп жазды профессор Ә.С.Тәкенов, – қазақ халқы өз еркімен қаржы, киіз үй, көлік, сойыс малдарын жиып, майданға жөнелткен. Кең қолтық қазақ Ресейді Отаным деп танып, оны қорғаудан бас тартпаған. Қаншама мал, киіз үй, оны құратын, малды бағатын қазақтар соғыстың алғашқы жылдарынан-ақ майданға барғаны туралы, тіпті Германия, Австро-Венгрия әскерлерінің киіз үйде тұтқында ұсталғаны туралы құжаттар баршылық» [44. 4-б]. Мысалы, 1915 жылы қазан айында Маңғыстау казактарынан Кавказ армиясына 500 пұт түйе жүнін талап етсе, 1916 жылғы мамыр айында тағы да 200 пұт сұрайды [30. 90-іс. 12-п.].

Соғыс қажеттілігіне байланысты қаржылай көмек ұйымдастыруда қазақ зиялылары елеулі үлес қосты. Мысалы, 1915 жылы Ойыл жәрмеңкесінде Халел Досмұхамедов ұйымдастыруымен 6126 сом 50 тиын, ал Темір жәрмеңкесінде І Мемлекеттік дума мүшесі

Алпысбай Қалменовтың басшылық етуімен 1097 сом 12 тиын жиналып, тиісті орындарға тапсырылса, 1915 жылғы 9 мамыр мен 23 шілде аралығында ғана Ілбішін, Темір және Гурьев уездерінің қазақтары соғысқа көмекке 18874 сом 98 тиын жинап берді [45, 170-б.]. Бұл жерде профессор А.Г.Сармурзин сөзімен айтсақ: «Қазақстандық тарихнамада қазақ еңбекшілері бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан-ақ соғысқа қарсы болды және большевиктердің басқаруымен соғыстан революциялық жолмен шығу үшін, яғни империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру бағытында күрес жүргізді деген көзқарас қалыптасқан болатын... Қазақ халқының майданға көмегін ат төбеліндей бай-феодалдардың «ақ патша» алдындағы жарамсақтығы деп көрсетіп келдік. Қазақтардың өздері құрамына кіретін Ресей тағдыры үшін жандары ашымағандай-ақ. Неліктен біз Ресей мемлекетінің құрамында болуына байланысты казак халқының патриотизм сезімін жоққа шығаруға тиіспіз, оның үстіне, егер бұрынғыдан да өткен күйзеліс әрі құлдық қауіпі төніп тұрған болса. Әрине, ішкі жағдайда, қазақ қоғамының дамуы үшін Ресей мемлекеттігі аумағында, ұлттық автономия жолында күресу керек деген сенім бұрынғыдан да беки түсті, ал бұл басқа әңгіме» [46].

1915 жылдың шілде-тамыз айларында майданға қажетті нығыздалған пішенді Сайхин, Эльтон, Кайсацкое темір жол бекеттеріне жеткізу мақсатында жалпы саны 300-дей болатын кірешілер керуені ұйымдастырылып, жергілікті халықтан 20334 сом 51 тиын жиналды. Кіре тартушыларды Ордадан тыс жерлерде де пайдалана бастады. 1916 жылғы 15 маусымда Уақытша кеңестің Астрахан губернаторына жіберген жеделхатында: «Он бір ай бойы біздің қоғам қазына пішенін тасуда дамылсыз жұмыстануда... Зардап адам айтқысыз өте көп, бұл әрі қарай жалғаса берсе қазақтар толық күйзеледі, әсіресе кедейлер бәрінен де қиындық көруде. Сізден сұрайтынымыз, тамыз айына дейін бұл жұмыстардан босатсаңыз екен, оның үстіне түйелер жұмыс істеуден қалды» [31, 1513-іс, 87-п.] деп жазады.

Соғысқа байланысты халыққа ауыр жүк болған салықтардың бірі – майдан қажеттілігіне жылқы және түйе жинау болды. Бүкілресейлік земство одағы Бас комитетінің шешімімен империяның 25 губерниясынан 27000 жылқы сатып алу көзделді. Бөкей Ордасынан Кавказ майданына 3000 обоздық типтегі жылқы жинау үшін генерал-губернатор Соколовскийдің бұйрығымен арнайы комиссия құрылды. 5 ақпанда – 5246, 7 ақпанда – 5300, 10 ақпанда – 2560, 12 ақпанда 4515 бас жылқы комиссия алдынан өтуге тиіс болатын. Үкіметтің Кавказ майданы үшін түйе, жылқы малдарын жинау туралы шешіміне орай, 1915 жылдың 18 желтоқсанында Маңғыстау уезінің орталығы Александровск фортында жергілікті әкімшіліктің барлық лауазым иелерінің қысқы съезі болып өтті. Уез және облыс әкімшілігі барлық жауапкершілікті болыстық, ауылдық лауазым иелеріне жүктеп, түйе жинау үшін ауылдық жиындардың шешімдері болуын талап етті. Облыс бастығының 1916 жылғы 27 қаңтарда жіберген жеделхағында «кедейлер азық-түлік есудасы бойынша қарыздарын қайтара алмағандықтан, түйе салығына қосылмасын, салық тек байлар арасында бөлінісін» [47] деп айтылды. 1916 жылғы 7 мамырда соңғы партия – 108 бас түйе, 894 бас жылқы үкімет комиссиясына тапсырылды. «Соғыс жылдары барлық тапсырылған түйе саны 1108 болды, сағып алған түйе болған жоқ» деп жазды 1916 жылғы 2 қазандағы есебінде уез бастығы Михайлов. Бұл шараға қарсы болған кейбір адамдар, Қ.Қоскенов пен К.Жансұпаров Маңғыстау және Темір уездерінің казактарын, Екінші Бозашы болысы Базар ауылынан Қошқар Мұсаев, Жолай Досмамбетов және ауылнай Жолдаснай Жаңабаев өз ауылдастарын [13, 1048-іс, 59-60-п.] түйе бермеуге шақырғандары үшін бірден қамауға алынып, жауапқа тартылды. Түйелер жиналып болған соң, оларды босатуға тура келді, өйткені қалың көпшілік тарапынан наразылық тудырды.

Соғыстың одан әрі жалғасуына байланысты алым-салықтар да шыға берді. 1916 жылдың 23 мамырында

Асхабад «Түркістан әскери округындағы армия үшін үшінші қосымша жылқы жинау керек, халыққа ескертіндер» десе, 2 қазанда «тағы да, қанша болса да түйе жинаңдар» деп хабарлады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін мұндай талаптар, бұйрықтар көптеп келіп жатты. Тек бұрынғы өкіметке қарағанда жаңа үкіметтің бұл саясатты одан әрі жүргізуге күші де, уақыты да жетпеді.

Түйемалынреквизициялау мақсатында Бөкей Ордасының Бірінші, Екінші Теңіз округтарынан. Нарын, Қамыс-Самар қысымдарынан 20 мыңға дейін түйе жинау туралы шешімге қарамастан, 1917 жылдың маусым айында, Басқұншақ тұз кенінде жұмыс істеп жатқан 1500, Эльтондағы 200 түйені есептемегенде, небары 3850 түйе ғана жиналды.

Жергілікті әкімшілік алым-салық жинауға құлшына кірісті, осы арқылы өздерінің де қалталарын толтырып, қарапайым халықтың есебінен байи түсті. Мысалы, Бөкей Ордасынан, правитель Біләш Шолтыров 1917 жылдың қараша айында Астрахан түрмесіне қамалды, оған тағылған айыптардың бірі – малды реквизициялау кезінде ақша жеген [24, 5531-іс, 53-54-пп.]. Ал 1916 жылғы 6 мамырда Маңғыстаудың Үшінші Бозашы болысының правительі Шындауыл Аманжолов, Түркімен-Адай болысының кандидаты Тұрғынбай Нысанбаев, Үшінші Бозашы болысының судьясы Самалық Томпиев, Түпқараған болысы, Байбол ауылының ауылнайы Тілеген Мәмбетов және басқа барлығы 57 лауазым иесі, «патша ағзамға» адал ниетті еңбектері, соғыс қажеттілігіне ұйымдастырған көмектері үшін медальдармен марапатталды [13, 1031-іс, 90-п.]. Жалпы, правительдер, олардың көмекшілері, депутаттар, болыстар, ауылнайлар, писарлар барлық ауыр жұмыстардан босатылды және сол кезеңдегі патша үкіметінің қазақ даласындағы отарлық саясатын жүргізудегі басты тірегіне айналды.

Майдандағы «қара жұмысқа» адам алу және оған қарсы толқулар

Азық-түлік тапшылығы күшейе түсті де, 1915 жылдың көктеміне қарай ол кең етек алды. 1915 жылы Ресейдің 47 губерниясындағы 88 қала, уездерінің 82%-ы нан, тұз, кант және балықтың жеткіліксіздігі туралы мәлімдеді. 1916 жылы азық-түлік жетіспеушілігіне байланысты толқулар жалпыресейлік дәрежеге көтерілді. Бұлардың бәрін патша өкіметі аяусыздықпен басып, «бүлікке шақырды» деген айыппен көптеген жазықсыз адамдарды түрмеге жапты. 1916 жылғы қазан айындағы наразылық шегіне жеткені соншалық, полиция департаментінің есептерінде қалыптасқан жағдайды 1905 жылғы жағдаймен қатар қойды және жаңа төңкеріс болады деп қауіптенді.

Дәл осы кезде қазақ жігіттерін майдандағы тыл жұмыстарына «реквизициялау» туралы патша жарлығы жетіп, ол 1916 жылғы көтеріліске жалғасты. 1916 жылғы көтеріліс, профессор М.Қойгелдиев атап көрсеткендей, «алғышарттары әбден пісіп жетілгенімен, жүйелі мақсаттан тұмаған, төтеннен басталған, қоғамның бостандыққа ұмтылысына мақсаттылық пен саналылық сипат беруге күш салып келе жатқан ұлттық интеллигенция қолдауын таппаған көтеріліс болатын» [48]. Шын мәнінде аяқ астынан тұтанып, саяси бағдарламасы болмаса да, халықтық сипат алған бұл қозғалыс ұзақ жылдар бойы жиналған ашу-ыза, шер-кектің дүмпуі, бұлқынып шығуы еді.

«...Бейғам жатқан қалың бұқара қатты шошынды, – деп жазды Нұғыман Манаев. – ...Шаруа жайы былай қалды. Көктөбе басы күнде шоғыр, күнде жиын. Ауыл сайын садақа беру, құдай атына құрбан шалу...» [49, 45-б.] Қарапайым халыққа қатты ауыр тигені – «қазақтарды оқоп қазу жұмысына алады екен» деген сөз еді. Оларға бораған оқ ортасында жер қазу, ажал аузына өз аяғымен барумен бірдей

көрінді. Барлық тыл жұмысына алынғандар екі категорияға бөлінді. Біріншісі соғыс аймағына орналасқандар да, екіншісі – тылда еңбек ететіндер. Соңғылары құрылыста, темір жол жұмысын камтамасыз етуде, орман ағаштарын дайындауда, өнеркәсіп орындарында, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін болды.

Мұжықтар соғысқа кеткеннен кейін олардың шаруасын атқарып, егін-пішенін жинап беріп жүрген казак станицаларындағы және орыс поселкелеріндегі малшы, жалшы казак жігіттері жаппай далаға қаша бастады. Егін орусыз, шөп жинаусыз қалды.

«Июль басынан жұрт шабылуда, – деп жазды осы кездегі оқиғаларға байланысты «Қазак» газеті. – Хан ордасына Астрахан губернаторы келіп временный советпен мәжіліс құрды. ...Құлманов жанарал басшы болған мәжіліске кіріп жұрт тілегін айтты: Қазак патша жарлығына құл. Қайда патша айдаса, жұрт сонда болады. Егін пісіп тұр. Пішен шабылып көпенеде жатыр, шошакқа салынған жоқ. Жігіт бәрі соғыс қызметіне алынса, шаруа күйзеледі. Орыстан солдат алған уақытта жұрт мойнына түскен жүкті жеңілдетіп тұрған неше жол бар. Ол жеңілдік казакқа да болсын:

1. Қазактан жалғыз жігіт алынбасын;
2. Бір үйден екі-үш жігіт алынатын болса, бірі үйде қалсын;

Торғын, Таловка қисымында казак көп егін салады. Егін алғанша бұл екі қисым қазағына бостандық болсын. Мұны естіген Соколовский жекіп ұрсып тыңдамай қойды» [33, 319-б.].

Бұл кезең туралы Сейітқали Меңдешов: «Құния жиналыстарда (Мұхтар Сәрсембиев пен Нұғыман Залиев те бар) мен көтеріліске дайындыққа уақыт ұту үшін патша жарлығынан бас тартпай, адам беруге келісу керек деп ұсыныс жасадым. Олар майданға үш жылда алынуға тиіс, сонымен қатар кейбір жеңілдіктер талап ету керек...» [50]. Токсаба руының ақсақалы, 86 жастағы Тастанбек Желдібаев

Қамыс-Самар қисымының правителі Нұрым Қарабаев пен майданға жігіт алуға келген арнаулы өкіл Аракчеевке: «Патшаға сәлем айт, кісі бермейміз, бізден керек болса ақша алсын» деп халықтың ойындағысын айтты. Оқиғаның беталдысынан сескенген әрі халық қозғалысының алдын алу мақсатында губернатор жарлығымен 25 шілдеде Сейітқали Мендешов, Тастанбек Желдібаев және Сүндетқали Нұрсарин «қазақтарды өкіметке бағынбауға шақырды» деген айыппен үш айға Астрахан түрмесіне қамалды. Сонымен қатар, майданға «қара жұмысқа» қазақ жігіттерін алуға қарсы болған Бактыгерей Құлманов Астрахан губернаторының арнаулы нұсқауымен осы аталған кезеңде губерния территориясынан тыс жерге, Самара губерниясына күштеп жер аударылды.

Ауылдарда халықтың қобалжуы өсіп, «қара жұмысқа» барудан бас тарту көбейді. Әсіресе Майтөбе, Мыңтөбе, Қарасиыр, Қорған деген жерлерде болған жиындар жергілікті әкімшілікті қатты алаңдатты. Мыңтөбеде болған қозғалысты Бірінші Теңіз округының №15 болысында тұрған Исатай Тайманұлының немересі, 70 жастағы Өтепқали Дінбаянұлы басқарды. Жазалаушы отряд Өтепқали Исатаевты, Іскендір Төлебаевты (67 жаста), Мұқыш Маутеновты (53 жаста), Нұрғали Кентаевты (62 жаста), Өтеген Салпаевты (55 жаста), Бұратай Жанбаевты (71 жаста) және дәрігер Махмұт Шолтыровты Астрахан абақтысына қамады. Қарасиыр ауылындағы Едіге Нарынбаев бастаған қозғалыс та осылай аяқталды. Губернатор Соколовскийдің арнаулы жарлығымен А.Әлимов, М.Нұрманов, Ш.Жармұқанов тұтқындалып, үш айға Астрахан түрмесіне жабылды [24, 10633-іс, 79-п.].

«Қара жұмысқа» алынған қазақ жігіттерін негізгі пункттерде: Хан ставкасында – Қалмақ, Нарын және Торғын қисымдарынан; Новая Казанкада – Талов және Қамыс-Самар қисымдарынан; Теңіз комиссиясы – Бірінші және Екінші округ жігіттерін арнайы комиссиялармен қабылдады. Паспорттандыру жүйесінің жоқтығы нәти-

жесінде алғашқы күндерден бастап-ақ ел ішіндегі атқамінерлер, болыстар мен писарлар қисапсыз көп әділетсіздікке жол берді. Ол туралы Нұғыман Манаев та естеліктерінде: «...Болыс, правительдер, тіпті писарларға дейін картаға ақша емес, жігіт салып ойнайтын болған. Жігіт басы бұл күнде «шапалақ» (500 сом) та «жұдырық» (1000 сом) [49, 48-49 б.] деп жазды. Әсіресе Таловск комиссиясының ашкөздігі мен озбырлығы (правительдер Нұрым Қарабаев, Мирәлі Қарабаев, арнаулы өкіл Аракчеев, дәрігер Тихомиров) қарапайым халықты былай қойғанда губерния басшыларының өздерін де шошытты. Майданға жігіттермен бірге аттанған Ишанғали Меңдіханов Саратовтан Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясына «реквизиция» кезіндегі, оның ішінде Таловск комиссиясындағы зорлық-зомбылықтарды баяндап хат жазды. Осыған байланысты тексеру басталып, аталған фактілердің көпшілігі расталды да, барлық комиссия мүшелері «қызмет бабын пайдаланып, жеке бас шаруаларымен айналысқаны үшін» жауапқа тартылған болды.

Орталық Мемлекеттік мұрағат құжаттары көрсеткендей (әрбір қисымдар мен округтардан майданға партия-партия болып аттандырылған жігіттердің тізімдері бар), жігіттерді майданға аттандыру (әрбір партиядан 100 адамнан) қыркүйек айының 18-інде басталған. Осылай күніне, екі күнде бір партиядан аттандырылып отырған, соңғысы 13 қазан күнгі мәлімет – жиырма екінші партия, құрамында 101 адам [24, 5498-5529, 10631-10632-істер]. Барлық жасақталған «жұмысшы партиялары» бірден кемеге тиеліп, Астраханға жіберілді, ол жерден темір жол арқылы майдан-майданға бөлінді. «Қара жұмысқа» алынған жігіттердің жалпы санына келсек: Нарын бөлімшесінен шақырылуға тиіс 3898 жігіттің 1400-і ғана майданға аттандырылған, 1387 жігіт қорғаныс саласындағы жұмыс ретінде есептелген балық шаруашылығында жұмыс істеген, қалғандары жан-жаққа қашып кеткен. Бірінші және Екінші Теңіз округтарынан

1917 жылдың 11 ақпанындағы мәлімет бойынша комиссия алдына 2000-дай жігіт келмеген. 1917 жылғы 14 наурыз күнгі мәлімет бойынша Хан ставкасындағы комиссия – 4736, Таловск комиссиясы – 3801 жігітті (барлығы 8537) майданға аттандырған [24, 10633-іс, 272-п.]. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 13 қаңтарда шыққан 213-нөмірінде Бөкей Ордасының Бірінші округынан тыл жұмысына алынған 1516 жігіт туралы мәлімет бар. Сөйтіп, Бөкей Ордасы бойынша 10053 адам «кара жұмысқа» айдалған екен. 13 қарашаға қарай «реквизициядан» босатылған жігіттердің саны 1362-ге жеткен, оның ішінде 314-і халықтан мал жинауға шыққан комиссиялар құрамында малшы ретінде жүрсе, 694-і шөп тасу науқанында, 354-і темір жолда жұмыс істеген.

Бөкей Ордасын басқарған Уақытша кеңес төрағасы И.Г.Подгурский 1917 жылғы 21 наурызда Астрахан губерниялық комиссарына былай деп жазды: «Қазіргі кезде тыл жұмысына шақырылуға тиісті қазақтардың барлық қоры таусылды. Шақырылуға тиісті, бірақ қабылдау пунктіне келмеген, шамамен бір жарым мың адам түгел дерлік тыл жұмысынан босататын жұмыстарға кіріп алған, шамалысы ғана Ордадан тыс жерде, Орал облысында тұрып жатыр, олар сол жерден мобилизациялануы керек». Далада мал бағатын мықты, жас жігіттердің азайғаны сонша, 1917 жылдың басында Торғын, Қалмақ, Нарын қисымдарының, Теңіз округтарының аса ірі 325 байы өздерінің малшыларын «кара жұмысқа» алуды 1917 жылдың мамыр айына дейін тоқтата тұруды сұрап өтініш жазады [24, 10633-іс, 180-п.]. Жұмыс күші жетіспегендіктен, Астрахан губерниясындағы, оның ішінде Бөкей Ордасындағы 8383 әскери тұтқын шаруашылық жұмыстарына тартылды [51].

Сол кезде қазақ зиялылары, «Қазақ» газеті сендей соғылған халыққа басу айтып, «әскерде жүрген жігіттерді темекі тарту, арақ ішу, нәпсіқұмарлық секілді дерттерден жирендіру, тамақты күтіп ішу, тазалықты сақтау, ауырып қалмау, жатқан жерлерін жылы ұстау, киімдерін жамау,

қолдарында бар тиін-тебендерін бекерге шашпау, бір-бірлеріне көмек беру, шарият жолынан айнамау, өлім-жітімді мұсылманшылықпен жөнелту, аман-есен қайтудан күдер үзбеу, үкімет тарапынан берілуге тиіс жәрдемдерді талап ету, орнымен пайдалану» [27, 427-б.] сияқты істерге үйретіп, елмен байланысы мәселесін көтеріп, оларға үкімет орындарының көңілін аударып, бұл іске басшы болды. Бөкей Ордасында сондай істі ұйымдастырушылардың бірі Ишанғали Меңдіханов болатын. 1916 жылғы желтоқсан – 1917 жылғы қаңтар айларында Орданың көптеген жерлерінде жиындар өтіп, онда майданға аттанған жігіттерге бір жағынан басшы ретінде (орыс тілін білетін, әрі жергілікті өкімет органдары алдында олардың мүддесін қорғайтын), екінші жағынан оларға қажетті киім, ақша, сәлем-сауқат апарып беру үшін өкілдер сайланды. И. Меңдіхановтан басқа Екінші Теңіз округының №10 болысынан – Досқали Құлмұхамедов, Нарын қисымының №7 болысынан – Смағұл Жансарин мен Нарулла Нығыметов, №9 болысынан – Досалы Бүршікбаев пен Мұхамедқали Тәжиев, Торғын қисымының №11 болысынан – Қайырғали Қуанаев, Қамыс-Самар қисымынан №4 болысынан ауылнай Лұқпан Бектілеуов «Херсон, Минск, Харьков, Саратов, Козлов және басқа да губерниялардағы жерлес қазақ жігіттерін тауып, көмектесу мақсатында» аттанған [24: 511-іс, 3-п.; 4455-іс, 6-об.п.; 4539-іс, 1, 8, 10, 13-пп.].

Майдандағы «қара жұмысқа» қазақ жігіттерін алуға қарсы көтеріліс ошақтары Қазақстанның барлық жерінде дерлік болды. Жәй наразылықтың өзі бір жерлерде қарулы көтеріліске ұласса, енді бірінде кішігірім толқулармен көрінген. Маңғыстау жеріндегі оқиғалар осының мысалы. Профессор Ә.С.Тәкенов жазғандай, «Қазіргі Маңғыстау облысында қарулы көтеріліс те, наразылық та болмаған сияқты. Өйткені онда 1911-1912 жылдары ашаршылық болғанда патша үкіметі қаржы бөліп, көмек көрсеткен екен. Ол жердің халқы осы «жақсылықты» ұмыта қоймаған және

жұмыссыз жүрген казактар майданның кара жұмысына алыну арқылы табыс табамыз деп үміттенген көрінеді... Сөндиктан жокшылықка ұшыраған, негізгі бөлігі жарлы-жақыбайға айналған Маңғыстау халқының жағдайын да түсінуге болады» [44, 3-4 б.]. Облыс бастығы Калмыков уез басшыларын жергілікті халықтың «реквизицияға» қарсы толқуларынан сақтандырып, толқулар бола қалған жағдайда әскер күшімен қатаң жазалау керек деген кезде, оған Маңғыстау уезінің басшысы Михайлов: «...күштеу әдістерін қолданбаса да болады. Бұл жердегі адамдардың мінез-құлқы мен айналасындағы болып жатқан оқиғаларға көзқарасы 1910-1911 жылдардағы қаралы күндері патша ағзамнан келген көмекке ризашылық сезім ретінде әлі өзгере қойған жоқ. Халық арасында ол, жұмысшыларды ерікті түрде әрі айқай-шусыз жинап беруге негіз болады» [13, 1080-іс, 6-об.п.] деп жауап берген еді. Маңғыстау уезінен жоспар бойынша 3564 адам «реквизициялануы» тиіс болатын, ол үшін арнаулы комиссия құрылып, 89615 сом 20 тиын бөлінетін болды. Кейін уездің тоғыз казак болысынан 2551 жігіт жиналды. Олардың 10-ы үкімет құжаттарына байланысты босатылса, 10-ы жергілікті лазаретке, ал 82-сі Захар Дубекийдің қарамағына қалдырылды [13, 1079-іс, 185-п.]. Жігіттерге жолға деп 32 тиыннан үлестіреді, ол жақтан ақша табасыздар, әрі ауылда қалған отбасыларыңызға сіздердің жалақыларыңыз есебінен 30 сомнан қосымша ақша береміз деп уәде беріледі, осы мақсатта бөлінген 85950 сом 35 тиынның 1675 сом 20 тиыны жігіттердің жол ақысы, 81900 сом жұмысшы жігіттердің авансы деп белгіленді. 1917 жылдың 1 наурызындағы мәлімет бойынша осы бөлінген ақшаның (жол ақысы және аванс ақша) 2938 сом 56 тиыны жұмсалған екен. Бұдан көрегініміз жолға әр жігітке берілген 32 тиыннан бөлек (барлығы 837 сом 60 тиын) біраз ақша «қара жұмысқа» наразы ауылдарға жігіттердің аванс ақшасы ретінде үлестірілсе керек.

Әртүрлі деңгейде болған қарсылықтар, толқулар

Маңғыстау жерінде де болды. Олардың ішінде ағайынды Ағабай, Көпбек Есенбаевтар, Берді Қожаниязов. Есболат Сүтбаев есімдері белгілі. Халық оларды жасырды, тек Ағабай ғана форт Александровскіге қамалды. Уез бойынша жігіттерді жинап, қабылдау пунктіне жеткізу міндеті жүктелген, басшылық тарапынан ерекше өкілдік алған Бірінші Бозашы болысы Тобанияз Әлниязов «тыл жұмысына адам жинауда кедергі жасады, әкімшілік ісіне араласты» деген айыппен, Бірінші Маңғыстау болысы Қоңыр Шонақұлов «жұмысшыларды жинау кезіндегі әрекетсіздігі үшін» деген айыппен және Есетжан Тұяқов «тыл жұмысына адам жинау ісінің дұрыс жүруіне кедергі жасады» деген айыппен 1917 жылдың 7 ақпанында форт Александровск түрмесіне үш айға қамалды [13, 1104-іс, 39, 44, 48-п.]. Сөйтіп, бірінші партия жігіттері 1917 жылдың 6 ақпанында – 883 адам, екінші партия 18 ақпанда – 868 адам, үшінші партия 25 ақпанда – 698 адам, барлығы 2449 адам «Киргиз» кемесімен Баку арқылы Кавказ майданына жеткізілді [52].

Майдандағы «қара жұмысқа» Кавказ бен Түркістаннан. Қазақ даласынан (Орал облысы мен Бөкей Ордасын қоспағанда) жалпы саны 250 мың адам реквизицияланған екен. Әрбір майдан бойынша жұмысшы партиялары өздерінің ерекше реттік нөмірлерін иеленді: Солтүстік майданда – №1-199; Батыс майданда – №200-399; Оңтүстік-Батыс майданда №400-599. Кейбір жекелеген үзік-үзік мәліметтер бойынша Орал облысы мен Бөкей Ордасынан аттанған жігіттер Минск, Псков түбінде немесе майданға жақын аймақтарда (Уфада Бөкейден 700 адам болған), Маңғыстау жігіттері Кавказ майданында болған. «Бізді Карпат тауының баурайындағы поляк қаласына айдап әкелді. Онда сегіз окоп қазғызып, ағаш кестірді. Жұмыс үстінде казак-орыстардың күзетінде болдық. Күні-түні жұмыс істегенде, кара нан мен судан басқа нәр татырмады, – деп еске алады бұрынғы партизан Е.Қорабаев. – 1917 жылғы февраль төңкерісінің алды болуы керек. Жастардан орыс-қазағы аралас 150

адамды іріктеп, полиция күшімен мылтық астына алып айдап әкетті. Царницын каласы арқылы Қара теңіздің үстімен бірнеше күн жүріп, Тифлис маңындағы түрік майданына алып келді... Жер қазу, ағаш кесу жұмысын тағы істетіп, казактан жинаған киіз үйді тіккізді. Қара құртша қаптаған әскер. Тұрмыс бұрынғыдан да нашарлады. Соңғы кезде кара нанның өзіне де зар болдық» [49, 40-б.].

Орал облысынан тыл жұмысына 50270 адам алу көзделді. Әдетте Гурьев уезінен басқа губерниялар мен облыстарға жұмыс істеушілерге 6000-ға дейін паспорт берілетін. Самара, Орынбор губернияларындағы ауылшаруашылық жұмыстарына, Астрахан губерниясындағы балық кәсіпшілігіне, Каспий мен Астраханға әрбір кедейлер шаруашылығынан бір-екі ересек адам жұмысқа кететін. Мұнай кәсіпшілігіндегі, балық шаруашылығындағы казактар тыл жұмысына адам алу туралы патша жарлығын естіген бойда жұмыстарын тастап, ауылдарға қаша бастады. Жилая Косадан 1916 жылдың 15 шілдеде жіберілген жеделхатта: «Барлық казактар жұмыстан кетіп қалды, приставтың оларды тоқтатуға әлі келмеді, кәсіпшілік тоқтады» [53] десе, Орал, Каспий мұнай қоғамының жергілікті басшылары Е.Керберг және А.Владостың Гурьев уезі бастығына жіберген жеделхатында: «Кәсіпшіліктегі жұмыс істейтін казактардың реквизицияға байланысты тізімін жасау, олардың жаппай жұмыстарын тастап кетулеріне байланысты мүмкін болмай қалды. Сондықтан біз әскери губернатордың ресми түрде мұнай кәсіпшілігінде жұмыс істейтін казактарды Мемлекеттік қорғаныс мақсатында еңбек етеді деп танығанын қалаймыз» [54] деп жазды. Кәсіпшіліктегі казактардың жаппай кетуі басқа да мұнай фирмаларын қатты алаңдатты. Сондықтан жергілікті әкімшілікпен бірлесе отырып, олар кәсіпшіліктегі казактарды жұмысқа алудың қате екендігін айтып, бұл шараны тоқтатуға не кейінге қалдыруға үкіметтің көзін жеткізуге тырысса, Доссордағы мұнай кәсіпкерлері кәсіпшіліктегі 1690 адамды шақыруды

кейінге қалдыруды сұрайды. Мұнай кәсіпшілігінің жұмысын тоқтатудан қорыққан әрі Доссор-Мақат мұнай кәсіпшілігіндегі ағылшын алпауыттарының қысымына шыдамаған үкімет мұнай кәсіпшілігі жұмыстарындағы қазақтарды майдандағы «қара жұмысқа» алудан босатты, ал кейбір жалшыларды, балықшыларды, қосымша жұмыстағы жұмысшыларды тыл жұмысына тартуды 1 қарашадан 1917 жылдың 1 қаңтарына дейін кейінге шегерді [53, 40-п.]. Жалпы Орал облысы бойынша 21643 адам қабылдау пункттеріне келсе, соның 21074 адамы тыл жұмысына жөнелтілді.

Гурьев уезімен көршілес Темір уезіндегі көтерілісті Исламғали Құрманов басқарды. Олар Бегалы базарын талқандап, үш болысты соққыға жығып, тізімдерін өртеп жіберді. Алайда көтерілісшілер жеңіліс тауып, басшылары қамауға алынды [50, 5-іс, 7-п.]. Жазалаушы отрядтан әрі тізімнен қашқан жігіттер, оның ішінде көптеген адай жігіттері де бар, бар мал-мүліктерімен, отбасыларымен Маңғыстауға, тіпті Түркімен жеріне қашты. Бұл көтеріліске Темір уезінің жайылымдарында көшіп жүрген Гурьев уезінің жігіттері қатыспаған секілді, жалпы Гурьев уезінде болған ірі қозғалыстар туралы мәліметтер жоқ. Өйткені болыстардың бәрі патша жарлығы жеткен кезде елсіз, құмды далаға қарай ығысты да, тек жартылай отырықшы Қызылқоға, Кермек және Ақжол, Бестөбе болыстарында болыстарды, писарларды, ауылнайларды соққыға жыққан жекелеген оқиғалар туралы ғана мәліметтер бар [55]. «Өкінішке орай патша әкімшілігі қозғалыстың саяси жағын бүркемелеуге тырысып, отаршылдыққа қарсы қозғалыстың есебін жүргізген жоқ, – деп жазады К.С.Сапарғалиев. – Олардың бәрі басқару тәртібіне қарсы қылмыстар болып есептеліп кетті. Ал, патша еог органдары арқылы өткен жүздеген қылмыстық істерді қарап, талдау жасау, олардың ішінен керектісін тауып алу қиын-ақ» [56, С.194].

Халық есебінен күн көру, паракорлық «реквизиция» аяқталса да тоқталмады. Кейбір алаяқтар майдандағы

жігіттерді қайтаруға көмек береміз деген желеумен аңқау елден жинаған ақшаға түгелдей алтын тіс салдырып, өздерін казактардың «князымыз» деп таныстырған жағдайлар да болған. Міржакып Дулагов жазғандай: «... Қазақ халқы басына осындай күн туған заманда айтуға ауыз бармайтын. жазуға қалам жүрмейтін нашар істер болды. Бақытсыздығымызға қарай бұл жамандықты баскадан бетер өзімізден көрдік. Жұрт бүлініп, босап, қырылып, көзінен жас ағызып тұрған кезде өзіміздің казактан өртеніп жатқан үйдің жасауын ұрлағандай, елгелі жатқан адамның киімін тонағандай, халықтың дағдырын пайдаланып «кәсіпке» кірушілер шықты. Бұлар, тағы да бақытсыздығымызға қарай, казак оқығандарынан, ел билеген жақсылардан шықты» [33, 357-б.]. Кейін қарапайым халықтың Алашорда үкіметінің құрылуына күмәндана қарауына, большевизм идеясына бүйірегі бұруына себеп болғандардың бірі – осы ел билеген жақсылардың күнделікті күйбең тірліктен шыға алмай, өздеріне артылған ауыр міндетті түсінбей, қара бастарының қамын ойлап кетуі еді.

Сонымен, қорыта айтсақ, 1917 жылғы ақпан айының қарсаңы қазақ халқы тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Ол отарлық саясатты жаңа деңгейге көтерген Столыпин реформасымен басталса, ауыр алым-салықтармен, дүниежүзілік соғысқа жігіттерін «реквизициялаумен» жалғасты. Бұл кезеңде патша өкіметі барған сайын күрделеніп бара жатқан геосаяси жағдайды ескере отырып, шет аймақтардағы өз ықпалын одан әрі күшейтуге тырысты. Қазақ халқының құнарлы, шұрайлы жерлерін тартып алу бұрынғыдан бетер қарқынмен жүрді. Мұны Бөкей Ордасындағы осы кезеңде болған жер дауларынан көреміз. Жерінен айырылған қазақтар қосалқы кәсіптерге көшуге, басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болды. Жаңадан жұмысшы табы қалыптаса бастаса, ауылдағы әлеуметтік жіктеліс тереңдей түсті. Соғыс басталғаннан-ақ халыққа ауыр жүк болып түскен алым-салықтар, ақыры қазақ жігіттерін

«қара жұмысқа реквизициялауға» жалғасты. Ол бұрынғы өмір салтын, саясатқа, саяси күреске деген көзқарасты түбірімен өзгертті. «Халық қалаулылары» болған жергілікті әкімшілік болса, бір күндік пайдасы үшін халық мүддесін аяқ асты етті, қитұртқы отарлық саясаттың қолшоқпарына айналды, болашақта болар үлкен өзгерістердің, оның ішінде таптық жіктелістің одан әрі тереңдеуінің негізін қалады.

Қазақ даласында болған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс империялық отаршылдық жүйенің күйреуін тездетті, тәуелсіздікке, бостандыққа жол ашты. Батыс Қазақстанда, оның ішінде Каспий теңізінің жағалауында болған қозғалыстың да өз ерекшеліктері болды. Отаршылдық әкімшіліктің толық бақылауында болған Бөкей Ордасында патша өкіметі жергілікті үстем тап өкілдерінің көмегіне сүйене отырып бұл қозғалыстарды аяусыз басты, алға қойған мақсаттарын негізінен орындады десе де болады. Халқы осы кезде жайлауда болған, алыс жерлерде көшіп жүрген Гурьев уезіндегі қазақтарды бұлай көндіру қиынға түсті, ал Маңғыстауда отаршылдық билік тікелей күш қолданудан сақтанып, халықты алдауға барды.

1916 жыл қазақ халқының басына түскен, бұрын болмаған ауырпалық болды. Көптеген қазақтар ата-баба қоныстарын тастап шет жерге ауа көшті. Бұл кезеңдегі қазақ зиялыларының, оның ішінде болашақ Алаш қозғалысы өкілдерінің қазақ халқына, әбден үміті үзіліп, дүниеден безгендей болған жігіттерге басу айтып, жаңа өмірге, жаңа өзгерістерге бейімдеуде сіңірген еңбектері ерекше.

II ТАРАУ

АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ АТЫРАУ- МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫНДА ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ- САЯСИ ЖАҒДАЙДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аймақта Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен кеңестердің құрылуы, олардың қызметі. Бөкей Ордасы

Бірінші дүниежүзілік соғыс бұрын-соңды болмаған саяси дағдарыстарға алып келді. Ресей экономикасы күйреді, еңбекші халықтың жағдайы нашарлап кетті, елдің шетелдік капиталға бағыныштылығы күшейді. Елге аштық қаупі туды. Темір жолдың тұрақты жұмыс істеуден қалуы елдің жекелеген аймақтары арасындағы байланыстарды үзді. Ауыл мен деревняларда күш-көлік жетіспеді, егіндік жер көлемі азайды. Астық тапшылығы басталды. Халықтың кедей бөлігінің қайыршылығы одан әрі ұлғайды.

Осындай жағдайда патшаның тақтан құлауы, жаңа тәртіптің орнауы туралы хабарды қазақ елі зор қуанышпен қарсы алды. «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді... – деп жазды Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов Петроград қаласынан жазған «Алаш ұлына» атты үндеулерінде. – ...Бұл күнде жұрттың бәрін туысқандай тең қарайтын, ешкімді алаламайтын жаңа үкімет сайланды. Бұл үкімет күшейсе, біздің де күшейгеніміз, бұл үкіметтің күші кемісе, біздің де тілегіміз босқа кеткені. Біз қазіргі әділ үкімет, азат Ресеймен бір тілекте, бір кемедеміз, кемедегінің

жаны бір... Соның үшін жаңа үкіметке қолдан келген көмегімізді аямауымыз керек» [57, 234-235 б.]. Патшанын тақтан құлатылуы бүкіл елдегі, оның ішінде Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Орталық езгінің символы болған царизмнің құлауы ұлттық-саяси бостандыққа жетуге жол ашты. Елде сапалық тұрғыдан жаңа саяси жүйе құруға мүмкіндіктер туды. К.Нұрпейісов жазғандай: «Ақпан жеңісінен кейін жаңа таптық, әлеуметтік, ұлттық және партиялық мақсат-мүдделерді, көп жағдайда бір-біріне қарсы мақсат-мүдделерді, жақтайтын күштер саяси күрес аренасына шықты».

1917 жылға дейін қазақ қоғамы арасында қалыптасқан саяси үйірмелер, одақтар мен партиялар болған жоқ. Революция қарсаңында кейбір облыс орталықтарында қалыптасқан үйірмелер мен қоғамдардың басым көпшілігі ағартушылық сипатта болған еді. Ақпан төңкерісінен кейін жағдай күрт өзгерді, бұрын-соңды болмаған саяси белсенділік артты. Царизм қойған ерекше жеккөрінішті адамдар билік басынан қуыла бастады, олардың орнына жергілікті революциялық творчество негізінде жаңа адамдар келді. Жаңа адамдарға жаңа өмірдің алғашқы қарлығаштары ретінде көп үміт артылды. «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары Ақпан төңкерісі ұлттық мемлекеттік дербестік алуға, жер мәселесін қазақ халқының ұлттық мүддесі негізінде қайта қарауға, қазақ халқының өркениетті елдер қатарына қосылуына және басқа да міндеттерді шешуге жол ашады деп күтті. Осы жолда, яғни жаңа қоғам құру жолында, білекті сыбана іске кіріеті. 1917 жылғы 15 наурызда Минсктегі бұрағана бөлімінде жүрген Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Есболов, Ш.Бекмұхамедов бастаған, барлығы он бес қазақ зиялыларының Қазақстанның барлық негізгі орталықтарына (25 адрес бойынша) 36 адамға жолдаған жеделхатында Савинкедегі Шәңгерей Бөкеев, Бақыткерей Құлманов, Жәнібектегі дәрігер Мәжит Шомбалов, Красный Ярдағы дәрігер Махмұт Шолтыров, Красный Құтғағы адвокат Батырхайр Ниязов, Ойылдағы

Халел Досмұхамедов есімдері аталған. Бұларға қоса, ескінін шырмауынан құтылуда, жаңа қоғам құру жолындағы күресте Бөкей Ордасындағы басқа да қазақ зиялыларының, оның ішінде Абдуләзиз Мұсағалиев, Шафхад Бекмұхамедов, Ишанғали Меңдіханов, Сейіткали Меңдешовтың есімдерін де атауымыз керек [58, 131-б.].

Сол кезеңде Астраханда болып жатқан оқиғалардың (жаңа өкімет органдарының құрылуы, қосөкіметтілік) Бөкей Ордасына тигізген ықпалы зор болды. Көршілес облыстармен байланыстың дұрыс дәрежеде қойылмауына, Жайық және Астрахан қазақ әскерлерімен жерге байланысты қатығыстардың жаңа дәрежеге көтерілуіне, экономикалық, қаржылай көмектің тек губерния орталығы Астрахан арқылы келуіне және бұл жерлердегі басқа ұлттардың Астраханға бағыт ұстауына байланысты ол жердегі болып жатқан оқиғалар түбінде Бөкей Ордасына әсер етпей қоймайтын. Оның үстіне губерния басшылары, әртүрлі саяси күштер Бөкей даласындағы болып жатқан барлық оқиғаларды ықпалдылықпен бақылап, қажет кезінде өздерінің мүдделеріне пайдаланып отырды. 1917 жылғы 3 наурызда Астраханда губернатор, вице-губернатор, бүкіл жандарм бөлімі, полиция түгелдей дерлік, «Орыс халқы одағының» өкілдері мен жергілікті басшылары және тағы басқалары қамауға алынды. Уақытша милиция құрылды, тез арада жаңадан гарнизон бастығы, Астрахан қазақ әскерлерінің атаманы сайланды. Уақытша губернатор болып И.А.Бирюков тағайындалды. Оның үстінен бақылау үшін губерниялық Атқару Комитеті А.И.Склянин мен М.П.Шебалинді комиссар етіп сайлады. Губернатор кеңесшілері болып В.И.Склабинский, А.Г.Абдолкаримов, Н.И.Долгополов, тағы басқалары сайланды [41, С.62]. Астрахан губерниялық Атқару Комитеті земетволық және қалалық өзіндік басқарудан, әскери бөлімдерден, жұмысшы депутаттары кеңесінен, партиялық және қоғамдық ұйымдардан құрылды және барлық өкімет билігін өз қолына алғанын, оны бүкіл

губернияға тарататынын мәлімдеді. Астраханда, 1915 жылғы мәлімет бойынша, 168 фабрика, завод, 3941 жұмысшы, уездерде – 96 өнеркәсіп орны, 2341 жұмысшы болды. Осы кезде құрылған жұмысшы, солдат депутаттарының кеңесі кәсіподақтардың, темір жол одағы, социал-демократиялық, социал-революционер партияларының және 25 мыңдық қала гарнизонының қолдауына сүйенді.

Бұл өзгерістер, 1917 жылғы 4 наурыздағы Уақытша үкіметтің қаулысына сәйкес земство енгізілген әкімшілік басқару органдарына сай келсе, земствосы жоқ облыстарда, оның ішінде Қазақстанда жаңа өкімет органдарын құру мәселесі жергілікті қоғамдық ұйымдар және лауазым иелерімен бірлесіп шешкенше ашық қалды. Сөйтіп, бұрынғы Бөкей Ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңестің төрағасы генерал Подгурский уақытша Орда комиссары міндетін атқаратын болды. Уақытша Кеңестің орнына Бөкей даласы бойынша Уақытша үкіметтің жергілікті органы Орталық Аткару Комитеті құрылды.

Сонымен қатар, пошта-телеграф бастығы Щербаков, банк қызметкері Генералов, П.Варламов және тағы басқалар Ордада жергілікті солдаттарды өз жағына шығарып, «Ханско-ставочный комитет» деп аталған жұмысшы, солдат депутаттары кеңесін құрды және Ордадағы билікті өз қолдарына алды. Жұмысшы, солдат депутаттары Кеңесі деп аталғанымен, шын мәнінде оның билігі әскери тәртіпке негізделді. М.Б.Олкотт жазғандай, 1917 жылдың ақпан және наурыз айларында қазақ қоғамында Уақытша үкіметтің өз билігін толық жүргізуге заңды құқығы да, күші де болмады. Ал қазақ басшылары тәуелсіз аймақ орнату мақсатында әзірге кең қолдау тапқан жоқ, сондықтан экономикалық тұрғыдан өзін-өзі басқару мәселесін шеше алмады [58, 124-б]. Соған байланысты, қалыптасқан саяси вакуумді толтыруға тырысқан «Ханско-ставочный комитет» кеңес атын жамылғанымен, бұрынғы патша өкіметінің отарлық саясатының ең бір сорақы жақтарын одан әрі жалғастырды.

«Ханско-ставочный комитет» – жана өкімет, оны құрғандар солдат әйелдері, казак, орыс, татар кедейлері, әртүрлі мекемелердің қызметкерлері, кішігірім гарнизон», – деп жазды П.Варламов [59, С.83]. Алайда бұл комитеттің басты күші де, сүйеніші де солдаттар еді. Астрахан губерниясы Қазан әскери округының құрамына кіретін, губернияларға, ірі қалаларға жергілікті гарнизон солдаттары Қазан қаласынан келетін. Наурыз айының басында округ территориясындағы әскери бөлімшелердің басшылары түгелге жуық ауыстырылды, аса жеккөрінішті офицерлер қамауға алынды, кейбіреулері өлтірілді. 4 наурызда Қазан қаласында қала гарнизонының уақытша әскери комитеті құрылды, оның атқару комитеті сайланды. Атқару комитеті әскери округ қолбасшысы генерал Сандецкийді, қала коменданты генерал-майор Комаровты және тағы басқа бригада, полк командирлерін тұтқындады. Солдаттар майданға барудан бас тартты және қандай да болсын әскери бөлімді майданға жіберу туралы сөз қозғау әскери бөлікке, офицерлердің қамалуына, тіпті өлтірілуіне әкеліп соғатын болды.

Бөкей Ордасында қазақ зиялылары бөкейлік қазақтарға бостандық талап етті, елді «Ханско-ставочный комитетке» қарсы көтерді. Жағдай шиеленісе келе қанды қақтығысқа дейін барды. Ордадағы осы кездегі оқиғалар кейін мамыр айында «Астраханский листок» газетінің 158-санында «Бакылаушы» деген бүркеме автордың мақаласында былайша суреттелді: «Ордадағы Хан ставкасы қараңғыдан жарыққа шыққан қара ниетті адамдардың сұмдық қаталдығын басынан кешірді. Ешқандай күнәсі жоқ адамдар тұтқынға алынды. Нәтижесінде сауда жұмысы тоқтатылып, халық күнделікті қажет бұйымдарға зәру болып қалды. Тұрғындарға келген хагтар мен жеделхаттар цензурадан өткізілді. Орда қаласының сыртындағы жол тараптарының бәріне әскери қарауылдар қойылды. Мұндай басыну мен қорлыққа төзімі түгесіліп, бас көтерген халыққа

солдаттар қару жұмсауға дейін барды» [60, 65-б.]. Осыған байланысты жағдайларды зерттеп, анықтау мақсатында өлкелік комиссар генерал Бирюков өзінің көмекшісі А.Г.Абдолкаримовты Ордаға жіберді. Абдолкаримов өзінің Ордадан жіберген хабарламасында: «Қазақтардың Уақытша кеңеске, оның ішінде Подгурскийге сенбейтіндігі анықталды. Подгурскийді комиссар етіп тағайындау біздің тактикалық және жалпылама қателігіміз. Жағдайды түзеу үшін комиссарлыққа әрі Атқару комитетінің төрағалығына қазақтар арасынан өзінің қоғамдық жұмыстары арқылы белгілі адамдарды тағайындау керек. Мемлекеттік Дума мүшесі Бактыгерей Құлманов сондай адам», – деп жазды. Комиссар Бирюков болса Талов қисымында жүрген Абдолкаримовқа әлі елге оралып үлгермеген Бактыгерей Құлманов келгенше «Уақытша комиссарлыққа Ниязов Батырқайыр Юсупұлы тағайындалсын, жақын арада болатын жалпықазақ съезінде Орда комиссары мен басқа да қызметкерлері сайланады» деген тапсырма береді. Сөйтіп, Уақытша кеңес төрағасы әрі уақытша комиссар Подгурский, оның көмекшісі Климов, Болдырев орындарынан алынды. Бөкей Ордасы өкілдерінің жалпықазақ съезіне дейін уақытша комиссар болып Батырқайыр Ниязов тағайындалды. Орда комиссарын және басқа да лауазым иелерін сайлау съезге қалдырылды. 13 сәуірде Астрахан губерниялық комиссарына жіберген жеделхатында уақытша комиссар Б.Ниязов: «Ханско-ставочный комитеттің» өтінішімен ставкада прапорщикпен қоса 20 солдат қалдырылған еді, оларға жан-жақтан келіп қосылған басқа солдаттар да бар, олар комитет жанынан солдат депутаттарының одағын құрды. Одақ өзінің жөнсіз әрекеттерімен халық арасында наразылық туғызуда. Команданы қалдыру-қалдырмау мәселесін алдағы 21 сәуірде болатын халық өкілдерінің съезіне ұсынуға рұқсат сұраймын. Команда орнына милиция құру керек деп есептеймін», – деп көрсетті. Солдат депутаттарының одағы Уақытша үкіметтің лауазымды адамдарын – қазынаға

ет дайындап жүрген 3 агентті және священникті қамауға алды, митингілерге қатыса отырып, саяжайлық учаскелерді қоғамдық меншік деп жариялады. Жерсіз қазақтарға сол жерлерді пайдаланыңдар деп шақырды. Бұл әрекеттердің бәрі де жергілікті жерлерде бұрынғы басқару әдістерін сақтағысы келген әрі бұрынғы патша өкіметінің лауазым иелеріне сүйенуге тырысқан Уақытша үкімет саясатына қайшы келді.

Ақпан төңкерісінің жалпыхалықтық мәні сонда, оның барысында басым көпшілік топтардың, партиялар мен ұйымдардың негізгі мақсат-мүдделері бір арнада тоғысты. Жергілікті жерлерде халықтың әлеуметтік құрамына және ұлттық-діни ерекшелігіне негізделген көптеген басқару түрлері пайда болды. Көп жағдайда бір территорияда әрқайсысы толық биліктен дәмесі бар әртүрлі органдар қатар өмір сүріп жатты. «Ақпан төңкерісінің жеңісі нәтижесінде тарихта сирек кездесетін елді жалпыазаматтық бітім мен келісімге сүйене отырып ауыртпалықсыз дағдарыстан шығару мүмкіндігі пайда болған еді, – деп жазды К.Нұрпейісов. – Іс жүзінде революция Ресейде кең көлемді халықтық демократияның қалыптасуына жол ашты. Ақпан төңкерісі қоғамда азаматтық келісім орнатуға жағдай туғызды. Бұл қоғамның барлық дерлік әлеуметтік топтарының мүдделеріне сай келетін еді. Ақпан төңкерісі жеңісінің ең маңызды нәтижесі елде кең көлемді саяси бостандықтармен қоғамдық өмірдің демократияландырылуы болды» [61. 74-75-бб.]. Сол кезде халық арасында әртүрлі қоғамдық комитеттер көптеп құрылып жатты. Кейбір комитеттердің ірі буржуазия ықпалында болуына қарамастан, Қазақстанның көптеген жерлерінде комитеттер құру ісін халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары өз қолына алды. Бұл комитеттерде қазақ және орыс зиялыларының, орта және ұсақ буржуазияның ықпалы зор болды, өйткені олар саяси жағынан ұйымдасқан, әлдеқайда жоғары саяси және білім деңгейінде болды, әрі халықтың басқа бөлігіне

қарағанда төңкерістің демократиялық мақсатын айқын түсінді. Сондықтан, 11 сәуірде Хан ставкасының үкіметтік және қоғамдық мекемелер қызметкерлері Астрахан губерниялық комиссарына «Уақытша үкімет Ресейдегі жаңа құрылысты қорғайды және Ресей халықтары әділдік пен өзін-өзі басқару негізінде бостандық және тәуелсіздік алады деп үміттенеміз» деген жеделхат жіберді.

Гурьев уезі және мұнай кәсіпшіліктері

Гурьев уезімен көршілес Темір уезінде уез комиссары болып сайланған дәрігер Ғұмар Қожаахметұлы Есенғұлов 5 маусымнан бастап жұмысына кірісті [62, С.95]. Темір уездік Атқару комитеті (саудагерлерден, чиновниктерден және әрбір болыстан 2 делегаттан) құрамында 67 адам болса, атқарушы орган – уездік комитет 7 адамнан құралды (4 қазақ пен 3 орыс). Бұлардан бөлек уездік жер комитеті (әрбір болыстан өкілдер жиналған) – 26 адам, азаматтық комитет – 36 адам, уездік қазақ басқармасы 6 адаммен жұмыстарын бастады.

Дәл осындай жағдай Орал облысының құрамына кіретін Гурьев уезінде, Гурьев қаласында да қалыптасты. 11 сәуірде Уақытша үкіметтің Гурьев уезі бойынша комиссары болып 32 жастағы мал дәрігері Ғұбайдолла Есқалиұлы Бердиев тағайындалды, билік «Қырғыз (қазақ) территориясының атқарушы комитетінің» қолына көшті. Қырғыз (қазақ) территориясының атқарушы комитетінің құрамында әр қазақ болысынан және әр орыс поселкелерінен екі делегаттан болды. Уездік комитеттің атқарушы органы – президиум, оның құрамында төраға, оның орынбасары, қазынашы, хатшы, оның көмекшісі және тоғыз мүше болды. Гурьев уездік атқару комитеті президиумының

төрағалығына Ғұбайдолла Бердиев сайланса, орынбасары болып К.Алдияров, қазынашы болып – Д.Бекмұқамбетов, хатшылыққа – И.Әлжанов, оның орынбасарлары болып – Д.Бурабаев пен А.Кенжалиев, мүшелеріне – С.Мұқамедов, К.Бунанкулов. М.Богущ және басқалар сайланды.

Гурьев каласында жергілікті өкімет өкілдері патшаның тактан құлағаны, жаңа өкімет орнағаны туралы хабарды сол бойда жарияламай, оқиғаның ақырын күтті. Бұл кезде Гурьев каласында саяси қызметтері үшін жер аударылған социалистер, басқа да партия өкілдері көптеп кездесетін. Солардың бірі меньшевик, присяжный поверенный Г.Погодицкий бұл хабарды естіген бойда оны қала тұрғындарына жария етті. 7-9 наурызда болған қала тұрғындарының жалпы жиналысы Г.Погодицкийдің, священник Лоскутов пен оқу ісінің инспекторы П.Червяковтардың басшылығымен қаланың Атқару комитетін сайлайды. Атқару комитеті орталықтағы Уақытша үкіметтің жүргізген саясатын жергілікті халық арасында насихаттау, қоғамдық өмірді демократияландыру, тәртіпті нығайту және соғысты жеңіспен аяқтау үшін көмекті одан әрі күшейту бағытында жұмысын бастап та кетті. Атқару комитетінің алғашқы қадамдарының бірі – бұрынғы отаршылдық әкімшілік өкілдерін қамауға алу болды: Гурьев уезінің бастығы полковник И.П.Завялов, Гурьев уезі крестьянский начальниктері, тыл жұмысына қазақ жігіттерін алу кезінде қатігездігімен көзге түскен, «реквизициядан» қашқандарды қудалайтын арнайы отряд құрған Н.Н.Петриевский және Смирнов, поп Самарцев, Гурьев және Ілбішін уездері халықтық училищелерінің инспекторы Рыжков тұтқындалды, солдаттарды аяусыз жәбірлеген гарнизон бастығы Дещинский орнынан алынды [40, 79-іс, 1-2-пп.].

17 наурызда Т.Николаев, Н.Николаев, А.Лазарев және Петроградтан жер аударылып келген И.Катков кәсіподақ құруға кірісті. Алғашқы күні-ақ оған 35 адам жазылса, наурыз

айының аяғына қарай оның құрамы 150-ге жетті. Осы кезеңде құрылған пошташылар, приказчиктер мен конторшылар, мұсылмандар, аш-жалаңаштар, жүк тасушылар одақтары, өзара көмек қоғамы, демобилизацияланған солдаттар қоғамы және тағы да басқа қоғамдар өз жұмыстарын бастады. Олардың жұмысында жүйелілік болмады, мұны К.Жиреншин де көрсетеді: сол кездегі «эртүрлі одақтар мен ұйымдарды, қоғамдарды, қызметтеріне қарай дәлме-дәл бөлу, іріктеу мүмкін емес. Өйткені өндірістік, кәсіптік, ағартушылық, діни және тағы басқа функциялар жиынтығынан құралған бұл қоғамдардың аттары қоғамның саяси бағыт-бағдарын анық көрсете бермеді». Бұл одақтар мен қоғамдардың басым көпшілігі бірігіп, «Барлық мамандықтар одағын» құрды, алқа төрағалығына алғаш И.Катков сайланды [63]. «Одақ» құрамына ұсташы В.Тяжев, сылақшылар Курдяков, А.Евсеев, мұғалімдер П.Червяков, Капкин; зергер И.Хотюшенко, оның баласы С.Хотюшенко, тігінші Г.Николаев енді. Кейін олар Гурьев жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінің белсенді мүшелеріне айналды. Онымен қоса Гурьев қаласында қауіпсіздік үшін жауап беретін, құрамы 15 адамнан тұратын Гурьев қалалық атқару комитеті белсенді қызмет атқарды. Бұлардан басқа Станицалық атқару комитеті мен Станицалық азық-түлік комитеті жұмыс істеді. Бұлардың алғашқысының құрамында 16 адам болса, екіншісінде 8 адам болды.

Бүкіл Ресей территориясындағыдай Қазақстанда да көп ұзамай жер-жерлерде Уақытша үкіметтің билік органдарымен қатар, жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестер жүйесі құрыла бастауы – қосөкіметтік Ақпан төңкерісінің басты ерекшелігі болды. Петроград Кеңесі басшыларының Уақытша үкімет саясатын қолдап, оған жаңа қоғам құруда басшылық жасауға мүмкіндік бергенін айта келіп, америкалық советологы А.Рабинович «Кровавые дни: Июльское восстание 1917 г. в Петрограде» атты еңбегінде былай деп жазды:

«Сонымен, 2 наурызда құрылған Уақытша үкімет ресми түрде кеңестің қолдауына ие болды. Олардың іс жүзіндегі қарым-қатынасына келсек, өз сайлаушылары тарапынан тұрақты түрде жүрген саяси қысымға байланысты әлдеқайда радикалды Петроград Кеңесінің Аткару Комитеті Уақытша үкіметке таңылған күзетші ит ретінде оның ісіне араласып, кей кезде, тіпті, оның өкілдігін алып қойып та отырды» [64, С.38]. Бұл мәселеге байланысты В.И.Ленин: «Біздің революцияның аса тамаша өзіндік ерекшелігі – оның қосөкімет туғызғандығында, – деп баға берді. – ...Қосөкімет дегеніміз не? Ол мынау: Уақытша үкіметпен, буржуазиялық үкіметпен қатар әлі әлсіз, жаңа ұрық салып келе жатқан екінші үкімет – жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері құрылды. Бұл үкіметтің саяси сипаты қандай? Бұл – революциялық диктатура, яғни орталықтандырылған мемлекеттік өкіметтің шығарған заңына емес, бұқара халықтың төменнен болатын тікелей бастамасына сүйенетін өкімет».

Қазақстанда кеңестердің пайда болу процесі және оның қызмет сипатының отарлық жағдайға, экономикалық жағынан кенже дамуына және басым көпшілік халықтың солшыл күштерге самарқау қарауына байланысты өзіндік ерекшеліктері болды, ол ерекшеліктер кеңестерде ұсақ буржуазиялық көзқарас өкілдерінің басым болуына әкеліп соқты да, ұзақ уақыт – 1917 жылдың наурыз айынан қазан айына дейінгі аралықта кеңестердің жұмысына ықпал етті.

Петроградтан келіп түскен «жұмысшы, солдат депутаттары кеңесін құрыңыздар» деген жеделхатқа орай (Петроград Кеңесі жіберген мұндай жеделхаттар басқа қалаларға да көптеп түсіп жатқан еді) 7 мамырда Т.Николаев, Г.Николаев, дьякон Н.С.Внуков және қала гарнизонының унтер-офицері Тадашкин Гурьев қаласында кеңес органын құру мәселесін талқылап, гарнизон бастығын қамауға алу, жиналыс өткізу, делегаттар сайлау жоспарын жасады. 9 мамырда «Барлық мамандықтар

одағы» өкілдері казармаға келді, солдаттармен бауырласу басталды, ол жергілікті орыс-қазақ мектебінде өткен жалпы жиналыспен аяқталды. Сөйтіп, 9 мамырда Гурьев жұмысшы, солдат депутаттарының кеңесі құрылды, оның басына Г.С.Николаев пен унтер-офицер Тадашкин сайланды. Кеңес 27 адамнан құралды, олар: сылақшылар А.Евсеев, С. Курдюков, әріп теруші И.Катков, священник И.Лоскутов, дьякон Н.С.Внуков, жұмысшы И.Лысяков, дәрі-дәрмек сатушы Якубович және тағы басқалары. Кеңес 10 мамырда қалада жергілікті гарнизон солдаттарының қатысуымен митинг ұйымдастырып, оның арты үлкен шеруге ұласты, онда «Барлық өкімет билігі Кеңестерге берілсін!», «Қарғыс атқан империалистік соғыс жойылсын!» деген ұрандар айтылды [40, 49-іс, 7-п.]. Бір аптада Кеңеске 700-дей адам тартылды. Қазақтардан Кеңесте белсенді рөл атқарғандар: мұғалім Мұхамбет Шөкеев, пошта қызметкері Әзербайев, етікші Баймағамбет Мирманов, Айтжан Бейіспеков, Исағали Ереханов, Әділгерей Жұмабеков, Өтеғали Әбиров және тағы басқалары. Кеңес өз жұмысында Аткару комитетімен қатар қалалық басқару ісіне араласа бастады. Мысалы, Қазан округы жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінің нұсқауына сәйкес қала көпестерінің саудадан түсетін пайдасына 10 пайыздық салық салды, қала гарнизонын, солдаттарды негізгі тірегіне айналдыру үшін оны өз ықпалына тартты, қаладағы қоғамдық тәртіпті өз бақылауына алуға тырысты, жұмыс уақытын қысқарту, жұмысшы, солдат отбасыларына көмек көрсету және тағы басқалары. Бұл кезеңде әртүрлі тәуелсіз газеттер жарық көре бастады, партиялар, қоғамдық қозғалыстардың арасында эсерлердің, Мұсылман комитетінің ықпалы зор болды.

Бүкіл Қазақстандағыдай Гурьевте де Кеңес ұсақ буржуазиялық платформада тұрды, меньшевиктер мен эсерлердің ықпалы метрополиядағы кеңестерден жоғары болды. Оған себеп, өлке жұмысшыларының большевиктер платформасын қолдауы әлсіз болды да, эсерлер мен

меньшевиктер күш алып кетті. Оның үстіне «төңкеріске дейінгі Қазақстандағы марксистік идеяның таратылуының ерекшелігі сонда, ол негізінен өлкенің еуропалық тұрғындарын, бірінші кезекте жұмысшыларын, интеллигенциясын және оқушы жастарын қамтыды» [10, С.98].

Гурьев Кеңесінің құрамы 1917 жылдың мамыр айы мен 1918 жылдың наурыз айы аралығында бірнеше рет ауысты. Құжаттардың аздығы, бұл оқиғаны көзімен көрген адамдардың болған оқиғаларды әртүрлі баяндауы Гурьев Кеңесіндегі карама-қарсы күштердің орналасуын, оның әлеуметтік-партиялық құрамын, нақты жүргізген саясатын, Атқару комитеті мен казак әскерлерімен қарым-қатынасын, кейбір жекелеген тұлғалардың ролін ашып көрсетуге едәуір қиындық туғызады. Сонымен қатар жергілікті өкімет органдары мен қоғамдық ұйымдар комитеттері арасындағы байланыс: Атқару комитетінің әлеуметтік, партиялық, жекелеген құрамы, ішкі құрылымы, бағыт-бағдарламалары мен нақты саясаты арасындағы байланыс; әсер, меньшевик және тағы басқа партиялардың, одақтардың, қоғамдардың революциялық-демократиялық қуаты; жергілікті кадет партиясы өкілдері мен казак әскерлерінің ара-қатынасы; жергілікті гарнизон солдаттарының бұл кезеңдегі ұстаған позициясы әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді. Дегенмен де, Ресей қоғамының негізгі бөлігі, әсіресе, провинциалды қалалар мен қалашықтағылар – саяси жағынан жайбарақат және құлықсыз болды және партиялық-саяси қызметтен тыс қалды. Саясатпен, негізінен, төңкеріс тұсында интеллигенция мен қызметкерлердің кәсіптік-саяси одақтарына, шаруалардың Бүкілресейлік одақтарына, жұмысшы және солдат кеңестеріне, жұмысшы ұйымдарына қатысқан азғантай топ қана айналысты. Халықтың басым көпшілігі саяси жағынан қалың ұйқыда болды. Олардың уақыты әлі келген жоқ еді.

Гурьев Кеңесінің төрағасы Г.С.Николаев Гурьевте өнеркәсіп жұмысшылары болмағандықтан, Кеңестің бірден-

бір тірегі солдат гарнизоны екенін түсінді. Мұны Гурьев қаласының, Жайық бойының кожасымыз деп есептеген казак әскерлері де түсінді, сөйтіп олар Кеңес тірегі солдаттарға қарсы күресті бастап кетті. «Яицкая воля» газеті: «Жергілікті гарнизон солдаттары... жергілікті жастармен төбелеседі, тіпті өздерімен өздері де комитеттерінде төбелеседі екен (басқалардағы секілді оларда да комитетсымақ бар). Казактарды солдаттар ұрғысы, тіпті өлтіргісі келеді екен» деп жазды. Бұл арандатудың басты мақсаты – жергілікті халықты, бірінші кезекте казактарды солдаттарға қарсы қою, солдаттарға, офицерлерге қалада адам төзгісіз жағдай жасау, оларды Гурьев Кеңесін қолдаудан бас тарттыру, ақыр соңында қаладан кетіру болды.

Наурыз айында, патша тактан құлағанын естіген бойда Доссор, Мақат мұнай кеніштерінің жұмысшылары ұйымдасып, фабрика және зауыт комитеттерін (фабзавком) құра бастады. Мақат фабзавкомының басында Г.Н. Лысянский, К. Туралиев және В. Антонов болса, Доссор фабзавкомының басында Родионов (төраға), Ізбасар Жанекин, Шәріп Ибрагимов, Исая Палей болды. Айта кету керек, бұл кездегі кәсіпшілер одағы қозғалысы біртұтас болған жоқ. Кәсіподақ құрылымының негізінде өндірістік емес, кәсіптік-цехтық принцип жағты. Соның нәтижесінде бір зауытта бірнеше кәсіподақ жұмыс істеді. Кәсіподақ ұстанған цехтық принцип жұмысшы табының негізгі ортасы – өндіріс ұжымына бытыраңқылық әкелгендіктен, жұмысшылардың өздері фабзавком құра бастады. Фабзавкомдар кәсіподақ жүйесіне енбеді және оның төменгі сағысы да болмады. Мұнай кәсіпшіліктерінде (Доссор, Мақат, Ракуша) лавкелік және басқа да комиссиялар құрыла бастады. 2 наурызда Доссор кәсіпшілігі бұрғылау шеберлері, жұмысшылары және қызметкерлері кәсіпкерлерден жылдық табыстың 10 пайызына тең үстеме ақы төлеуді және барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысын 20%-ға көтеруді талап етті. Бұл күресті басқарып, жұмысшылардың талап-тілектеріне

заңдылық берген Доссор жұмысшы депутаттары кеңесі болды. Оның құрамында: П.Боздунов (төраға), Финогентов (кеңес хатшысы), М.Крюков, М.Сартов, П.Нестеров, А.Ауысниязов, П.Кочнев, Г.Лысянский, В.Антонов, Д.Певцов, Удалов, Гобанов, Мұхтанов, К.Тәжікенов, І.Жанекин болды. Уақытша үкіметтің жергілікті органдары – атқару комитеттері де құрылды. Мақат атқару комитетінің төрағалығына Е.Вандышев, мүшелері болып Данилов, Рытов, Скворцов, Аманберды, Қошбаев, Дьяков, Шадаев, Сабырхан Әзмұканов, Уәли Ғабдырахманов сайланды. Доссор атқару комитетінің төрағасы болып «Ембі» қоғамы басқармасының мүшесі әрі акционері С.И.Кузнецов сайланды [65].

Бұл кездегі кәсіпшіліктегі басты проблемалар: транспорт жұмысының нашарлауына байланысты жиналып қалған мұнай өнімдерін сату, бағаның өсуіне байланысты ақшаның құнсыздануы және жұмысшылардың айлап ақша алмауы, азық-түліктің жетіспеуі еді. Мамыр айында Ембі мұнай ауданы жұмысшы депутаттары кеңесі «Ембі-Каспий» қоғамы әкімшілігінен Ракушада жиналып қалған мұнайды тез арада шетке шығару үшін барлық қолда бар күшті пайдалануды және ең батыл шараларды қолдануды талап етсе, әкімшілік пен жұмысшылар арасындағы қатығысты реттеу үшін 14 маусымда Доссор зауыт комиссиясы, мұнай өндіруші фирмалар, жұмысшы депутаттары кеңесі және Ембі ауданы бітістіру камерасы өкілдерінің біріккен мәжілісі Доссорда бітістіру камерасын құру туралы бірауыздан шешім қабылдады [54, 288-іс, 118-п.]. Мұнай кәсіпшіліктерінің басшылары болса экономикалық жағдайдың нашарлауына, өндірістің құлдырауына байланысты әрі жұмысшылар мен олардың талап-мүдделеріне бағыныштылықты азайту үшін өндірісті қысқарту, жұмысшылар санын азайту мәселесін ойластыра бастады. Доссор жұмысшы депутаттары кеңесі болса, оған мүмкіндігінше қарсылық көрсетті, басқа мұнай кәсіпшілігі жұмысшыларынан қолдау іздеді, өндірісті кеңейтуді және оның жұмыс тиімділігін арттыруды талап

етті. Осы мақсатта Бакуге екі делегат жіберілді, жұмысшылар жиналысы сауда мекемелеріндегі барлық тауарларға бағаны реттеу және осы мақсатта әрбір кәсіпшілікте комиссия құру туралы, кәсіпшіліктегі ұрлықпен күресу үшін милиция құру туралы, азық-түлік комитеті мүшелерін қайта сайлау және сауда лавкелерінің жұмысын бақылауды күшейту туралы шешімдер қабылдады.

Маңғыстау уезіндегі жағдай

Ақпан төңкерісі Маңғыстауда мүлдем басқаша жағдайда, басқаша бағытта дамыды. Патшаның тақтан құлағаны туралы хабарды естісімен Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин орталықтан келер нұсқауларды күтпестен жергілікті жерлерге бұрынғы билік құрылымын сақтап қалу және оны жаңа өмір талабына бейімдеу мақсатында бұйрықтар жібере бастады. Соның бірі – 8 наурызда шыққан өлкенің барлық қалаларында қалалық дума басқаратын қалалық өзін-өзі басқаруды енгізу туралы бұйрық. Ол бұйрықта:

«1. Барлық қалаларда қала тұрғындары өз араларынан 12-ден 15-ке дейін гласный сайлауы керек. Орыстардан сайланған гласныйлар саны жартысынан кем болмауы және бұратаналардан да жеткілікті өкілдер болуы тиіс. Қалалық гласныйлар қала басы және 2-4 басқарма мүшесінен құралған қалалық дума сайлауы тиіс. Сайланғандарға қалалық шаруашылықтың барлық мекемелері берілсін.

2. Әкімшілікке және қала басқармасына көмек ретінде, тәртіпті қадағалау және жаңа құрылысты тезірек орнату үшін қоғамдық комитеттер сайлансын.

3. Полиция орнына милиция құрылсын.

4. Жандарм бөлімшелерінің іздеу қызметтеріне тыйым

салынсын, олардың іс-қағаздары облыстық басқарма мұрағатына тапсырылсын.

5. Жаңа үкіметтің арнайы бұйрығына дейін басқарудың барлық шендері – аймақтық, облыстық, уездік басқару өз жұмыстарында қала берсін және жаңа құрылыстың тәртіптерін жүзеге асыруда аянбай еңбек етсін» [66] делінген. Осы бұйрық негізінде Александровск фортындағы бұрынғы әкімшілік өз жұмысын жалғастыра берді. Қалада 3 адамнан тұратын милиция құрылды. Оның құрамында Огневенко, Жевакин, Жұмағали Көбеев және милиция бастығы Тарас Роганов болды. Милиция қызметкерлері бұрынғы полиция қызметкерлері атқарған жұмыстарды жалғастырды (тәртіп сақтау, қылмыстық істер жүргізу, сот, прокуратура жұмыстарына көмек) және бұрынғы полицияға бөлінген қаржы бойынша, қатардағы милиционерлер – 51 сом 50 тиыннан, милиция бастығы 80 сом алды.

Бұл кезеңде фортта орналасқан жергілікті гарнизон солдаттардың рөлі арта түсті. Басқа жерлердегі солдаттар секілді майданға баруды қаламаған және аумағы 350-400 шақырым жерде бірден-бір әскери күш болған форттың карауыл командасы өздерінің ерекше мәртебесін сақтауға, тіпті одан әрі көтеруге тырысты. 1917 жылдың 1 наурызынан бастап форттағы әрбір адамға азық-түлік паегы ретінде берілетін ұн 1,85 фунтқа дейін төмендеді. Ол жартылай ашқұрсақ жүрген солдаттардың наразылығын тудырып, тіпті Ақпан төңкерісінен бұрын да солдаттардың топ болып наубайханаларға баса-көктеп кіріп, азық-түлік карточкасынан бөлек нан талап етуіне әкелген болатын. Оған қоса, 4 наурызда Петровскіден 18-Түркістан атқыштар полкының прапорщикі Беловтың бастауымен келген 54 солдат өздерінің революциялық, тіпті анархиялық көңіл-күйлерімен жергілікті әкімшілікті де, Ашхабадтағы облыс басшылығын да біраз қобалжытты. Жергілікті әкімшілік бұл солдаттарды тезірек Петровскіге қайтаруға тырысты. Жергілікті жерлерде кеңестердің құрылуы генерал-губернатор Куропаткиннің

қатты алаңдаушылығын туғызып, өз күнделігінде «Кеңестер – жаңа үкімет организміндегі қатерлі ісік» деп жазған болатын. Сондықтан, 27 наурызда солдат депутаттары кеңестерінің төрағаларына, гарнизон бастықтарына жіберген жеделхатында: «Кеңестің өз бетімен қабылдаған шешімдері тәртіп бұзу болып табылады және Уақытша үкіметтің нұсқауларына қарсы келеді» деп көрсетті [66, 7-іс. 1-п.].

Ақыры, 29 наурызда жаңа өмір талабына сай форт Александровск қалалық думасына 12 гласный сайланды. Гласныйлар арасында белгілі адамдар Захар Дубский. Ахун Халмухамедов, милиция бастығы Т.Роганов, Шәкір Бекназаров және тағы басқалары болды. Гласныйлар құрамында солдаттардан 2 өкілден болды. Захар Дубский қала басшысы (старшина) болып сайланды. Қалалық дума комиссар сайланғанша өз қаулысымен Маңғыстау уезінің Уақытша бастығы етіп полковник Михайловты қалдырды. Атқару комитетінің функциясын иемденген қалалық дума жұмысын бастап та кетті.

Қалалық дума, сонымен қатар, қарауыл (күзет) командасының солдаттарын қалада қалдыру-қалдырмау мәселесін дауысқа салып, көпшілік дауыспен 160 солдатты бұрынғыша Александровск фортында, 20 солдатты Долгое аралында қалдыру керек деген шешім қабылдады. Бұл жерде қала басшылары, жергілікті әкімшілік солдат депутаттарының кеңесінен гөрі, 1917 жылы қайта келген жұтқа байланысты қазақтар наразылығынан көбірек қауіптенді, сондықтан ондай наразылықтарды, қазақтар мен орыс поселкелеріндегі тұрғындар арасындағы туындауы мүмкін қақтығыстарды әскер күшімен басуды жоспарлады, ал қала көшелерінде гарнизон солдаттарынан патрульдер жүрді. 15 сәуірден бастап гарнизон бастығы прапорщик Е.Г.Краснодембский солдаттардың да, жергілікті әкімшіліктің де, облыс басшыларының да сенімдерін толық ақтап, Қазақстанның басқа жерлерінің бәрінде жаңа заманға ұмтылған түбірлі өзгерістер болып жатқан

кезде Маңғыстауда бұрынғы тәртіпті, бұрынғы заңдарды, бұрынғы отаршылдық жүйенің негізін сақтап қалу жолында күрес жүргізгендердің колшоқпарына айналды.

1917 жылдың 17 сәуірінде форт Александровск Аткару комитетінің мәжілісі болып, онда әртүрлі жергілікті басқару органдарын құру және толықтыру мәселелері қаралды. Аткару комитетінің бюросына О.Иманғазиев, Ахмедов, М.Генералов. Ж.Мыңбаев, Н.Оңғалбаев, Д.Рюмков, Нефесов және тағы басқалар сайланды. 16 адам жақтап, 3 қарсы дауыспен Аткару комитетінің төрағалығына прапорщик Е.Г.Краснодембский, оның орынбасары болып М.Н.Капканшиков сайланды. Уез бойынша Уақытша комиссар болып З.Дубский тағайындалды.

Сөйтіп, патшаның тақтан құлауы және одан кейінгі басталған демократиялық өзгерістер Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Елде сапалық тұрғыдан жаңа саяси жүйе құруға мүмкіндіктер туды. Тарих сахнасына жаңа ұлттық, партиялық, әлеуметтік, таптық мүдделерді, кейжағдайда бір-біріне қарсы мақсат-мүдделерді, жақтайтын күштер шықты, бұрын-соңды болмаған саяси белсенділік артты. Царизм қойған ерекше жеккөрінішті адамдар билік басынан қуылып, олардың орнына жаңа адамдар келді. Ақпан төңкерісін жалпыхалықтық деуге негіз бар, себебі төңкеріс барысында басым көпшілік топтардың, партиялар мен ұйымдардың негізгі мақсат-мүдделері бір арнада тоғысты. Жергілікті жерлерде халықтың әлеуметтік құрамына және ұлттық-діни ерекшелігіне негізделген көптеген басқару түрлері пайда болды. Көп жағдайда бір территорияда әрқайсысы толық биліктен дәмесі бар әртүрлі органдар қатар өмір сүріп жатты.

Атырау-Маңғыстау аймағында Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайдың Қазақстанның өзге аймақтарына қарағанда өзіндік ерекшеліктері болды. Бөкей Ордасына сол кезеңде Астраханда болып жатқан оқиғалар (жаңа өкімет органдарының құрылуы, қосөкіметтілік)

ықпал етіп, әрі қордаланып қалған жер мәселесін шешу жолында ашық саяси күрес басталып кетсе, Гурьев уезінде Жайық казактары мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас, мұнай, балық, тұз кәсіпшіліктеріндегі жұмысшы қозғалысы мен шетелдік капиталдың арасындағы күрес алдыңғы қатарға шықты. Табиғаты қатаң, қайталанып отыратын жұтқа байланысты басты проблемасы – жаңа жайылымдық жер мен су көздері болған Маңғыстау казактары орталықта да, жергілікті басшылықта да болып жатқан өзгерістерге немқұрайды қарады, ал саяси-экономикалық окшаулауға ұшыраған Маңғыстаудың жаңа билік органдары болса өз биліктерін сақтап қалу жолында бұрынғы отарлық саясатты одан әрі жалғастыра берді.

Жер мәселесін шешуге ұмтылыс

1917 жылдың Ақпан төңкерісі қарсаңындағы казак халқының жағдайы өте ауыр болатын. Халықтың ең белсенді бөлігі, беткеұстар азаматтары патша өкіметінің, казак әскерлерінің, қоныс аударушылардың қарулы отрядтары жүргізген геноцид саясаты нәтижесінде қырғынға ұшырады, көрші елдерге ауа көшті. Сондықтан, «казак жерінде патшалық империя мен орыстық зорлыққа қарсы шын мәніндегі мақсатты, барлық әлеуметтік күштерін қамтыған ұлттық саяси қозғалыс, – деп жазады профессор М.Қойгелдиев, – 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде басталды» [67]. Ұлттық саяси қозғалыстың басты мақсаты – ұлттық еркіндік пен негіз бола аларлық ұлттық мемлекет құру болса, мемлекеттің негізін қалау, казак елінің территориялық тұтастығын қалпына келтіру жер мәселесімен тығыз байланысты екені белгілі. 15 наурызда Минск қаласынан жер-жерге жіберген жолдауында Әлихан

Бөкейхан, Міржакып Дулатов бастаған қазақ зиялылары, ұлт көсемдері «Жер мәселесін қозғап, тезірек қолға ала беріндер! Біз қалайтын патшалық түрі – демократически республика, яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі» деген болатын.

1917 жылдың 19 наурызында жарияланған Уақытша үкіметтің жер мәселесі жөніндегі үндеуінде: «Ескі тәртіптің күйреуі және соғыс жағдайы аса маңызды экономикалық, шаруашылық мәселелерді шешуді күн тәртібіне қойып отыр. Олардың ішінде алғашқы болып жер мәселесін шешу қазіргі бастан кешіп отырған тарихи кезеңнің әлеуметтік-экономикалық негізі болып табылады... Сондықтан жер мәселесінің міндетті түрде алдағы Құрылтай жиналысына қойылатыны сөзсіз. Сонымен қатар жер мәселесі баса-көктеп тартып алу секілді жеке меншік құқығына қол сұғу арқылы шешілмеуі тиіс. Жер жөніндегі заң дұрыс, әділ қабылдануы үшін нақты дайындық жұмыстары жүргізіліп, жер қорларының есебін ескеріп, жер игерудің жағдайы мен түрін айқындау керек», – деді. Осы мақсатта профессор А.С.Постников бастаған Бас жер комитеті және жергілікті – облыстық, уездік, болыстық жер комитеттері құрыла бастады. Осы комитеттердің міндеттері туралы Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде: «Жер жұмбағы Учредительное собрание шешуіне дәлел даярлайды. Сайланған жергілікті комитеттер жұрттың пікірі бұлай, жер жұмбағы бізге бұлай шешілсе қолайлы болады деп бас комитетке жеткізіп тұрмақ. Неше түрлі жерден неше түрлі пікірмен байыған жергілікті комитеттер жіберген дәлелдеуді сынға салып, сұлулап бас комитет Учредительное собранияға тапсырмақ... Жергілікті комитеттер жер туралы күнде болатын ұрыс-талас, жанжалға бас алқа етіп жердің зор мәселесі Учредительное собраниеде шешілгенше екі жақты татуластыра тұрады» [57, 237-238 б.] деп нақтылады. Жер дауынан әбден төзімі таусылған халық ол шешімдерді күтпей біржақты қимылдап, ұрыс-таласты көбейте ме деп қауіптенген Ә.Бөкейхан одан әрі: «Жер, жер

дегенде мұжық та, казак та ішкен асын жерге қояды. Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі өмір мәселесінің ең зоры. Жер ісін ала кашты, тартып алды, тиіп кетті қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған он. Учредительное собраниеге шейін жұрт шыдап, татулық қылған ғұмыр жұртымыздың ілгері тілегіне жөн», – деп ескертеді.

Бұл тегіннен-тегін айтылған ескерту емес еді. Патша құлағанын естіген халық патшамен бірге оның барлық жеккөрінішті, отарлық саясаты, соның ішінде бірінші кезекте жерге байланысты мәселелер қайта қаралады деп сенді. Мысалы, 1917 жылдың наурыз айынан бастап Астрахан және Краснояр уездерінің казактары Ішкі Орда комиссарына жалдау ақысын төмендету және жерді әділ бөлу туралы шағымдарын көптеп жібере бастады. Онда: «Жерді 30-40, тіпті 100 жылға бірден жалға беру. 1908 жылғы жер жалдау ақысына оралу және Құрылтай жиналысына дейін бұл мәселені көтермеу керек». – деген талап қойылды. Одан әрі: «Біздің өзіміз тұрған жерді құм токтату мақсатына деп үкімет алып қойды, ал біз жалдап отырған жер иелері жалдау ақысын жыл сайын көтеруде, оған ілесе алар жайымыз жоқ, әбден шыдамымыз таусылды. Оның үстіне, жер иелері, бұл жерлерде тұра берсек Құрылтай жиналысы оны біздің мүддемізге шешеді деп қорқып, бізбен жер жалдау уақытын жалғастырғысы келмейді. Бізден тұрған жерімізден кетуімізді талап етуде. Сондықтан тұрған жерімізде төбе (бугор) комитеттерін құрғымыз келеді, одан Бөкей Ордасы өкілдері съезіне делегат жіберіп, төбе комитеттерін болыстық комитет ретінде мойындауды сұраймыз және ордалық учаскелік комитет мүшелері ретінде санауға рұқсат сұраймыз» [41, С.68-69] – деп жазды.

Ұзақ мерзімге жалға берілген көршілес қалмақ жерлерінде (12 учаске) тұрып жатқан, Бөкей Ордасы Қалмақ қисымының № 3, 5, 8 болыс казактары 1917 жылдың мамыр айына қарай қиын жағдайға тап болды. 10 мамырда Қалмақ

халкын басқару жөніндегі Орталық Комитет мәжілісі қаулы қабылдады. онда былай делінген: «1891, 1916 жылдардағы тексерулер бойынша қазақтардың қалмақ жерін ақы-пұлсыз пайдаланатыны анықталды, қазақтар ол жерлерді көршілес орыс селоларындағы мұжықтарға жалға береді екен. Сондықтан қазақтар жалдау ақысын төлегені дұрыс. Егер қазақтар жалдау ақысын төлеуден бас тартса, № 3, 4, 5 учаске жерлерін жақын жерлердегі орыс селоларына береміз. ондай жағдайда қазақтар жерсіз қалады. Ең аз жалдау ақысын 1 десятина жерге – 30-45 тиынға дейін белгіленеді, қазақтарға берілген ең соңғы келісім уақыт – 26 маусым. Әйтпеген жағдайда Енотаев уезі шаруалар қоғамы 240451 десятина жерге, 20 тиыннан – 48090 сом 20 тиын төлеуге қазір-ақ даяр» [24, 4568-іс, 10-п].

Бұл даудың шығу тегі XIX ғасырдың II жартысынан басталады. Құм токтату, Нарын орман шаруашылығына Бөкей Ордасынан 913196 десятина жер бөлінгендіктен, ол жерлердегі қазақтарға жұбаныш ретінде Қалмақ даласынан 1854 жылдан 12 учаске жер (№ 1-7, 11-14, 19 учаскелер) берілген болатын, жалдау ақысы 1854 жылы 5655 сом болса, үш жылдан кейін ол 8745 сомға дейін шарықтады. Жалдау ақысы мемлекеттік қазына есебінен төленетін. 1860 жылы 352738 десятина құраған бұл жерлер тұз өндіруге, қалмақтардың мал жайылымы өсуіне және орыс селоларына жер үлесі бөлініп берілуіне байланысты, 1888 жылы 258570 десятинаға дейін азайды. Сөйтіп, қазақтардың жыл сайын өсе түскен мал басы жер тапшылығына байланысты біраз қиындыққа тап болды.

1917 жылдың басында бұл жерлерде 2148 шаруашылық, 10456 адам, 7328 бас түйе, 10704 бас жылқы, 13219 бас сиыр, 92849 бас ұсақ мал және 1587 үй, қора-қопсы, мешіт, медресе және тағы да басқа барлығы 879863 сом 89 тиынның дүние-мүлкі болды. 10 маусымда осы мәселе бойынша Астрахан қаласында әртүрлі қоғамдық ұйымдардың өкілдері бас қосқан мәжіліс өтті. Оған Бөкей Ордасын басқарған

Орталық Комитет атынан – губерниялық жер комитетінің мүшесі Нұрмұхамед Ақбаев қатысты. Алайда, бұл мәжілісте, басқа мәжілістер де жер дауын тиянақты шешпеді, оны Құрылтай жиналысының құзырына итере салды. Төбе комитеттері «Бірінші, Екінші округтар, Қамыс-Самар және Нарын қисымдары қазақтарының өтініші бойынша, Құрылтай жиналысына дейін жерге жалдау ақысын көтеруге болмайды, сонымен қатар ол жерлерде мекендейтін қазақтарды да орнынан қууға болмайды, ондай жағдайда қылмыстық іс қозғалуы мүмкін» [68] деп шешкен губерниялық Аткару Комитеті біржақты шешім қабылдаудан сақтанып, ақырын күтті.

Шыдамы таусылған әрі халықтық үкімет деп аталған үкіметтің жайбарақаттығына ашынған шаруалар жер мәселесін шешуге өздері-ақ кірісіп кетті. Сәуір айында, Екінші Теңіз округының №9 болысының қазақтары жайылым іздеп, малдарын қазына жеріне айдай бастады. Астрахан уезі Бараний Бугор поселкесі қазақтары жер тапшылығынан барлық қазына жерін және жеке меншік шабындық жерлерді беруді талап етті, әрі кедейлердің барлық жерлерді ешқандай ақы-пұлсыз пайдалануға беру талаптарын белсенді түрде қолдады. Бірінші округтың Зормат, Байда селоларының қазақтары правитель Құрманбаевтың жеріне басып кірсе, ал Астрахан уезі Сұлтан ауылы мен Бирюковка поселкесінің қазақтары Астрахан казак әскерлерінің «Казачий бугор» станицасының атаманына тиесілі жерді тартып алды. Таловка қисымы №2 болысының кедейлері ұйымдасып, Қитар қажының Боқтыкөл, Жолайкөл деген жерлерін тартып алды және Молдағали молданың Үйректі деген жерін, Ерғали старшина мен Көбеев хазіретке тиесілі жерлерді тартып алуға әрекет жасады.

Мамыр айында қазақтар Жайық казак әскерлерінің шабындық жерлеріне басып кіре бастады, ол казактар күзетімен қақтығыстарға әкеліп соқтырды. Бұл басып кірулердің ел бойынша жиілеп кеткені сонша, министр-

төраға князь Львов Уақытша үкіметтің барлық комиссарларына жерді тартып алуға қарсы күрес шараларын жүргізу туралы арнайы нұсқау берді. 11 сәуірде Уақытша үкімет «Егіндіктерді қорғау туралы» заң қабылдады. Бұл заң бойынша помещиктік иеліктер заңдастырылып, оған ешкімнің Құрылтай жиналысына дейін қол сұқпайтындығына кепілдік берілді. Сонымен бірге, жер дауын шешіп отыру үшін татуластырушы комиссиялар құру туралы да қаулы қабылданды. Егіншілік министрі А.Шингарев казак атамандарына жолдаған жеделхатында: «Жер мәселесінен туындайтын бей-берекеттердің алдын алу үшін... казак тұрғындарына казак жері өз меншігі болып табылатынын, ал бұратаналар үшін біреудің меншігіне қол сұғу заңмен қатаң жазаланатынын тез арада насихаттауға кірісуіңізді ұсынамын», – дейді.

Еркінсіген казактар Жайық бойындағы қазақтарға мал ұстауға тыйым салып, малдарын 3 күн ішінде айдап әкетуін талап етті, өйтпеген жағдайда өзіміз айдап кетеміз деген зорлық әрекеттеріне көшті. Жайық казак әскерлерінің өкілі, кадет партиясының мүшесі, Орал облыстық комиссары Г.Визянов 15 сәуірдегі «Уральские областные ведомости» газетінде жарияланған «үндеуінде» ауыл тұрғындарының патша өкіметі кезінде ол тартып алған жерлерін өзіне қайтарып алмақ болған кез келген әрекеті жергілікті өкімет тарапынан қарсылыққа ұшырайтынын мәлімдеді. «Ал казактардың қолына көшкен жерлер, атап айтқанда, өзендер мен көлдер, орман-тоғайлар, тағы басқалары мәңгі-бақи солардың қолына қалатынына Уақытша үкімет кепілдік береді», – деді ол [69]. 26 мамырда шаруалар депутаттары кеңесі Темір уезіндегі жер мәселесіне байланысты шаруалар толқулары туралы облыс комиссарының хабарын тыңдаған соң, басқаның жерін тартып алу заңсыз екендігін шаруаларға ескерту және жер мәселесі шешілгенге дейін «толқулар ұйымдастырушыларды тұтқындау, әрі заң бойынша жауапқа тарту үшін сот орындарының билігіне

беру» туралы қаулы қабылдады. Уақытша үкіметтің қатан ескертуіне карамастан, шаруалар байлардың, қарашекпен кулактардың, казактардың жер учаскелерін күшпен басып алуды жалғастыра берді. Мамыр-маусым айларында Темір уезіне оларды тоқтату үшін арнайы жазалаушы отряд та жіберілді.

Ордада болған Бөкей Ордасы қазақтарының съезі шаруалар депутаттары съезі алдында мына мәселелерді қойды және ол шешілмеген жағдайда бұл жерлерді «күштеп тартып алу мүмкіндігін» ескертті:

1) Қазына, банк және жеке адамдар тарапынан жер жалдау ақысын көтеруге тез арада тыйым салу, жалдау ақысының ең жоғарғы бағасын оның өзіндік құнына дейін төмендету;

2) Жерсіз қазақтар мекендеген жалдамалы қазына немесе жеке жерлер осы қазақтардың пайдасында қалсын, ал жер мәселесін шешкенде тең үлесте, яғни мал мен жер шаруашылығына деп тегін берілсін;

3) Жер мәселесін шешу кезінде Бөкей Ордасының барлық территориясы әртүрлі қол сұғулардан күзетілсін және қорғалсын [41, С.87].

1917 жылдың жазында Қалмақ қисымы №2 болысы Қаракөл аулының кедейлері бірігіп Шөкетаев пен Нұралыханов деген байлардың шабындық жерлеріне басып кірді, оларды Басқұншақ тұз өндірісіндегі осы ауылдың біраз жұмысшылары қолдады. 24 маусымда 351 адам қатынасқан жиында байлардың артық шөбін кедейлерге бөліп беру және болашақта №2 болыстың шабындық жерлері кедейлер мен байларға мал санына қарай емес, адам басына қарай тең бөлу туралы қаулы қабылданды. Сонымен бірге кедейлердің мүддесін қорғамайтын Қалмақ қисымы атқару комитетінің төрағасын ауыстыру мәселесі де қойылды. Жергілікті әкімшілік кедейлердің басшылары Боранбай Әлжановты, Татау Ақбаулинді және Ығылман Қасымовты қамауға алды. Бұл мәселені шешу үшін Орда комиссарының көмекшісі Ишанғали Меңдіханов келді. Қаракөл ауылының Астрахан

шаруалар депутаттары кеңесіне жіберген арыздары бойынша Астрахан кеңесінің мүшелері Чуканов пен Адаменко да келді. Тексеру барысында ауылда 188 жерсіз және 69 жері аз шаруа бар екені анықталды да, Астрахан губерниялық жер комитетінің жер секциясының алқасы «Қаракөл шаруаларының ісі дұрыс, тартып алынған жер мен шабылған шөп шаруаларға қалдырылсын, қамалғандар босағылсын» деген қаулы қабылдады. Бұл Орданың өкілетті өкіметі — Орталық Атқару Комитетінің наразылығын тудырды. И. Меңдіханов комиссия өкілдерімен кездесу кезінде: «Қазір Орда өз алдына облыс болып бөлінді, сондықтан губерниялық жер комитетінің өкімі оған таралмайды. Жер комитетінің Ордадағы жер пайдалануға байланысты қаулысының күші жоқ, бұл мәселені тек Орда комиссары Құлманов мырза шеше алады» [60, 77-б.] деп мәлімдеді. 18 шілдеде губерниялық жер комитеті жер секциясының қаулысы Қалмақ қисымы жер комитетіне берілді, бірақ Ордадағы Орталық жер комитетіне сүйенген ол қаракөлдіктердің талаптарын орындаудан бас тартты. 24 шілдеде №2 болыстан 334 адам қол қойған шабындық жерді 17 байдан алып беруді сұраған жаңа қаулы қабылданды, оған №1 болыстан жері жоқ 43 қазақ тағы да қосылды. Жері жоқ кедей қазақтар №2 болыстан Қарынбаев пен Нұрашевты, №1 болыстан Е.Борашев пен Т.Имановты өздерінің өкілдері етіп сайлап, Орда мен Астраханға кезек-кезек жіберумен болды. Бұл мәселе 24 қазан және 8 қарашада қайта қаралғанына қарамастан, нәтижесіз аяқталды [40, 16-іс, 134, 82-пп]. Бұған себеп, ұлттық автономия құру туралы Орда шешімін мойындамаған, бұрынғыша бәріне араласа беретін губерниялық жер комитетінің солақай саясаты болса, екінші жағынан, Орда жеріндегі жер мәселесінің «оқ-дәрі толған бөшке» екенін, Құрылтай жиналысына дейін оны алдын ала шешуге тырысу далаға өрт жібергенмен бірдей екенін түсінген Ордадағы Орталық Атқару Комитетінің сақтық позициясы еді.

Губерниялық жер комитетінің жергілікті жағдаймен

есептеспей, шын мәнінде бұрынғы отарлық саясатты жүргізуге тырысуына фактілерден көре аламыз. 5 маусым күні Қалмак қисымының №7 болысына қарасты жерлерде жерсіз шаруаларға жер беру туралы жер секциясының қаулысы да «барлық жағдайды есептемеген, асығыс жасалған қадам» [43, 238-іс, 2-п] деп бағаланды. 11 шілдеде Торғын қисымының Шунгай мекеніне келген, губерниялық жер комитеті бастаған 60 адам ең шұрайлы жерлерді бөліске сала бастайды. Келесі күні Орда комиссары Б.Құлманов, Орталық Атқару Комитеті мүшелері Г.Юсупов, Н.Сарбасов, Х.Мендалиев, жер комитеті мүшелері мұны талқылап заңсыз деп тапты. Әсіресе, Жәнібек поселкесіндегі оқиғалар бүкіл губернияға мәлім болып, губерниялық өкімет билігі мен Ордадағы Орталық Атқару Комитетінің арасында үлкен дұрдараздық туғызды. Бәрі де шабындық және жайылымдық жерлерге тартыстан басталды. Жәнібек поселкесіне жақын Торғын қисымының №2, 4, 5 болысының қазақтары мен орыс шаруаларының арасындағы кикілжің үдей келе ашық қақтығыстарға ұласты. Шілде айының басында Жәнібек атқару комитетінің төрағасы И.П.Рогожкин және басқа да орыс мұжықтары Астрахан жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінің әскери секциясынан қазақтарға қарсы әскери күш сұрайды. 5 тамызда Астраханнан подпоручик Г.Г.Попков және Астрахан кеңесі атқару комитетінің мүшелері бастаған 50 солдат командасы келді. Команда солдаттарына кеңес төрағасы Барадзе Жәнібекте қазақтар 30 орыс отбасын бауыздап кетті деп хабарлайды [68, 17-іс, 128-п]. 6 тамызда бұл кішігірім жазалаушы отрядқа поселкенің милиция бастығы М.В.Шмаков бастаған 10-15 орыс мұжығы қосылып, жақын жердегі қазақ ауылына бет түзеді. Олар сол ауылдың қазақтарын соққыға жығады, үйлерін тонайды. 7 тамызда №5 болысқа қарасты ауылдарда, 9 тамызда №2 болысқа қарасты Жұмай мекенінде, 11 тамызда №4 болысқа қарасты ауылдарда, 12 тамызда Шунгайда осы тектес оқиға қайталанады. Бұл істі тексерген прокурор көмекшісі

В.Беляевтың талап етуі бойынша солдаттардың біразы қайта кеткенімен де, поселкеде «егіндік күзетуге» қалған солдаттар бүліншіліктерін жалғастыра берді.

Сол кездегі шыққан демократиялық Астрахан газеттері бұл сойқандарды айыптап, қазақтарды «орда», «Ресей курдтары» деп кемсіту Уақытша үкімет жариялаған дініне, наным-сеніміне, ұлтына карамай Ресей азаматтарының құқықтарын теңестіру саясатына қайшы келеді деп көрсетті. Жер мәселесін шешу жолындағы Уақытша үкіметтің жергілікті билік құрылымдарының шектеулі әрекеттері (Құрылтай жиналысы үшін жер реформасына байланысты: егіндік жердің көлемі, сапасы, топырақ құрамы, сумен қамтамасыз ету туралы мәліметтер жинау мақсатында елге 27 землемер шығару және 20000 ақша бөлу) және жоғарыда айтылғандай біржақты солақай әрекеттері жер мәселесін шешу орнына, одан әрі қиындатып жіберді. Әбден ашынған халықты большевиктердің популистік уәделерінің артынан еруге итермеледі. «Ресейдің көптеген достары, – деп жазады А.Рабинович, – жаңа министрлерді Дума сайлағандықтан, ол барлық халықтың мүддесін қорғайды деп есептеді. 1905 жылғы төңкерістен кейін құрылған осы орган болса, батыс парламентімен салыстыруға да келмейтін... Либералдар түбірлі реформалар жүргізуді Құрылтай жиналысына дейін созуға тырысты да, негізінен билік беделін қалпына келтіру, армияны нығайту және соғысты жеңіске жеткенше жүргізу мәселелерімен ғана айналысты» [70, С.18, 23].

Ұлттық бостандық үшін күрес қарқынының өсуі қазақ зиялылары алдында көптеген мәселелерді, соның ішінде ең алдымен жер туралы мәселені ашық, анық, ұлттық мүдде тұрғысынан дербес көтеруді талап етті, бұдан былайғы оқиғалар ағымы ресейлік саяси ұйымның жетегінде жүруді көтермеді. Жерге байланысты қазақ зиялыларының бағдарламасын Ә.Бөкейхан мейлінше дәл және толығырақ мәлімдеді, оның негізгі талаптары мыналар:

1. Бас переселен мекемесінің есебі бойынша, қазақ жері

240 миллион десятина. Егер бұл рас болса, әрбір қазаққа 44 десятинадан келмек. Бір үйде орта есеппен 5 адам болса, үй басына 220 десятинадан тимек.

2. ...Енді мұнан былай өзіміз жер еншімізді алып орныққанша жерімізге қоныс аударушылар көшіп келуін тоқтатсын.

3. Құрылтай жиналысы жер мәселесіне байланысты заң қабылдаған соң, қазақ өз жерінде алдымен енші алагын болсын. Адам басына, жеке үй басына тиетін жер сыбағасы шаруаға, жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болсын. Жер сыбағасын жергілікті жер комитеттері анықтайтын болсын.

4. Қазаққа жер сыбағасы өздерінің тілегіне сай ауылға, ұлысқа, руға деп бөлінсін. Жерді бірігіп алған ру, ауыл, болыс өз ішінде өздері тәртіп орнатып, әділдікпен пайдалансын.

5. Қазақтарға жер сыбағасын тұрған жерінен, ата-мекенінен берілсін... «Жерді жолмен, законмен аламыз. Қазақ... сыбаға жерін алған соң, қалған жер мемлекет қазынасына аталып», земство билігіне өтсін.

Уақытша үкімет комиссары Ә.Бөкейханның қазақ демократиялық интеллигенциясының азапты ізденістен кейін 1917 жылдың соңына қарай жер туралы жасаған негізгі тұжырымдары, міне, осылар болатын [45, 261-262 б].

Жер мәселесінің уақытында шешілмеуі, оған қатысты күштердің ортақ келісім үшін өз позицияларынан бас тартпауы ауыл шаруашылығындағы дағдарысты күшейтті. 1917 жылы, 1913 жылмен салыстырғанда, Қазақстанда қара бидайдың егістік көлемі 16,3%-ға, картоптікі – 8,1%, техникалық дақылдардікі – 18,8%, барлық дақылдардың егістік көлемі 23,1%-ға қысқарды. Тек тарының егістік көлемі ғана 4,19%-ға көбейді. 1913 жылмен салыстырғанда егін 20,9%-ға аз егілсе, дәнді дақылдар 44%-ға кем жиналды. 25 наурызда Уақытша үкіметтің арнаулы қаулысымен астыққа мемлекеттік монополия орнатылды. «Астықты мемлекет қарамағына өткізу және азық-түлік органдары

туралы» қаулыға сәйкес, астық өнімдері есепке алынып, артық өнімдердің бәрі тұрақты бағамен мемлекетке тапсырылуы міндеттелді және азық-түлік комитетінің жаңа кезеңдегі мақсат-міндеттері айқындалды. Алайда, ол заң қағаз жүзінде қалды. Уақытша үкіметтің өзі кепілдік берген жерге жеке меншік оны жүзеге асыруға кедергі болды. Астық даярлау үшін ауыл шаруашылық жұмыстарына жіберілген жарты миллиондай соғыс тұтқынынан бөлек, деревняларға әскери бөлімдерден солдат командалары да жіберілді. 21 маусым күнгі әскери ведомстволарға жіберілген №370 бұйрық бойынша барлық гарнизон бастықтары егіндік күтуге және астық жинауға арнайы солдаттар командасын құра бастады. 1917 жылдың жазында олардың саны 135 мың адам болса, күзде 700 мыңға жетті [71, С.32]. Майдан қажеттілігі үшін азық-түлік жинау тапсырылған комитеттер қазақтардың жағдайымен санаспай, зорлап әскерге астық, ет алуды жалғастыра берді. Орал облысы бойынша сәуір айының аяғында 40 азық-түлік комитеті болса, оны 140-қа дейін көбейту көзделді. 12 қыркүйекте Уақытша үкіметтің төрағасы А.Керенскийдің атынан Гурьев Атқару комитеті мен азық-түлік комитетінің жұмысына ризашылығын білдірген және атқару комитеті жіберген 357 сом 73 тиынды алғанын хабарлаған жеделхат келіп түседі.

Онсыз да жұт қысып, қиын жағдайда тұрған Маңғыстау уезінің азық-түлік комитеті (төрағасы – Атқару комитеті төрағасының орынбасары М.Н.Капканщиков) керосин және пішенді өз бақылауына алып, оған қойылған бағаның жоғары болмауын қадағалады, астық қорын толықтыруды өз мойнына алды және астықпен күресу үшін басқа қалалармен тұрақты байланыс орнатуға тырысты, З.Дубскийді тұрғындарды отынмен қамтамасыз ету үшін көмір кенін іздеуге міндеттеді. Соғыс жағдайында азық-түлік комитеттерінің рөлі арта түсті. Маңғыстаудың азық-түлік комитеті майдан қажеттілігі үшін соғыс заказдарына жұмыс істеп жатқан фабрикаларға жүн тапсыруды жалғастыра

берді, сонымен қатар, қант тіркеуден бас тартқаны және оны комитеттің рұқсатынсыз сатқаны үшін саудагер Нефесовты Атқару комитетінің құрамынан шығаруды талап етті. Айта кету керек, Маңғыстау уездік азық-түлік комитеті майдан қажеттілігінен гөрі уездің азық-түлік проблемаларына көбірек ден қойды. Соғысқа байланысты бұрынғы тұрақты сауда байланыстары үзілді де, шеттен келетін тауарларға, соның ішінде бірінші кезекте астыққа деген сұраныс күрт өсті. Оның үстіне мал санының азаюына байланысты және форт Александровскиде қажетті тауарларға айырбас жасай алмағандықтан, Маңғыстау қазақтары фортқа келуді қойды. 1917 жылдың екінші жартысында уездік Атқару комитеті және басқа да Уақытша үкіметтің билік органдары өздерімен-өздері томаға-тұйық өмір сүрді. Орталықтан және Ташкент пен Ашхабадтан келетін жеделхаттар, мал, ет іздеп келген Баку саудагерлері болмаса, оларды көп ешкім мазаламады да.

Сөйтіп, 1917 жылдың Ақпан төңкерісі қарсаңында жер мәселесінің шиеленісе түсуі болашақ болар саяси күрестер мен ондағы күштердің орналасуын, ара-салмағын айқындай түсті.

Қоғамдық-саяси өмірдің жандануы, оның негізгі бағыттары

1917 жылғы наурыз айының аяғында, Мыңтөбеде правительдер мен болыстардың қатысуымен, көрші ауылдардан үш жүздей адам қатынасқан үлкен жиын болды. Айтарлықтай дайындығы болмаса да, Орданың зиялы қауымы тегіс қатыспаса да, бұл жиын сол кезде қазақ даласына кең тараған комитет сайлау науқандарының бірі болды. М.Дулатов жазғандай: «...Болыстық қалып еді, жақсыларымыз болыстың тонын комитетке кигізді. Комитетке председатель, ағза болу бұрынғыдай болыс, би болып ел билеу, момынға тізе көрсету екен деп адасты. Комитет ашу – бостандықты күшейту жолында халыққа қызмет ету екенін ойламады» [45, 237-б.]. Ол жайында «Қазақ» газеті де комитеттерді сайлау барысына талдау жасай келіп: «Өмірі бірнеше айлық, көп болса бір жылдық уақытша комитеттердің сайлауына мұнша уақыт кетіріп, мұнша арамтер болғанда, басқа жұмыстарды қалай басқарып, қалай атқаратынын біле алмай тұрмыз... Қазақ мұжық мәдениеті жоғары дегенде, осы мұжықтың қазақтан қай жері артық деуші едік. Онымыз қате екен... Қазақтар комитеттерін сайлай алмай таласып, қалаға-далаға шабуылданып, Орынборға үсті-үстіне телеграмм жаздырып, арамтер болып әуреленіп жүргенде, мұжықтар үн-түн жоқ комитеттерін жасап, шаруасын істеп тып-тыныш отыр. Оларда талас болмайтын себебі, тұтқан жолдары сара: рулас-аталасым, құда-құрмаласым демейді, жұртқа пайда келтірерлік адам кісі болса, соны сайлайды», – деп қынжыла жазды. Мысалы, 20 наурызда Уақытша үкіметтің жергілікті органы Таловқадан Астрахан губерниялық қоғамдық қауіпсіздік комитетіне «қазақ тұрғындары өздерінің қаулысымен халық комитетін құрды» деп хабарлады. Бұл жердің халқының көбі егін салатын және отырықшылық тұрмыс құрғандықтан,

басқа халықтармен, әсіресе орыстармен байланыстары жақсы болатын. Сондықтан болып жатқан оқиғалардың барысын, демократиялық өзгерістердің болашағын дұрыс түсініп, өздерінің құқықтарын қорғау жолындағы күреске белсене кірісті.

Ал 1917 жылғы 24 наурызда Екінші Теңіз округы №6, 9, 10 болыстардың қазақтары Астрахан губерниялық атқару комитетінен Уақытша кеңесті таратып, орнына барлық казак халқы сайлайтын, демократиялық басқару органын құруды талап етті: «Ресейде орнаған бостандыққа карамастан, бізде ескі билік, бұрынғы правитель мен старшындар сақталып қалды. Олар әруақытта бізді қанап, жамандық әкелді. біздің мүддеміз оларды ешуақытта қызықтырмады. Бізге мұндай билік енді керек емес» [68, 1-іс, 571-п.].

Сәуір айында жер-жерлерде: кысымдарда, округтарда, болыстарда «қазақ съездері» деген атпен сәуір айының 21-іне белгіленген бүкіл Бөкей Ордасы өкілдерінің съезіне делегат сайлау ұйымдастырылды. Губерния комиссарының көмекшісі А.Г.Абдолкаримов Астраханға жіберген хабарламасында: «Даланы аралай жүріп байқағанымыз, қанша дегенмен де, толық тыныштық пен көтеріңкі көңіл-күй сезіледі. Бақытсыз, небір зорлықтарды бастарынан өткізген, әбден қажыған, жоқшылық пен қорлықтан бас көтермеген қазақтар барлық жерде де тыныштық сақтауға ант беріп, жаңа үкіметті барлық күш-қуаттарымен қорғауға дайын екендерін көрсетті. Олар бұрынғы басшылардың, таусылмас зұлымдықтың от көсеушілерінің кеткендеріне қуанышты-ақ... сонымен қатар, казак даласы – оқ-дәрі толы қойма. Кез келген, аңдаусыздан немесе әдейі түсірген шок халықтық соғыстың аумақты өртіне әкеліп соғар түрі бар, оны өшіру де оңай болмас» [72] деп атап көрсетті.

Болыстар мен ауылнайлар билік пен байлыққа кенелтіп отырған қызметтерінен ерікті түрде айырылғылары келмегеніне карамастан, казак даласында басталған саяси өзгерістер халықтың үмітін ақтардай, жүздеген жылдар бойы

шеше алмаған проблемаларды бір күнде шешердей, «кедейді байға теңелтетін жаңа заман келді» деп, халық сілтідей тынып. Ордада жиналған барлық болыстар өкілдері съезінің жұмысын күтті. Дәл осындай съездер қазақ даласының барлық түкпірінде, атап айтқанда, 28 сәуірде Орынбор қаласында Торғай облыстық қазақтары өкілдерінің, 12-13 сәуірде Верный қаласында – Жетісу облыстық, 19-22 сәуір аралығында Орал облыстық, 25 сәуір – 7 мамыр аралығында Омбы қаласында – Ақмола облыстық және Семей қаласында да облыстық қазақ съездері өтіп жатты.

21 сәуірде Бөкей Ордасының 167 өкілі қатысқан съезді уақытша комиссар Б.Ниязов ашты. Съезд төралқасына Уалидхан Танашев, төралқа мүшелері болып Мәжит Шомбалов, Шафхат Бекмұхамедов, хатшылығына Ишанғали Мендіханов, Сейіткали Мендешов, Абдуләзиз Мұсағалиев сайланды. Съезді құттықтап дәрігерлер атынан М.Шомбалов, Астрахан губерниялық атқару комитетінің атынан Конюхов және солдат Бударин, мұғалімдер атынан – Ш.Ақбаев, Астрахан қаласы солдат депутаттары және революциялық офицерлер атынан – подпоручик Львов, Астрахан қаласы мұсылман тобы атынан – А.Абдулкаримов, Қазан мұсылмандары атынан – У.Танашев, Хан ставкасы шіркеуінен (екінші приход) Мусин сөз сөйледі. Сонымен қатар, Торғай облысы қазақтарынан, «Қазақ» газетінен және Басқұншақ тұз кәсіпшілігіндегі қазақ жұмысшыларынан келген құттықтау жеделхаттар оқылды. Съезд жергілікті басқару жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты маңызды шешімдер қабылдады. Әрине, үстірт қарағанда отаршылдық әкімшілік орнына жаңа, демократиялық басқару органын құру бүкіл елде болып жатқан қайта құруларға ұқсас болды. Сонымен қатар, әрбір қазақстандық аймақта жаңа билік органдарының құрылымында өмір салтына, шаруашылығына, тұрмыс жағдайына, басқару жүйесіндегі әкімшілік-отаршылдық ішкі құрылымына байланысты өзінің ерекшеліктері болды. Сондай ерекшеліктерді (алғаш

анықтап, ғылыми айналымға қосқан С.Сүйінов) біз Бөкей Ордасында өткен съезд қаулысынан да көреміз:

«1. Ішкі Қазақ Ордасын басқару жөніндегі Уақытша кеңес, қисым және округ правительдері, олардың көмекшілері мен депутаттар таратылсын.

2. Жалпыға бірдей, тең құпия және тікелей сайлау құқығы негізінде жергілікті өзін-өзін басқару құрылсын.

3. Уақытша, жоғарыдағы принциптер бойынша өзін-өзі басқару енгізілгенше, жергілікті тұрмыс жағдайларын ескеретін сайлау жүйесі негізінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрылатын болсын.

4. Осы шешімге сәйкес, Астрахан өлкесіндегі қазақ халқын басқару жөнінде құрамында 14 адам бар Орталық Комитет құрылды. Орталық Комитетке бұрынғы Уақытша кеңес төрағасы мен Бөкей Ордасын басқарудың Уақытша кеңесіне жүктелген құқықтар мен міндеттер берілді.


5. Астрахан Губерниялық Атқару Комитетіне Ордадағы қисымдар мен округтар санына қарай жеті делегат жіберілетін болды.

6. Орданың қисымдары мен округтарында атқару комитеттері құрылуы тиіс және оларға жергілікті жағдайларға байланысты қазіргі заңдар негізінде правительдер мен олардың көмекшілерінің, депутаттардың міндеттері жүктелетін болды.


7. Қалыптасқан жағдайларға орай болыстарда болыстық атқару комитеттері құрылмақ. Ол комитеттерге болыстардың, ауылнайлардың, болыстық және ауылдық басқармалардың құқықтары мен міндеттері берілді.

8. Орталық Комитетке Құрылтай жиналысына және болашақ заң шығару мекемелеріне жер, халық шаруашылығы, пошта, қаржы және жалпы мәдениеттік өзіндік басқару салаларындағы шұғыл шаралардың алдын ала жобасын жасау міндеттелді.


9. Орталық Комитетке учаскелік және болыстық комитеттермен бірге қазақ халқын алдағы Құрылтай




XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы қазақ жүздерінің қоныстары.




XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстандағы көш жолдары және олардың бойындағы суат көздері.




Дала өлкесі (Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары және Жайық, Орынбор, Сібір казактарының қарамағындағы жерлер).




XX ғасыр басында қоныс аударушыларға бөлінген территориялар.



Астрахан губерниясының құрамындағы Бөкей уезінің
(Бөкей Ордасы) әкімшілік бөлінісі.



Орал облысы. Құрамында Орал, Ілбішін, Темір, Гурьев уездері және Жайық казак әскерлерінің жері.



Жайық казак әскерлерінің қарамағындағы жерлер.



Закаспий облысы құрамындағы Маңғыстау уезі.



Бөкей Ордасының қазақтары.



Киіз үйде отырған қазақтардың бір тобы.
XX ғ. басы. Ресей Этнографиялық Музейі қорынан.

XX ғасыр басындағы қазақтар.

ҚР мемлекеттік орталық музейдің архивінен алынды. Алматы қ.





Бөкей Ордасының қазағы.




Қазақ. XX ғ. басы.
Ресей Этнографиялық Музейі
қорынан.



Жайық өзені жағасындағы бақша суаруға арналған шығыр.




Қоныс аударушылар.




Жайық казак әскерлері.
1914 жыл.




Жайық казак әскері.
19-ғасыр.



Гурьев қаласы. Жайықтың оң жағалауындағы мешіт.



Каспий теңізінен балық аулайтын қайық, 1904 жыл.




Гурьев балықшылары жүзуден кейін.

Тұз өндірушілердің ауыр еңбегі.





Гурьев қаласы. Астрахань көшесінің көрінісі.



Гурьев қаласы. Қалалық абақты.



Гурьев қаласы. Станица алаңындағы жиналыс.

жиналысына даярлау жүктелді. Съезд бұл мәселеде демократиялық федеративтік республика және ұлттық-прапорционалдық өкілеттік үшін дауыс берді.

10. Орталық Комитет бұрынғы Бөкей даласын басқарудың жоғарғы, жергілікті органдарын алмастыра отырып, Бөкей Ордасы басқару ісіндегі құрылым. Жауапкершілігі өзінде болғанымен, жалпыгуберниялық мәселелер бойынша губерниялық атқару комитетімен және губерниялық комиссармен байланыста болады деп шешті.

11. Орталық Комитет құрамына Әміржан Мұқаналиев, Мардан Қашқынбаев, Хамидолла Меңдалиев, Хабиболла Әбенев, Шынтай Юсупов, Өтешқали Атаниязов, Таубай Жұмалиев, Мұқамбет Естанов, Нұрмұханбет Сарбасов, Ижан Көшеков, Ханзада Жәленов, Батырқайыр Ниязов, Сейітқали Меңдешов және Нұғыман Залиев сайланды.

12. Учаскелік комитетті болыстық немесе округтік өкілдер сайлайтын болды. Болыстық жиын заңды болуы үшін оған болыстағы жасы кәмелетке толған адамдардың оннан бірі қатысуы тиіс болды.

13. Учаскелік Комитет сайланғанда жиын төрағасы тез арада учаскелік комитетке сайланған құрамның тізімін Орталық Комитетке хабарлауы тиіс болды.

14. Астрахан өлкесі қазақтарының комиссары болып Бақтыгерей Құлманов және халықтың шашыраңқы орналасуы мен территориясының үлкендігіне байланысты оған көмекші болып мұғалім Ишанғали Меңдіханов сайланды.

15. Әрбір учаскелік комитетте бастығы және қатардағы милиционерлері бар милиция құрылатын болды. Оларды сайлау учаскелік комитеттерге және әрбір болыстың жағдайына қарай болыстық комитеттерге жүктелді.

16. Діни істер және білім беру комиссияларының, сот туралы, жер туралы, қаржы мәселесі бойынша, пошта мен телеграф, учаскелік және болыстық комитеттерге наказдар даярлау мәселелері тыңдалып, қабылданды» [72, 586-587-пп.].

Көріп отырғанымыздай, Бөкей Ордасы казактарының съезінде бұрынғы патша өкіметінің, отаршылдық жүйенің барлық белгілерін жою, жаңа қоғамның іргесін калайтын Бөкей ұлттық автономиясын құру мәселесі елеулі орын алған.

Бөкей казактары демократиялық республика идеясын қызу қолдады, осы арқылы казак жерінен әкімшілік, саяси, экономикалық окшауланып келген Бөкей Ордасы біртұтас казак мемлекетін құруда өз орнын табады деп сенді. Жаңа құрылымдардың ішінде комиссар қызметі Уақытша үкіметтің жергілікті жерлерде мықты билік құруға тырысқан әрекетіне байланысты жаңа міндеттер және құқықтармен толықтырыла түсті. Егер орыс ұлты өкілдерін біріктірген қоғамдық ұйымдар комитеті комиссар қызметіне жергілікті өкімет мекемелерінің бұрынғы шенеуніктерін, әскери гарнизон офицерлерін, присяжныйларды, кәсіпкерлерді, мұғалімдерді, дәрігерлерді және сауда ұйымдарының өкілдерін ұсынса, казактар сайлаған қоғамдық ұйымдар комитеттері белгілі саяси қайраткерлерді, казак ұлттық интеллигенция өкілдерін, заңгерлерді, өнеркәсіп басшыларын, көпестерді, кейбір бұрынғы шенеуніктерді ұсынды. Комиссарлардың партиялық құрамы әртүрлі болды: эсерлер, меньшевиктер, кадеттер, халықтық партиялар, сонымен қатар партияда жоқ социалистер.

Бөкей Ордасында комиссар қызметіне кіріскен Бақтыгерей Құлманов өзінің саяси көзқарастары тұрғысынан кадеттер партиясына жақын болатын. Құлманов бүкіл казак даласында бірінші болып Ордада орыстарға тәуелсіз казак автономиясын жариялады. Оны қорғауға өз әскерін (милиция) құруы, барлық округтар мен қисымдарда земство сайлауын өткізуі, Бөкей Ордасында бұрын болмаған автономиялық үкіметтің баспасөз органы – «Ұран» газетін шығаруы, халықтың тұрмысын жөндейтін әлеуметтік мәселелерді қолға алуы, тағысын тағылар Бөкей Ордасында «дербес ұлттық өкіметтің орнағанын тек ел ішінде емес, бұрын емін-еркін билік жүргізіп келген орыс

мемлекетінің алдында да паш етті» деп жазады С.Сүйінов өзінің «Қайраткер Құлманов» еңбегінде.

1917 жылғы 5 наурызда Орал қаласында бұрынғы әскери-өнеркәсіп комитетінің өкілдері, саудагерлер, офицерлер, шенеуніктер, ірі кәсіпкерлер жаңа Аткару комитетін құрды. Кейін оған жергілікті тұрғындар талабымен Жайық казак әскерлері (станицалық сход), диірмен, темір жол жұмысшылары, пошта мен телеграф, биржалық комитет, жергілікті гарнизон офицерлері, карауыл командасы (жергілікті гарнизон) мен казактар батареясының төменгі шендері, казак әскерлерінің шаруашылық басқармасы және казак халқының өкілдері де қосылды. Сөйтіп, облыстың негізгі әлеуметтік топтары мен олардың мүдделерін білдіретін барлық саяси күштердің өкілдері, жергілікті революционерлер мен либералдар өзара түсінісіп, азаматтық келісімге келді. 200 адамнан тұрған Аткару комитеті, К.Нұрпейісов жазғандай, «іс жүзінде жергілікті буржуазия мен революцияшыл демократияның біріккен органы болды, ал оның құрамындағы жұмысшылар өкілдерінің тобы (фракциясы) жұмысшы депутаттарының кеңестерінің міндеттерін атқарса, әскери комитет солдат депутаттары кеңесінің қызметін орындады» [61, 84-б.].

Мамыр айында Орал қаласында өткен шаруалардың облыстық съезі күші басым әсерлер арқасында «революциялық қорғанымпаздық» позициясында соғысты жалғастыруды, соғыс ауыртпалығын байлар мен шіркеу, монастырьге жүктеуді ұсынды. Жайық казактары өкілдерінің съезі де майданда жаңа шабуылдар ұйымдастыру керек деген талаптар қойды. Съезд әскери басшыларын сайлап, 1868 жылы жойылған «атаман» лауазымын қайта қалпына келтірді. Станицаларда офицерлер казактарды жинап взвод, эскадрон құрап, әскери жаттығулар өткізе бастады. Кулагино станицасында полковник В.Толстов казак полкын құруды қолға алды. Майданнан бір казак дивизиясы Саратовқа жетпей эшалоннан түсіп, еш жерге соқпастан, аттылы-жаяу

жүре отырып Жайыққа жетті. «Ал жер-жерде кұрылып жатқан кеңестердің мұнымен ісі болмады», – деп жазады И.Кенжалиев [73].

19-22 сәуір аралығында Орал қаласында облыстық қазақ съезі болып өтті, оған 800-ден астам делегат, барлық уездер мен болыстардың өкілдері қатысты. Орал аймағын басқару жөніндегі Уақытша облыстық комитеттің төрағасы болып Ғұбайдолла Әлібеков бекітілсе, мүшелігіне – Нұрғали Ипмағамбетов, Халел Досмұхамедов сайланды. Съезде құрамында 20 адам бар Жаһанша Досмұхамедов бастаған облыстық қазақ комитеті сайланды. Орал облыстық съезінің күн тәртібі басқа съездерден ерекше болды, ол туралы К.Нұрпейісов былай дейді: «Облыстық съезде көлем-деңгейі де, маңызы да әртүрлі, бір-бірімен тығыз байланысты үш мәселе: жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпыресейлік, қазақстандық және оралдық) мәселе жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатысушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар келешекті болжауға да түрткі болған. Съезде қаралған мәселелер саны 23-ке жетіп, басқа съездердің күн тәртібінен әлдеқайда асып жығылады». Бұл съезге қатысқан жергілікті жерлерден келген өкілдер съезд ұйғарымын қазақ даласына тезірек жеткізуге, оны жүзеге асыруға асықты. Съезд «Шалқар және Индер көлдеріне байланысты дау-дамай және өзен бойындағы, басқа да талас тудырар жер мәселелерін заңды негізде шешуді облыстық қазақ комитетіне тапсырса. Гурьев және Темір уездерінің көшпелілеріне отырықшы қазақ болыстарының территориясы арқылы көшіп-қонуына рұқсат берді» және «бұрынғы бюрократиялық басқаруды ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттер түріндегі халықтық басқарумен ауыстыру қажеттілігі туралы» [74] шешім қабылдады.

Ақпан төңкерісінен кейін орнаған қоғамдағы азаматтық келісім жағдайында өлке зиялылары мен діни

қызметкерлердің, жұмысшылар мен кәсіпшілер одақтарының, қала тұрғындарының қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуы, әртүрлі саяси ұйымдардың пайда болуы, жаңа басқару жүйесінің құрыла бастауы және басқа да демократиялық өзгерістер Жайық казак әскерлерінің қарсылығын туғызды. Гурьев қаласы тұрғындарының тең жартысына дейін құраған казактардың басым көпшілігі томаға-тұйық өмірге бейімделген, қоғамдағы әртүрлі өзгерістерге күдіктене қарайтын, негізінен ескі шіркеу жолын қуғандар (старообрядцы) еді. 16 мамырда Орал қаласында өткен Жайық казак әскерлерінің құрылтай съезі Уақытша үкіметті қолдау туралы шешім қабылдады. Алайда, монархияның қазақ даласындағы басты тірегі болған казактар жаңа тәртіпті, жаңа құрылысты амалсыздан қабылдағанымен де, елде жүріп жатқан демократиялық өзгерістерді қабылдай алмады. Бұл демократиялық өзгерістер, соның ішінде бірінші кезекте жер мәселесін әділ шешу казактар мүддесіне қайшы келеді деп шешкен Гурьев казактарының станицалық комитетінің (құрамында 38 адам) басшылары И.Х.Кожевников, Д.М.Котельников, полковник Журавлев, атаман Болдырев және басқалары барлық казак станицаларында жиындар өткізіп, онда казак әскерлерінің жерін пайдалану тек казак сословиесінің айырылмас құқығы, одан бас тарта алмаймыз деп мәлімдеді [40, 79-іс, 3, 6-пп.]. Казактардың бұл мәлімдемелері, қоқан-лоққысы бос жатқан жерлерге, шабындықтарға басып кіре бастаған Бөкей қазақтарына, не мұсылман комитеті арқылы осындай талаптар қойған Гурьев уезі қазақтарына ғана емес, егін салуға қолайлы, суы мол жерлерден дәмелі қоныс аударып келген орыс шаруаларына да қарсы бағытталған еді. Өзге қаладан келгендер одағына (Союз иногородцев) біріккен бұл шаруалар Атқару комитетіне жерді «әділ бөлуді» басты мәселе ретінде қойды.

Уақытша үкімет қабылдаған алғашқы заңдардың бірі – Ресей азаматтарының құқығындағы діни наным-

сеніміне, ұлтына қарай шектеушілікті алып тастау болатын. Төртінші Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы мен оның жанындағы бюро мүшелері жаңа саяси жағдай Ресей мұсылмандарының азаттық қозғалысының негізгі мақсаттарының орындалуына, яғни автономия алуға, жер мәселесін мұсылмандық халықтар тұрғысынан шешуге, мәдениетті өркендетуге жол ашады деп түсінді. Бірінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне жасаған баяндамасында Ахмедбек Салықов: «Біз Ресейдің құрамындағы мұсылман халқының өркендеуін екі бағытта көреміз: біріншісі мәдени өркендеу де, екіншісі – саяси өркендеу... Ескі Ресей біздерге бөтен әрі жаулықпен қарады. Жаңа демократиялық Ресей тек Ресей мұсылмандары емес, бүкіл әлем мұсылмандарының шынайы досы бола алады» [75] деп үміт артты. Ресей ұлт аймақтары өкілдерінің демократиялық мәжілісінде (1917 жылғы тамыз айы) А.Салықов: «Біздер үшін билік құрылымының мұндай түрі, яғни оны жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінің қолына беру жарамсыз болып табылады... Біздің көпшілігімізде өнеркәсіптік және зауыттық ұйымдар кенже дамыған, біздерде фабрика-зауыт пролетариаты жоқ, көпшілік жерде біз әскер қатарына бармаймыз... Бізде шын мәніндегі шаруалық сана-сезімдегі шаруалар сословиесі жоқ. Демек, солдат және жұмысшы депутаттары кеңесін құрайтын барлық үш элемент бізде жоқтың қасы. Бұл ұйымдарда біз басымдығымызға байланысты, басқа жағдайда қолымыздан келетін және жасауға міндетті рөлімізді ойнай алмаймыз. Сондықтан, біздің шет аймақтардағы жұмысшы және солдат депутаттары кеңестері, әдетте, жергілікті тұрмыстық, экономикалық және басқа жағдайлармен таныс емес келімсек элементтерден тұрады», – деп көрсетті. Уақытша үкіметтің шет аймақтардағы ең өзекті ұлттық мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз, әлжуаз билігі жергілікті жерлердегі кеңестерге ұпай үстіне ұпай қосты, олардың билік ісіне араласуын тездетті.

1917 жылы Қазақстандағы жұмысшы табы 50-65 мыңа шамасында болды. өлкедегі ірі және орта кәсіпорындарда шамамен 25 мың жұмысшы жұмыс істеді, олардың басым көпшілігі қазақтар болды. Ембі мұнай ауданында 6 мыңдай жұмысшы болса, Басқұншақ тұз өндірісінде 3693 жұмысшы болды: оның 1910-ы тұз уатушылар, 1013-і тұз тасушылар, 770-і жүкшілер [41, С.65-66]. Наурыз айының басында кәсіпшіліктегі қазақ жұмысшылары ереуілге шықты. Уақытша губернатор Бирюков Бөкей Ордасы Аткару комитетінің төрағасына 11 наурызда жіберген жеделхатында: «Басқұншақ тұз кәсіпшілігіндегі қазақтар жұмыс істеуден бас тартты. Жұмысты одан әрі жалғастыру үшін шаралар қолдану және жұмыстан бас тарту себептерін анықтау мақсатында губернатор кенесшісі Абдолқаримовқа қосымша комитеттің мүшелерінің бірін тез арада жіберуіңізді сұраймын», – деп хабарлады. Ереуілге шыққан жұмысшылар жалақыны көбейту, жұмыс күнін қысқарту, тұз өндіруші жұмысшылардың санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту, жұмысшылардың үстінен караушы катал бақылаушылардың озбырлығын тоқтату секілді талаптар қойды. Әкімшілік ереуіл басшылары Ажмолда Нұрғариновты, Ақсейіт Арыстановты, Сәрсенғали Сарсеевті қамауға алды. Әкімшілік жұмысшылар талаптарының кейбіреулерін орындау арқылы жұмысты жалғастыруға қолдары жетті. Алайда, 14 сәуірде жұмыс қайта тоқтатылды. Губерниялық комиссарға «Океан» қоғамынан «Басқұншақ тұз өндірісі кәсіпшілігіндегі қазақтар жұмыс істеуден бас тартты. «Океан» өкілі Штефанов мырза билікті пайдаланып, қит етсе жұмысшыларды қорқытып, пара алады, оларды қудалайды» деп жазды. Мұны тексерген «Ханско-ставочный комитеттің» атқару комитеті тұз кәсіпшілігіндегі қазақтардың қайыршылық жағдайын және өте төмен, айтуға ауыз бармайтын жалақыларын мойындай отырып, губерниялық Аткару комитетіне берген анықтамасында «қазақтар жұмыстан тіптен де бас тартып жатқан жоқ, тек

қана әрбір жұмысшының бір күндік жалақымен тамағын асырауы үшін, сол дәрежеге дейін жалақыны көбейтуді сұрайды» деп көрсетті.

19 сәуірде Чуркин және Федоров балық кәсіпшілігінің жұмысшы қазақтары жұмыстарын тастап, ауылдарына қашып кетті [68, 49-іс, 65-п]. Краснояр уезінің қазақ балықшыларының үлкен бір тобы орыс балықшыларымен бірлесе губерниялық атқару комитетіне және «Каспий-Волга балық және итбалық кәсіпшілігі» басқармасына тойымсыз балық кәсіпкерлерін тәртіпке салуды өтінген бірнеше арыздар жазды, онда балық кәсіпкерлері балықты шетке жоғары бағамен сатса да, балықшылардан өте төмен бағамен алады деп көрсетті. Балықшылар қауымына балық аулау үшін арнайы орын бермегеніне, жалақыны көтермегеніне және балыққа көтерме бағаны өсірмегеніне ашуланған қазақ және орыс балықшылары топ-топ болып теңіз жағасындағы жекеменшік және қазыналық учаскелерден балықты өздері аулай бастады. Кәсіпкерлер мен балықшылар арасындағы тартыс одан кейінгі кезеңде де жалғаса берді. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің милиция істері бойынша Бас басқармасының мәліметтерінде бергендей, 25 тамызда Астрахан губерниясы балық кәсіпшіліктеріндегі жұмысшылар арасында үлкен толқу басталды. Бұл толқулар, тіпті, Қазан төңкерісінен кейін де тоқтамады.

4 сәуірде құрылған Гурьев қаласы мен ауданын қамтыған Мұсылман комитеті және Маңғыстаудағы Мұсылман кеңесі оқу-ағарту, мектеп, мешіт, медресе ашу, мұғалім-оқытушылар даярлау, мәдени шараларды жүзеге асыруды басты мақсат ретінде қоя отырып, осы аса маңызды әрі қажетті мәселелерді Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары алдында батыл қоя білді. Орал облыстық қазақ комитеті төрағасының шешімімен Гурьев уезіне нұсқаушы молда ретінде тағайындалған Хасан Нұрмағанбетов бөлімшелік, ауылдық, болыстық және өндіріс орындарында молдаларды сайлау, бекіту, олардың алдарына міндеттер

кою жұмыстарын бастап та кетті. Сонымен қатар, мұсылман комитеттері жергілікті билік органдарымен бірлесе жұмыс істеп, оларға қажет кезінде қолдау көрсете білді. Мысалы, Маңғыстау уезі Мұсылман кеңесі майдан қажеттілігіне деп, қыркүйек айында 725 сом 23 тиын жинап берді [14, 56-іс, 58-п]. Жалпы, Маңғыстау Мұсылман кеңесі сол кезде аймақ өмірінде елеулі рөл атқарды.

Доссор Мұсылман Комитеті 23 шілдеде құрылды және өзінің мақсаты «мұсылмандардың мүдделеріне байланысты барлық мәселелерді, яғни діни-имандылық, материалдық, экономикалық және тағы басқа мәселелерді шешуді өз мойнына алды» [54, 288-іс, 73-п] деп көрсетті. Комитет төрағалығына Айтқали Есболұлы Ақберлин, орынбасарлығына – Мұқаш Жұмағазиев, хатшылығына – Жүсіпқали Сартаев, Сейсен Нұрымов, мүшелігіне – Есқали Құрманалиев, Нұртаза Құлбатыров, Қалау Құлчурин, Ғұсман Өтебаев, Мұхамедқали Сартов, Жүндібай Маңқышев, Мұхемедин Менгазитдинов және 8 кандидат пен молда Артықбай Исанов сайланды. Шілде айында болған Орал-Ембі мұнай қоғамы қазақ жұмысшылары ереуілін қолдаған Мұсылман комитеті жұмысшылар арасындағы ұлтына қарай бөлуді жоюды, қазақ жұмысшыларына орыс жұмысшыларымен бірдей жалақы төлеуді, жұмысқа қолайлы жағдай жасауды және әлеуметтік проблемаларды жедел шешуді талап етті. 31 қазанда Ембі ауданы мұнай кәсіпшілігі Мұсылман ұлттық комитетінің төтенше мәжілісі болып, оған Доссор мұсылман комитетінің төрағасы А.Ақберлин, Мақат мұсылман комитетінің төрағасы Уәли Ғабдырахманов және Мұсылман ұлттық комитетінің мүшелері З.Жұмағалиев, М.Сартов, Д.Шауеков, Т.Хасанов, Т.Қашкенов, Д.Жылқышиев, Е.Қозыбақов, А.Сарбалин, Е.Ырысмағамбетов, М.Менгазитдинов, А.Исанов, И.Жанекенов, Ермекбаев қатысты. Қаралған мәселелердің ішіндегі елеулілері:

«1) Мақатта мұнай кәсіпшілігі есебінен мешіт және

медресе (орыс класымен) тұрғызу; 2) бір имам молда, бір муэдзин, бір мұғалім, бір орыс тілі мұғалімі, бір күзетші шақыру; 3) олардың жалақысы, жылу, жарық және тағы басқалары мұнай қоғамдары есебінен болсын; ...5) ата-аналары бар, бірақ бойдақ жұмысшылар, қымбатшылыққа байланысты қосымша жәрдемақымен және пәгер ақшамен 1 мамырдан бастап үйленгендермен бірдей қамтылсын; 6) үйленген, бірақ әйелдері ауылда тұратын жұмысшылар үйлі-баранды адамдар ретінде 1 шілдеден бастап жәрдемақысын алсын; 7) жұмысқа бірмезгілді жәрдемақы берілгенге дейін (1,5 айлық паек) кірген жұмысшылар, айтылған паекты пайдалансын; ...10) мұсылман қайтыс болған жағдайда өндірістік лавкеден қажетті мөлшерде кездеме мата берілсін» [54, 288-іс, 2-п]. Қазақ жұмысшылары арасында ерекше беделге ие болған мұсылман комитеттері, басым көпшілігі орыстар болған Ембі ауданы жұмысшы депутаттары кеңесі мен Доссор фабзавкомдарынан да батыл түрде қазақ жұмысшыларының талап-тілектерін әкімшілік алдында қоя білді әрі оларды жүзеге асыруда табандылық көрсетті.

1917 жылғы 5 мамырдағы Уақытша үкіметтің майдандағы және тыл жұмысындағы жігіттерді елдеріне қайтару туралы қаулысынан кейін тыл жұмысындағы жігіттер елдеріне қайта бастады. Мұрағат құжаттары көрсеткендей, олар болыстарды, ауылнайларды және басқа да әкімшілік қызметтегі адамдарды мойындамай, тыл жұмысына адам алу кезіндегі озбырлықтың кегін қайтаруға тырысқан. Майданнан қайтқан жігіттердің арасында соғысқа қарсы наразылықтың өсуіне көп жағдайда большевиктердің үгіт-насихат жұмыстары әсер етті. Большевиктік партия ұйымдары жігіттерді тек үйлеріне оралуға үгіттеп қана қоймай, оларға Қазақстандағы билік үшін күресте өздерінің болашақ одақтастары ретінде қарады. Бірақ соғыс жалғаса берді де, соғыс министрі Керенский мобилизация туралы жаңа бұйрықтар шығарып, ер адамдарды «соғысты жеңіспен аяқтау үшін» армия қатарына шақырды [9.

111а-іс, 190-п]. 1917 жылғы 5 мамырда балық кәсіпшілігі қызметкерлерінің, 30 мамырда барлық уез мекемелері қызметкерлерінің жиналыстары «жаңа үкіметті мойындап, соғысты жеңіске жеткенше жалғастыруды қолдайтынын» айтып жеделхат жібергендеріне қарамастан, соғысқа қарсы наразылық халық арасында, соның ішінде солдаттар арасында өсе түсті. Оны өз мақсаттарына пайдаланған әртүрлі ұйымдар мен құрылымдар, саяси партиялар өзара күресті жандандыра түсті.

Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының қызметі Маңғыстаудағы көзі ашық, көкірегі ояу адамдардың заңды наразылығын тудырды. Жұт апатынан ұсақ малдың 70%-ы арам өліп, ірі мал одан да көп шығын болды. Халықтың басым көпшілігі ашығып, амалсыздан біраз ауылдар көктемді күтпестен Орал, Торғай облыстарына көше бастады. Соғысқа жұт ауыртпалығы қосылған халық жаңа үкімет тарапынан пәрменді көмек, жаңа өмір талабына сай өзгерістер күтті. Оған жауап ретінде Атқару комитеті «Уақытша үкіметке қарсы үгітшілермен күрес, жалпы халықтың, әсіресе орыс емес халықтардың көңіл-күйін және онша сенім тудырмайтын уездегі жағдайды қатаң қадағалау, жаңа үкіметке қарсы наразылықтың барлық түрімен бар күшті жұмылдыра күресу міндетін» қойды. Осы мақсатта қосымша күш ретінде Николаев, Долгое поселкелеріне, Құлалы селосына 12 солдатдан жіберілсе [66, 7-іс, 20-21-пп], 8 мамырда Атқару комитетінің шешімімен Уақытша үкіметке қарсы үгіт жүргізгені, уез басындағы адамдарға қокан-лоққы жасағаны, лауазым иелерінің беделін түсіруге және тұрғындарды Уақытша үкіметке, халық қалаулыларына қарсы арандатқаны үшін, «сот – ескі режимнің мекемесі» деп, соттың билігі мен беделін түсіргені» үшін Тобанияз Әлниязов қамауға алынды [9, 1104-іс, 122-п].

Жергілікті әкімшілік және бұл жұмысты тікелей жүзеге асырған Азық-түлік комитеті (Н.Оңғалбаев, Досанов, О.Иманғазиев) осы арқылы Маңғыстау қазақтары арасында

жаңа үкіметке қарсы өршіп келе жатқан наразылықтың алдын алуға тырысты. Сонымен қатар Атқару комитетінің кейбір мүшелері болыстар мен ауылдарда сол бұрынғы билік құрылымының сақталып қалуына байланысты (ал олардың ішінде халық арасында беделді Тобанияз Әлниязов секілді адамдар да бар) қазақ, түркімен болыстарының барлық басшыларын тұтқындау туралы ұсыныс жасады. Бұл ұсыныстың қабылданбағанына қарамастан, Атқару комитетіндегі, солдат депутаттары кеңесіндегі басым көпшілігі орыстар болған жаңа (шын мәнінде бұрынғы) басшылық шовинистік пиғылда екенін, бұрынғыдай қазақ халқының үстінен билеп-төстегісі келетіндерін жасырмады. қазақ халқының мүдделерімен санаспай, оларды тек алым-салық төлеушілер деп қана қарады.

Алайда, бәрі де бұрынғыдай болады деп есептеу немесе бәрін бұрынғыша сақтауға тырысу мүмкін емес болатын. Александровск форты және басқа да орыс поселкелеріндегі балықшылардың талап етуімен 20 сәуірде Маңғыстау уезінің Атқару комитетінің бюросы Уақытша комиссар З.Дубскийді «капитализмнің өкілі» ретінде орнынан алды. Ал сәуір айында Атқару комитеті облыстық комитет пен облыстық прокуратураға облыстық комиссариат канцеляриясында жұмыс істеп жатқан бұрынғы уез бастығы, подполковник Быковты «арандатушылығы және үгітшілік қызметі үшін» орнынан алу, сотқа беру туралы қабылдаған қаулысын жіберді. 29 мамырда Маңғыстау уезі Мұсылман одағы, 30 мамырда Маңғыстау уезі қызметкерлері одағы құрылды.

Сонымен, 1917 жыл Ресейде жалпы мемлекеттік, қоғамдық, жеке тұлғалардың бірлестіктерін және басқа да бөлінуі қиын саяси институттардың тізбегін дүниеге келтірді. Олардың барлығы өзара күрделі байланыста болып, қоғамдық-саяси өмірге үлкен әсерін тигізді.

Көршілес Ресей губернияларындағы әртүрлі саяси күштер Бөкей даласындағы болып жатқан барлық оқиғаларды ыждағаттылықпен бақылап, қажет кезінде өздерінің

мүдделеріне пайдаланып отырды. Мұны әлеуметтік-экономикалық, ұлттық мәселелердегі патша саясатын жалғастырған Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының жұмысынан ғана емес, таптық мүдде төңірегіндегі саяси талас-тартыстың «бұратана халықтарға» тікелей қатысы жоқ және шет аймақтар бұл саяси күресте тек қана қосымша соғыс аренасы деп есептеген социал-демократтардың саясатынан да көреміз. Бұрынғы отарлық саясатты жаңа формада жалғастыруға тырысқан олар Атырау-Маңғыстау аймағында да жұмысшы, солдат депутаттары кеңесін құра бастады. Жұмысшы, солдат депутаттары кеңесі деп аталғанымен, шын мәнінде оның билігі әскери тәртіпке негізделді, ал депутаттар құрамы негізінен орыстар болды.

Соған қарамастан, Бөкей Ордасының қазақтары әртүрлі деңгейдегі «қазақ съездерінде» өздерінің қаулысымен халық комитетін құра бастады. Бұл жердің халқының көбі егін салатын және отырықшылық тұрмыс құрғандықтан басқа халықтармен, әсіресе орыстармен байланыстары жақсы болатын. Сондықтан болып жатқан оқиғалардың барысын, демократиялық өзгерістердің болашағын дұрыс түсініп, өздерінің құқықтарын қорғау жолындағы күреске белсене кірісті. Бөкей қазақтары демократиялық республика идеясын қызу қолдады, осы арқылы қазақ жерінен әкімшілік, саяси, экономикалық оқшауланып келген Бөкей Ордасы біртұтас қазақ мемлекетін құруда өз орнын табады деп сенді. Белгілі саяси қайраткерлер, қазақ ұлттық интеллигенциясының өкілдері, заңгерлер, мұғалімдер, дәрігерлер және басқалары бұл іске белсене араласты. Ұлттық бостандық үшін күрес қарқынының осуі қазақ зиялылары алдында көптеген мәселелерді, соның ішінде ең алдымен жер мәселесін ашық, анық, ұлттық мүдде тұрғысынан дербес көтеруді талап етті. Бұдан былайғы оқиғалар ағымы ресейлік саяси ұйымның жетегінде жүруді көтермеді. Уақытша үкіметтің қатаң ескертуіне қарамастан, шаруалар байлардың, карашекпен кулактардың, казактардың жер учаскелерін күшпен басып

алуды жалғастыра берді. «1917 жылғы толқулар шаруаларға тілегенінің бәрін берді. – деп жазады Джеффри Хоскинг. – Полиция мен бюрократияның бақылауынан босанған қоғамдық институттар жерді өз қолдарына алды да, қайта бөліске салды. «Селолық кеңес», «жер комитеті» немесе «шаруалар әлемі» дегендей қоғамдық жиналыстар селодағы билікті өз қолдарына алды» [3, С.488].

Гурьев қаласы мен ауданын қамтыған Мұсылман комитеті және Маңғыстаудағы Мұсылман кеңесі оқу-ағарту, мектеп, мешіт, медресе ашу, мұғалім-оқытушылар даярлау, мәдени шараларды жүзеге асыруды басты мақсат ретінде қоя отырып, осы аса маңызды әрі қажетті мәселелерді Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары алдында батыл қоя білді. Ақпан төңкерісінен кейін орнаған қоғамдағы азаматтық келісім жағдайында өлке зиялылары мен діни қызметкерлердің, жұмысшылар мен кәсіпшілер одақтарының, қала тұрғындарының қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуы, әртүрлі саяси ұйымдардың пайда болуы, жаңа басқару жүйесінің құрыла бастауы және басқа да демократиялық өзгерістер реакциялық күштердің, бірінші кезекте Жайық казак әскерлерінің қарсылығын туғызды.

Қазан төңкерісі қарсаңында аймақтағы жұмысшы қозғалысы елдегі кең көлемдегі саяси бостандықтар мен қоғамдық өмірдің демократияландырылуы негізінде, өздерінің құқықтарын қорғау жолында басқа демократиялық күштермен бірлесе күрес жүргізді. Бұл күрес Уақытша үкімет жүргізген саясатқа балама ретінде жүрді және өзінің мақсатын мемлекеттік басқару мен экономикалық өндіріске бұқара халықты көптеп тарту деп түсінді. Осы мақсатта белсенді үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді, сайланбалы мекемелерге әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері тартылды, өндіріс үстіне жұмысшы бақылауы орнады. 8 сағаттық жұмыс күні және мұқтаж адамдарға әлеуметтік қолдау енгізілді, халықтық мектеп және оқу-ағарту клубтары ашылды, жаңа газет-журналдар жарық көрді. Сонымен қатар,

толықканды халықтық билік орнатуға ұмтылуда бұқара халықта саяси мәдениеттің, демократия негіздерінің кенже дамуына байланысты, сол кездегі ахуалға негізделмеген, «революциялық шыдамсыздық» та болды, көптеген, қордаланып қалған проблемаларды күштеу әдісімен шешу белен алды. Мұның өзі жаңа проблемалардың қордалануына және демократиялық тәртіпке деген нигилистік қатынастың қалыптасуына саяси және психологиялық алғышарттар жасады. Оның өзі, түптеп келгенде, елде тоталитарлық жүйенің орнатылуына жол ашқан еді.

III ТАРАУ

1917 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ҚАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЙМАҒЫНДА. АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУДАН АЗАМАТ СОҒЫСЫНА ӨТУ

Аймақтағы жалпы дағдарыстың ушығуы және саяси билік үшін күрестің күшеюі. Бөкей Ордасы

1917 жылдың күзіне қарай Ресей территориясында, оның ішінде Қазақстанда да соғыс туғызған қиындықтар – аштық, қымбатшылық, жаппай күйзеліс, әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі барған сайын ұлғая берді. Экономикадағы дағдарыс өзінің шегіне жетті. Сомның сатып алу қабілеті Ақпан төңкерісі қарсаңында ішкі рынокта 27 тиын тұрса, Уақытша үкімет басқарған сегіз ай ішінде 6-7 тиынға дейін төмендеді. Ақшаның құнсыздануы қыркүйек-қазан айларында ерекше қатты байқалды, алдыңғы бес айға қарағанда сом өзінің құнын 1,5 есе жоғалтты. Өнеркәсіп тауарларын тікелей азық-түлікке айырбастау күнделікті іске айналды, ал жұмысшылардың шын мәніндегі жалақысы 1913 жылғы жалақы деңгейінің жартысына әзер жететін. Жаздан бастап елде айналымдағы ақша дағдарысы басталды, күнделікті өмірде есептесуге ақша жетіспеді. Уақытша үкімет айналымға 9 млрд. сомның ақшасын шығарғанына қарамастан, ол тек 1 млрд. 736 млн. сомды ғана жаба алды, сөйтіп инфляция күшейді. 1917 жыл бюджетінде салықтар

шамамен 2,6 млрд. сомға көбейді. Бюджеттік кіріс сегіз ай ішінде, 1916 жылмен салыстырғанда, 592,4 млн. сомға (22 %) өссе, тек қана соғыс шығындары шамамен 5 млрд. сомға (1,5 есе) дейін көбейді. Сөйтіп, соғыс мемлекеттің бүкіл ресурстарын аяусыз жұтып жатты.

Бұл кезеңде қазақтарды саяси құқықтарынан айырған ескі заңдар күшінде қалды. Казак-орыс әскерлерінің орасан жер иеліктері мен сословиелік артықшылықтары ешкім қол сұға алмайтындай күйінде сақталды, қазақ жерін күшпен тартып алған Қоныс аудару басқармасы өз қызметін жалғастыра берді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстан кейін Қытай ауып кеткен, Ақпан төңкерісінен кейін елге қайта бастаған қазақтарға жасалған қысым осының дәлелі. Ұлт мәселесінде Уақытша үкіметтің «Діни және ұлттық шектеулерді жою туралы» декреті жарияланғанына қарамастан, ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылымдарын өздері шешу құқығы, шағын халықтар мен ұлттардың тағдыры туралы мәселелер ескерілмей, сол күйінде қалды.

1917 жылдың маусым айында Ордаға Астраханнан, Царицыннан. Саратовтан большевиктік позициядағы солдаттар, жұмысшылар, үгітшілер көптеп келе бастайды. Олардың қатарында П.Матвейчук, А.Панасюк, Адаменко, Чуканов және тағы басқалары болды. 30 шілдеде Астраханнан келген шаруалар депутаттары кеңесі Атқару комитетінің өкілі И.М.Куракин мен жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінің мүшесі М.С.Петровтың ықпалымен «Ханско-ставочный комитет» құрамы түгелдей қайта сайланды. Айта кету керек, ұлттық пролетариат өкілдерінің өте аз болуы жергілікті жұмысшы және солдат депутаттарының құрамына өз әсерін тигізді. Осыған байланысты «...жергілікті қазақтар кеңестерді бөтенсініп, көп жағдайда бұрынғы патша әкімшілігімен қатар қойды. Оның үстіне большевиктік кеңестер партиялық ортада «отаршылдық» деген атпен белгілі құбылысқа жақындау болды... ұлттық қозғалыстың кеңестерден тартынуына

социалистік партиялардың негізінен әлеуметтік-саяси мәселелерге көбірек көңіл аударып, демократиялық құрылыс пен Құрылтай жиналысына бастайтын ұлттық мәселелерді кейінге ысыруы да себеп болды», – деп жазады Д.А.Аманжолова [4, С.58].

Оған жауап ретінде, Ордада Уақытша үкімет 19 қыркүйекте қабылдаған «Комиссарлар туралы ережеге» сәйкес, Орда комиссары мен оның көмекшісіне қосымша учаске комиссарлары, Бөкей Ордасы басқармасы учаске инспекторлары қызметі енгізілді. Бөкей Ордасы комиссары әкімшілік істер бойынша губерния комиссарының көмекшісі құқында, Ордадағы барлық істер бойынша орталық үкімет мекемелерімен тікелей байланысқа шығу құқында жұмыс істеді және «өз қарамағындағы үкімет мекемелерінің қызметкерлері жіберген заңнан тыс әрекеттері үшін жергілікті басқару реформасы аяқталғанға дейін уақытша орнынан алу» құқығына ие болды [76, С.299]. Бұл комиссарлар билігін күшейту, «мықты өкімет» аппаратын құру әрекеті барлық саланы қамтыған тұрақсыздық, жүйесіздік және жалпы дағдарысты одан әрі тереңдетті.

1917 жылдың қыркүйегінде Қазан әскери округының қолбасшысы, полковник Коровниченко Астрахан казак әскерлері, Бөкей Ордасы және Қалмақ даласы территорияларында төтенше жағдай жариялады. Бұл Уақытша үкіметтің жергілікті басшыларының шешуін таппай шиеленісе түскен жер мәселесін өзінше шешуге ұмтылған халыққа жауабы болатын. 1917 жылдың 17 қарашасында Астрахан қалалық думасы жаңа губерниялық өкімет органын – Халық Билігі Комитетін құру туралы қаулы қабылдады. Ол қаулыда:

«1) Анархияның алдын алу және шаруашылықтағы дағдарыспен, болуы мүмкін контрреволюциямен күресу үшін, тәртіп пен тыныштықты қамтамасыз ету үшін елде жаңа мемлекеттік билік құрылғанша Астрахан губерниясындағы бүкіл билікті қолына жинаған автономды, тәуелсіз орган құру;

2) Оның құрамына калалық қоғамдық басқарудан – 3 өкіл, губерниялық земстводан – 5, жұмысшы, солдат депутаттары кеңесінен – 5, шаруа депутаттары кеңесінен – 5, кәсіпшілер одағынан – 1, социалистік партиялардан – әрбір партиядан бір-бір өкілден, казак полкінен, казак батареясынан және жаяу әскер полкінен бір-бір өкілден сайлансын;

3) Губерниялық комиссариаттан және Астрахан казактарының войсковой үкіметінен бір-бір өкілден енгізілсін» [41, С.134-135] делінген.

Маусым-шілде айларында майданға барғысы келмеген солдаттардың, тамыз айында генерал Корнилов бүлігін және қазан айында Петроградта болған төңкерісті көрген, орталық биліктің ыдырап, жер-жерде әртүрлі бағыттағы әртүрлі күштердің құрып жатқан «үкіметтерін» көрген Астрахан қаласының барлық оңшыл және центристік топтары осындай аласапыран заманда қандай да болсын тұрақтылықты сақтау мақсатында қаланың солшыл күштерін өз жақтарына тарта отырып, Халық Билігі Комитеті төңірегіне топтасты. Сонымен қатар, бұл солшыл күштер мен оңшыл күштер арасындағы уақытша ымыраға келу болатын. Билік үшін күресте екі жақ та бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өздеріне одақтастар іздеді. Осы бағытта Бөкей Ордасына да өз ықпалдарын жасауға және оны кеңейтуге тырысты. 9 желтоқсанда Халық Билігі Комитеті жер мәселесі бойынша қаулы қабылдап, онда «барлық ауыл шаруашылық маңызы бар жерлер: удельдік, шіркеулік, монастырьлік, жеке меншік және басқа да жер мәселесі Құрылтай жиналысында шешілгенге дейін жер комитеті қарамағына беріледі. Қалмақ және қазақ халқының уақытша пайдалануындағы мемлекеттік жердің тәртібі мен пайдалануын губерниялық жер комитеті Қалмақ және Қазақ далаларының орталық жер комитеттерімен келісу арқылы анықтайды» [77] деп көрсетті. Лениндік «жер – шаруаларға» деген ұранға сүйенген Астрахан кеңестері болса, бұл ұранды жүзеге асыруды жер мәселесі әбден шиеленіскен Бөкей Ордасынан бастағанды қолайлы көрді.

Гурьев уезіндегі саяси күрес

Кедей шаруалар Уақытша үкіметтің жергілікті әкімшіліктеріне бағынудан, алым-салық төлеуден бас тарта бастады. Қазан айында Орал, Темір уезі, Доссор мұнай кәсіпшілігінде қазақ және орыс шаруаларының казактардың жазалаушы отрядтарымен қақтығыстары басталды. 8 қазанда болған Гурьев қалалық кеңесі мен «Жұмысшы одағы» атты кәсіподақ кеңесінің біріккен мәжілісі кеңестердің Петроградтағы Бүкілресейлік II съезіне делегат сайлау мәселесін талқылады. Сонымен қатар қазақ шаруаларының Жайық өзені тармақтарында балық аулауға құқығы бар деген шешім қабылдады.

Кейбір жергілікті азық-түлік органдары Уақытша үкіметтің азық-түлік ісін орталықтандыруға бағытталған астық монополиясы және басқа да шараларын мойындаудан бас тартты. Сепаратизм кең етек алды. Шілде-тамыз айларында Пенза, Симбирск, Саратов, Қазан, Тамбов губернияларымен қатар Орал облысы да орталыққа астық тапсыру жоспарын орындаудан бас тартты және Азық-түлік министрлігіне тікелей бағынышты жергілікті кооперативтерді өз бақылауларына алуға тырысты. Оларға тыйым салу үшін қыркүйек айының басында министрлік ерекше комиссия құрды. Ерекше комиссия жергілікті азық-түлік комитеттерін (оның ішінде Доссор комитеті де бар) «өз міндеттерін атқармағандарымен қоса, өкіметке кедергі жасайды» деп айыптады және оларға азық-түлік даярлау ісіне араласуға тыйым салды [54, 253-іс, 63-п].

Доссор, Мақат кәсіпшіліктеріндегі азық-түлікпен қамтамасыз етудің нашарлағаны сонша, 7 тамызда болған Доссор азық-түлік басқармасы, атқару комитеті, Ембі ауданы жұмысшы депутаттары кеңесі және қызметкерлер одағының біріккен мәжілісі «азық-түлікке ауыстыру үшін мұнай өнімдерін көршілес астықты аудандарға шығаруды»

сұрап. Орал облыстық азық-түлік комитетінен рұқсат сұрады. Облыстық комитет Ойылдан мұнайға айырбастап астық алуға қазан айының басында рұқсат берді. Сонымен қатар, Доссор азық-түлік комитеті барлық азық-түлік қорын өз бақылауына алды. Қазан айының 30-ы күні азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінің әбден тығырыққа тірелгені сонша, комитет толық құрамында жұмысын тоқтатты. Доссор атқару комитеті осыған байланысты 7 қарашада атқару комитетінің, жұмысшы депутаттары кеңесінің, Мұсылман кеңесінің, қызметкерлер кәсіподағы басқармасының, бұрынғы азық-түлік комитетінің, Доссор зауыт комитеттерінің біріккен мәжілісін шақырды, оған мұнай фирмаларынан бір-бірден өкілдер де шақырылды. Біріккен мәжіліс азық-түлік дағдарысынан шығу жолында бірқатар қатаң шараларға барды және жаңа азық-түлік комитетін құрды [78; 79]. Алайда бұл жаңадан құрылған комитет те, кез келген қатаң шаралар да өз мақсаттарына жете алмады, азық-түлік проблемасы одан әрі шиеленісе берді. Тек Ленин бастаған большевиктер партиясының жүргізген «қызыл терроры» мен «азық-түлік салғырты» ғана бұл проблеманы шеше алатын еді. Уақиғалардың барысы соған алып келетіні барған сайын айқын бола түсті де, әуелгі кездегі азаматтық текетірес өрши келе азаматтық соғысқа алып келді.

Гурьев уезінде саяси тартыс территориялық жағынан оқшауланған екі билік арасында жүрді. Біріншісі – қалалық Атқару комитеті, барлық қала халқы, оның ішінде Гурьев Кеңесі де оны қолдады; екіншісі – станицалық атқару комитеті, тек қана Жайық казактарының мүддесін ғана қорғау үшін құрылған ұйым. Гурьев қаласында уездік милиция бастығы жүзбасы Головачевтің қысымымен станицалық жиын (сход) қалалық жұмысшы депутаттары мен кәсіподақ ұйымдарын тарату туралы шешім қабылдады [73, 41-б]. Сонымен қатар Гурьев уезі казактарының 4-маусымдағы жиыны (сход) қалалық Атқару комитетін таратып, орнына жаңа комитет сайлау керек деген талап қойды. 7 маусымда

болған қалалық Атқару комитетінің Гурьев жұмысшы, солдат депутаттары кеңесімен, Мұсылман комитетімен, пошташылар комитетімен, кәсіподақ өкілдерімен және Өзге қаладан келгендер одағымен біріккен мәжілісі оған жауап ретінде «қала өміріне және қызметіне байланысты бірде-бір қаулы сословиесіне, дініне, ұлтына қарамастан бүкіл қала халқының жалпы жиналысында сайланған Атқару комитетінен басқа органда қабылдана алмайды» деген шешім қабылдады.

Осы арқылы Гурьев қаласының басты саяси күштері Атқару комитетіне қолдау көрсете отырып саяси күрес сахнасына шыққан, шовинизм идеясымен уланған казактарға тоқтау салғысы келді. Ымыраға келмеген казактар қысымды күшейте түсті де, Орал қаласының войсковой үкіметінен Гурьев казактарына көмекке генерал Д.Н.Бородин келді. Жайық казактарымен қақтығысқа барудан қашқақтаған қалалық Атқару комитеті амалсыздан 18 маусымда казактардың ұсынған тәртібі бойынша Атқару комитетінің жаңа құрамын сайлау жөнінде шешім қабылдады. Ол бойынша жаңа Атқару комитетінің құрамына демократиялық ұйымдардан – 2 өкілден, ал казактардың станицалық сходтарынан 6 казактан ұсынылды. 15-23 маусым аралығында бейтарап сайлау комиссиясының басқаруымен өткен сайлауда Атқару комитетінің 35 мүшесі және 55 кандидаты сайланды. Оның құрамында казактардан – 16 мүше, 14 кандидат; көпестер, қала ауқаттылары және қызметкерлерден – 5 мүше, 27 кандидат; Өзге қаладан келгендер одағы мен Мұсылман комитетінен – 14 мүше, 14 кандидат болды. Мұсылман комитетінен сайланғандар ішінде: М.Шөкеев, Б.Шынғазиев, Н.Боранқұлов, Бейіспсков, А.Бекмолдин, Н.Рыспаев және тағы басқалары бар. Үшінші тізім бойынша түскен Гурьев жұмысшы, солдат депутаттары кеңесі қалалық Атқару комитетіне 6 адамды ғана өткізе алды, олар: Г.Капкин, П.Червяков, И.Лысяков, В.Тяжев, С.Курдяков және А.Лоскутов. Сайлау қорытындысы казактар

мен демократиялық ұйымдар арасындағы күштердің ара-салмағы шамамен бірдей екенін көрсетті.

Алайда, тамыз айының басында жаңа гарнизон бастығы, войсковой старшина Журавлев жергілікті гарнизон солдаттарын Қазан қаласына запас полктер құрамына аттандырып, гарнизонды тек казактардан құру туралы бұйрық шығарды. Сөйтіп күштердің ара-салмағы казактар пайдасына шешілді. Гурьев Кеңесінің төрағасы Г.Николаев Қазан қаласына шұғыл жеделхат жолдап, онда: «Гурьев уезінің барлық халықтарының мүддесі үшін жергілікті команда солдаттарын басқа тұрғындарға және казактарға жаулықпен қарайтын казактармен ауыстыруға жол берілмесін», – деп жазды. Жаңадан құрылған қалалық Атқару комитеті өз жұмысын 27 тамызда бастады. Бұрынғыдай жергілікті гарнизон солдаттарының сүйеніш болмауы Гурьев Кеңесін қиын жағдайға душар етті. Кеңес төрағасы Г.Николаев Қазанға үсті-үстіне жеделхат жолдап, солдаттар жіберуді сұрады. Ақыры, қыркүйек айының басында поручик Тульников бастаған отставкадағы жарымжандар ротасы келді [63]. Тағы да солдаттар төңірегінде саяси күрес басталды. Гарнизон бастығы Журавлев бұл солдаттар соғысқа жарамсыз, сондықтан да үйлеріне тарату керек деп шешсе, Г.Николаев Қазанға жіберген кезекті жеделхатында: «Жергілікті команданы тарату туралы шешімді тез арада бұзуды сұраймыз. Гарнизон бастығы Журавлев жақында келген және Кеңес Гурьевте қалдыру керек деп шешкен солдаттарды кемемен үйлеріне қайтарып жібергісі келеді», – деп жазды.

Қыркүйек айында Гурьев Кеңесіндегі әртүрлі саяси көзқарас ұстаған партиялар мен ұйымдардың және жеке тұлғалардың арасындағы талас-тартыс күшейді де, 14 қыркүйекте Кеңес төрағалығына Г.Николаевтың орнына В.И.Тяжев, хатшылығына П.И.Червяков, Кеңес қазынашысы және іс басқарушысы болып Б.Мейрманов сайланды. 3 қыркүйекте Өзге қаладан келгендер одағының

басшылығында да қайта сайлау болып, басшылыққа В.И.Тяжев, А.Евсеев, М.Шөкеев, Б.Мейрманов, Якубович және тағы басқалары келді. Бұл Гурьев қаласындағы солшыл күштердің ішіндегі идеялық күрестердің сыртқы көрінісі болса керек, кейін бұл оқиғаларға куәгерлер ғана емес, осы кезең тарихын жақсы зерттеген В.Дариенко да Гурьев Кеңесінің кейбір басшыларын эсерлер бағытын ұстады деп айыптады. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатының Р-193 қорында В.И.Тяжевтің жеке басына қатысты 1962 жылы Саратов облыстық партия мұрағатынан алынған анықтама бар. Онда В.И.Тяжевтің жалдамалы жұмысшылары бар ұста шеберханасы болғаны және көпес Дяминевпен бірлесе 4 киноматографы бар клубты ұстағаны туралы айтылған. Кейін кеңес партия қызметкерінің «атына кір келтірген» өткен істері және кеңестердің Бүкілресейлік І және ІІ създеріне не себептен қатыспағаны туралы түсінік бере келіп В.И.Тяжев: «Кеңестердің І Бүкілресейлік съезіне сайландым, Орал облыстық Өзге қаладан келгендер одағының съезінде Құрылтай жиналысына делегат болып сайландым, алайда социал-революционерлер мені жібермеді. Кеңестердің ІІ Бүкілресейлік съезіне сайландым, бірақ съезд жұмысына үлгермедім» [80] деп ақталған. Оқиғалар барысы бұл айыптаулардың шындыққа жақын екенін көрсеткенімен де, айта кетер бір жағдай, Гурьев Кеңесі құрамында большевиктік бағыт ұстаған немесе Петроград, Мәскеу қалаларында болып жатқан саяси күрес сабақтарын жергілікті жағдайда қайталайтын адамдар кемде-кем болатын. Жергілікті жердің өзіндік ерекшелігі сонда, орталықта жүзеге асқан саяси күрес сабақтарын көзсіз қайталамай, жергілікті жағдайға, күштердің ара-салмағына қарай бейімдеу қажет болатын.

10 шілдеде Орал-Каспий мұнай қоғамының қазақ жұмысшылары мұнай қоғамы басқармасын жұмысшы қазақтарды кемсітеді және өте қатты қанайды деп айыптады. Олар өздерінің құқықтарын орыс және татар жұмысшыларымен теңестіруді, қазақтарды кемсітушілерді

жауапқа тартуды талап етті және бұл талаптарды орындамайынша жұмысқа шықпайтындарын мәлімдеді. Жұмысты тоқтатуға байланысты оны тексеріп, себептерін анықтау үшін құрылған, құрамында Доссор милициясының бастығы Ақберлин, Орал-Каспий мұнай қоғамының жұмысшылары Ибатолла Қаржауов, Мұртаза Құлбатыров, Ембі-Каспий жұмысшысы Мұхамедқали Сартов және атқару комитетінен Жұрымов болған комиссия оның негізгі себептерін былай деп көрсетті:

- 1) лавкелік тауарлардың дұрыс бөлінбеуі;
- 2) басшылардың қазақ жігіттерін, жалпы қазақтарды балағаттауы, менсінбеуі және тағы басқалар;
- ...5) қазақ жұмысшыларына пәтер бермейді, жұмысшылар оны айына 5 сомға жалдайды;
- 6) бойдақтардың карт ата-аналарын мойындамайды, сөйтіп оларға тиесілі үстеме ақыны төлемейді;
- 7) отбасылары бар жұмысшыларды бойдақтарға қосады, сөйтіп оларға азық-түлік, соғысқа байланысты жердемақы берілмейді;
- 8) отбасылары бар қазақтарды жұмысқа алмайды, алса да бойдақ деп алады;
- 9) бойдақтарға құлағалы тұрған, шіріген барактардан орын береді;
- 10) пәтерлері жоқ қазақ жұмысшыларына су да, керосин де, жылу да, ауыз су да бермейді;
- 11) бөшкемен тұщы су тасу барған сайын азаюда;
- 12) әкімшілік тек қазақтарға арналған ерекше нұсқаулар шығарады [54, 288-іс, 67-п].

22 шілдеде кәсіпшілік әкімшілігі жұмысшы қазақтардың тұрмыс жағдайларын жақсартуға және барлық кәсіпшілік жұмысшыларының жалақыларын теңестіруге уәде берді. Ауыз су мәселесіне байланысты «әртүрлі жағдайларға» сілтей отырып, қазақ жұмысшылары «өздерінің туған жерлері сусыз даладан болғандықтан бұған үйренген» деп жауап берді. Сондықтан, 23 шілдеде мұнай кәсіпшіліктерінің қазақ жұмысшылары жиналысы өздерінің өкілдері арқылы

Доссор Мұсылман ұлттық комитетін сайлау туралы қаулы қабылдады. Мұсылман Комитетінің мақсаты мен міндеті – казак жұмысшыларының мүдделерін қорғау деп көрсетілді. Кәсіпшілік жұмысшылары аса жеккөрінішті әкімшілік өкілдерін жұмыстан қуды және жұмысшы депутаттары кеңесі арқылы, Орал-Каспий мұнай қоғамы басқармасының оларды жұмысқа қайта алу туралы талабын қабылдаудан бас тартты. Кеңес болса 26 шілдедегі хатында «бұл құрылысқа қарсы екендігін» мәлімдеді және Доссор, Мақат, Рақуша мұнай кәсіпшіліктерін біріктіріп, 3 тамызда Ембі мұнай ауданы жұмысшы депутаттары кеңесін құрды. Оның төрағасы болып М.Крюков, мүшелеріне – Певцов, Седов, Ершов, Бутузов, Кочнев, Чумаченко, М.Сартов, Антонов, Нестеров, Г.Лысянский, Лысяков және тағы басқалары сайланды. Жұмысшы депутаттары кеңесі және Мұсылман комитеті жұмысшылар құқын қорғауда бірлесе жұмыс істеді. Мысалы, 17 тамызда Доссор Мұсылман Комитеті бітістіру камерасының жұмысын талқылай келе қаулы қабылдады, онда атқару комитетінен қазақтар мен басқа ұлт жұмысшыларының құқықтарын теңестіруде батыл шаралар қабылдауын сұрады және бұл мәселедегі бітістіру камерасының жұмыстарын қанағаттанарлықсыз деп, жұмысшылар мен әкімшілік арасындағы қайшылықтарды шешу мақсатында бітістіру камерасына казак жұмысшыларының өкілдерін енгізуді ұсынды. Мұсылман комитетінің талабымен, Доссор кеңесінің қолдауымен лавка приказшиктері Бекшулин, Тмыров және кеңсе қызметкерлері Дыгин, Лоляев қызметтерінен қуылды.

Қыркүйек айының аяғында Орал-Каспий мұнай қоғамы басқармасы азық-түлік жетіспейтінін алға тартып, кәсіпшіліктегі жұмыстың біразын тоқтатып, жұмысшылардың көпшілігін Астраханға аударуды жоспарлады. Жұмысшылар кеңесі және Мұсылман комитетінің талап етуімен комиссия құрылып, азық-түлік қорын тексерді және «азық-түлік 10 айға жетеді, ал

әкімшілік өндірісті тоқтату үшін жалған хабар берді» деп мәлімдеді. Петроградқа, Еңбек министрлігіне, Сауда және өнеркәсіп министрлігіне, Ембі ауданы мұнай кәсіпшілігі фирмаларының басқармаларына мұнай кәсіпкерлерінің жұмысты қысқарту әрекетіне қарсы болған және жұмыссыз қалатын 6 мың жұмысшыларды қорғау мақсатында жұмысшы және қызметкерлерден құралған делегация аттанды [79, 95а-іс, 29-п].

9 қазанда Гурьев жұмысшы депутаттары кеңесінің атқару комитеті Петроград Кеңесінен «жұмысшыларды жұмыстан қуу туралы жоспарды жүзеге асырмау үшін барлық шараларды қолдануды» сұрап өтініш жасады. Бірақ, делегация мүшелерінің сапары сәтсіз болды: Доссор милициясының бұрынғы бастығы Ибатолла Қаржауов пен жұмысшылар жетекшісі, меньшевик Наумов бастаған алғашқы делегация орнына жұмысшылар Палей, Сейсен Нұрымов бастаған екінші делегация жіберілді. Әкімшілік пен жұмысшылар арасындағы дау 1918 жылдың көктеміне дейін созылды және кәсіпшіліктегі жұмыс процесіне, өндірістің жандануына кері әсерін тигізді. Әбден ашынған жұмысшылар Доссорға келген Орал-Каспий мұнай қоғамының бастығы А.Х.Владосты, инженер Рогалевичті ұстап алып, жібермей қойды және бірнеше ай берілмеген жалақыларын беруді талап етті. Тек 4 айдың жалақысын бірден төлеу туралы А.Х.Владостың жазбаша үкімінен кейін ғана ұсталғандар босатылды. Осы кезеңде Доссорға келген Гурьев Кеңесінің төрағасы В.И.Тяжев митинг ұйымдастырып, онда жұмысшыларды Гурьевтен кетіп жатқан солдаттарды қарусыздандырып, ол қарумен жұмысшы отрядтарын қаруландыруға және кәсіпшілікте толық жұмысшы бақылауын орнатуға шақырды. Бұған қарсы болған Мұсылман Комитеті жұмысшыларды авантюристік шараларға бармауға шақырды, солдаттармен қақтығыстың қауіпті екенін ескертті және жұмысшылар талабын тек заңға сүйене отырып қорғауға болатынын дәлелдеді.

Маңғыстау уезі

Ал бұл кезде территориялық окшаулығына және Маңғыстау үстімен жүретін транзиттік сауданың тоқтауына байланысты форт Александровскідегі азық-түлік комитеті (құрамында Ж.Мынбаев пен Б.Домалақов бар) азық-түлік қорын толықтыру үшін саудагерлерге, мемлекеттік тапсырыс бойынша соғыс қажеттілігіне ет, мал, жүн, тері жинап жүрген кооперативтерге қосымша салық сала бастады және әртүрлі сылтаулармен олардың бір бөлігін алып қалуға тырысты. Мысалы, 15 қарашада «Мюбарек» кемесін ұстау туралы қаулы қабылданды, оның бүкіл жүктері «рұқсатсыз» алып бара жатқандықтан кәмпескеленді. Оның бәрі рота командирінің қарамағына өткізіліп, бір бөлігі форт тұрғындарына арзан бағамен сатылды және түскен ақшаның 25%-ы рота қазынасында қалды. 30 қарашада азық-түлік комитеті, уездік кеңес, пошта-телеграф одағы және Мұсылман комитетінің біріккен жиналысы бакулік саудагерлердің қазақ болыстарынан қой сатып алуы туралы мәселені талқылай келіп, егер саудагерлер сатып алған малдың бір бөлігін форт тұрғындарына азық-түлік комитеті қойған тұрақты бағамен сататын болса және әрбір қой басы үшін 3 сомнан кепілдік ақша төлейтін болса, 20 мың бас қой мен құйрық май алып кетуге рұқсат беретінін хабарлады. Жергілікті биліктің қазақ ауылдарының есебінен форттағы азық-түлік проблемасын шешуге ұмтылған бұл әрекеті малдарын сату арқылы басқа азық-түлік (қант, астық) және басқа да күнделікті өмірге қажетті тауарларды тауып отырған қазақтардың ашу-ызасын туғызды. 12 желтоқсанда бакулік саудагер Искендердің айырбасқа алып келе жатқан қанты «контрабандалық» деген айыппен кәмпескеленді, оған айып салынды, ал қанттың бір бөлігі форт тұрғындарына сатылса, бір бөлігі жергілікті рота гарнизонының қазынасына өтті.

Көріп отырғанымыздай, бұл жердегі басты билік те,

жергілікті әкімшіліктің барлық іс-әрекетінің қозғаушы күші мен сүйеніші де форт гарнизонының солдаттары еді. Алайда, ауыр жағдайға шыдамаған гарнизон солдаттары қазан-қараша айларында қолдарындағы қаруларымен бірте-бірте тарай бастады. Қараша айының соңында Маңғыстауда құрылған жаңа билік органы – уездік Кеңес оны тоқтату мақсатында Ашхабадқа үсті-үстіне жеделхат жіберіп, көмек сұрады және жаңа солдаттар беруді өтінді [40, 172-іс, 166-п]. Бұл бұрынғы тәртіп негізінде басқарып жатқан, Петроградтағы үкімет қаһарынан гөрі жергілікті қазақтардың наразылығынан көбірек қорқатын уез басшыларын қатты алаңдатқаны анық еді.

Айта кету керек, солдаттар саяси оянуы әлдеқайда тезірек қарқынмен жүргендіктен, басқаларға қарағанда деревнядағы өзін-өзі басқару органдарын құру немесе қайта сайлаудың ең белсенді жақтастары болды. Солдаттар деревнядағы шаруалардың «заң және тәртіп» немесе «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» деген орындалмас қиялдарын революциялық саналылықпен ауыстырды. Сөйтіп, деревня белсенділерінде іс жүзінде «принциптер мен теорияларды» «бірден және тез арада» іске асырудың мүмкіндігі туды. Басқаша айтқанда, 1917 жылы революциялық зорлықтың рөлі арта түсті. Демалысқа келген солдаттардың майданға қайта барудан бас тартуы көбейді. Мысалы, Астрахан қаласында демалыстағы 2000 солдат өз комитеттерін құрды және солдат депутаттары кеңесінің атқару комитетін құлатуды талап етті, ол 19 маусымда қарулы бүлікке ұласқан болатын [41, С.87, 91-94]. Бүлік шілде айының басында да басылмады. 22 қазанда Қазан әскери округының қолбасшысы М.Н.Архипов Уақытша үкімет басшысы А.Керенскийге жіберген жеделхатында: «Жағдай өте ауыр, анархия күшеюде, гарнизон бөлімдері екі лагерге бөлінді: біреуі Уақытша үкімет жағында, екіншілері – кеңестер үшін. Жалпы гарнизон мәжілісі бүкіл өкімет билігі кеңестерге беруді талап етуде...» [81] деп жазды. Түркістан әскери округы бөлімдеріне келсек, ол жақтан

түскен хабарлар бойынша «көпшілік солдаттар соғыстың жалғасуына немқұрайды қарайды, алдағы Құрылтай жиналысы сайлауына қызықпайды. Солдат ұйымдары алдарына қойған міндеттерді орындамайды, жайбарақаттық басым. Большевиктер насихаты әсер етуде».

Ауылдар мен деревнялардың саяси өміріне «қара жұмыстан» қайтқан жігіттер жаңа леп ала келді. Мысалы, мұрағат құжаттарында 12-Кавказдық инженерлік-құрылыс дружинасының (негізінен Маңғыстау жігіттері) – барлығы 555 адамды үйлеріне қайтару туралы бұйрық пен олардың тізімдері бар [9, 1079-іс, 344-349 п.]. Әрбір жүздікте 98-102 адам болады деп есептесек, 40-45 адамның сол жақта қалғаны анық. Олардың аурудан өлгендері не қаңғыған оқтан қаза тапқандары белгісіз. Тек 1917 жылдың 14 мамырында «Кавказ және Меркурий» қоғамының «Ван» кемесімен елге оралған 11-инженерлік-құрылыс дружинасының 555, ал 21 шілдеде «Туман» кемесімен оралған 557 жігіт туралы ғана деректер бар. Донецк көмір бассейніне қарасты Маккеевка қаласында Бөкей Ордасынан 591 жігіт болған екен, солардың ішінен денсаулығы тәуір, мықты жұмысшылар қашып кеткен соң, әкімшілік маусым айының басында 224 адамды екі партияға бөліп елге қайтарыпты [24, 1063-іс, 311-п.]. Олардың басым көпшілігі «өз ауылдарына бұрынғы аңқау, саяси мәселелерден хабарсыз адамдар ретінде қайтпағаны да шындық. Олар Ресейде болып жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістерді жете түсінбесе де, түсінуге талпыныс пен құлшынысқа ие болған жағдайда елге қайтты», – деп баға береді К.Нүрпейісов.

Әкімшілік қызметтегілердің қызмет бабын пайдаланып жасаған зорлық-зомбылықтарының өте көп болғаны соншама, қаны қарайған, кекті жігіттер жергілікті өкімет орындарына қарамастан, айыптылардың тағдырын өздері шешуге кірісті. Бір жағынан халық наразылығының өсуі, сотсыз, тергеусіз үкім шығарыла бастауы; екінші жағынан бұл наразылықтың Уақытша үкіметтің жергілікті

органдарына қарсы бағытталуынан қорыққан Астрахан губерниялық атқару комитеті халыққа ерекше жеккөрінішті болған Бірінші және Екінші Теңіз округтарының комиссия мүшелерін қазан айында тұтқындауға бұйрық береді. Олар: правительдер Биляш Шолтыров пен Қайырлы Құрманбаев, дәрігер Махмұд Шолтыров, болыстар мен ауылнайлар және тағы басқалары – Харис және Өтепәлі Артықовтар, Махмұд және Мұхамеджан Юсубалиевтер, Өтепәлі Әлімбаев, Камай Жұнов, Сақыпқали Баймұхамедов, Жадау Бөлкеев, барлығы 11 адам. Бұлардың біразы әлі де болса жауапты қызметтерде жұмыс істеп жатқан болатын және билік ісіне араласу мүмкіндіктерін сақтап қалған еді. Мысалы, Екінші округтың бұрынғы правителі Б.Шолтыров 1917 жылғы наурызда №3 болыс өкілі ретінде өкілдер съезіне қатысты, онда учаскелік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Сәуір айында болған Бөкей Ордасы казактары өкілдерінің съезінде Астрахан губерниялық атқару комитетіне делегат болып сайланды. Алмамыр айында Петроградтағы шаруалар депутаттары кеңесінің съезіне делегат болып қатысып, кейін Астрахан губерниялық жер комитетінің құрамындағы Астрахан және Краснояр уездерінде тұратын казактардың жер комитетінде төраға болды. Тергеу-тексеру барысында «реквизиция» кезінде біраз байлыққа кенелген ерекше өкіл Хлыновтың, бұрынғы губернатор канцеляриясындағы, басқа да билік құрылымдарындағы адамдардың (ал олардың басым көпшілігі жаңа орындарда отырған болатын) аты-жөндері ашылатыны белгілі болды. Әлі де билік басында отырған бұрынғы әкімшілік қызметкерлері істі соза түсті. Сөйтіп, 1917 жылдың 23 желтоқсанында Астрахан Халық Билігі Комитеті барлық айыптаушыларды 55000 сом кепілдікке босатып жіберді [77, 30-п.: 6-іс, 7-п.].

Сонымен, американ советологы Р.Пайпс жазғандай: «Ресейді басқарудағы қиындықтарға үкімет басына келген интеллигенция елеулі мән бермеді. Интеллигенция ұғымынша демократия калыптасқан дәстүр мен мемлекеттік

институттардың ерекше қиыншылықтар арқылы дамыған эволюциясының қорытындысы емес, керісінше, оның жан-жақты ашылуына патшалық деспотизм мүмкіндік бермеген барлық адамға тән табиғи жағдай ретінде қарады. Әкімшілік басқарудан ешқандай тәжірибесі болмағандықтан, интеллигенция басқаруды заң шығарушылықпен алмастырды» [42, С.65]. Үкіметтің экономикалық саясатының күйреуінің басты себебі соғыс болса, екіншіден, үкіметтің ірі меншік иелерінің мүдделеріне қайшы келмейтіндей қатаң мемлекеттік монополия жүргізуге тырысуы о бастан-ақ үкіметтің сауда-өнеркәсіп құрылымдарына тікелей бағынышты болуына байланысты жүзеге аспайтын еді. Уақытша үкіметтің қолынан келмеген қатаң, бұлтасыз батыл шараларды кейіннен, «соғыс коммунизмі» кезінде большевиктер жүзеге асырған еді.

Ал саяси оқиғалардың басты аренасы болған қалаларға, қала тұрғындарына келсек, алғашқы кезде олар өте жоғары саяси белсенділік көрсетті. Бірақ, кейінгі оқиғалар барысы көрсеткендей, қала тұрғындары жарияланған демократиялық идеалдарды қорғап қала алмады және бұрынғыша қасталық кертартпа көзқарастарынан айырыла алмады. Тіпті бір қаланың өзінде бір мамандық өкілдері жұмыс орындарына байланысты құрылған әртүрлі ұйымдарда тұрды. Тереңдей түскен дағдарыс жағдайында орта қалалық топ екі жақты теңестіруші, тұрақтандырушы күш бола алмады. Жаңа ғана қалыптаса бастаған Ресей азаматтық қоғамының негізі бола отырып, олар да өмір деңгейінің төмендеуі мен болашақтың бұлыңғырлығынан жапа шекті, соның нәтижесінде елде билік вакуумы пайда болды да, оны қазан айында радикалдар толтырды.

Земстволық басқаруға көшуге әрекет және Құрылтай жиналысына делегат сайлау

Уақытша үкіметтің жергілікті және өзін-өзі басқару ісін реформалау саясаты жергілікті жерлердегі, ұлт аймақтарындағы буржуазиялық мемлекеттік құрылысты нығайтуы тиіс болатын. Осы арқылы Уақытша үкімет өз жағдайын өркениеттік құқықтық жолмен нығайтқысы келді. Ол реформалардың қамтыған салалары мынадай еді: «а) болыстық земство мен поселкелік басқару құру; ә) земство мен қалаларда сайлау құқығын реформалау, сонымен қатар земстволық және қалалық ережелерге кейбір өзгертулер енгізу; б) милиция құрылымы; в) әкімшілік юстицияның жергілікті органдарының құрылымы; г) Уақытша үкіметтің губерниялық және уездік комиссиялары туралы ереже; ғ) алым-салықтарды жинау тәртібін анықтауға байланысты жергілікті қаржы; д) земствосы жоқ губернияларда жергілікті құрылысты реформалау» [76, С.325].

Қазақ даласында земство енгізуге қазақ зиялыларының, оның ішінде Уақытша үкіметтің жергілікті жерлердегі өкілдері болған Бақтыгерей Құлманов пен Әлихан Бөкейханның үлкен үмітпен қарағаны белгілі. Сондай-ақ, бұрын таныс емес істі қазақ алып кете ме, жоқ па деген күдік те болды. Сол тұста «Қазақ» газетінің беттерінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған қазақ зиялылары земство ісін кеңінен насихаттап, халықтың бұл істі тезірек игеруіне өз ықпалын тигізді. «Земство не нәрсе? – деп сұрақ қояды да, Ә.Бөкейхан оны былай түсіндіреді: – Бір кісінің тізгіні біреуде болып, еркі болмау қандай кемшілік болса, бір тайпа жұрттың өз еркі өзінде болмауы, онан мың есе жаман. Осы кезде қазақтың өзін-өзі билеп отырған бірісі жоқ. Жұрттың тіршілік-шаруа істерін өзі билемей, төрелер билейтін жол зиянды екені айдан анық

болған соң, ескіні қалдырып, жаңа заң шығару керек еді. Ол заңымыз земство, яғни жұрттың билігі өзінде болу». Одан әрі: «Земство жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс-мекеме, жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды... Земство қолға алып қылатын істің бір зоры – бала оқыту. Жұрт жалпы оқуға құл болады... Земство дәрігер жалдап, аурухана салып, ауруды емдетеді... Земство қолында малды емдеу ісі болады... Земство мал сүйегін тазартатын жұртқа өнер көрсетеді... Земство жұртқа егін салу жолын көрсетеді... Земство қойма-склад жасап, жұртқа арзанға егін оратын, пішен шабатын сайман алып береді. Соқасыз, шалғысыз, машинасыз қазақ болмайды... Земство қолында сот болады; судьяны земство сайлап қояды. Милицияны земство жалдап қояды. Земство жол түзейді, көпір салады, арық қаздырады, суалған пішендікті құрғатпайды. Земство егінді, малды страхование қылады. Жұрттың өз тізгіні өзіне келді деген міні. Осы земствоға біздің қазақ шебер адам тауып, көштен қалмаса, біз жұрт болдық», – деп жазды. Айта кету керек, 21-28 шілдеде Орынбор қаласында болған жалпықазақ съезі де осы мәселе бойынша: «1) ...көшпелі де, отырықшы да халық арасында тез арада земство құру қажет; 2) болыстық және уездік гласныйлар сайлау бір уақытта болуы тиіс; 3) болыстық земство басқармасында бес мүшеден артық болмауы тиіс; 4) орыс және қазақ съездеріне уездік, облыстық комитеттер арнайы нұсқаушылар жіберулері тиіс» деген қаулы қабылдаған еді.

Земствосы жоқ губерниялардағы жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды реформалау жөніндегі комиссия Петроград қаласында 28 сәуір – 26 тамыз аралығында жұмыс істеді. Комиссияның 16 мамырдағы мәжілісі Бөкей Ордасында земство мекемелерін енгізуге қажетті басты тұжырымдарды талқылауға арналды және оның жұмысына сарапшы ретінде Жаһанша Досмұхамедов қатысты. Ол осы мәжілісте «уездік земстволық құрылым халықты қанағаттандырмайды, қазіргі кезеңге сай келетіні – Бөкей

Ордасын губернияға айналдыру» деп есептейтінін айтты. Комиссия Ж.Досмұхамедов ұсынысын қабылдамады, өйткені «мұндай көлемдегі мәселені шешу үшін оны жергілікті жерде жан-жақты талқылау қажет, ол земство енгізуді кешіктірер еді. Сонымен қатар, губерния түрінде земство енгізу жаңа қаржылай шығындарды талап етеді, қазіргі жағдайда ол мүмкін емес». Комиссия сөйтіп Бөкей Ордасында уездік земство құрылымын құруды ұсынды, ол Астрахан губерниялық әкімшілігіне бағынышты және орталығы Хан ставкасы (Орда қаласы) болып белгіленді.

16 мамырдағы мәжілісте, сонымен қатар, Орал облысында земство енгізу мәселелері де талқыланды. Талқылау барысында земстволық өзін-өзі басқару принципіне сіңіспейтін, оқшау экономикалық және тұрмыстық уклады бар, басқарудағы өзіндік ерекшеліктеріне байланысты Жайық казак әскерлерінің территориясы даярланып жатқан земстволық басқару реформасының қоластынан шығару дұрыс деп табылды. 23 мамырда Батырхайыр Ниязов пен Уәлидхан Танашев комиссия атынан Бөкей Ордасында земство енгізуге байланысты болатын Петроград қаласындағы мәжіліске шақырылды. У.Танашевқа келген жеделхатта: «Қаржы тапшылығына байланысты облыстық земство құру мәселесі ашық тұр. Бір уездік земство құру да халықтың әр жерде шашырап орналасуына, алыстығы мен жол қиындығына, шаруашылық түрлерінің әрқилығына байланысты өте ыңғайсыз. Сондықтан екі уез пайдалы: бірінші уез – орталығы Казанка, оған Таловка, Қамыс-Самар қисымдары, Бірінші округ және Нарын қисымының бір бөлігі; екінші уез – орталығы Хан ставкасы, оған Торғын, Қалмақ қисымдары, Екінші округ пен Нарын қисымының қалған бөлігі кіреді. Уез аттары Самар және Хан» [24, 4566-іс, 11-12 п.] деп Петроградқа жеткенше жұмыс бағытымен таныстыра берді.

Уақытша үкімет земстволық басқару үлгісін Қазақстан территориясында да енгізуді жоспарлағанымен де, оның толыққанды жұмыс істеуін қаламады. К.А.Жиреншин

көрсеткендей, «земство құрылғаннан 2-3 айдан кейін ондағы өкіметтің жұмысы тек пошта ұйымдастырумен ғана шектеледі, ал мәдениеті төмен және Ресеймен өзінің мемлекеттік байланысын бұрынғыдан әлсіз сезінетін бұратаналар толық билікке ие болады» деп қорыққан үкімет басқарудағы жалпы жеңілдіктерге, билікті орталықтан жергілікті жерлерге беру бағытындағы саясатқа қарамастан. Қазақстанда земстволық және әкімшілік басқарудың аралас түрін енгізуге тырысты. Оның мәні, отарлардағы бұл жаңа құрылым (земство) мемлекеттің саяси және ұйымдық негізін шайқалта ма деп қорыққан Уақытша үкіметтің ұлт аймақтарды ұзын арқан, кең тұсауда ұстау саясаты еді.

Орал облысы округтік комиссиясы территориясына Жайық казак әскерлері жері, Орал облысының қазақтар мен қоныс аударушы орыстар мекендеген бұқар жағы және Закаспий облысының Маңғыстау уезі енді.

Кесте 12. Каспий теңізінің қазақстандық аймағы бойынша Құрылтай жиналысына депутат сайлауға байланысты халық саны мен баратын депутаттар саны [74, 354-356 б]:

Сайлау округі	Барша халық саны	Бүкіл округтан депутаттар	Округ қазақтары, %	Қазақ халқының саны	Қазақ депутаттары	Қазақ кандидаттар
Орал	1051900	5-6	56,9	656579	3-4	7
Маңғыстау	88616	-	-	-	-	-
Бөкей Ордасы	307284	2	100	307284	1-2	3

Орал қаласында – 7, Орал уезінде – 211, Гурьев уезінде – 198, Темір уезінде 332 участок құрылды. Оған қоса, Орал қаласында және Темір уезінде әскери сайлау учаскелері құрылды.

Облыстық округтік комиссиядан негізінен 4 тізім бекітілді. Олар:

1) Орал облыстық қазақ комитеті, тізімде:

Х.Досмұхамедов, Н.Ипмағамбетов, Ғ.Әлімбеков,
С.Қаратілеуов, Ғ.Есенғұлов, И.Қашқынбаев;

2) Социал-революционерлердің (эсер) Орал ұйымы, тізімде:

А.Н.Тихонов, Н.Я.Мраморов, И.Г.Попов;

3) Жайық казак әскерлерінің войсковой съезінен, тізімде:

Н.А.Бородин, И.Кожевников, Т.М.Фомичев,
Н.Д.Максимичев, Ф.А.Еремин, Е.Е.Фофанов;

4) Мұнай кәсіпшілігінен – Д.Б.Колосов, А.С.Зубков.

Гурьев уездік Қазақ атқару комитеті 2 шілдеде Доссор атқару комитетіне: «Үкіметтің 17 маусымдағы дала облыстарына земство енгізу туралы қаулысына сәйкес шілде айының ішінде төрт данадан тұратын, 20-жастан бастап барлық тұрғындардың тізімі тоқтаусыз жасалсын. Ол тізім негізінде болыстық, облыстық гласныйлар, сондай-ақ Құрылтай жиналысына өкілдер сайланады. Болыстық, уездік және облыстық земстволар құру тамыз айының ішінде аяқталсын, ал Құрылтайға өкілдер сайлау 17 қыркүйекте бітуі тиіс» [54, 288-іс, 106-п.] деген жеделхат жіберді. Ал 8 шілдедегі №427 жеделхатында Доссор мен Мақатта бұрындары болыстыққа кірмеген поселкелер мен кен орындарындағы жұрт земство ашылғанда белгілі бір болыстықтарға кіргізілсін дейді.

1917 жылдың 1 шілдесінен бастап Астрахан облысының Қалмақ даласы мен Бөкей Ордасында земстволық басқару енгізу туралы Уақытша үкімет қаулысы енгізілді. Осыған байланысты сословиелік, мүліктік және кейбір басқа да

шектеулер жойылды, Ордалық земство басқармасына – губерниялық азық-түлік комитетінің, ал учаскелік земство басқармасына уездік азық-түлік комитетінің құқықтары мен міндеттері берілді. Сонымен қатар, бұрын құрылған қоғамдық ұйымдардың болыстық, учаскелік және Орталық атқару комитеттері жойылып, оның істері земство басқармасына қайтарылды. Орда комиссары Б.Құлмановқа жіберген жеделхатта ішкі істер министрі Хижняков: «... Сізге Уақытша үкімет пен Орталық Комитет өкілі, казак халқының ерекше мұқтаждықтарын білдіруші ретінде Губерниялық Комитетпен және Губерниялық комиссармен толықбайланыста жұмыс істеу керек. Барлық күшті І шілдеде Уақытша үкімет бекіткен, Ордада земство мекемелерін енгізу туралы заңды жүзеге асыруға жұмылдыру қажет» [24, 4565-іс, 1-п.] деп нақтылады.

Бөкей Ордасында земстволық басқару енгізілуіне байланысты 26 маусымда Астрахан қаласында үлкен мәжіліс болып, оның жұмысына Орда Орталық Комитеті төрағасының орынбасары Мәуби Жұмалиев қатынасты. Орда комиссарының көмекшісі И.Мендіханов, Жер комитетінің мүшелері Ақбаев пен Жақыбалиев, Орталық Атқару Комитетінің басқа мүшелері земство енгізуге қажетті құжаттар даярлау үшін жан-жаққа аттанды. Осы жұмысты ұйымдастыру, басшылық жасау үшін Ново-Казанкадан С.Меңдешов шақырылды. Әрбір қисымда 35 гласный жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыспен сайлануға тиіс болды. Сайлауға жасы 20-дан асқан екі жыныстың, барлық ұлттар мен діндердің өкілдері қатыса алатын еді. Жергілікті жерлерде учаскелік сайлау комитеттерін құру барысында оның жұмыстарына барлық қоғамдық ұйымдардың өкілдері тартылды, комиссия туралы ережеге сәйкес олардың саны он адамнан артық болуы тиіс еді.

Мысалы, 20 тамызда Қамыс-Самар қисымында учаскелік земство енгізу жөніндегі аудандық жетекші Нұғыман Залиев

атқару комитетінің мәжілісін ашып, құрамы 16 адамнан сайлау комиссиясын құрды. Сайлау комиссиясының құрамы жергілікті басқару органдары мен сол кездегі барлық демократиялық ұйымдардың: азық-түлік комитеті, жер комитеті, поселкелік комитет, Қазақ демократиялық федералистер партиясы, дәрігерлік-санитарлық ұйым, тұтыну қоғамы, мұғалімдер одағы, имамдар одағы, «Білім бірлігі» мәдени-ағарту қоғамы, жастардың мұсылмандық «Яшлар үй шмасы» үйірмесі және тағы басқаларының өкілдерін камтыды [24, 4558-іс, 32-33-п]. Қисым территориясында 72850 адам болатын, олар үшін алты сайлау округы құрылды, ол 54 сайлау учаскесіне бөлінді. Земство сайлауы – 24 қарашаға, ал Құрылтай жиналысына делегат сайлауы 27 қарашаға белгіленді.

Орда комиссарының және Орталық Атқару Комитетінің 5 және 6 қыркүйектегі «Екінші Теңіз округында земство енгізу туралы» ұсыныстарына сәйкес, учаскелік комитет бес сайлау округын құрды, әр округтан 6-8 гласныйдан сайланды. Сонымен қатар болыстық сайлау комиссиялары құрылып, 13 болыста 49 комиссия мүшесі болды.

Қалмақ қисымы территориясы да бес сайлау округына, ал барлық сайлау округтары 20 сайлау учаскесіне бөлінді. Округтық сайлау комиссиясының басшылары болып дәрігер Ахмет Ниязов, мұғалімдер Ғимран Мамаев пен Сейітқали Меңдешов, Нұрмұхамед Ақбаев, Әліпқали Қаденов бекітілді.

21 қыркүйекте болған Торғын учаскелік атқару комитетінің мәжілісі учаскені бес сайлау округына бөлді, әр округ 2-3 болыстан тұрды және 6-9 гласныйдан сайлады.

1 қазанда болған Нарын және Таловск учаскелік атқару комитеттері учаске территорияларын төрт округтан бөлді және ондағы комиссия мүшелері мен сайлау тәртібін бекітті. Нарын учаске территориясында бұл кезеңде 35912 адам тұрған еді. Комиссия «халықтың алдағы сайлауларға көзқарастары жақсы, сайлауға байланысты комиссияларда

жекелеген адамдарды бекіткенде өздерінің келісімдерін ойланбай беруде» деп көрсетті.

Сайлауға дайындық және оны жүргізу барысында бұл іспен бұрын таныс болмаған жергілікті жерлердегі комиссия мүшелерін оқытып-үйрету, оларға әдістемелік көмек көрсету, жұмыстарын жалпы заңдармен үйлестіру мақсатында 2 қыркүйекте Саратов қаласынан лектор А.В.Куликов келді. Ол болыстық, уездік және губерниялық земство енгізуді ұйымдастырушы болып тағайындалды. А.В.Куликовқа жергілікті мекемелермен, лауазым иелерімен байланыс жүргізу, нұсқаушылар шақыру, жергілікті жерлердегі сайлау комиссияларының жұмыстарымен (олардың құжаттарын және комиссияның бүкіл іс қағазын тексеру арқылы) танысу, нұсқаулар мен түсіндірмелер беру құқықтары берілді. А.В.Куликовтың шақыруымен нұсқаушылар ретінде Саратов қаласынан – В.А.Баранов, Е.И.Ламский, Иванский, Скаржинский; Новоузенск қаласынан – студент Е.Ф.Виноград; Қызылқұттан – Овсянников келді [24, 4565-іс, 22-п]. Сонымен қатар, бұл жұмысқа өз еріктерімен, қоғамдық негізде жұмыс істеуге тілек білдіргендер де тартылды. Мысалы, мұрағат құжаттары арасында Киев институтының 2-курс студенті Уахит Мұсағалиевтің «земство мекемелерін енгізуде нұсқаушы ретінде қызметке алсаңыздар екен, үш ай демалыста жүрмін» деген арызы бар. Дәл осындай арыз мұғалім Сейсен Байтуғановтан және тағы басқа азаматтардан да түсіп жатты. Бұл қазына есебінен ақша тауып, ел аралап, ет жеп, қонақ болу пайдасын ойлаған пысықайлардың емес, бұл іске шын ниетімен жаны ашыған, бұқара халықтың құлдық құрсауынан құтылу жолындағы алғашқы қадамына тілекші болған, елін сүйген азаматтардың саналы көмегі еді.

Земстволық басқару енгізуге байланысты жер-жерлерде съездер, үлкен жиындар болып жатты. Мысалы, 13-17 қазан аралығында Үштағанда үлкен съезд болып, онда сайлауға, оны ұйымдастыруға, гласныйлардан кандидат ұсынуға байланысты мәселелер қаралды. 13 қарашада

өткен осындай жиынға Қамыс-Самар учаскесінің барлық қоғамдық өкілдері қатысты.

Алайда көптеген жерлердегі жұрттың саясатқа көңіл аударарлықтай халі жоқ еді. Оған себеп – жер шалғайлығы, соған байланысты ұйымдастыру жұмыстарының толық жүрмеуі, халықтың бұл шараларға байланысты іс-әрекеттерден хабарсыздығы, оған қоса, әбден діңкелеткен соғыс, таусылмас алым-салықтар және қолайсыз ауа райына байланысты ауыл шаруашылығындағы дағдарыс, аштық қаупі еді. Бірінші Теңіз округы сайлау комиссиялары «алдағы сайлау туралы халықтың түсінігі бұлдыр» деп көрсетсе, Екінші Теңіз округынан 18 қазанда келіп түскен жеделхатта: «...Сайлауға даярлық жұмыстары сәтті жүруде. Барлық комиссиялар ұйымдасты, үшінші тізім ілінді, шағым түскен жоқ... Бірақ су қатты көтеріліп кетті, жол жоқ, хабар алмасу өте қиын. Су тасқыны, лайсаң бәрін бүлдіргелі тұр. съезд 23-іне ауыстырылды. Келесі бәле халықтың үлкен немқұрайдылығы, байланыс үзілуде, қолдарынан іс келетін адамдар жұмыстан бас тартуда... Партиялық тізім болмайды. Тезарада Құрылтай жиналысына кандидаттардың тізімін және бюллетень жіберіңіздер», – деген. 9 қазанда болған Торғын учаскелік атқару комитетінің мәжілісінде комиссия мүшелері есеп берді және №1 сайлау округының төрағасы мен №1, 8 болыстардың сайлау комиссияларының төрағаларының өз қызметтерінен бас тартқан арыздары қабылданды. Жұмыстан босатылғандардың айтуы бойынша, округ бойынша жолсапарға шығуға ешқандай қаржы да, көлік те бөлінбейді. Кез келген реформаны, соның ішінде халықтың болашағын шешетін реформаны жүргізу онайшылықпен болмайтыны түсінікті. Алғаш рет демократиялық сайлау арқылы өз мемлекетінің негізін қайтадан қалпына келтіруге тырысқан Бөкей қазақтарына бұл іс көп күш-жігерді, шыдам мен төзімділікті қажет етті.

Көптеген қиындықтарға қарамастан, земство сайлауын жүргізу жұмыстары жалғаса берді. Барлық салмақ пен

жауапкершілік учаскелік сайлау комиссияларына түсті. Мысалы, 11 қазанда өткен Қамыс-Самар учаскелік атқару комитетінің мәжілісінде қаралған мәселелердің кейбіреулеріне тоқталсақ:

«...2. Ауылдарға хаттамалар нұсқасын, комиссар үндеуін жеткізу;

...5-6. Учаскелік комиссия төрағаларын ауыстыру;

7. Сайлауалды насихат жүргізу үшін шұғыл құрамында 30 адам бар комиссия құру;

8. Бірінші округ үшін 31 сайлау жәшігін дайындау;

9-10. Земство енгізу, кезекшілік орнатуға байланысты және тағы басқа да нұсқаулар тарату;

12. Сайлауалды науқан жүргізу үшін шұғыл 3000 сом босатуды сұрау;

...14-15. Территориялық мәселелер бойынша, земстволық салықтар бойынша комиссия құрамын бекіту;

16. Халыққа білім беру ісіне мәлімет беру;

17. Халық саулығы туралы;

18. Пошта ісі бойынша;

19. Мировой судьялар және мировой соттар жайында;

20. Құм тоқтатудағы салықтар туралы;

21. Земстволық басқарма, оның штаттары туралы» [24. 4557-іс, 89-п].

Бөкей Ордасы Орталық Атқару Комитеті, Орда комиссары Б. Құлманов Ресейдің басқа губернияларымен, көршілес Астрахан қаласымен байланысып, земство сайлауының заңға толық сәйкес өтуі үшін бар күшті ұйымдастырды. Мысалы, земстволық сайлау бюллетеньдері, Құрылтай жиналысына байланысты жеке куәліктер, сайлау жазбаларының үлгілері, заңдар, сайлаушылар тізімі жазылатын және сайлау күні туралы хабарландырулар Саратов пен Астрахан қалаларында даярланды.

Земство енгізуге байланысты ауыр да мәртебелі жұмыс өз мәресіне жақындады. Бірінші учаскелік земство жиналысының ашылуына орай учаскелік комитеттер

жұмыстарын тоқтатып, олардың мүлкі, есебі, іс-қағаздары земство жиналысына тапсырылуы тиіс болды. Сонымен қатар, жер-жерлерде бірінші земство жиналысына баяндама даярлау үшін комиссиялар құрыла бастады. Торғын учаскелік атқару комитеті өзінің 16 қазандағы мәжілісінде осы мәселе бойынша ақыл-кеңес алу үшін Орда комиссары Б.Құлмановты, земство ісін ұйымдастырушы А.В.Куликовты, С.Меңдешовты және тағы басқа жауапты адамдарды шақыру туралы қаулы қабылдады. Мұндай шақырулардың жер-жерден көптеп келуіне байланысты Орталық Комитет қазан айында «Астраханский вестник» газетінде алғашқы земство жиналысының бағдарламасын жариялап, бұрын осы салада жұмыс істеген мамандарды шақырып, олардың ақыл-кеңестерін сұрап, жер-жерге жар салды. Әсіресе халыққа білім беру ісі – мектептік және мектептен тыс жұмыстар аса маңызды, әрі кейінге қалдыруға болмайтын іс деп көрсетілді. Сонымен қатар Орталық Атқару Комитеті Ресей губерния орталықтарына жеделхат, қатынас қағаздарын жіберіп, земство ісін ұйымдастыруда өздерінің іс-тәжірибелерімен бөлісуді ұсынды. Ондай көмектер келіп те жатты. Мысалы, Тверь губерниялық земство басқармасы земство жұмысын жоспарлау және жүргізу туралы кітаптарды жібере отырып, «земстволық пошта жолы, құм тоқтатуға байланысты алым-салықтар мәселесі қойылған соң, алғашқы жиналыстан бастап-ақ қоғамдық мәні бар, оның ішінде медицина, мал емдеу ісі, болашақ земство қызметкерлеріне қартайған не ауырған кезінде көмектесу туралы мәселелерді қарамауға негіз жоқ» деп ақыл қосады. Калуга губерниялық земство басқармасы да земство жиналысы журналдарын, әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың материалдарын, смета есептерін жібереді. Бұл материалдардың барлығы да Бөкей Ордасында земстволық басқару енгізуде орасан зор жұмыстар атқарып жатқан Орталық Атқару Комитеті мен учаскелік комиссияларға үлкен көмек болды.

Земстволық сайлауға және Құрылтай жиналысына

депутаттар сайлауға әртүрлі себептермен халықтың біраз бөлігі қатыса алмады. Мысалы, Бірінші Теңіз округы комиссиясы сайлау басталмастан бұрын-ақ 26 мың сайлаушының 8-9 мыңы ғана дауыс беруге келеді деп топшылады. Өйткені, 9 мыңдай адам жұтқа, шаруашылықтағы дағдарысқа байланысты көшіп кетсе, 3 мың адам Астрахан губерниясының балық кәсіпшіліктерінде жұмыс істеді. Қалған 14 мың сайлаушыдан – 7 мың ер адам және 2 мың әйел, барлығы 9 мың сайлаушы келеді деп жоспарланды.

Сайлау барысы бұл топшылаудың дұрыс екенін көрсетті. Сайлауға қатысқан адам санына байланысты кейбір мәліметтер келтірсек. Нарын қисымы №1 сайлау округы бойынша: тізімдегі 4115 сайлаушының ішінде дауыс бергендер саны – 1221 адам (барлық сайлаушының 29,7%-ы); №2 сайлау округы бойынша: 4294 сайлаушының 3419-ы (79,6%); №3 сайлау округы бойынша: 4723 сайлаушының 1247-сі (26,4%); №4 сайлау округы бойынша: 4938 сайлаушының 1235-і (25%) дауыс берді [24, 4557-іс, 67. 67-об.п. 68. 68-об.п.]. Кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, барлық сайлау учаскелері бойынша сайлау қорытындысы осыған ұқсас болды. Ел ішіндегі ауыр жағдайды, көшіп-қонуға байланысты қиыншылықтарды және халықтың мұндай сайлауға бірінші рет қатысып отырғанын ескерсек, шамамен барлық сайлаушылардың 40 процентінің дауыс беруі өте жоғары көрсеткіш болатын. Қалмақ қисымы бойынша сайланған гласныйлар арасында Нұрмұхамед Акбаев, Сейітмұхамед Бөкейханов, Ерғали Мұқашев, Ысмағұл Қойбақов, Меңдіғали Сариев, Досығұл Темірәлиев, Отешқали Атаниязов, Срәлі Бекенов, Қамидолла Меңдалиев және тағы басқалары болды. Торғын қисымы № 2 сайлау округынан – Абдолла Есқалиев, Мәтіш Измайлов, Жамалетдин Тастанов, Есімғали Қобланов, 58 жасар Тасқара Қоқаманов және тағы басқалары сайланды. Заң бойынша земство сайлауына түсуге үкімет комиссарларына, олардың көмекшілеріне және орынбасарларына, милиция

қызметкерлеріне тыйым салынған болатын. Ал басқа әкімшілік лауазымдардағы адамдар бұл сайлауға түсіп, жеңгендері халық қалаулысы атанды. М. Қойгелдиев жазғандай: «Ұлттық бостандық пен бірлік үшін күрес кезеңінде ашықтан-ашық феодалдық аристократияны шектеуге бағытталған шараларды күн тәртібіне қоюдың өзі де қазақ қоғамының бөлініп-жарылуға ұрындырмай қоймайтын еді. Сондықтан да қазақ зиялылары сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескере отырып, ондай қадамға саналы түрде барған жоқ деп айтуға толық негіз бар» [45, 311-б].

Депутаттыққа кандидаттарды халыққа таныстыруда, Құрылтай жиналысының атқаратын міндетін түсіндіруде «Қазақ» газетінің рөлі зор. 10 қазанда Орынбордан М.Дулатов Ордаға жеделхат жіберіп, онда «тез арада «Қазақ» редакциясына ақырғы бекітілген депутаттарға кандидаттар тізімін хабарлаңыздар» деп сұрау салды. Депутаттыққа кандидаттарды таныстыру барысында Уалидхан Танашев жайында жазады, оның заңгер, Қазан университетінің түлегі екенін, Қазанда қызмет атқарып, татар жұртына ұнап, оның атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылып отырғанын білдіре келіп: «Еліне көп тұрмаған соң Бөкей жұрты Уалидханды жақсы білмесе ғажап емес. Уалидхан жігерлі, таза, іскер, ұлтшыл, зиялы азамат», – деп көрсетті.

28 қазанда «Қазақ» газеті Алаш партиясы атынан (бұл кезде «Алаш» партиясы ұйымдық жағынан ресми түрде құрылмағанына қарамастан, Құрылтай жиналысына өз алдына бөлек партия немесе блок ретінде түсті) Құрылтай жиналысына Орал облысынан депутаттар тізімін ұсынды. Онда: «Халел Досмұхамедов – доктор, Орал облысының қазақ комитетінде председатель һәм областной комиссар помощнигі. Жаһанша Досмұхамедов – юрист, Петроградтағы Шура-и Ислам ағзасы. Нұрғали Ипмағамбетов – военный доктор. Ғабдолла Әлібеков – областной қазақ комитетінде ағза. Сәлімгерей Қаратілеуов – агроном, облыстық комитетте

ағза. Ғұмар Есенғұлов – доктор, Темір уезінде комиссар. Ғайса Қашқынбаев – доктор... Барша казак кәрі-жас, еркек-әйел демей, жасы 20-ға толғандары тегіс осы списоктерге тас салу керек. Қапыда қалма, жұрт, бір кісінің дауысы кем болса да, казак сыбағасы кететін реттер бар» [74, 447-б.] деп халықты бірауыздылыққа, ұлттық мүдде төнірегіне топтасуға шақырды.

Жалпы, Құрылтай жиналысына сайлау нақты жағдайдың киындығына, көптеген заң бұзушылыққа, кейбір аймақтар бойынша мәліметтердің толық еместігіне қарамастан, казак елінің тарихында тұңғыш еркін сайлау болды. Сондай-ақ, ұлттық мемлекет құру идеясын ту етіп көтерген казак зиялыларының, «Алаш» партиясының ортақ мүдде үшін халықты біріктірген ірі жеңісі болды.

Сайлау қорытындыларына келсек, Гурьев уезі құрамына кірген Орал округындағы сайлау барысында: №1 тізім бойынша түскен Орал облыстық казак комитеті округ бойынша 278014 (бар дауыстың 75%-ын), Орал қаласы бойынша 976 (8,3%) дауыс жинады. Олардың басты қарсыласы Жайық казак әскерлері округ бойынша – 61476 (16,6%), қала бойынша 7248 (61,3%) дауыс жинады.

Гурьев уезі мен Гурьев қаласы бойынша мәлімет жоқ, дегенмен бүкіл облысқа тән жағдай бұл жерде де болды деп айтуға толық негіз бар. Қала бойынша халықтың жартысын құраған Жайық казактары мен Өзге қаладан келгендер одағы басым болса, уез бойынша «Алаш» партиясының мерейі үстем болса керек.

Мұнай кәсіпшіліктеріне келсек, 11 қыркүйекте Доссорда, Ракушада, Мақатта, Ескенеде Құрылтай жиналысына делегат сайлауға байланысты сайлау комиссиясы құрылды, комиссия құрамында К.К.Тушовский, А.А.Гундиорин, М.К.Григорьев, М.Г.Махунин болды. 3 қазанда Доссор атқару комитеті алты сайлау учаскесін құрды [54, 288-іс, 18, 27-п]. №4 тізім бойынша шаруалар және қаладан тыс тұратындар одағы эсер партиясымен бірлесіп, ал №5 тізім

бойынша жұмысшы депутаттары кеңесі өз өкілдерін ұсынды. Құрылтай жиналысына делегат сайлау 12-14 қарашада өтті. Толық емес мәліметтер бойынша мұнай кәсіпшіліктерінен эсер партиясының 2 өкілі – Д.Б.Колосов пен А.С.Зубков және 1 кадет партиясының өкілі жеңіп шыққан.

Кесте 13. Орал облысы бойынша Құрылтай жиналысына депутат сайлауға байланысты негізгі саяси күштердің жинаған дауысы [82, С.317-318]:

Сайлауға катысқан негізгі саяси күштер	Жиналған дауыс	%	Орал қаласы бойынша	%
1	2	3	4	5
Орал облыстық казак комитеті	278014	75	976	8,3
Жайық казак әскерлері	61476	16,6	7248	61,3
Шаруалар және өзге қаладан келгендер одағы	25921	7	2730	23,1
Эсерлер партиясы	5185	1,4	865	7,3
Барлығы:	370337	100	11817	100

Бөкей Ордасында Құрылтай жиналысына делегат сайлау 26-28 қарашада болды. Екі орынға балама негізде төрт кандидат түсті, олар – Б.Құлманов, У.Танашев, Қ.Сармолдин және С.Нұралыханов. Сайлау қорытындысы бойынша Құрылтай жиналысына делегат болып Бақтыгерей Құлманов пен Уалидхан Танашев сайланды [24, 4556-іс, 4-п]. Әр қисым бойынша сайлау қорытындылары бірінші тізім кандидаттарының басым артықшылықтарын көрсетті.

Кесте 14. Бөкей Ордасы бойынша Құрылтай жиналысына депутат сайлау қорытындылары [83, С.141]:

Комиссия атауы	Бірінші тізім кандидаттары		Екінші тізім кандидаттары		Есептелген дауыс	Есептелмеген дауыс
	Танашев Уалидхан	Құлманов Бактыгерей	Сармоллин Қасым	Нұралыханов Сәлімгерей		
Торғын	1369	1292	420	350	3431	11
Қамыс-Самар	5127	4905	239	14	16285	7
Таловка	2529	2105	1262	723	7019	2
Нарын	585	585	1656	1656	4482	12
Қалмақ	1287	1288	31	30	2636	1
Теніз	2427	2427	1324	1323	7501	-
Барлығы:	13427	12607	5232	4096	41354	33

Құрылтай жиналысына депутаттар сайлауда Алаш қозғалысының жеңіске жетуіне себеп болған елдегі ұлтшылдықтың жалпы өсуі кезіндегі «Алаш» партиясының ұсынған ұрандарының халық арасында кең қолдау табуымен қатар, патриархалдық қоғамдағы әдет-ғұрыптармен байланысқан ұстанымдардың мықты негізі болатын. Ол революцияға дейін-ақ танымал болған Алаш жақтаушылары ықпалының кең таралуына жағдай жасады. Бұл факторлар, сонымен қатар қалың бұқара мәдениетінің төмендігі және саяси талғамсыздығы олардың «партиялығын» құрады деп жазады Д.А.Аманжолова [4, С.27].

Жанадан құрылған земствоның жұмыстары туралы кейбір үзік деректерге тоқталсақ, «Қазақ» газетінің 31 желтоқсанда жарық көрген №257 санында: «1 декабрьде уездік земский собрание ашылды. 60 уездный гласныйдың 54-і келді. Земельный собранию доктор

Ғайса Қашқымбайоғлы председатель болды. Кеңес жақсы өтті. Қазақ халқы земствоны алып жүре алады деген үміт туғызды. Уездный управаға сайланғандар: председатель – Бижанғали Жанқадамұлы, орынбасары – учитель Салих Тұрмантайұлы». – деп жазады.

1917 жылдың күзінде «Таловкада Алаш съезіне делегат және қисымдық алаш атқару комитетін сайлау мәселесінде Иван.ЕфимПанченко басқарған қарулы топтың қарсылығына карамастан («Бізге алаш өкіметі керек емес, Ресейде Совет, біз соны қолдаймыз, тараңдар!»), Ғұмар Қараш, мұғалім Хан Жакыбадиев №6 болыс кеңсесінде болыстардан алаш съезіне сайланған 35 гласный өкілдерін жинайды, қисымдық алаш комитеті сайланып, төрағасы Батырқайыр Ниязов. Орынбордағы қазақ 2-съезіне екі делегат: Сейітхан Әжігереев пен Ибраһим Мұлкашев сайланды», – деп жазады И.Кенжалиев «Ғұмар Қараш» атты еңбегінде [15, 97-98 б.].

Бұл кезде Петроградта Уақытша үкімет құлатылып, большевиктер өкімет басына келді де, аласапыран заман басталды. Ә.Бөкейхан. А.Байтұрсынов. М.Дулатов, С.Досжанов және Е.Ғұмаровтардың Орынбор қаласына «жалпықазақ съезін шақырайық» деп жазған жеделхатында: «Бүкіл мемлекет қазір бетімен жайылып кетті. Кешікпей талан-тараж, қырғынға айналатын түрі бар. Алалық, алтыауыздық, біреуге біреу сенбеу күшейді. Әр адам, әр халық өз қамын ойлап, өзін-өзі қорғайтын күн туды... Оқиғалардың сүреңі жаман: қам кылмай, қол қусырып отыра берсек, алдымен қазақ халқы сорлайтын түрі бар... Егер біз өзімізді өзіміз қорғай алмасақ, бүліншілік зорайып, қиыншылыққа айналғанда қазақ халқы құрбан болады... Алаш баласының басына бір сын, бір күн туды» [57, 258-б.] деп жаңа өкімет келуіне байланысты, болашақта болар азамат соғысының кесапаты қазақ халқына тие ме деген қорқыныштарын жасырмай, елді бірлікке, елдікке шақырды. Алайда, Құрылтай жиналысының таратылуы, Джеффри Хоскинг жазғандай, «алдыңғы қатарлы мемлекеттің

карапайым қоғамдық өзін-өзі басқарудың алдында тізе бүккенін көрсетті».

Дегенмен де, земство ашу ісі 1918 жылы да жалғасты. Орал облыстық земстводық басқармасы 1918 жылы қаңтарда Қаратөбе съезінде құрылып, Жаһанша Досмұхамедов төрағасы болып тағайындалды. Ол туралы «Қазақ» газеті: «Мұнда автономиялық құрылым мәселесі талқыланумен қатар екінші земство сайлауы өткізілді. Жайықтың бұқар бетіндегі 600 мың казакты түгел басқарған управа орталығы Оралдан 18 шақырым Барбастау поселкесінде орналасты. Төрағасы – Ж. Досмұхамедов», – деп жазды. Қазақ земстводық басқармасы казактар арасындағы азаматтық істерді басқаруы тиіс болды. Орал облыстық земствосының төрағасы земствоның маңыздылығы туралы өз ойын былайша білдірді: «Земстводық мекемелер қазіргі таңда казактардың қоғамдық өмірін жандандыру үшін аса қажет. Ағымдағы сәт үшін бірден-бір тиімді ұйым».

Бәрімізге белгілі, ХХ ғасыр басында Қазақстанда ұлттық жұмысшы табы әлі қалыптасып болған жоқ еді, сондықтан ХІХ-ХХ ғғ. батыс өркениетіне тән қызметкердің әлеуметтік бейімделуі және құқығын қорғау институты да көпшіенділер мәдениетінде болған жоқ. Алайда, бұл жердегі басты проблема елдің орталық-еуропалық бөлігіндегідей таптық көзқарасты, таптық ұстанымды жүзеге асыруды қайталаудың мүмкін болмауы еді. 1918 жылғы наурыз айында-ақ Алаш ұлттық қозғалысы басшыларының В.И. Ленин және И.В. Сталинмен жүргізген алғашқы келіссөздерінде басты сурақ пролетариат диктатурасының принциптерін қолдану мәселесі болғаны тегіннен-тегін емес. Алаш басшыларының бірі Ж. Досмұхамедов осыған байланысты былай деген: «Жалпы бізге кеңестерлі ұйымдастыру қиын-ақ. Оларды ешкімнен күрай алмайсыз. Жұмысшы жоқ десе де болады, солдат та жоқ...». Ол сондықтан бәрінен де земство жақынырақ деп тұжырымдайды [84, С.67]. Қазақ қоғамының құрылымдық әлсіздігі мен саяси

мәдениетінің төмендігін ескере отырып, Алаш қозғалысы екілері пролетариат диктатурасы идеясынан бас тартқан болатын. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашасында басылған Алаш партиясының бағдарламасының жобасында жұмысшыларға байланысты «қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. Алаш партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик табының программасын жақтайды» деп көрсете отырып, жұмысшы заңдарын даярлау қажеттілігін көрсетуі де тегіннен-тегін емес еді.

Сөйтіп, Ақпан төңкерісінен кейін орнаған жаңа, демократиялық, революциялық үміт пен азаматтық келісім жағдайында қазақ зиялылары қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған бостандық, еркіндік, елдік, теңдік тілегін жүзеге асырар уақыт жетті деп есептеді. Уақытша үкімет ұсынған саяси ойын талаптарын қабылдай отырып, қазақ зиялылары заң жүзінде, қантөгіссіз, эволюциялық жолмен ол тілектерді жүзеге асыруға болады деп сенді, сол бағытта жұмыс істеп, кез келген арандату мен «революциялық шыдамсыздықтан» сақтандырды. Алайда, демократияға үйренбеген, әрі соғыс пен аштық, жалпы бүліншілік қаупі қосылған Ресей империясының басты саяси күштері отар елдер мен оның халықтарының мүдделерімен есептеспестен, бірін-бірі құртпай тынбайтын ауыр да азапты, қантөгіске толы азаматтық соғысты бастап кетті. Орыс халқы мен отар елдер халықтары, оның ішінде қазақ халқы да, оның арман-тілегі де бұл «революциялық шыдамсыздыққа» негізделген азамат соғысының құрбандығына айналды.

Аймақта кеңес өкіметінің орнауы және қоғамдық-саяси, шаруашылық өмірдегі өзгерістер. Бөкей Ордасындағы ахуал

1917 жылғы Қазан төңкерісі нәтижесінде Петроградта Керенский басқарған Уақытша үкімет құлап, кеңестердің Бүкілресейлік II съезі өкімет билігі «жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың орасан басым көпшілігінің еркіне сүйенген» кеңестердің қолына көшкенін жариялады. Кеңес өкіметі Уақытша үкімет шеше алмаған соғыс, жер, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы, өндіріске жұмысшы бақылауын орнату, азық-түлік тапшылығы проблемаларын шешуге уәде берді.

Кеңес билігін жер-жерлерде орнату басталды. Большевиктер ықпалында болған жерлерде ол бейбіт түрде жүрсе, Қазақстан территориясында өлкенің әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан кенже дамуына, жергілікті жұмысшы табының аз әрі әлсіз болғанына, ұлтаралық катынастардың күрделілігіне байланысты ол қарулы қақтығыстардан кейін орнады. Алайда, өлкеде кеңес өкіметінің орнауы Ленин жазғандай «салтанатты шеру» түрінде емес, керісінше, өте қиын да күрделі процесс түрінде өтті. Ғ.Халидуллин жазғандай: «Әсіресе Қазақстандағы оқиғалар жергілікті халықтың революциялық белсенділігі емес, сырттан әкелінген факторлардың жемісі болды. Халықтың көпшілігін құрайтын, шексіз далада шашылып жатқан және катал отаршылдық езіп-жаншудан басылып қалған қазақ шаруалары 1917 жылғы оқиғалардан шет қалды. Олардың көңіл-күйінде саяси құлдырау мен енжарлық басым болды, көпшілік үшін қаладағы большевиктердің үндеуі. Қазан төңкерісінің мақсаттары мен міндеттері түсініксіз болды» [85, С.5].

Атырау-Маңғыстау аймағында жалпы Қазақстанға қарағанда кеңес өкіметі орнауының өзіндік ерекшеліктері

болды. Монархия Ресейді бес институттың көмегі арқылы биледі, олар: азаматтық қызмет, құпия полиция, дворяндар, армия және православие шіркеуі. 1917 жылдың күзіне қарай осылардың ішіндегі ең елеулісі армия болды. Корнилов бүлігін қолдамаған армия соғысты тоқтату үшін күресте большевиктерді жақтады және Қазақстанда кеңес өкіметін орнатуда шешуші рөл атқарды. «Қазақстандағы кеңес өкіметінің органдары әрбір қалада, ірі елдімекендерде, темір жол бекеттерінде тұрған қызыл гвардияшылар мен жұмысшы әскери жасақтарының қылышына сүйене отырып құрылды». – деп жазады ол туралы Ғ.Халидуллин. – «1917 жылдың желтоқсан айының аяғында жекелеген қызыл гвардия жасақтары Қазақстанның 14 елдімекенінде тұрды және онда екі мыңдай адам болды. Оларға большевиктер жағына тартылған жергілікті гарнизондардың солдаттары да көмектесті. Жергілікті гарнизондар мен орыс қоныс аударушы шаруаларынан қолдау тапқан қызыл гвардия жасақтары өлкеде кеңес өкіметінің «бейбіт» немесе қарулы күрес жолымен орнатылған-орнатылмағанына қарамастан, шешуші фактор болды. 1918 жылдың көктеміне қарай Қазақстандағы қызыл гвардия жасақтары құрылымдарында алты мыңнан астам адам болды. Ал бұл жасақтардағы қазақтардың қатысы аз ғана болды».

Аймақ территориясында кеңес өкіметінің орнауы алғаш желтоқсан айында Бөкей Ордасынан басталды және ол 1918 жылдың наурыз-сәуір айларына дейін созылды. Қазақстанда кеңес өкіметін орнатуда сыртқы күштердің ықпалы зор болды және бұған дейін қалыптасып келе жатқан азаматтық келісім жағдайындағы «өзінің әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа мәселелерін өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін біртұтас ұлттық-демократиялық даму жолына түсу үмітіне шек қойып, Қазақстанның бұдан былай да орталық биліктің дөңгелегіне мықты байлаулы күйінде» [45, 334-335 б.] қалғанын шешті. Бұл кезеңде большевиктерге қарсылық күресті ұйымдастыратын бір орталықтың болмауы, ол

күштердің бытыраңқы жағдайда, әрі бір-бірімен қарама-қайшылықты қатынаста болуына байланысты ұлт аймақтардағы демократиялық күштер мен олардың саяси ұйымдары оқиға барысының дамуын қадағалап, өздеріне бұл күресте одақтастарды тіпті тиімсіз жағдайда іздеуге мәжбүр болды.

Атырау-Маңғыстау аймағында кеңес өкіметі алғаш (зерттеліп отырған кезеңде бір-ақ жерде) Бөкей Ордасында орнаған болатын. «Революциялық күштер басым болған, жергілікті советтер большевиктер жағына бүтіндей шыққан, жақсы қаруланған қызыл гвардия жасақтары бар аудандарда (Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарында, Сырдария және Бөкей облыстарында) өкімет билігі советтерде большевиктердің көпшілік орынға ие болуы арқылы бейбіт жолмен көшті». – деп жазады К.Нұрпейісов. Бөкей Ордасындағы саяси процестердің дамуына, оның жүру бағытына Астрахан қаласындағы әртүрлі саяси күштердің қалай араласып отырғанын және оны өз бағытында жүргізу үшін қандай әрекеттер қолданғанын жоғарыда айтқанбыз. Осы күштердің Бөкей Ордасына байланысты жүргізген саясаттарының нәтижесіне зер сала қарасак, жаңа билік Бөкей Ордасында бейбіт жолмен келді деген тұжырымға күмән келтіреді.

Каспий теңізі жағалауы мен Еділ бойындағы ірі саяси, экономикалық, мәдени орталық болған, территориясы жағынан империя бойынша төртінші орындағы Астраханда жұмысшы табының, солдаттардың және большевиктер партиясының ықпалы Қазан төңкерісінен кейін өсе түсті. Астрахан кеңесі қарулана бастады және жаңа өкіметке қарсы күштер мен казактардың бірігуін болдырмауға тырысты. Шұғыл жұмысшылардан, солдаттардан Қызыл гвардия бөлімдері құрыла бастады. Кеңес өз билігін жергілікті жерлерде орнату үшін күресті бастап та кетті. Бұл 1918 жылғы қаңтар айында Астрахан қаласында контрреволюциялық күштердің қарулы бүлігіне және қала

көлеміндегі азамат соғысына әкеліп соққан болатын. Бұл күресте екі жақ та өздеріне одақтастар іздегені және Бөкей Ордасының бұл күрестен шет қала алмайтыны белгілі.

Бөкей Ордасында кеңес өкіметінің орнауы туралы жазылған еңбектер баршылық, олардың ішіндегі елеулісі -- жаңа өкіметті орнату жолындағы күрескерлердің бірі Ш.И.Варламовтың естеліктері. Алайда, жарық көрген еңбектерде нақты оқиғалардың біразы айтылмай қалған немесе үлкен бұрмалауға ұшыраған. Ол бұрмалауларды Ш.И.Варламовтың өз қолымен жазған естеліктеріне әр жылдары енгізілген «түзетулер мен толықтырулардан» көре аламыз. Ол түзетулердің мәні сол кезеңдегі партиялық «кеңес өкіметін тек орталық өнеркәсіп аудандары ғана емес, ұлт аймақтар, оның ішінде жұмысшы табы басым болмаған аймақтар да қолдады және осы қолдаулар кеңестер билігінің бейбіт жолмен өкімет басына келуіне мүмкіндік берді» деген теориялық тұжырымдаманы дәлелдеуге арналған еді. Ол естеліктерінің түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында 811-қорда сақтаулы және бұрын жарық көрмеген деректі құжаттарымен аса құнды. Негізінен бұл желтоқсан айының бас кезінде Хан ставкасында (қазіргі Орда қаласы) кеңес өкіметінің орнауына байланысты жүрген мәжілістер хаттамаларының көшірмелері. Енді осы құжаттар негізінде оқиға барысының қалай жүргеніне көз жіберсек.

1917 жылғы маусым айында Хан ставкасына № 141 полк солдаттары келіп орналасқан болатын. Астрахан, Саратов, Самара, Царицын қалаларындағы большевиктік ұйымдар Ордадағы кеңеске, солдаттарға революциялық үгіт-насихат жүргізу үшін өздерінің оқилдерін көптеп жібере бастады. 16-18 қарашада Құрылтай жиналысына депутаттыққа түскен Бақтыгерей Құлманов және Уалидхан Танашев жеңген болатын. Осыдан кейін Бақтыгерей Құлманов (Орда комиссары), Уалидхан Танашев (Құрылтай жиналысына сайланған депутат), Мәуби Жұмалиев (Орталық Комитет

төрағасының орынбасары. Орталық Аткару Комитетінің мүшесі). Ғабдолла Мұқашев (Торғын учаскесінің болысы. Орталық Аткару Комитетінің мүшесі). Сейітхан Әжігереев (Камыс-Самар учаскелік аткару комитетінің төрағасы) және Ибрагим Малкашев II жалпыказак съезінің жұмысына қатысу үшін Орынбор қаласына жүріп кетті.

26 карашада Д.Темірәлиевтің үйінде астыртын мәжіліс болып, онда «социалистік революцияны Ордада жалғастыру, билікті қолға алу мәселесі» қойылды. Бұл мәжіліске Астраханда тергеуші болып жұмыс істеген, хан ұрпағы, прапорщик Сейіткерей Зұлкарнайұлы Нұралыханов, С.Генералов, И.Саматов, Щербаков, П.И.Варламов және тағы басқалар қатысты. Мәжіліс Генералов пен Кенесовты «Бөкей губерниясында қалыптасқан жағдайды баяндауға және әскери көмек сұрауға Астрахан жұмысшы, солдат депутаттары кеңесіне жіберуге шешім қабылдады». 1 желтоқсанда түнде екінші мәжіліс болып, онда «№1 хаттама қаулысы» қабылданды. Ол бойынша «революция жеңісі мен бостандықты қорғау үшін» Революциялық Комитет (Ревком) құрылды. 2 желтоқсанда Астраханнан келген қызыл гвардияшылар жасағы №141 полк солдаттарымен бірлесе Ордада әскери төңкеріс жасап, билікті басып алды. 3 желтоқсанда қабылданған №3 хаттамаға сәйкес, Ревком мәжілісі Орталық Аткару Комитетін таратып, оның мүшелері – Сейітқали Меңдешов, Шынтай Юсупов, Орталық азық-түлік комитеті және оның басқарма мүшелері Никифоров, И.П.Максимов, Ш.Ақбаев, Хан ставқасы азық-түлік комитетінің мүшелері – Ханцеферов, Епифанов, Я.И.Крицкий, Шақуров, түрмебастығы Садовский, Құрылтай жиналысына делегат сайлау және земство мекемелерін құру жұмысын ұйымдастырушы А.В.Куликовты ұстап, түрмеге жапты. Орда комиссары Б.Құлманов пен оның көмекшісі И.Меңдіхановты ұстауға бұйрық берілді. Бүкіл жер комитеттері таратылды [40, 16-іс, 92-п.].

Петроградтағыдай қарулы көтеріліс арқылы билік басына

келсек, халық бізді қолдайды деп есептеген төңкерісшілер Уақытша Халық Комиссарлар Кеңесін құрды. Уақытша Халық Комиссарлар Кеңесі құрамына сырттай, өздерінің келісімінсіз, бұрынғы Орталық Комитет мүшелері әлі түрмеде отырған С.Мендешов пен Б.Ниязов және Орталық Аткару Комитеті төрағасының орынбасары М.Жұмалиев енгізілді. Осы арқылы Ревком әскер күшіне сүйенген билікті халықтың, оның ішінде басым көпшілік құраған қазақ халқының қолдамайтынын білгендіктен, олардың наразылығының алдын алуға тырысты. Д.А.Аманжолова жазғандай «...ұлттық коммунистік ұйымдардың болмауы, жергілікті жерлерде большевиктердің атын жамылған «ерекше диктаторлық билік», шет аймақтардағы большевиктік қозғалыспен қатар жүрген зорлық, тонау және қызмет бабын пайдалану, «толық анархия» Алаш қозғалысын антисоветтік күштердің лагеріне итермеледі». Алайда, 3 желтоқсанда қала зиялылары, әртүрлі мекеме қызметкерлері, сауда адамдары жұмыстарын тоқтатып, ереуілге шықты. Сол күні Бөкей Ордасы мұғалімдер одағы және Хан ставкасы мұғалімдері Ревкомға 21 адам қол қойған резолюция тапсырды. Онда С.Мендешовтың, Ш.Юсуповтың, А.В.Куликовтың және басқаларының қамауға алынуын айыптады және «Орда халықтарының өмірі мен Орталық Комитет ісіне өрескелдікпен араласу халықтың сайлау құқығын бұзды және барлық республика халқына, оның ішінде қазақтарға да толық автономия берген Ресей үкіметінің мәлімдемесіне қайшы келеді... Қарсылық білдіре отырып біз тез арада 3-желтоқсанда тұтқындалғандарды босатуды талап етеміз» деді. Басқа бір резолюцияда: «Ендігі жерде ешқандай тұтқындаулар болмасын, ол халық арасында ашу-ыза мен үрей туғызуда, тәртіп пен тыныштық сақталсын. Әйтпеген жағдайда, Ордадағы әртүрлі мекемелер қызметкерлері секілді, біз де ереуіл жариялаймыз» деген. Сол күні 92 адам қол қойған, Хан ставкасы ерлер жоғары бастауыш училищесі және

педагогикалық курстар оқушылары Одағының қауымына да Ревкомға тапсырылды. Бір аңғанын ішінде Ревкомның әрекетіне қарсылық білдірген шешімдер Нарын, Жаскүе орман шаруашылықтарынан, орман мектебінен, құм тоқтау ұйымынан, жоғарғы бастауышы мектептен, жоғарғы орта қыздар мектебінен, бірінші және екінші қыздар мектептерінен және басқа да мектептерден, қазынадан, поштадан, шіркеу-приход кеңесінен, Орда милициясынан, Орталық азық-түлік комитетінен, мұсылман қайырымдылық ұйымынан, медициналық қызметкерлерден, тағы да басқа жергілікті үкімет мекемелерінен келіп түеті.

Ревком әрекетіне қарсы «Ордалағы революцияның босандықты құтқару және тыныштық пен тәртіпті қорғау Комитеті» құрылды, оның құрамына Нұрмұхамед Ақбаев, Абдолжадыр Әзербайев, Мұстафа Көкебаев, Шафхад Бекмұхамедов және басқалары енді [77, 9-іе, 9-п]. Айта кету керек, оңшыл әсер Қадыр Әзербайев, меньшевик Мұстафа Көкебаев, алашшыл Уәлидхан Танашев және тағы басқалар 1917 жылдың маусым айында жиырма адамнан тұратын «Жігер» қоғамын құрған еді, ол әсіресе оңшыл Ревкомның да, оңшыл Орталық Комитеттің де саясатынан оқшаулау, орта позицияда тұрды. «Жігер» қоғамы бұл тартыста Орталық Комитетті қолдап, тұтқындарды босатуды талап етеді [86, 191-б]. Ревком амалсыздан әрі уақыт ұту үшін аталған Комитетпен және ереуілге шыққан Орданың әртүрлі мекемелері мен ұйымдарымен келіссөз жүргізе бастады. Келіссөз барысында Ревкомға қарсы күштер «Құрылтай жиналысына сайлау дұрыс өтті, ал оны жоққа шығаруға тырысқан Ревкомға халық сенбейді» деп мәлімдеді. Ревком болса онымен келіспей, «халық ағынан» Астрахан солдап жұмысшы депутаттары кеңесінен Хан ставкасы бойынша сайлаудың күшін жоюды және жаңа сайлау тағайындауды сұрады. Оған қоса Орынбор қаласына, округтың сот прокурорына II жалпықазақ съезінің жұмысына қатысып жатқан «Бөкей Ордасының бұрынғы комиссары

Б.Құлмановты тұтқындап, Астрахан губерниясы Хан ставкасына жіберу жөнінде үкім шығаруды өтінген», Ревком төрағасы С.Генералов пен Орда комиссары С.Нұралыханов қол қойған жеделхат жіберді. Келіссөздер барысында Ревкомға қарсы шыққан демократиялық күштердің әлсіздігі, бытыраңқылығы және солдат штыгына сүйенген жаңа билікке қарсы қояр күші жоқ екені анықталды да, Ордадағы ереуіл әскер күшімен басып тасталды. Ревком Орынбор қаласында жүрген Орда басшыларын елге жібермеуге, келе қалған жағдайда қамауға алуға бұйрық берді. Сонымен қатар, демократиялық күштердің талабы бойынша 7 желтоқсанда С.Мендешов пен А.В.Куликовты түрмеден босатып, оларға ешқандай саясатпен айналыспауды және билік ісіне араласпауды қатаң ескертті [40, 16-іс, 111-п].

Сөйтіп, жаңа билік өзінің алғашқы қадамынан-ақ орта таптың, интеллигенцияның, әртүрлі саяси қозғалыстардың, партиялардың, мекеме қызметкерлерінің, жалпы алғанда демократиялық күштердің сенімінен айырылды және наразылықты күшейтті. «Жалпы алғанда, 1917 жылдың желтоқсаны мен 1918 жылдың мамыры аралығында Ордадағы билік большевиктерге ниеттес солшылдар мен заңды үкіметке тілектес орта топтың коалициялық кайта құрулары негізінде алты мәрте өзгерді», – деп жазады М.Тәж-Мұрат. – «Олар: Революционный комитет, Комитет народного господства, Земская управа, Военно-революционный комитет, Совет комиссаров, Комитет общественных организаций. Сейткали Мендешовтың куәландыруынша, ұзағырақ тұрғаны – Астрахан атқару комитетінің өкілі большевик Степан Милютин басқарған соңғы құрылым, ол 1918 жылғы I сәуірде өткен жұмысшы, шаруа депутаттары кеңесінің I съезінің шешімімен коалиция негізінде құрылды».

Дегенмен де, орталық биліктің құрдымға кеткен, анархия мен заңсыздық билеген, қымбатшылық пен азық-түлік тапшылығы, оның үстіне кей жерлерде төбесі көріне бастаған

аштық қаупі жағдайында жер-жерлерде солдаттарға сүйенген биліктің жаңа формасының келуі заңды да еді. Әскери күшке және Астрахан Кеңесінің қолдауына сүйенген Ревком мұндай жағдайда өзін мығым сезінді. Жаңа биліктің тек Хан ставкасында ғана орнағанына, округтар мен қисымдардағы қалың қазақ бұған қарсы екеніне қарамастан, олар жаңа билікті бүкіл Бөкей Ордасында орнату жолындағы күреске дайындала бастады. Басшыларынсыз қалған, әлі де болса «демократия», «өзін-өзі билеу құқығы» деген демагогияға сенген, билікке қатысты саяси ойындардан хабарсыз, жаңа ғана іргесін қалай бастаған, мемлекеттігін қорғайтын әскери күші жоқ халық бұл әрекеттердің бәрін 1917 жылдың ақпан айынан басталған, күнде болатын өзгерістердің бірі деп қарады және әзір өзіне ешкім тиісе қоймағандықтан, оқиғалардың барысын аңдып, соны не боларын күтті.

Гурьев уезіндегі жағдай

Гурьев уезіндегі және Гурьев қаласындағы оқиғалар бұдан әлдеқайда өзгешелеу жүрді және қарама-қарсы күштердің ара-салмағы бірдей болғандықтан, тап күресі әлдеқайда ауыр болды әрі ұзаққа созылды. Уез қазақтары 1917 жылғы қуаңшылыққа байланысты жайылым іздеп, көршілес Темір уезі, Маңғыстау уезі жерлеріне, адам аяғы жетпейтін құм арасына көше бастады. Аштық қаупі және «патша құлағаннан кейін елде жаңа өмір орнайды» деген үміттің тез арада ақталмауы оларды саяси оқиғаларға селқос қарауға мәжбүр етті. Оның үстіне Уақытша үкіметтің де уез қазақтарының проблемаларын әп-сәтте шеше қоярдай ниеті де, қаржысы да жоқ болатын. Тек мұнай кәсіпшілігі мен балық шаруашылығындағы жұмысшы қазақтар Гурьевтегі және Астрахандағы болып жатқан оқиғаларға бағынышты болғандықтан, бұл саяси күрес ағымына араласа бастады.

Уездегі негізгі саяси маңызы бар оқиғалар Гурьев қаласында жүрді. Сөйтіп, 1917 жылдың күзіне қарай қалада бұрынғыдай азаматтық келісім жағдайында жұмысты жалғастыру мүмкін болмай қалды. Оған себеп, Жайық казактарының бар билікті қолдарына алып, өз өктемдіктерін жүргізуге тырысуы және олардың күшеюін қаламаған саяси күштердің Гурьев Кеңесі маңына топталуы болды. 22 қазанда қалада 500-ден аса адам қатысқан Гурьевтің барлық демократиялық ұйымдары мүшелерінің жиналысы болды. Жиналыс «қала еңбекшілерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп жатқан» Гурьев Кеңесінің жұмысына қолдау білдірді. Сол кездегі басты проблема – азық-түлік және отын табу болатын. Осы проблемаларды шешу мақсатында Гурьев Кеңесі қала тұрғындары үшін аса маңызды «Өзара көмек қоғамын» құрды, оған қалада тұратын казактарды да тартты. Кеңес азық-түлікке зәру адамдардың тізімін жасап, ақша жинады және астықты аудандарға делегаттар жіберуді ұйымдастырды. Саратовтағы мұнай өнімдерін бөліп отырған Бас басқармадан мұнайды отын ретінде пайдалануға рұқсат сұрады. Бұлардың бәрі жер, егістік, балық аулау мәселелерінде казактар тарапынан қысым көріп отырған қала тұрғындары (орыс, қазақ, татар және басқалары) үшін жасалды және олардың Гурьев Кеңесіне деген ризашылығын күшейтті. Кеңес казактармен күресе отырып, қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында милиция ұйымдастыруға тырысты және Жайық казактарының басқа ұлт өкілдерін «Өзара көмек қоғамынан» шығарып тастамақ болған әрекетін болдырмай тастады [40, 79-іс, 8-9 п.].

27 маусымда жұмысын бастаған, жаңадан сайланған Гурьевқалалық Аткару комитетінде Гурьев Кеңесінің өкілдері азшылық болды. Осыған байланысты Кеңес қалалық Аткару комитетінің жұмысын мойындаудан бас тартты. Қараша айында Петроградтан Кеңестердің Бүкілресейлік II съезінің делегаты, Гурьев Кеңесінің төрағасы В.И.Тяжев оралған

соң бұлар күшейе түсті. Тяжев «Кеңес Ленин бастаған жаңа үкіметті қолдауы тиіс, жергілікті жерде де өкімет билігін өз қолымызға алуымыз керек» деп мәлімдеді. Қазақтардың күші басым еді, оның үстіне Кеңесті қолдайтын солдаттар саны аз болуына байланысты бұл хабар Кеңес мүшелері арасында қобалжу туғызды, айтыс-таргысты көбейтті. Кеңес мүшесі, жергілікті рота бастығы поручик Тульников Кеңес құрамынан шықты, бұл жағдай солдаттар қолдауына сүйенбек болған Гурьев Кеңесінің позициясын әлсіретіп жіберді. Кеңестің талап етуімен ротала жаңа сайлау болып, рота басшылығына унтер-офицер Крутеких сайланды. Алайда, Тульниковтай беделі жоқ жаңа рота басшысы солдаттармен ортақ тіл табыса алмады және қазақтармен текетіресте Гурьев Кеңесіне берік қолдау көрсете алмады.

18 қарашада Орал қаласында өткен Жайық қазақ әскерлерінің төтенше войсковой съезі кеңес өкіметін мойындаудан бас тартты. Ал мұның алдында, 11 қарашада Бүкілресейлік Орталық Аткару Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесі сословиелер мен азаматтық шендерді жою туралы шешім қабылдаған болатын. Декрет бойынша Ресейде осы кезге дейін болған барлық сословиелер, сословиелік жіктеліс, сословиелік артықшылықтар мен шектеулер жойылды. Халық Комиссарлар Кеңесі өзінің үндеуінде: «Жақын уақыттағы міндеттерінің бірі ретінде қазақ облыстарындағы жер мәселесін еңбекші қазақтар мен барлық еңбекшілердің мүдделері үшін Кеңес бағдарламасы негізінде және жергілікті жерлердегі барлық тұрмыс жағдайларды негізге ала отырып шешуді басты мақсат етіп қойды», – деп көрсетті. Оның мәні «барлық еңбекшілердің мүдделері үшін», «жергілікті жерлердегі барлық тұрмыс жағдайларды негізге ала» қазақ әскерлерінің жерін бөліске салу, қазақтардың сословиелік артықшылықтарын жою, әрқашанда патшаның тірегі болып келген қазақ әскерлерінің жауынгерлік қуатын әлсірету болатын. Алайда, әлі толық билігін орнатпаған, жаңа қаз-қаз басып жүре бастаған

болшевиктер үкіметінің әзірге ауызбірлігі мықты, материалдық жағынан әлдеқайда күйлі, негізгі сословиелік мүдделерін жан аямай қорғайтын казактармен ашықтан-лы күрес бастауы немесе соған ұмтылуы дәл қазір анық анықталмаушылық болатын. Большевиктердің таптық идеясы тұрғысынан бұл дүрме болғанымен, жергілікті жерлерде, әсіресе Қазақстанда, оның ішінде ең қатігез, жауынгер Жүйлік казак әскерлерімен күрес үшін қолайлы жағдай тұтын жоқ еді.

Бұл екі етғын ортасында қалған казак халқының жағдайын күрт нашарлатып жіберді. Желтоқсан айының басында Казан әскери округы солдат депутаттары II съезінің әйбеліні казактарға: «...арандатушылардың, жауапсыз адршлардың аллауына көнбеңдер, бауырларыңыздың қанын бекер текнеңдер, соғыс жағдайын токтатуды талап етіндер және солдат полктерін тарату мен карусыздандыруды бодырманңар» деген үндеуіне қарамастан, кеңестер ықпалындағы әскери округ 28 қарашада атаман Дутовпен күрес туралы № 56 бұйрық шығарды [81, С.375-376]. Дутов болса 13 желтоқанда майдандағы әскери бөлімдерге: казак әскерлері елге оралғанда қару-жарақпен, оқ-дәрімен, барлық әскери жабыдықтарымен оралсын деген арнаулы директива шығарды. Сөйтін, Дутов жергілікті кеңесті таратып, Орада өкіметті басып алуды жоспарлай бастады. Ол үшін казак станцияларында офицерлер мен казактар арасында үйі жұмыстары жүргізіліп, жаңа отрядтар жасақталды. Полковник В.С.Толстов қарулы отрядтар құру мақсатында Гурьевте юнкерлер мектебін ашты. Генералдар Бородин, Марфинов, Михеев, полковниктер Горбунов, Горшков, Бородин, Кириллов және тағы басқалар осындай қарулы отрядтар құруға кірісті.

Желтоқсан айында Гурьев қаласына майданнан бір топ казак атамандарының, офицерлерінің оралуына байланысты Кеңеспен екі арадағы текетірес ушыға түсті. Толстов Аткару комитетінің құрамына қосымша 20 казак енгізуді талап

етті. 1918 жылдың қаңтар айында жергілікті солдаттар командасы таратылды. Осы кезеңде Аткару комитеті мен Гурьев Кеңесінің біріккен мәжілісі болды, онда «бірігіп жұмыс жасау» туралы ұсынысты Кеңес өкілдері қабылдамай қойды. Тиімсіз, осыған дейін жинаған барлық бедел мен ықпалдан айыратын бұл шешім Гурьев Кеңесін саяси аренадан біржолата ысырып тастайтын еді. Сондықтан, Кеңес мүшесі Г.Хотюшенко: «Аткару комитетінің біріккен мәжілісінде «біз аз болсақ та қорғанамыз. Кеңес билігін түпкілікті орнатқанша тоқтамаймыз» деп бәріміз мәжіліс залынан шығып кеттік» деп жазды. Кеңес мүшелерінің арасында казактардың күшін елемеген, әрі оларды ашық күреске бара қоймас деген адамдар да болды. Дегенмен, казактардың өсе түскен ықпалынан қорыққан Кеңес өз тарапынан болашақ күреске дайындала бастады.

Ол дайындық Кеңес басына Г.С.Николаевтың қайта келуімен жандана түсті. Гурьев Кеңесі Астрахан және Орал қалаларының кеңестерінен көмек сұрап, өз өкілдерін жіберді. Кеңес төрағасының тікелей ұсынысы бойынша Ембі жұмысшы депутаттары кеңесімен тығыз байланыс орнату және бірлесіп күресу туралы шешім қабылданды. Бұл кезде майданнан орыс поселкелерінің, қаланың мұжықтары (солдаттар мен казактар) көптеп орала бастады. Олар өздерінің майдангерлер қоғамын ұйымдастырды [40, 84-іс. 1-п]. Кеңес те, казактар да майдангерлерді өз жақтарына тарғып, болашақ күресте пайдаланғысы келді. Егер Кеңес «Большевик» газетін шығаруға тырысып, майдангерлерді Кеңеске қосылуға, жаңа өмір тұрғызуға үндесе, қарсы күштер де қарап отырған жоқ. Мысалы, 24 қаңтарда жергілікті көпестер мен бай казактар Гурьев майдангерлеріне: солдаттар мен казактарға – 180 мың сом, мұнай кәсіпшілігі фирмаларының басқармасы станицалық атқару комитетіне 50 мың сом жинап берді, ал көпестер майдангерлер қоғамына тауарларды өз бағасынан 30% төмен бағамен сата бастады. Сөз жүзінде «олардың бұрынғы

қызметтері мен табыс көздеріне оралуын жеңілдету үшін, әрі көбірек балық аулап, оны Петровскіде ұнға айырбастауына көмектесу үшін» дегендеріне қарамастан, қаланың өнеркәсіп-сауда басындағы ауқаттылары күннен-күнге қаупі өсе түскен болашақ азамат соғысында өздеріне жақтастар іздей бастаған еді.

Казактармен бетпе-бет қалған Гурьев Кеңесінің бірден-бір үміті де, сүйеніші де Доссор, Мақат мұнай кәсіпшіліктеріндегі жұмысшы кеңесі болды. Доссор жұмысшылары бұл кезде мұнай кәсіпкерлерінің кәсіпшілікті жабу туралы шешімін жою үшін күресіп жатқан еді. 21 қарашада Петроградтан бұл шешімнің күші жойылды деген жеделхат келді. Төрт күннен кейін Доссорда жұмысшы депутаттары кеңесі, зауыт комиссиясы, қызметкерлер одағы, ұлттық комитет және Еңбек министрі мен Уақытша үкімет делегациясы қатысқан кәсіпшілік пен жұмысшылар арасында ұжымдық шарт жасау туралы мәжіліс басталды. Оның қорытындысы бойынша 1918 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмысшыларға ай сайынғы берілетін қосымша паек, пәтерге, азық-түлікке және тағы басқаларға берілетін қосымша ақы жойылды [87]. Кәсіпкерлер мұнай өндіруді қысқартуды басты мақсат етіп қойып, жұмысшылардың айтқан дәлелдерімен есептеспеді және өндірісте кез келген түрдегі жұмысшы бақылауын енгізуден үзілді-кесілді бас тартты. Дайын тұрған мұнай өнімдерін өткізе алмай отырған, азық-түлік тапшылығы жағдайында, орталықта, басқа қалаларда не болып жатқанынан хабарсыз мұнай кәсіпшілігі жұмысшыларының кәсіпкерлердің айтқандарына көнбеске амалы қалмады. Тек 1918 жылдың ақпан айында ғана, мұнайды азық-түлік және өнеркәсіп тауарларына айырбастау мақсатында, Астраханға барып келген жұмысшылар социалистік революция туралы толық мәліметтер алды. Ал Орал-Каспий мұнай қоғамының өнеркәсіп меңгерушісі Чеклунд болса жұмысшы бақылауы және тағы басқа мәселелер бойынша, «олардың бәрі тек кеңес еліне ғана қатысты мәселелер» [40, 49-іс, 50-п] деп менмендікпен жауап берді.

1918 жылғы 15 қаңтарда Орал қаласында шаруалар депутаттарының облыстық съезді шақырылды. Оған жұмысшылардың, казактардың, еңбекші казактардың өкілдері, майдангерлер шақырылды. Солшыл эсерлер басым болған съезд облыста өкімет мәселесін шешіп болды. Большевиктер басшысы П.Дмитриев Ленин бастаған Халық Комиссарлар Кеңесін мойындауды, билікті қолға алуды ұсынады. Алайда съезд солшыл эсерлердің өкіметті қарулы қактығыс жолымен емес, бейбіт келіссөз арқылы алу керек деген ұсынысын қолдайды. Осы кезде казак әскерлері өкілдерінің кезекті съезі ашылып, Мартыновты атаман міндетінен босатып, оның орнына әскери үкіметтің төрағасы, атаманы әрі жоғары қолбасшы етіп полковник Г.М.Фомичев сайланды. Казактар шаруалар съезінің кеңес өкіметін мойындап, облыста бірлесе өкімет құру ұсынысын қабылдамады, әскери дайындықты күшейтуге кірісті. Ақпан айында Өзге қаладан келгендер одағының (союз ингородцев) облыстық съезі болып өтті. Съезд жер мәселесінде негізінен большевиктердің саясатын қолдады. Бұнымен қатар, қоныс аударып келген шаруалар депутаттары кеңесінің облыстық съезі орталықтағы кеңес өкіметін мойындап, үндеу қабылдады. Сөйтіп, негізінен орыс ұлты шаруаларынан құралған бұл съездер үш бөлек, үш бағытта болды, өзара түсінісуді казактар қабылдамады. Шиеленіс өршіп, апатқа келе жатты.

1918 жылдың 4 наурызында Гурьев және Ембі кеңестері кеңес өкіметін жариялады және оны қалалық Атқару комитетінен, казактардың станицалық басқармасынан, уездің барлық ұйымдарынан ресми түрде мойындауды талап етті. Бұл Гурьев Кеңесі тарапынан казактармен ашық күреске шығу болса, Доссор кеңесіне, бірінші кезекте, өздерінің құқықтарын қорғауда батыл іс-қимылдарға жол ашты. 21 наурызда жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары кеңесі жұмысшылар мен қызметкерлердің үш айдан бері жалақы алмағанын талқылай келе, бес мұнай кәсіпшілігі

фирмаларынан 250 мың сом ақша алу, оған жеткілікті астық алып, қалғандарын жалақы ретінде жұмысшылар мен қызметкерлерге таратып беру туралы қаулы қабылдады. Оған қоса, барлық мұнай фирмалары 1 наурыздан бастап, ай сайын Кеңес қажеттілігіне 600 сомнан аударуы тиіс болды. Сол күні болған Доссор кәсіпшілігі қазақтарының жалпы жиналысы (төраға – Құрманалиев, хатшы – М.Сартов) Астраханға делегат жіберу, Доссор милициясының бастығын сайлау, Ембі аудандық конференциясына делегат сайлау, Рақушаға мұнай қорғау үшін делегат жіберу, кәсіпшілікті күзету, арнайы милиция құру мәселелерін талқылады. Наурыз айының аяғында, Доссорда I Орал-Ембі мұнай кәсіпшілігі жұмысшыларының конференциясы болды, ол өндірісте жұмысшы бакылауы орнағанын жариялады. Рақушада жиналып қалған 12 млн. пұт мұнайды қорғау үшін және оны тек Ембі біріккен Кеңесінің рұқсатымен жіберу үшін Мақат фабзавкомы мен Ембі біріккен Кеңесінің мүшесі П.И.Нестеров жіберілді.

Маңғыстаудағы қоғамдық-саяси ахуал

Маңғыстауда кеңес өкіметінің орнауын айтқанда зерттеушілер көбінесе 1917 жылғы 22 қарашаны көрсетеді. Бірақ, соңғы кезде кейбір зерттеушілер оған күмән келтіріп, кеңес билігінің орнауын 1919 жылдың мамыр айына дейін шегерді [88]. Деректі құжаттардың тапшылығы, ал сақталған материалдардың өзін толық пайдаланбау, оларды жекелеген естеліктерге негіздеп бұрмалау бұл мәселені зерттеуде өз қиындығын тигізгені анық.

Құжаттар көрсеткендей, Петроградта өкімет басына большевиктер партиясы келгенін, Ленин бастаған Халық Комиссарлар Кеңесі құрылғанын Маңғыстау уездік

комиссары полковник Васильев, оның орынбасары полковник Г.К.Черкасов, гарнизон бастығы прапорщик Краснодембский, қала басшысы Кириллов жергілікті радиостанция арқылы уақытында естиді. Сонымен қатар, олар контрреволюциялық күштердің жаңа үкіметке қарсы күреске шақырған үндеулерін де алады. Екі жаққа да бірдей болғысы келіп, түлкібұлаңға салған уез басшылығы бірінші кезекте жергілікті халықты тыныштандыру үшін шаралар қолданды. 22 қарашада уез басшылығы және уез көлемінде құрылған жаңа билік органы – әуелі солдат депутаттары кеңесі, кейін солдат, жұмысшы, шаруа және мұсылман депутаттары кеңесі облыс басшылығынан Александровск фортындағы әскери бөлімді көбейтуді сұрап, «гарнизон аз болуына және аштыққа байланысты әртүрлі қолайсыз жағдайлар туып кету мүмкін екенін» алға тартады. Түркістан округының штаб бастығы полковник Белецкий ол тілекті орындап, фортқа қосымша солдат командасын жіберді.

Маңғыстауда орнаған жаңа билік органы – Кеңестер туралы негізгі дерек Г.А.Атанасовтың жеделхатының көшірмесі. Жеделхат аяғында Атанасов: «22 қарашада форт Александровскіде Уақытша үкімет нұсқаулары негізінде солдат, жұмысшы, шаруа және мұсылман депутаттары кеңесі құрылды», – дейді. Жеделхат Петроградта құрылған Кеңес өкіметін мойындамаған, 1917 жылдың қараша айына дейін уезде болмаған Кеңестің құрылғаны туралы толық емес мәлімет қана береді. Кеңес құрамына 19 адам енді. Кеңес төрағасы Г.А.Атанасов 1918 жылдың қаңтар айының басына дейін жұмыс істеді, төраға орынбасары – Д.К.Хабаров, хатшы – Ж.Маймақов, азық-түлік бөлімінің меңгерушісі – П.М.Шпанов-Егоров, денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі – қала басшысы Кириллов, әскери бөлімнің меңгерушісі – офицер, эсер партиясының мүшесі С.П.Богданов болды. «Зерттеушілер мен мемуаристер жазғандай, Кеңестің 1917 жылғы қараша-желтоқсан айларында кеңес өкіметінің декреттерін жүзеге асыру

жолында жүргізген әлеуметтік-экономикалық шараларын дәлелдейтін ешқандай құжат жоқ, — деп жазады В.Н. Дариенко. — Шын мәнінде осындай Кеңес болды ма, әлде ол жай ойын ғана ма?». Уездегі саяси және экономикалық істерді бұрынғыдай ірі саудагерлер мен кәсіпкерлер шешіп жатты және билік тізгінін оңайлықпен бере қойғысы келмеді. Ашхабадтан, Ташкенттен, Петроградтан кеңес үкіметінің декреттері, жарлықтары мен бұйрықтары көптеп түсіп жатты. Сондықтан жергілікті басшылық кеңес өкіметінің органдарын құруға кірісті. Қазақтардың толқуларынан сескенген гарнизон бастығы Краснодарский әскери округтан тағы да пулемет және қару-жарақ сұрады, ал Николаев поселкесінің ауқатты тұрғындары қарулана бастады. Қазақтар арасында ерекше беделді, Бірінші Бозашы болысы Тобанияз Әлниязов болса 30 қарашада тағы да түрмеге камалды [13, 1078-іс, 9-п].

1918 жылдың 3 қаңтарына қарай кеңестің атқару комитеті құрылды, оның төрағалығына полковник Г.К. Черкасов сайланды. Бұрын Мари қаласында пристав болып жұмыс істеген Черкасов желтоқсан айындағы құжаттарда «Манғыстау уездік комиссары орнына» деп қол қойса, 1918 жылдың қаңтар-ақпан айларында «уездік комиссардың уақытша міндетін атқарушы» деп қол қояды. Ал бұрынғы уез комиссары П.Ф. Васильев өзін кеңес төрағасымын деп жариялайды. Сөйтіп, жұмысшы, солдат депутаттары кеңесі басында екі төраға, екі полковник, екі бұрынғы комиссар болды.

Осы мәселені кеңірек зерттеген В.И. Дариенко: «Кеңеске сайлау ұйымдастыру немесе оны халықтың әртүрлі топтары өкілдерімен толықтыру туралы ешқандай деректі құжат жоқ. Уездік кеңес Атқару комитеті бұрын Уақытша үкіметтің органдарында жұмыс істеген, ірі буржуазияның мүддесі үшін қызмет атқарған көпестерден, офицерлерден, шенеуніктерден құралды. Кеңес өкілдік орган ретінде ешқандай функциялық рөл атқармады. Кеңес сессиясы немесе съезд болды деген

бірде-бір дәлелді құжат кездеспейді. Сақталған хаттамалар мен іс-қағаздарының құжаттарынан көретініміз, тек кеңестің Атқару комитеті мен оның комитеттері, бөлімдері және секциялары құрылғаны жайында мәліметтер ғана. Бірақ кеңес депутаттар жиналысы ретінде жұмыс істегені көрінбейді, ал Атқару комитеті іс жүзінде бұрынғы Уақытша үкімет комиссары жанында жұмыс істеді, қалалық дума болса жұмысын жалғастыра берді. Атқару комитетінде сақталған отыз мәжілістің хаттамалары көрсеткендей, бұл органның құрамында бірде-бір жұмысшы, не шаруа болмағанын көрсетеді», — деп жазады. Уездік кеңестің секциясы ретінде Мұсылман кеңесі туралы, оның жергілікті халыққа байланысты жүргізген саясаты туралы 1918 жылдың басында Николаев поселкесінің кедей балықшылары былай деп жазды: «Мұсылман кеңесін Иманғазиев пен Маймақов басқарады, олардан кедей таптарды қанаған және жекелеген ұлттар арасында от жаққан патша тәртібіне ұқсас, ескі казак және түркімен әдет-ғұрыптарының лебі еседі... Аш казактар орыс поселкелеріне шабуыл жасай ма деп қорқып, уездік Кеңес орыс поселкелеріндегі мұжықтарды қаруландырып, казактарға қарсы түркімендерді айдап салды». Ол Долгое аралында казактар мен орыстар қақтығысына әкеліп соқты [40, 223-іс, 2-п], ал ақпан айында Қаратауды мекен еткен адайдың Тоқабай бөлімінің казактары Кендірлідегі Бірінші Түркімен болысының түркімен ауылдарын шауып алды. Түркімендер кеңеске арыз айтып, арнайы комиссия құрылды. 27 наурызда шыққан екінші комиссия құрамына оннан астам белгілі ақсақалдар, билер кірді, бірақ ол да нәтижесіз аяқталды. Амалсыздан, түркімендер жер ауып, Красноводскіге қарай көшуге мәжбүр болды [40, 172-іс, 160-п]. Маңғыстау кеңесінің бұл қанды қақтығыстарды тоқтатуға онша құлықты болмағаны көрініп-ақ тұр.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында, 141 корда сақталған, Маңғыстау жерінде кеңес өкіметін орнатуғағы белді күрескерлердің бірі Жалау Мыңбаев

өмірбаянынан үзінді келтірсек. Ол «партияға мен 1919 жылдың маусым айында өттім. Ол кездегі уездегі саяси өмір өз дамуының ең төменгі сатысында болды. Біздің өз коммунистік ұйымымыз болмады... Біз, уездік атқару комитеті мүшелері, 1919 жылғы жаз бойы осында тұрған Астрахан Қызыл флотилиясының партия ұйымының қатарында болдық. Ал флотилия кеткен соң ұйым жұмысы тоқтап қалды» [89] деп жазады. Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатының 214-қорында сақталған Ж.Мыңбаевтың жеке іс қағазында да осылай айтылған. Бұдан көретініміз, аймақта кеңес өкіметінің орнауы кеңес тарихшылары көрсеткендей «салтанатты шеру» түрінде және «барлық езілуші бұқара халық қуана қарсы алды» деген теорияға сәйкес келе бермейді.

Дегенмен, Кеңес ешқандай жұмыс істемеді немесе тек ірі буржуазия өкілдерінің сойылын соқты деу біржақты болар еді. Петроградтағы жана үкіметті толық мойындамағанына немесе «Астрахан қаласының жұмысшыларын етпен қамтамасыз етіндер» деген бұйрықты жүре тындағандарына қарамастан, уездік Кеңес аштықтан шығу жолында азық-түлікті есепке алып, қатан бақылау орнатты, әрі ірі кәсіпкерлерге ұнай қоймаған әрекеттерге барды. Мысалы, уез бойынша небары 18200 пұт астық қалғандықтан қаңтар-сәуір айларында қаланың әрбір тұрғынына күніне 0,25 фунт наннан берді; уез территориясында алыпсатарлыққа тыйым салынды; азық-түлік, өнеркәсіп тауарларына тұрақты баға қойылды, ал басқа қалаларға тауар сатқандарға 500 сомнан айып салынды немесе бір айға дейін күштеп жұмыс істетті; сауда келісімдеріне қатаң шек қойылды, егер табыс жылына 1000 сомнан асса, саудагер арнайы салық төлейтін болды; Долгое кәсіпкерлері Шараев, ағайынды Агафоновтардан 6 чан мен 1000 пұт тұз кедейлер есебіне жалға берілді, ал балық кәсіпкері Дубский кәсіпшілігі негізінде Маңғыстау уезіндегі алғашқы еңбек артелі құрылды.

Ақпан айында уез территориясында шешек ауруының

эпидемиясы басталды. Халықты егу, емдеу және арнаулы дезинфекция жасау үшін арнайы медициналық отряд құрылды, қалалық ауруханаға 38 мың сом бөлінді. 15 мамырда мыңдаған адамдарды эпидемиядан аман алып қалған медицина қызметкерлеріне Кеңес атынан алғыс айтылды. Уез территориясында тәртіп қадағалау мақсатында милиция құрылды, оған әрбір болыстан 10 адамнан – 50 милиционер болды. Бұл шаралардың барлығының бірдей жүзеге аспағанына карамастан (мысалы, Борисов артеліне бөлінген бес балық тұздайтын чан үшін артель мүшелері әрбір тұздалған пұт балықтан, кәсіпшілік үшін төлейтін салықтан бес есе артық «жалдау ақысын» төлеуге тиіс еді), уез басшылығы билікті сақтап қалу үшін қандай да болсын батыл әрекеттерге шешім қабылдауы керек болды.

Бірақ азық-түлік проблемасының күн тәртібінен түспеуі, казактар мен орыстар, түркімендер арасындағы қақтығыстардың көбеюі, уез басшылығындағы ірі байлардың халықтың қайыршылық жағдайымен есептеспей тек өз құлқындарын ойлауы, уез басшылығының тірегі болған солдаттардың елдеріне өз беттерімен қайтуларына байланысты жергілікті гарнизон ықпалының төмендеуі және тағы басқа себептерге байланысты 22 қарашада құрылған Кеңеске, уез басшылығына наразылық күшейді. Азық-түлік мәселесінің қиындауына байланысты Маңғыстауда аштық басталды. Бұл жөнінде уездік кеңес төрағасы П.Ф.Василевтің 1918 жылғы сәуір айында РСФСР Ішкі істер халық комиссарына жазған хатында хабарланды, өкінішке орай жауап хат болған жоқ.

15 наурызда Қызыл Армияның тұрақты әскери бөлімі деп есептелетін қалалық гарнизон түрінде қарулы отряд – Қызыл рота құрылды. Оның негізін бұрынғы қарауыл ротасының 33 солдаты құрады. 18 наурызда мұсылман комитеті жергілікті байлардан Қызыл отрядты ұстау үшін 40 мың сом талап етті. Рота командирі болып жергілікті балықшы И.Н.Бажакин, рота комитетінің

төрағасы болып Салмин сайланды. Кеңестің әскери секциясы қайта сайланып, оған Салмин, Комляков, Кузин енді. Уез басшылығы болса, сол бұрынғы күйінде қалды. 18 сәуірде уезд Кеңесі Закаспий облыстық Халық Комиссарлар Кеңесіне 100 адамнан Қызыл Армия жасағы құрылғанын хабарлап, 80 мың сом аударуды сұрады. Осы мәселе бойынша Ашхабадқа Атқару комитетінің төрағасы, Қызыл рота командирі және мұсылман тұрғындарының өкілі енген делегация аттанды. Сонымен қатар, Түркістан автономиясының құрылуына байланысты, осы автономия құрамына енуге, адай елінің келісімін білдіру мақсатында, құрамында Ж.Мыңбаев та бар делегация аттанды [40. 170-іс, 12-п.].

Бұдан көретініміз, уез басшылығы Қызыл рота құрылуын бұрынғыдай әскери күшке сүйену және өздерінің билігін сақтап қалу тұрғысынан ғана қарады. 16 тамызда Кеңес тарағылып, уақытша атқару комитеті құрылды, 35 күннен соң уақытша атқару комитеті билікті «Уақытша Халық Кеңесінің» (бұрынғы басшылар – Дубский, Ш.Кендірбаев бастаған) қолына берді. Ал 1 шілдеден бастап Адай уезі әскери комиссары болып жұмыс істеген подполковник Оспан Көбеев «Уақытша Халық Кеңесінің» төрағалығына сайланды [28. 272-б]. Уез территориясының басым көпшілік халқын құраған қазақтар болса бұл өзгерістерге қосылмай, ол үкімет органдарын мойындамады және форт Александровскімен екі арадағы барлық байланысты үзді.

Дж.Хоскинг жазғандай, «1917 жыл бәрін де оңайлатты, қоғамның қалдығы мен қаймағы көп қабаттарын біржолата шайып; сословия, тап, этносты жойып қарапайым ғана қарама-қарсылықты: «ақтар» мен «қызылдар» қарсылығын қалдырды. Қарама-қарсы күштер арасындағы бейтараптық мүмкін болмады. Екі жақтың да бұрынғы самодержавиялық империяны қалпына келтіру жолында күрес жүргізбегеніне қарамастан, олардың Ресейдің болашағы туралы ойлары тіптен де сәйкес келмейтін еді» [3, С. 468].

Жалпы Алаш интеллигенциясы арасында большевиктер бағдарламасы әуел бастан-ақ колдау тапқан жоқ. Олардың түсінігі бойынша, большевиктер ұстанған бағыт Қазақстан емес, тіпті Ресейдің өзіне де азапты болашақ әкелетін бағыт болатын. Алаш қайраткерлері ең алдымен большевиктер бағдарламасындағы қоғамдық меншікке көшу туралы пікірді үзілді-кесілді қабылдаған жоқ. Өйткені олардың ойы бойынша, қазақ қоғамы жағдайында мұндай шараға бару мүмкін емес-тін, тіптен ондай әрекет, біріншіден, «оны қабылдауға мүлдем даярлығы жоқ қазақ бұқарасы арасындағы түсінбеушілік туғызса, екіншіден, әлеуметтік теңдік орнатудан бұрын, әлеуметтік апатқа апаруы толық мүмкін еді. Дәстүрлі шаруашылық түрінің бұзылуы, қазақ шаруаларының, жалпы қоғамның қоғамдық меншікке негізделген шаруашылық жүргізуге қай жағынан болса да даярлығының жоқтығы осындай нәтиже бермей қоймайды деп түсінді» [45, 335-б.].

Қазақ зиялылары большевиктердің тап күресі туралы теориясын да қолдамады. Олардың түсінігі бойынша, қазақ қоғамы Ресейдегідей таптық жіктелу деңгейінен алыс жатты. Ал сол тарихи кезеңде «отарлық езгідегі қазақ жұртына қандай да болса жіктелуден гөрі ортақ ұлттық мүдде негізінде бірігу ауадай қажет еді. Жіктелу керісінше, оны әлсіретіп, негізгі мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді деп түсінді» деп қорытады М.Қойгелдиев.

Сөйтіп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы таратылған соң, ұлттық автономия алудан үміттенген Алашорда басшылары мен большевиктер арасындағы қайшылық тереңдей түсті.

Азаматтық қарсы тұрудан азамат соғысына өту

1917 жылы күзде Алаш партиясы басшылығының шешіміне сәйкес жалпықазақтық екінші съезд шақыру жөніндегі ұйымдастыру комитеті құрылды. Алда болар съезде қаралатын басты мәселелердің бірі және бірегейі қазақ автономиясы туралы мәселе болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі өткен уақытта Әлихан Бөкейхановтың қазақ автономиясы туралы көзқарасы сапалы өзгеріске ұшырады. К.Нұрпейісов көрсеткендей, «егер ол Ақпан төңкерісі жеңісінен кейінгі алғашқы күндерде Қазақстанға жергілікті земстволарға сүйенген мәдени автономия қажет деп санаса, 1917 жылдың күзінде ол оған ұлттық-территориялық автономия қажет деп санады. Мұның негізінде, бір жағынан, Әлихан Бөкейхановтың Уақытша үкіметке деген сенімінің азайғаны жатса, екінші жағынан, оны құлатқан Қазан төңкерісін қабылдамауы мен большевиктердің советтік негізіндегі Қазақстан автономиясын құрмақ болған жоспарына қарсылық жатты». Өйткені, орталық пен жергілікті жерлерде жұмысшы-шаруа советтердің өкімет билігін тартып алуы Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен бастап саяси биліктен айырылған таптардың қарулы қарсылығын туғызды. Іс жүзінде азамат соғысы дәл сол кезде басталған өкімет үшін күрестің жалғасы болып табылады, сондықтан да революция мен азамат соғысының арасына уақыт тұрғысынан айқын жеке қыю қиын.

Жалпықазақтық екінші съезд ашылар алдында Гурьев уезімен көршілес Темір уезі қазақтары «Қазақ» газетінде (№ 255, 13 желтоқсан 1917 ж.) өзге жұртқа үлгі-өнеге ретінде үндеу жариялады. Онда елдегі қоғамдық-саяси жағдайға тоқтала келіп, ұлт бүтіндігін сақтап қалу үшін күш біріктіріп, ел қорғау қамына кірісу керектігін баса айтады. Үндеудің мазмұны:

«...Біздің Оралдағы көзқарақты азаматтар жергілікті тұрғындарға... іс-әрекет етеміз деп хабар жіберді. Соған орай әр болыс, әр уез бен ауыл өз камын өздері жасауға ниет қылды. Қатын-бала керек болатын болса, оларды өздерін, өз азаматтарың қорғасын... сендерге қарасып, көмектесетін патшалық жоқ. Басқа жұрт бірігіп, 25-50 жас аралығындағы азаматтарын қаруландырып, жауына қарсы аттанып жатқанда, біздің мына жүрісіміз жараспайды. Ел қорғауға дайындығымыз болмағандықтан, 18-Қарқамыс ауылында ақсақалдар жиылып, уез қол астынан қол жиналуын, әр жерден келген нөкерлер Ембі стансасы секілді жерлердің ортасында тұруы, әркім хал-қадірінше ақшалай қаржы ала келулері (300 сомнан), тағы басқа шаруаларды қамдау жайлы тоқтамға келген.

Шошынбаңдар, ағайын! Бұл нөкерлер өздеріңнің мал-мүлік, қатын-балаларыңды қорғайды ...сонынан өкініп қалмайық. Заманның түрі жаман, сақтанайық, қамданайық» – дегенге саяды. Бұдан ел қорғау, әскер мәселесінің уездік деңгейдегі басқосуларда да көтеріліп, іс-шаралардың жүргізілгенін аңғаруға болады [90].

5-13 желтоқсанда өткен екінші жалпықазақ съезі «...октябрь аяғында Уақытша үкімет түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді һәм беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жоқ болған соң, халық арасы бұзылып, пышақтасып кететінін, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күнен-күнге халықтың күйі нашарлауын һәм бұл бүліншілік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуі ықтимал екенін ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін үкімет керектігін ескеріп, бірауыздан қаулы қылды:

1. Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей; Жетісу, Сырдария облысы, Ферғана, Самарқан облысындағы һәм Әмудария бөлімдеріндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері біріңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз қаны,

тұрмысы, тілі бар болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға;

2. Қазақ-қырғыз автономиясы – «Алаш» деп аталсын;

3. Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені – «Алаш» мүлкі болсын;

4. Алаш автономиясының низамын Бүкілроссиялық Учредительное собрание бекітеді» [91].

Алаш басшылары демократиялық жолмен сайланған Құрылтай жиналысы бекіткен федерацияны орталық пен ұлттық-территориялық құрылымдар арасындағы өзара қатынасты құқықтық реттейтін, мемлекеттік бірлік пен орталық биліктің федерация мүшелерімен байсалды егемендігі пайдасын біріктіретін ұтымды форма ретінде есептеді. Толық тәуелсіздік талабын ұсынбай автономия формасындағы егемендікке ұмтылу Алаш позициясының реализмін көрсетті және қазақ қоғамының объективті жағдайына негізделді [4, С.31-32].

Екінші жалпықазақ съезі кеңес билігін мойындамау туралы шешім қабылдады. Қызыл Армия бөлімдері қауіп төндірген жағдайда қорғану үшін Қазақстан территориясында қазақтың өз ұлттық армиясын – милиция құру көзделді. Съезге қатысушылар кеңес билігін «қай тұрғыдан болсын» Қазақ даласына жақпайтын деп тауып, кеңестік басқару жүйесін оған жібермеу туралы және «орыстардың бір-бірімен күресіне араласпау» туралы шешті.

Қоғамның одан әрі дамуының бағыттары турасындағы Алаш пен большевиктер арасындағы түпкілікті айырмашылық, партиялар қызметінің мақсаттары мен әдістерінің бір-біріне сәйкес келмеуі және де Ресей қоғамының саяси мәдениетінде белең алған кез келген келісімпаздықтан бас тарту синдромы бұл саяси күштердің ара-қатынастарын анықтады. РСДРП (б) партиясының радикализмін басқа социалистердің позицияларымен салыстыра отырып, Алаш партиясы бағдарламасы жобасының авторларының бірі М.Дулатовтың: «Большевиктер бірден бәрін де құртып,

киратқысы келеді, билікті өз қолдарына алып, бәрін өз дегендеріндей жасағысы келеді. Әрине, бүкіл әлемде байлар да, кедейлер де болмауы тиіс және бәрі де тен әрі бейбіт өмір сүруі, бәрі де бір-бірімен ынтымақта болуы тиіс дегендері дұрыс-ақ. Алайда, ол үшін бірнеше ғасыр керек», – деуі тегін емес еді.

Съезде Алашорда үкіметін құру мәселесі қаралып, Алашорда құрамына Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар, Бақтыгерей Құлманов, Уәлидхан Танашев және басқалары енді. Бақтыгерей Құлманов Міржақып Дулатовпен бірге Ташкент қаласына барып, жергілікті түркістандық Алаш басшыларымен болашақ автономияның құзырын, астанасын және тағы басқа мәселелерді анықтауы тиіс болды. Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай, М.Қойгелдиев жазғандай, «Уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ең өзекті ұлт өміріне қатысты мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның арты бүкіл империяны камтыған анархия, зорлық пен зомбылыққа ұласуы еді. Қазақ облыстарында асқынған жер мәселесін шешуге бағытталған әрекеттің болмауы, атты казак әскері, қарулы солдат пен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі соның айғағы болатын».

Бұл кезде Орал қаласында басталған казактардың төңкерісі Батыс Қазақстандағы саяси жағдайды күрт өзгертіп жіберді. 31 сәуірде Орал войсковой үкіметімен келісімге келген Алашорда өкілдері облыстық земство басқармасын Жымпитыға ауыстырды. 18-21 мамырда өткен облыстық 4-съезд Ойыл уәләяты үкіметін құрып, кейін оны Алашорданың батыс бөлімшесі деп жариялады. Ойыл уәләятының құрамына Гурьев, Ілбішін, Орал, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің казактар мекендеген аудандары мен Бөкей, Маңғыстау, Ойыл уездері кірді. Осы өңірде 1917 жылы жойылған Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарларының орнына Ойыл уәләяты Уақытша

үкіметінің билігі жүретін болды. Ал бұл әрекет К.Нұрпейісов атап өткендей, «бүкілқазақтық екінші съезінің ұлттық-территориялық автономия құру жөніндегі шешімінің батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясында жүзеге аскандығының көрінісі еді». Сөйтіп, бұрынғы Орал облысы территориясында іс жүзінде қазақтардың автономиялық басқаруы орнады. Алашорданың батыс бөлімшесінен бөлек қалған барлық жергілікті органдар (уездерде, болыстарда, ауылдарда) 1917 жылы Уақытша үкімет құрған земстволық өзіндік басқаруға негізделді. Батыс Алашорданы (ресми түрде 1918 жылғы 11 қыркүйектен бастап жұмыс жасай бастады) Жаһанша Досмұхамедов басқарды, оның мүшелері болып Халел Досмұхамедов, Бөкей Ордасынан Бақтыгерей Құлманов енді. Х.Досмұхамедов сонымен қатар облыстық земство басқармасының төрағасы болып сайланды.

Ойыл уәләяты үкіметін қорғау үшін әскер жасақтау қажет екені белгілі. Осы мақсатта Бөкей Ордасының Жаңақала, Казталовка аудандары маңында Б.Құлманов басқарған үлгілі казак кавалерия бригадасы, Теңіз округында, Жылой, Ракуша маңында Әубәкіров, Меңдікұлов, Мұқан Көздекенов басқарған, Форт-Александровск маңында Қадырбай Есмағамбетов, Әбуғали, Тәжіғали Таңқыбаев басқарған алашордашыл жасақтар құрыла бастады. Бұл Жайық өңірінде азамат соғысы асқынып, өлке тағдыры қолдан-қолға өтіп тұрған кезең еді. Айта кету керек, кейін Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі болып өзгертілген Ойыл уәләяты, Алашорда үіметінің Шығыс бөліміне қарағанда, жаңа казак мемлекетінің негізін қалауда біраз табыстарға жетті. Азаматтық басқару саласында (большевиктік төңкеріске дейін басталған) билік қарамағындағы барлық территорияда земстволық және қалалық өзін-өзі басқаруды енгізу қысқа уақыттың ішінде жүзеге асты, бұрынғы жалпыресейлік қылмыстық және азаматтық кодекстерге, II Александрдың кодекстеріне сүйенген сот билігі құрылды, басқарудың полицейлік бөлігі де ретке келтірілді.

1918 жылдың 27 қаңтарында Астраханда кеңестер билігіне қарсы қарулы бүлік басылған соң, Астрахан жұмысшы, солдат, шаруа және аушылар депутаттарының губерниялық съезі губерниядағы бар билікті депутаттар кеңесіне беру туралы декрет қабылдады [41, С.179-182]. 20 ақпанда губерниялық атқару комитеті Астрахан казак әскерлерін тарату туралы шешім қабылдады және жанадан территориялық-әкімшілік бөлініс болды. 21-22 наурызда Хан ставкасында қоғамдық ұйымдар өкілдерінің жиналысы болды, оған Орда Халық комиссарлар Кеңесі мүшелері және Астрахан Кеңесінен С.Милютин бастаған өкілдер қатысты. Жиналыс елдегі, губерниядағы жағдайды талқылап, құрамында 13 адам бар жұмысшы, солдат, казак депутаттары кеңесінің атқару Комитетін құрды. Оның төрағалығына С.Милютин сайланды. Атқару органы Халық Комиссарлар Кеңесі құрылып, ағарту комиссарлығына С.Меңдешов, жол және пошта комиссарлығына – И.В.Щербаков, ішкі істер және күзет комиссарлығына – М.Меңдіханов, жер шаруашылығы комиссарлығына – Шомбалов, әділет комиссарлығына – Б.Ниязов, азық-түлік комиссарлығына – И.Сейітов; Халық Комиссарлар төрағалығына алғаш Щербаков, кейін Меңдешов сайланды. I сәуірде Орда қаласында болған Бірінші облыстық жұмысшы депутаттары мен казак халқының съезі Ордада кеңес өкіметінің орнағанын мәлімдеді.

1918 жылдың I шілдесіне қарай Бөкей Ордасында 4 поселкелік, 87 болыстық кеңес құрылды. Ал С.Меңдешов өз естеліктерде жазғандай: «Бөкей Ордасында кеңес үзіліссіз 1918 жылдың I мамырынан бері жұмыс істеуде». 1918 жылдың көктемінде Қазақстанда, оның ішінде аталған аймақта ауылдық жән селолық кеңестер жүйесін құру басталды. Бұл туралы К.Нұрпейісов: «Негізінен ауыл тұрғындарының кедейленген, қайыршыланған тобының өкілдерінен тұратын ауылдық кеңестерді «пролетариат диктатурасы» мемлекеті мен оның саяси жетекшісі

– большевиктер партиясы халықтың басқа әлеуметтік топтарына (ауқаттыларға, байларға) таптық тұрғыдан қарсы қойды және сол арқылы ашықтан-ашық әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістірді», – деп жазған еді.

Қазақстанды осылай кеңестендірудің алғашқы кезеңінде Алаш автономиясы жарияланғаннан кейін облыс, уез, болыстарда қалыптасқан оның жергілікті органдары күштеп таратыла бастады. Сондықтан Алашорданың органы болып саналған Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 15 сәуірде: «...Қай болыс, қай қала болсын большевик өкіметі алмаған жер қалған жоқ. Советтен совет шығып, жергілікті мекемелердің бәрін төңкерді, иледі, биледі» [61, 165-б.] деп жазуы тегін емес. 1918 жылдың басында Орал облысы құрамындағы уездердің барлығында дерлік кеңестер құрыла бастады. 18 наурызда облыстық жұмысшы, шаруа, казак және қырғыздар (казактар) кеңесі съезі өтіп, Атқару комитетінің құрамы қайтадан сайланды. Съезд революция жауларын – Оралдық войсковой үкімет пен Алашорда билігін тарату, олардың басшыларын тұтқындау туралы облыстық Атқару комитетіне тапсырған қаулы қабылдады.

1918 жылдың шым-шытырық оқиғалары жалғаса берді де, сәуір айының басында Халық Комиссарлар Кеңесі және Сталин бастаған Ұлт істері жөніндегі комиссариатпен келіссөз жүргізуге Алашорда орталық үкіметінің шешімімен Мәскеуге делегация келді, құрамында келесі азаматтар болды: Жаһанша Досмұхамедов – Құрылтай жиналысына Орал облысынан сайланған делегат, Халел Досмұхамедов – Орал облыстық земство басқармасының төрағасы, оның орынбасары Попов және басқарма мүшелері К.Жаленов пен Бурковский. Делегация ұлттық автономия жариялау мәселесін талқылаған болатын. Кеңес өкіметінің талаптары Алашорда басшыларының ойынан шықпаған соң, келіссөз саяси-шаруашылық бағытындағы келісімге келу жолдарын іздестірді. Оның қорытындысы ретінде делегация кеңес өкіметін мойындай отырып, жергілікті жердегі кеңес

органдарын қорғау мақсатында 40 миллион сом ақша көлемінде қаржы сұрады. Халық Комиссарлар Кеңесі аванс ретінде 12 миллион сом бөліп, ал Орал казак земствосы қарамағында болған Доссор фабзавкомының бақылауындағы мұнай кәсіпшілігін кепілдік ретінде қояды [40, 5-іс. 133-п.]. Орал казак земствосы ет-май, мал беруге, ал кеңес өкіметі оларды тасып әкететін күш-қолік түрінде 200 ат-арба, 50 автомашина жеткізуге міндеттенді.

Бірақ, 28-інен 29 наурызға қараған түнде Орал войсковой үкіметі төңкеріс жасап, Орал Аққару комитеті мен депутаттар кеңесінің белсенділерін қамауға алды. Сөйтіп, 1919 жылдың 24 қаңтарына дейін Оралдағы билік Жайық казактарының войсковой үкіметінің қолына біржолата көшті. 23 наурызда Гурьевте де казактар төңкеріс жасап, билікті қолдарына алды. Кеңес мүшелері Г.Николаев, А.Евсеев, И.Катков, С.Хотюшенко, Подобръяев, дьякон Внуков, священник Лоскутов, Т.Николаев, Г.Макшавин, С.Курдюков және басқалары тұтқындалды. Сәуір айында Доссор мен Мақатқа казактар келіп кеңес билігін жойды, фабзавком мүшелерінің жұмыстарына тыйым салды. Доссор мен Мақатта кәсіпшіліктен қуылған адамдардың тізімі ілінді. Жүздеген жүк тиелген түіе арбамен жұмысшылар (жергілікті казак жұмысшыларынан басқалары) Гурьевке, одан әрі Астраханға бағыт түзеді.

Казактар болса Ленин бастаған Халық Комиссарлар Кеңесінің Доссор жұмысшыларына бөлген 10 млн. сом ақшасын өздерінің есептеріне аударды: 8 млн. сом Оралдағы войсковой үкіметке, 2 млн. сом Гурьевтегі казактарға кетті. Астраханға барған жұмысшылар «эвакуацияланғандар комитетін» құрды, сонымен қатар Гурьев-Доссор біріккен жұмысшы депутаттары кеңесі құрылды. Оның төрағасы болып Гурьев Кеңесінің бұрынғы төрағасы В.И.Тяжев, хатшылығына М.Сартов сайланды. Бұл жердегі 1620 жұмысшы мен қызметкерлерге 16 мамыр мен 15 тамыз аралығында мұнай акционерлік қоғамдары есебінен жалақы

ретінде жалпы есебі 2537236 сом ақша төленді. Кеңес өзінің басты мақсаты ретінде Гурьев пен Доссорға оралуды және кеңес өкіметін орнатуды қойды. Ол тек 1920 жылдың басында ғана мүмкін болды. Ал Гурьев Кеңесінің 9 мүшесі: А.Евсеев, Т.Николаев, С.Курдюков, И.Катков, Ф.Якубович, священник Лоскутов, дьякон Внуков, Макшания және Доссор кеңесінің мүшесі Лысяков 9 шілде күні түнде Пешной аралында атылды. Сөйтіп, Гурьев және мұнай кәсіпшілігі кеңестерінің жаңа қоғам құру жолындағы алғашқы әрекеті сәтсіз аяқталды.

«Облыста бар билікті өз қолына күшпен алған Жайық казактары әскери диктатура орнатты. жаппай террор қолданып, патша заманындағы ескі тәртіпті қалпына келтірді», – деп жазады И.Кенжәлиев «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары» кітабында осы кезеңдегі шиеленіскен жағдайды суреттей келе. – «Демократиялық құқықтар жойылды, сөз бостандығы, баспасөз бостандығы аяққа басылды. Газеттер жабылды, баспаханалар тек әскери үкіметке қызмет етті. Сайланып қойылған жергілікті басқару мекемелері талқандалып, қызметкерлері тұтқындалды не қудаланды. Казактар арасында да қаған бақылау ендірілді. Митинг, жиналыстар өткізуге тыйым салынды. Үкімет құрамына басқа ұлт өкілдері жолатылмады, ал революцияны жақтаған солдаттар мен казактарды қудалау көбейді».

Сөйтіп, казактардың қазақ халқына көрсеткен дәстүрлі менменшіл қатынасы азамат соғысы жылдары ашық кәтігездікке ұласты. Бірақ, оларға біржақты кінә тағу әділетсіздік болар еді. Кез келген соғыстың, әсіресе азамат соғысының қасіреті «ұлттылықты, саяси бағытты, туыстық байланысты айыра алмайтын адамшылықтан ада күштердің күнделікті әрекетіне айналып, кәтігездіктен кәтігездік тудыруға алып келді. Осы тарихи трагедияға қатысқандардың қолдары қызыл қанға боялды» [91, 5-б]. Арада бір жол өткен соң азамат соғысының қанды қасабы кезінде, 1919 жылдың 24 қаңтарында большевиктер партиясының циркулярлі хаты

дүниеге келіп, ол казактарға байланысты жаңа саясатқа бастама болды. Хат «кенес өкіметіне қарсы күреске тікелей немесе жанама түрде қатысқан барлық казактарға қарсы рақымсыз жаппай террор ұйымдастыруға» негіз болды [92].

1918 жылғы көктемдегі контрреволюциялық төңкерістерден кейін Доссор мен Рақушадағы Совдеп мүшелері мен қоғамдық ұйымдардың белсенділері де уақытша жасырын жұмысқа көшуге мәжбүр болды. Олардың бір тобы Астраханға барып, революциялық жұмыстарға араласты. Қалғандары сол кезегі Қызылқоға, Кермеқас, Тайсойған, Карабау, Қаракөл болыстарындағы кедей шаруалардың үйінде бой тасалады.

Аймақтағы азық-түлік мәселесі 1918 жылғы 26 сәуірде ВКП (б) Орталық Комитеті мәжілісінде мақұлданған, кенес өкіметінің азық-түлік саясатының негізгі ережелерінде бекітілген шараларды жүзеге асыруға байланысты одан әрі шиеленісе түсті. Онда есеп пен бақылау, астық монополиясы, тұрақты баға мен азық-түлік салғырты туралы бірқатар заңдар қабылданды. Алайда астық дайындаушы ұйымдардың іс-қызметінің негізінде «революция заңдары» деп аталатын, яғни барлық жерде қолданылатын зорлық-зомбылық жатты. Азамат соғысының барысында ол кенес өкіметінің шаруалармен сөйлесудегі негізгі дәйегіне айналды. 1918 жылы 22 мамырда Ленин астықты жинау, тасу және бөлу ісіндегі қатаң мемлекеттік тәртіпке, басқаша айтқанда, «азық-түлік диктатурасының» қарсыластарына «крест жорығын» ұйымдастыруға шақырды. Осы бағытта азық-түлік жасақтары секілді арнайы әскерилендірілген құрылымдар жасақталды және астық өнімдерін дайындау кезінде тек Орталықтың тапсырмасын басшылыққа алды. Бөкей Ордасында іске кіріскен азық-түлік жасағында 30 адам болды. Жасақтың революция жолындағы іс-қимылдарының бірі – шаруашылықтардан ат-көлік жинау бағытында 488 түйе мен 100-ден астам жылқы тартып алынды [85, С.18]. Ол кейін жергілікті қазақ шаруаларының қарсылығын туғызғаны белгілі.

1918 жылдың тамыз айында Маңғыстау арқылы өткен Әліби Жанкелдин экспедициясы жергілікті адайлардан көмек алды және Жанкелдин Тобанияз Әлниязов бастаған Ревком құрып кетті. Әлниязов форттағы билік органдарына бағынбай, өз алдына билік жүргізді және Алашорда съезінде сөйлеген сөзінде қазақ автономиясын құруды, қазақ халқы мен жана автономияны қорғау үшін қазақ әскерін құруды қолдады. Осы мақсатта кадет училищесіне 100 адай жігітін жіберетінін және бүкіл шығынды өз мойнына алатынын мәлімдеді. Училище бітірген соң осы жігіттердің әрқайсысы командир болады және толық әскери жарағымен «Адай полкын» құрады деді Тобанияз. Кеңес өкіметі Маңғыстауда тек форт Александровск қаласы және оның төңірегіндегі орыс поселкелерінде ғана болды және жергілікті деңгейде азық-түлік мәселелерін шешуде қазақтардың қолдауын таппады. 1920 жылдың 11 маусымында адай, табын және солармен бірге көшіп жүрген басқа да қазақ руларының 1-кеңестік делегаттар съезі ашылды [93]. Кеңес өкіметінің орталықтан келген өкілдерінің талқыланатын сұрақтардың арасына кеңес өкіметінің мәні, оның жергілікті органдарын аталған рулар арасында құру туралы мәселені көтергенімен де, басты талқыланған сұрақтар: адай, табын руларының қоныс аударушылармен қарым-қатынасын реттеу; осы рулардың қоныс аударушылармен қатар солтүстіктегі су көздеріне, жайылымдарға тоқтаусыз шығу мүмкіндіктерін кеңейту; адай, табын рулары жайлауын өткізетін жерлерде (қазіргі Ақтобе облысының солтүстігі) жаңадан жер беруді тоқтату, жергілікті қазақтар мен қоныс аударушыларға осы жерлерде үй, қора-қопсы салуға тыйым салу; осы мәселелерді түпкілікті шешу мақсатында Адай уезін құру және оның орталығы ретінде Ойыл бекінісін таңдау болып қалды. Қыстаулары Маңғыстаудың оңтүстігінде, жайлаулары Батыс Қазақстанның қиыр солтүстігінде – 1000-1200 шақырымдай жерде көшіп жүрген адай-табын рулары үшін болашағы белгісіз, тікелей көмегі жоқ кеңес өкіметі

тек жер, жайылым және су көздерін шеше алған жағдайда ғана беделге ие болатын еді. Съезд төрағасы Тобанияз Әлниязов және Абдрахман Көбеев, Есенгүл Байгөренов, Жаулы Ахметов, Садық Жұбаев жалпықазақ съезіне делегат болып сайланады, алайда талаптарының орындалмауына байланысты кеңес өкіметіне деген адайлардың көңілдері суи бастайды.

1921 жылғы 28 наурызда болған Қырғыз (Қазақ) облыстық бюро мәжілісі Адай-Манғыстау уездік партия ұйымының жұмысына баға бере келіп, «партияға өткен 80 адамның 50-і қажетсіз элементтер, ал таптық жіктеліс жүргізілген жоқ. Саяси ағарту жұмыстары атымен жоқ. Уездік партия комитетіндегі адамдар бірнеше қызметті қоса атқаруда... Жастармен ешкім жұмыс істемейді... Ауызша үгіт-насихат жүргізілмейді, баспасөз насихаты жоқ, шрифтер мұсылманша...» [94] десе, тіпті 1927 жылғы IV Бүкілқазақтық партия конференциясында Ф.И.Голощекин: «Әзірше бізде Адай уезінде Әлниязов секілді адай князы отырғанда ешқандай атқарушы өкімет ештеңе істей алмайды», – деп мәлімдеген еді.

Сонымен, Ақпан төңкерісі демократиялық ұрандар жариялағанына қарамастан, казактарды саяси құқықтарынан айырған ескі заңдар күшінде қалды. Қазақ халқы үшін басты проблема болған жер мәселесі шешілмей қала берді. Казак-орыс әскерлерінің орасан жер иеліктері мен сословиелік артықшылықтары ешкім қол сұға алмайтындай күйінде сақталды, қазақ жерін күшпен тартып алған Қоныс аудару басқармасы өз қызметін жалғастыра берді. Кедей шаруалар Уақытша үкіметтің жергілікті әкімшіліктеріне бағынудан, алым-салық төлеуден бас тарта бастады. Күзге қарай Орал, Темір уезі, Доссор мұнай кәсіпшілігінде қазақ және орыс шаруаларының казактардың жазалаушы отрядтарымен қақтығыстары басталды. Уақытша үкіметтің экономикалық саясатының күйреуінің басты себебі соғыс болса, екіншіден, үкіметтің ірі меншік иелерінің мүдделеріне қайшы келмейтіндей саясат жүргізуге тырысуы еді.

Соғыс ауыртпалығы, босқындар, азық-түлік дағдарысы, төне түскен аштық қаупі, сепаратизм және тағы басқа жайттар тез және батыл шешім қабылдауды талап етті. Бұқара халықтың талабы жаңа конституциялық жобалар төңірегіндегі тәтті мақалалар мен әңгімелер емес, қол жетпес армандарды болашақ Құрылтай жиналысынан күту емес, ғасырлық азаматтық даму мектебінен өтпеген Ресей халқының басым бөлігіне тән қауымдық-тендік, күштеу идеясына сәйкес қарапайым және ашы талаптар болатын. Конституциялық жобалар болса бұл кезде тып-тыныш кабинеттерде жазылып, кейін мұрағат сөрелерінде қат-қат болып жиналып, шаң басып жатты. Ал, қордаланып қалған проблемаларды шешуде Уақытша үкіметтің жасқаншақтығы барлық саяси күштерді, оның ішінде радикалды күштерді, «революциялық шыдамсыздыққа» итермеледі, халық және билік арасында «мылтық ұстаған адамның» беделі артты. Бірге-бірге әртүрлі саяси күштер әскерді өз жағына тарту мақсатында күресті бастап та кетті. Бұған казактардың араласуы, казактар мен казак халқының, казактар мен басқа әлеуметтік топтардың арасындағы қайшылықтарды ескерсек, бұл күреске жаңа қарқын, аяусыз кескілескен бағыт берді. Уақытша үкіметтің қолынан келмеген қатаң, бұлтасыз бағыл шараларды кейіннен, «соғыс коммунизмі» кезінде большевиктер жүзеге асырған еді.

Уақытша үкіметтің діни және ұлттық шектеулерді жою туралы декреті жарияланғанына қарамастан, ұлттардың өзінің мемлекеттік құрылымдарын өздері шешу құқығы, шағын халықтар мен ұлттардың тағдыры туралы мәселелер ескерілмей, сол күйінде қалды. Соған қарамастан, казак жерінде, оның ішінде Бөкей Ордасында әкімшілік басқарудағы демократиялық реформалар үшін күрес жалғаса берді. Земство енгізу мақсатында сайлау комиссиялары құрылды, сайлау комиссияларының құрамына жергілікті басқару органдары мен сол кездегі барлық демократиялық ұйымдардың өкілдері тартылды. Ол саяси күреске жаңа

адамдарды тартумен қатар жалпы саяси белсенділікті көтерді. Ұлттық бостандық идеясын ту етіп көтерген ұлт зиялылары қазақ халқы үшін бұрынғы билікті сақтап қалуға тырысқан жаңа биліктің де, тап күресі идеясын ұстанған большевиктердің де саясатын қолдамай, қазақ қоғамының бөлініп-жарылмай, біртұтас ұлт аясында дамуы үшін күресті. Революциялық үміт пен азаматтық келісім жағдайында қазақ зиялылары қазақ халқының ғасырлар бойы армандаған бостандық, еркіндік, елдік, теңдік тілегін жүзеге асырар уақыт жетті деп есептеді. Уақытша үкімет ұсынған саяси ойын талаптарын қабылдай отырып, қазақ зиялылары заң жүзінде, қантөгіссіз, эволюциялық жолмен ол тілектерді жүзеге асыруға болады деп сенді. сол бағытта жұмыс істеп, қандай да болсын арандатулар мен «революциялық шыдамсыздықтан» сақтандырды. Алайда, демократияға үйренбеген, әрі соғыс пен аштық, жалпы бүліншілік қаупі қосылған Ресей империясының басты саяси күштері отар елдер мен оның халықтарының мүдделерімен есептеспестен, бірін-бірі құртпай тынбайтын ауыр да азапты, қантөгіске толы азаматтық соғысты бастап кетті. Орыс халқы мен отар елдер халықтары, оның ішінде қазақ халқы да, оның арман-тілегі де азамат соғысының құрбандығына айналды. Оның себебі, Д.А.Аманжолова атап өткендей, «қазақ қоғамының ой-арманы мен саяси бағытын бетке ұстаған Алашорда саясаты Ресейдің қоғамдық санасы мен оның негізгі саяси күштерінде белең алған, біріншіден, ұлы және болінбес Ресей және екіншіден, ұлт мәселенің билік мәселесіне бағындырылуы идеясына байланысты шешілмес қайшылыққа тап болды. Өйткені, бұл екі идеяны да жүзеге асыру унитаризмді талап етті, ол және соғыс уақыты практикасында жеңіске жетті де. Алашорда болса бұл күресте өз алдына бөлек саясат ұстап, «үшінші күш» бола алмады. Сонымен бірге, қандай да болсын қарама-қарсы күштердің бірімен одаққа бару Алашорданы программалық мақсаттардан алыстата түсті және жеңіліске ұшыратты» [4. С. 44-45].

Кеңес өкіметі болса Уақытша үкімет шеше алмаған соғыс, жер, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы, өндіріске жұмысшы бақылауын орнату, азық-түлік тапшылығы проблемаларын шешуге уәде берді. Кеңес билігін жер-жерлерде орнату басталды. Большевиктер ықпалында болған жерлерде ол бейбіт түрде жүрсе, Қазақстан территориясында өлкенің әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан кенже дамуына, жергілікті жұмысшы табының аз әрі әлсіз болғанына, ұлтаралық қатынастардың күрделілігіне байланысты ол қарулы қақтығыстардан кейін орнады.

Алайда, өлкеде кеңес өкіметінің орнауы Ленин жазғандай «салтанатты шеру» түрінде емес, керісінше, өте қиын да күрделі процесс түрінде өтті. Бұл кезеңде большевиктерге қарсылық күресті ұйымдастыратын бір орталықтың болмауы, ол күштердің бытыраңқы жағдайда және бір-бірімен қарама-қайшылықты қатынаста болуына байланысты ұлт аймақтардағы демократиялық күштер мен олардың саяси ұйымдары оқиға барысының дамуын қадағалап, өздеріне бұл күресте одақтастар іздеуде большевиктер партиясымен тайталаса алмады. Оқиғалар барысы көрсеткендей, бұл ымырасыз күресте Ленин үкіметі ең алдымен әлеуметтік мәселелерді шешуге уәде беру арқылы қалың көпшілікті өз жағына тарта білді.

Басқарудың әскери-коммунистік әдістері, большевиктердің (негізінен орыстілділер) ұлттық ерекшеліктерді (көп жағдайда большевиктерге ол тіптен де таныс емес еді немесе дүниежүзілік революция алауында маңызы жоқ ұсақ-түйек ретінде қаралды) менсінбеуі әртүрлі формадағы қарсылықтар туғызды (түншыққан ашу-ыза мен жаңа билікті елемеуден бастап, ашық қарсылыққа дейін). «Егер бұрын шет аймақтарда бір топ адам, патша шенеуніктерінің атын жамылып қазақтарды жауапсыз қанап, әртүрлі зорлық жүргізсе, дәл сол және басқа адамдар большевик-коммунистердің атын жамылып, сол қылықтарын жалғастыруда. Мен және менің әріптестерім, – деп түсіндіреді 1918 жылы өз позициясын

казак автономистерінің басшыларының бірі А.Байтұрсынов. –бұрын патша билігі кезінде мұнымен келіспегенбіз, онымен қазір де келісе алмаймыз. Мұндай істер бүкіл кеңестік Ресей жерінде жүріп жатқан секілді, сондықтан біз кеңес билігін мойындауға қарсымыз» [4, С.40].

Ал, Алаш қозғалысына қатысатын казак халқының «үркердей ғана білімді тобына сенбеген Ленин». Т.Омарбеков сөзімен айтсақ, оларды «кедей-кепшіктен шыққан рухани және білім деңгейлері төмен, бірақ ұлттық емес, таза таптық көзқараста тұрғандармен ауыстыруға күш салды» [95]. «Қазақ» газеті 1917 жылғы 26 қарашадағы санында елдегі қалыптасқан саяси ахуалға мынадай баға берді: «Ресей іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, ортасына ойран түсіп, түп қазығы суырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр. Біреу өлмес камын қылып жатыр, біреу осы лайсаң бүліншілікке кірмес камын қылып жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып бірігіп кам қылмай отыра алмаймыз. Мұндай лайсаң заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ, әркім өзін өзі қорғайды. Әуелі өлмеске, екінші мал-мүлкімізді талауға бермеске, үшінші осы ланның ішіне кірмеске қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы».

1918 жылдың көктеміне қарай, әлемнің ұлан-байтақ мемлекеті бір-бірімен не ортақ заң арқылы, не ортақ тағдыр санасымен байланыспаған, егемендік талап еткен ірі және ұсақ сансыз болшектерге ыдырап кетті. Бірнеше айдың ішінде Ресей саяси жағынан бір кездегі удельдік княздықтардан тұрған ерте ортағасырлық деңгейге дейін кері кетті. Бүкіл империя халқының, оның ішінде казак халқының тағдырын астан-кестен еткен азамағ соғысы басталды да, аумалы-төкпелі аласапыран заман жана ғана бүршік жарып келе жатқан демократияны да, бостандық, теңдік аңсаған казак халқының арманын да аяқ асты етті. Алайда, С.М.Исхаков жазғандай: «Салыстырмалы түрде

қысқа ғана тарихи кезеңде мұсылман халықтарының психологиясында түбірлі өзгерістер болды, оның мәні рухани оқшаулықтан ресейлік қоғамның саяси өміріне белсене араласу, сонымен қатар әлемдік саясатқа қатысу. Ескі, уақыты өткен көзқарастардың орнына мұсылмандарға жаңа түсініктер келді, күні кешегі діни шектелу этноұлттық басымдылықтармен ауыстырылды...» [62, С.405].

1918 жылы көктемде басталып кеткен азамат соғысы енді ғана ұлт-азаттық күрес арнасына түскен қазақ қоғамын бүкіл Ресей империясын қамтыған тапаралық соғыс орбитасына тартты. Қазақ қоғамы болашақ мемлекеттік құрылыстың түрлі нұсқаларын жақтап (ұлттық және кеңестік), екіге бөлініп кетті. Сөйтіп, кеше ғана отарлық езгіге қарсы күресте саяси тұтастық туын көтерген қоғам мүлдем басқа сипат алып, таптық жіктелу жолына түсуге тиіс болды. «Бұл іс жүзінде жана ғана бой көтерген ұлт-азаттық қозғалыстың өзінің қисынды шешімін таппай жатып-ақ таптық күреске ұласуы еді... – деп баға береді М.Қойгелдиев, – ... басқаша айтқанда, большевиктік басшылыққа ұлт-азаттық күрестің толық заңды нәтижесі есебінде пайда болған саяси ұлттық-мемлекеттік құрылым емес, пролетариаттық Ресей үлгісіндегі, орталық билікке байлаулы мемлекеттік жүйенің қалыптасқаны керекеді. Бұл сөзжүзінде, теорияда ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын мойындаған Кеңес өкіметінің, іс жүзінде объективті, табиғи даму кезеңі «ұлттардың өзін-өзі билеуін алып тастап», жедел түрде, күштеп «еңбекшілердің өзін-өзі билеуін енгізу» саясатына көшкендігінің көрінісі болатын».

1918 жылдың тамыз айына қарай бұрынғы «біртұтас және бөлінбес» Ресей империясы шеңберінде 20-ға дейін «орталық» және облыстық большевиктерге қарсы үкіметтер құрылды: Самарада Комуч, Екатеринбургте Орал, Благовещенскіде Амур облыстық, Харбинде Қиыр Шығыс, Кубанда, Оралда және Орынборда казак үкіметтері; оған қоса украиндардың, закавказье халықтарының, башқұрттардың,

түркістандықтардың және басқаларының ұлттық республикалары мен автономиялары. Бұл әртүрлі күштерді біріктірген антибольшевизм мен елді дағдарыстан шығару және жаңа негізде болашақты қайта құруға ұмтылыс болды. Алайда, Ресейдің мемлекеттік құрылымы формасы, орталық пен провинциялар арасындағы өзара қатынас принциптері, ұлттық, территориялық және мәдени автономияның егемендігі дәрежесі, олардың бір-бірімен ара-қатынасы туралы түсініктері федерализмді жақтаушылардың арасында да әртүрлі болды. Сепаратизм, автономизм, аймақшылдық, шовинизм және олардың бір-бірімен күрделі байланысы – бұлардың барлығы 1918-1920 жылдардағы оқиғаларға өзіндік сипат берген ерекше құбылыстар болды.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың бірінші ширегі – адамзат тарихы үшін бұрын-соңды болмаған түбірлі өзгерістер, революциялар, дүниежүзілік соғыс, әділетті қоғам құру жолындағы идеялық күрес және сол идеяны жүзеге асыру жолындағы әлемдік масштабтағы әлеуметтік эксперименттер, сонымен қатар, әртүрлі ұлттардың азаттық жолындағы күрес кезеңі болды.

Халықтың басым көпшілігін құраған қазақтар өлке территориясында біркелкі орналасты, оларды басқаруда әртүрлі формада әкімшілік құрылды. Мысалы, Бөкей Ордасында басқару қисымдар мен округтар негізінде жүргізілді. Ресейдің Астрахан губерниясына бағынған, бұл жердің басқару жүйесін орталық губерниялардағы басқару жүйесіне ұқсатуға тырысқан патша үкіметі, Гурьев уезі немесе Маңғыстауға қарағанда айрықша жүйеленген, «сапалы» басқару аппаратымен толық қамтылған, отаршылдық жүйенің жан-жақты әрі толық бақылауында болған әкімшілік жүйесін құрды. Қазақ даласындағы барлық басқару жүйесінің мақсаты – жергілікті халықты бағынышта ұстау, халықтың наразылық қозғалысын болдырмау және алдын алу, салықты толық әрі уақытында жинау және бұл жерлерді орталық губерниялардан келгендермен қоныстандыру болса, ол толығымен Бөкей Ордасында жүргізілген саясаттан көрінді.

Маңғыстау жеріндегі басқару жүйесінің ерекшелігі сонда, әкімшілік тек Александровск фортын, теңіз жағалауындағы поселкелерді, негізінен, орыс балықшылары мен кәсіпкерлері тұрған жерлерді ғана бақылауда ұстады. Даладағы қазақ болыстарын бақылау қиындығына байланысты әкімшілік «управительдің кандидаты» немесе болыстың орынбасары деген мансап енгізуге мәжбүр болды. Олардың өз дәрежесінде, сапалы жұмыс істеуі уез басшылығы мен болыстардың ара-қатынасына байланысты

болды. Болыс басшылары (управительдер) әкімшіліктің саясатын қолдамаған жағдайда оларға ықпал етерліктей әкімшіліктің қолында мүмкіншілік аз болды. Табиғатының қаталдығы, қоныс аударушыларды қызықтырардай құнарлы жерлердің болмауы мен су тапшылығына байланысты әкімшілік болыс управительдерімен, ру басылармен, ақсақалдармен жақсы қарым-қатынастарда болуға тырысып бақты және Бөкей Ордасындағыдай емес, біржақты, қатаң саясат ұстаудан сақтанды.

Гурьев уезінің ерекшелігі – казак-орыстардың саяси, экономикалық өмірдегі басымдылығы, құнарлы жерлерге қоныс аударушылардың көптеп келе бастауы, балық аулау мен мұнай кәсіпшілігінің дамуына байланысты жұмысшы табының, оның ішінде қазақ жұмысшыларының қалыптасуы болды.

Сонымен, саяси басқару жүйесінде отаршылдық «бөліп ал да, билей бер» саясатына негізделген, бірнеше бөлшекке бөлініп, әртүрлі орталықтардан басқарылған бұл өлкенің саяси белсенділігі көп жағдайда осы орталықтардың Санкт-Петербурмен қарым-қатынасына, саяси белсенділігіне, ұстаған саясатына, өлке қазақтарына деген көзқарастарына байланысты болды. Жергілікті халықты өзге қазақ облыстарынан оқшаулықта ұстау олардың саяси белсенділіктеріне тұсау салды және болып жатқан саяси оқиғалар ағымына баға беруде орталыққа жалтақтауға әкелді. Бір қызығы, Ресей қоғамы империя негізіне төнген қауіпті, ұлт аймақтардың бостандыққа ұмтылуын өздеріне тікелей төнген қауіп ретінде бағалады. Самодержавиялық режимді құқықтар мен бостандықтарды жаныштағаны үшін тұрақты және аяусыз сынға алған либералдық қозғалыс өкілдерінің өздері, егер ол империяның тұтастығына қауіпті деген жағдайда, бұл бостандықтарды басқа халықтармен бөлісуден бас тартып шыға келді. Ресей қоғамы, Ресей қоғамдық пікірі нақты немесе сағымдай бұлдыраған ұлттық сепаратизмге қарсы тағы да бірігіп қарсы тұруға дайын болды.

Қазақ халқы үшін бұл кезең – ата-баба жерін келімсектерден сақтап қалу, отаршылдықтың қара бұғауынан құтылу жолындағы ұлт-азаттық күрес, қазақ халқының басын біріктіру, ұлттық мемлекеттігін қайта қалпына келтіру және оны жаңа заманға бейімдеп қайта құру жолындағы қасірет пен үміт кезеңі болды. ХХ ғасыр қазақ халқы үшін отарлық саясатты жаңа деңгейге көтерген Столыпин реформасымен басталса, ауыр алым-салықтармен, дүниежүзілік соғысқа жігіттерін «реквизициялаумен» жалғасты.

Столыпин реформалары қазақ ұлтының «жанды жері» – жер мәселесіне байланысты болды. ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында қазақ ұлтының жауынгерлік рухы жанышталды деп есептеген патша өкіметі барған сайын күрделеніп бара жатқан геосаяси жағдайды ескере отырып, шет аймақтардағы өз ықпалын одан әрі күшейтуге тырысты. «Патша үкіметі мұсылман халықтарын дамудың төменгі дәрежесінде деп есептей отыра, Орта Азиядағы орыс отарлауын Азия мен Африканың елдерін еуропалық жаулап алушылардан да асып түскендей қатігездікпен жүргізді» [96, С.63] деп француз тарихшысы Н.Верт тегін жазбаған болатын. Қазақ халқының құнарлы, шұрайлы жерлерін тартып алу бұрынғыдан бетер қарқынмен жүрді. Мұны Бөкей Ордасындағы осы кезеңде болған жер дауларынан көреміз. Жерінен айырылған қазақтар қосалқы кәсіптерге көшуге, басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болды. Жаңадан жұмысшы табы қалыптаса бастаса, ауылдағы әлеуметтік жіктеліс тереңдей түсті. Бұл қайшылықтардың барлығы шиеленісе келіп, 1916 жылғы майданға «қара жұмысқа» адам алуға қарсы халық қозғалысына алып келді.

Отаршылдық саясаттың күшеюі қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы – мал шаруашылығын дағдарысқа алып келді. Қоныс аударушылардың аймақпен шектес солтүстіктегі қазақ жерлеріне көптеп келе бастауы жер мәселесін одан әрі шиеленістіре түсті. Ол қазақтарды шаруашылықтың басқа түрлерімен, қосалқы шаруашылықпен айналысуға, шаруашылықтың интенсивті түрін меңгеруге итермеледі.

Алайда, табиғаты қатаң, су қоры өте аз, негізінен, тек көшпелі мал шаруашылығына негізделген Батыс Қазақстанда жерден айырылу қазақтар үшін үлкен трагедия болды. Егер жері салыстырмалы түрде алғанда құнарлы болған Бөкей Ордасында қазақтар қосалқы шаруашылыққа көшуде үлкен қиындық көрсе, Гурьев уезі мен Маңғыстауда ол жайылымдық жерінен айрылған қазақтарды үлкен демографиялық апат алдына әкеліп қойды.

Бөкей Ордасында жайылымдық жердің тарылуына байланысты жергілікті қазақтар, бірінші кезекте көршілес Астрахан губерниясындағы орыс мұжықтарының немесе казак-орыстардың жерінде жалданып, тұз, балық кәсіпшіліктеріне барса; екіншіден, қалыптасқан жана саяси жағдайда жер үшін күрестің бұрынғыдан өзгеше, өркениетті, заңға негізделген жолдарын қолдануға тырысты. Ол Бөкей қазақтарының саяси белсенділігінің өсуіне, болып жатқан оқиғаларға жан-жақты, империя көлемінде әрі ауқымды түрде қарауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл жерге капиталистік жер қатынастарының кеңірек енуі қазақ ауылындағы таптық жіктелісті жаңа дәрежеге көтерді.

Гурьев уезіндегі жер мәселесінің басты ерекшелігі, шаруашылығының басты салаларының бірі мал шаруашылығы болған Жайық қазақтарының уезде басты рөл атқарғаны және саяси оқиғалар ағымында қазақтардың елеулі күш болғаны еді. Жер мәселесіндегі, жайылымдық, шабындық жерлерге байланысты таластар қазақтар мен Жайық қазақтары арасындағы бітіспес қарама-қарсылыққа, өштестікке әкелді.

Маңғыстаудағы жайылымдық жердің тарылуы, табиғи апаттар, осыған байланысты мал санының қысқаруы, қазақтарға төнген аштық апаты патша әкімшілігін қазақтарға көмек беруге мәжбүр етті. Бұл бар салықты мал және мал өнімдері арқылы жинап отырған әкімшіліктің малынан айырылған қазақтар басқа жаққа ауа көшкенімен қоймай, үлкен-үлкен халық толқуларына әкеледі деген қорқынышынан еді.

Мұнайкәсіпшілігінің, тұзөндірудің және басқа да қосалқы шаруашылықтардың басты күші қазақ жігіттері болып қалды. Әсіресе, бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында, қазақ жігіттері көптеген көршілес орыс деревняларында, казак станицаларында, әртүрлі кәсіпшіліктерде елеулі күш болды. Олардың саяси сана-сезімінің оянуы, өз құқықтарын қорғау мақсатында қоя бастаған батыл талаптары жергілікті әкімшілікті де, патша үкіметін де алаңдата бастады.

Қазақ даласында болған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс территориялық қамтуы және қарқынына қарай Азия, Африка және Латын Америкасында болған басқа ұлт-азаттық қозғалыстармен терезесі тең тұрды және империялық отаршылдық жүйенің күйреуін тездетті, тәуелсіздікке, бостандыққа жол ашты. Отандық тарихта бұл мәселе жеткілікті зерттелді дегенмен де, әлі де болса ашылмай жатқан құпия сырлары көп-ақ. Олар Қазақстанның барлық дерлік өлкесін қамтыған ұлт-азаттық қозғалыстың жергілікті жағдайға байланысты өз ерекшеліктері, соған байланысты оқиғалардың өрбу барысы, отарлық жүйенің осы ерекшеліктерге байланысты ұстаған саясаты, қозғалыс басындағы және оған белсене араласқан адамдар есімі және олардың кейінгі тағдыры, қазақ халқының өз елінде босқынға ұшырауы, ұлт-азаттық қозғалыстың болашақ төңкерістермен, таптық күреспен және азамат соғысымен байланысы және тағы басқа мәселелер. «Соңғы сарбаз аруланып жерленбейінше, соғыс аяқталды деуге болмайды» деген нақыл бар. Қаншама қазақ жастары «қара жұмысқа» алынып, майданның қай жерлерінде болды, оның нешеуі елге оралды деген сұраққа жауап беру де қиын-ақ.

Батыс Қазақстанда, оның ішінде Каспий теңізінің жағалауында болған қозғалыстың да өз ерекшеліктері болды. Отаршылдық әкімшіліктің толық бақылауында болған Бөкей Ордасында патша өкіметі жергілікті үстем тап өкілдерінің көмегіне сүйене отырып бұл қозғалыстарды аяусыз басты, алға қойған мақсаттарын негізінен орындады десе де болады. Халқы осы кезде жайлауда болған, алыс жерлерде

көшіп жүрген Гурьев уезіндегі казактарды бұлай көндіру қиынға түсті, ал Манғыстауда отаршылдық билік тікелей күш қолданудан сақтанып, алдауға барды. Сөйтіп, күнделікті күйбең тірлігінен, бір күндік тамағынан аса алмаған ел билеген «игі-жақсылардың», «халық қалаулыларының» көмегі арқасында отаршылдық билік жеңіске жетті. Бірақ, бұл жеңіс түбінде барлығын құрдымға құлататын, алдамшы жеңіс еді. «Қазак» газетінің төнірегіне топтасқан ұлттық интеллигенцияның өкілдері мүмкіндігінше халық басына түскен ауыртпалықты жеңілдетуге тырысты, ол үшін билік басындағылармен араздасуға дейін барды.

Ақпан төңкерісі қазақ халқына бұрын-соңды болмаған демократиялық өзгерістер әкелді. Ол жаңа қоғам құру жолындағы қазақ халқының белсенділігін оятты, жаңа өмірді өз қолымен тұрғызуға мүмкіндік берді және құлдық психологиядан құтылуға жол ашты. Ақпан төңкерісі халық санасында, оның алдыңғы катары ұлт зиялылары санасында үлкен өзгерістер, серпілістер туғызды. Қазақ халқының ежелгі арманы – тәуелсіздікке жету, өз мемлекеттігін қайта құру мүмкіндігі қол жетпес арманнан таяудағы жүзеге асырар мүмкіндіктерге, жоспарларға айналды. Әкімшілік саладағы, ұлт саясатындағы, әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірдегі, идеология мен мәдени өмірдегі өзгерістер барлық жерде саяси белсенділіктерді күшейтті, жаңа өмір құруға байланысты армандардың орындалуына аз ғана уақыт қалды деген ой тудырды.

Барлық казак жерінде, оның ішінде Ресей империясының құрамына алғаш еніп, отаршылдық жүйенің барлық «кереметтеріне» әбден қаныққан, казак-орыс әскерлері жан-жағынан төніп тұрған Бағыс Қазақстанда, Каспий жағалауында да жаңа қоғам орнату жолында күрес басталды. Қазақ халқы үшін бұл уақыт үлкен өзгерістер кезеңі болғаны, бұрын-соңды болмаған саяси белсенділікті туғызғаны тарихи шындық. Заман талабы алға қойған күрделі міндеттерді шешу мақсатында жергілікті жерлерде жаңа билік органдары құрыла бастады да, олар бірден қордаланып

калған проблемаларды шешу жолында жұмыстарын бастап та кетті. Жер-жерлерде съездер өткізіліп, болыстық, уездік қазақ және мұсылман комитеттері құрыла бастады. Қазақ халқының көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары жана мемлекеттік құрылыс мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өз ұлтының болашағын түбегейлі өзгертуге, жақсартуға ұмтылды. оның түпкі мақсаты – Ұлттық бостандыққа жету болатын.

Басқару органдарына аты бұрын белгісіз болған, бірақ халық сенетін, халық қамын жоқтайтын деген азаматтар көптеп тартылды, ең білімді, ең ұлтжанды жергілікті халық өкілдерінің билікке көтерілуі осы халық санасының, саяси белсенділігінің өсуінің жемісі. Тарихи перспективада мұның бәрі барлық қазақ даласын демократиялық бағытта қайта құрудың, әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалар жүргізуінің бастауы болар еді.

Қазақ зиялыларының Уақытша үкіметті қолдауы және өкімет билігіне қатыстырылуы, қазақ қоғамының ұлттық қоғамдық-саяси ұйымы – қазақ комитеттерінің құрылуы, тұңғыш ұлттық саяси партия – «Алаш» партиясының құрылып, оның жергілікті органдарының пайда болуы сол ғасырлар бойы шешуін таппай келген ұлттық мүддені ту қылып көтерген қазақ зиялыларының арманының орындала бастауы деп қарау керек.

Уақытша үкіметтің «Барлық билік Құрылтай жиналысына берілсін!» деген ұранын кош көрген қазақ зиялылары жер-жерде Құрылтай жиналысына депутат сайлау науқанына белсене қатысты, земстволық басқару жүйесін енгізу жолында жұмыстанды, сол арқылы демократиялық Ресей мемлекетінің құрамында қазақ халқының арманын жүзеге асады деп ойлады. Әртүрлі партиялар, қоғамдар, ұйымдар, серіктестіктер және басқаларының өкілдері өздерінің өкілдерін билік органдарына ұсыну арқылы өз талап-тілектерін жүзеге асыруға тырысты. Белсенді үгіт-насихат жұмысы негізінде жер мәселесін әділ шешуге ұмтылған шаруалар жерді қайта бөле бастады, өндірістерде жұмыс-

шы бақылауы орнады, аса жеккөрінішті билік өкілдері орындарынан қуылды, өндіріс билігін өз қолына алған жергілікті комитеттер жетім-жесірлерге, мұқтаждарға көмек көрсете бастады, әлеуметтік теңдік орнатуға ұмтылды, мектептер, мәдени-ағарту клубтары ашылды, жаңадан көптеген газеттер мен журналдар жарық көре бастады.

Бұл кезде жергілікті және орталық, бірін-бірін қайталап жататын аты да, заты да бірнеше түрлі ұйымдар – атқарушы, азаматтық, әскери, революциялық, демократиялық және басқа да комитеттер басқару процесіне қиындық туғызды. Комиссарлар институты, земстволық басқарма, қалалық өзін-өзі басқару, жер, азық-түлік, азаматтық комитеттер және тағы да сол сияқты жаңа құрылымдардың көптігі сондай, халық та, билік басындағылар да одан шаршай бастады, ал жаңа билік болса қордалана түскен проблемаларды шешуге ұмтылудың орнына, тағы бір жаңа құрылым құрғанды оңай көрді. Бұқара халықтың саяси белсенділігі оянды, алайда, саяси мәдениетінің төмендігіне, бақылауға қиындығына, шыдамсыздығына байланысты бұл саяси процестің негізгі қатысушылары елдегі демократиялық қайта құрулардың эволюциялық жолмен жүруін болдырмай тастады. Құқықтық және мәдени, саяси нигилизм күшейді, ол өз кезегінде болашақ тоталитарлық психология мен режимге жол ашты.

Бұрынғы халық есебінен күн көрген, өздерінің биліктерін сақтап қалуға тырысқан кертартпа және шовинистік күштер – бір жағынан, формасы бөлек, бірақ мәні бір империялық жүйені таптық негізде құруға ұмтылған большевиктер партиясы екінші жағынан, қазақ халқының ұлттық мүддесін ту етіп көтерген «Алаш» зиялыларына қарсы қимылдады. Оның үстіне, соғыс, соған байланысты экономикалық тоқырау, жоқшылық, халықтың қайыршылануы, революциялық радикализмнің өсуі Уақытша үкіметке қарсы наразылықты күшейтті, халықты Уақытша үкімет ұсынған эволюциялық, демократиялық жолдан тайдырып, революциялық асығыстыққа, шыдамсыздыққа итермеледі, қордаланып қалған барлық проблемаларды күш қолдану

арқылы бірден шешуге болады деген алдамшы сенімді күшейтті. «Біз төңкерісті ұғызған мүмкіндіктерді ұлттық игілік үшін пайдалануда әлсіздік көрсеттік. Біздің бағытымызда екі үлкен кедергі бар еді. Оның алғашқысы – ұлттық қозғалысымыздың қас жаулары болса, екіншісі – кенже қалуымыз және ұйымдық қозғалыс үшін тәжірибеміздің аздығы. Бұлардың ішінде ең қорқыныштысы – соңғысы болатын», – деп жазды осы кезең туралы Мұстафа Шоқай өз естеліктерінде [97].

Уақытша үкіметтің Ресей халқына ең қажетті негізгі мәселелерді – азаматтық құқықтарды теңестіру, жер реформасын жүргізу, бітім жасау және отар аймақтарға өзін-өзі билеу құқығын беру мәселелерін түбегейлі шеше алмауы немесе осы бағытта қажетті нық қадамдар жасамауы большевизмнің жақтастарын көбейтті. Тек халық бұқарасының демократиялық талаптары бұзылмай тұрған жерлерде ғана Уақытша үкімет билігі өз дәрежесінде болды, қандай да болсын қактығыстардан қашқақтаған жерлерде халық Уақытша үкімет билігінен теріс айналып кетті. Отаршылдықтың қара таңбасындай болған, әсіресе жер мәселесін шешуде жергілікті басқару органдары Петроградтағы Құрылтай жиналысына сілтеп, бұл мәселеде табандылық, тапқырлық көрсете алмады, жергілікті жағдайға байланысты батыл шешім қабылдаудан қашқақтады. Бұл, түптеп келгенде, «біртұтас және бөлінбес» империяны таптық тұрғыдан қайта құруға бағыт ұстаған большевиктердің жағына халықтың едәуір бөлігінің шығып кетуіне мүмкіндік берді.

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы реформаторлық қызметі Қазан төңкерісімен үзілді, ол метрополия ғана емес, барлық шет аймақтардағы қоғамның салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әлеуметтік байланыстарын, саяси институттары мен саяси қатынастарын жоққа шығарды. Революция орыс мессианстволығына сенетіндерді ысырып тастап, оның орнына әлемдік пролетариат мессианстволығына сенетіндерді қойды. Сөйтіп, отаршылдықтың бір форма-

сынан құтылып, еркіндікке қолы енді жете бастаған қазақ ұлты коммунизмнің туын көтерген жаңа империялық жүйенің қоластына қайта түсті.

Кенес идеясы, кенес билігі бірден қазақ халқының өміріне сініп кете алмады. Ахмет Байтұрсынов көрсеткендей, Ақпан төңкерісі қазақтарға қаншалықты түсінікті болса, әрі оны қаншалықты қуанышпен қарсы алса, Қазан (Әлеуметтік) төңкерісі соншалықты түсініксіз болды және оны сондай үреймен қарсы алды. Көптеген өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі шаруашылық әжептәуір сақталған Маңғыстау, Гурьев уезі қазақтары Қазан төңкерісіне, ол әкелген жаңалықтарға үрке қарады, таптық жіктеліс әлі тереңдемеген, рулық, қауымдық қатынас сақталып қалған жерлерде тап күресі идеясының тек сыртқы күштің ықпалы арқылы ғана жанданатыны белгілі болатын. Жаңа өкіметті күштеп орнатпақ болған әрекеттер, сондықтан, бұл жерлерде сәтсіздікке ұшырады. Мысалы, Маңғыстау жерінде кенес билігі тек қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын апатқа ұшыратқан кәмпеске, ұжымдастыру, жаңа отарлық жүйеге қарсы күресті қанға бояп басқаннан кейін ғана толық орнады.

Гурьев қаласында, мұнай және балық кәсіпшіліктерінде кенес билігі орнады да, кенес идеясы жаңа қоғам орнатуда әділдік, теңдік принципіне сүйенеді деп сенген адал азаматтар көп болды. Олар жаңа қоғам жолында өз өмірлерін қиюдан да қорықпады. Сондықтан, ғұмыры қысқа болған Гурьев Кеңесінің халық алдындағы, әділетті қоғам құру жолындағы қызметі әлі де ұмытылған жоқ.

Әлеуметтік жіктеліс бұдан әлдеқайда терең жүрген, сыртқы күштердің, оның ішінде қарама-қарсы күштердің тікелей араласуы болған, саяси күресте тәжірибе жинаған көрнекті ұлт өкілдері болған Бөкей Ордасында бұл процесс басқаша жүрді. Жергілікті қазақ зиялыларының, ұлт қамын ойлаған азаматтардың беделі арқасында қазақ халқының ұлттық бірлігі, тұтастығы, егемендігі идеясы жеңіске жетті.

Алайда, бұл жерде де «мылтық ұстаған адам» араласып, аласапыран азамат соғысына, кеңес билігі орнауына әкелді де, қазақ халқының арманы – тәуелсіздік идеясы 70 жылға кейінге шегерілді.

1917 жыл және одан кейін болған азамат соғысы мен кеңес билігін орнату жылдары қазақ халқының тарихында жана қаралы беттерін ашты. Қазақ елі, қазақ халқы демократиялық және авторитарлық билік арасындағы емес, екі жақ та күшке сүйенген. «біртұтас және бөлінбес» империяны қалпына келтіруге тырысқан саяси лагерьлердің – ақтар мен қызылдардың соғыс диірменінің арасына түсті. Өкінішке орай, сол кездегі реакцияшыл күштермен, монархия қалдықтарымен жана, жарқын болашақ жолында адал сеніммен күрескен азаматтар «бүкіл әлемді түбіне дейін талқандап, оны жанадан тұрғызудың» соңы неге әкеліп соғатынын білмеген еді. Болашағы жарқын, әділетті қоғам құруда карама-қарсы екі лагерьге бөлініп кеткен қазақ зиялыларының трагедиясы – ХХ ғасырда басталған әлемдегі түбегейлі өзгерістерде, жана геосаяси жағдайдың қалыптасуында, барлық мәселелерді шешу кезінде абсолют дәрежесіне көтерілген қара күштің белең алуында бұлардан шет қала алмауы еді.

Дегенмен де, олардың еңбектері зая кеткен жоқ. Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін шын мәнінде көрсетіп берген әйгілі тарихи қайраткерлердің, мемлекет басқарушыларының тұтас легі біздің көз алдымызда. Олар қазақ мемлекеттігін дамытудың нысанасын жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде-ақ көрсетіп берген болатын. Біз асқак сезімге бөлене отырып, ұлттық әрекетшілдігімізге қатысты ғасыр басында Алаш қайраткерлері бастап берген жолнұсқалар ғасыр соңында жалғасын тапты деп айта аламыз».

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 15-16 б.
2. Бекмаханова Н.Е. Государственное законодательство и народы России //Российская многонациональная цивилизация. Единство и противоречия /Отв. ред. Трепавлов В.В.; Рос. акад. наук. Ин-т рос. истории. – М.: Наука, 2003. – С.76-77 (с. 21-81).
3. Хоскинг Д. Россия: народ и империя (1552 – 1917 гг.) // Пер. с англ. С.Н.Самуйлова. – Смоленск: Русич, 2000. – С.402-403.
4. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия: История движения Алаш /Послел. Ю.А. Полякова; Асоц. исследователей рос. общества XX в. – М.: Изд. центр «Россия молодая». 1994. – С.20 (213 с.).
5. Ресей Федерациясы Астрахан облыстық Мемлекеттік мұрағаты (РФ АОММ), 32-к., 1-т., 864-іс, 58-65-п.
6. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата: Наука, 1982.
7. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ), 700-к., 1-т., 21-іс, 5-6-п.
8. Обзор Закаспийской области за 1910 год. – Асхабад: Изд. Закаспийского областного статкома, 1913.
9. ҚР ОМА, 40-к., 1-т., 1043-іс, 121-п.
10. Зиманов С.З. В.И. Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1970.
11. Симагин Ю.А. Территориальная организация населения. – М., 2004. – С.112 (244с.).
12. Россия в начале XX века // Под ред. акад. А.Н. Яковлева. – М.: Новый хронограф, 2002. – 744 с.
13. ҚР ОМА, 40-к., 1-т., 998 -іс, 22 об-23-шп.
14. ҚР ОМА, 40-к., 2 доп.-т., 59-іс, 14-п.
15. Кенжалиев И. Ғұмар Қараш. Оқу құралы. – Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспаханасы, 2004. – 134 б.
16. Тажиев Т.Т. Школы Внутренней (Букеевской) Орды во второй половине XIX века //Вопросы ист. Казахстана XIX - нач. XX века. – Алма-Ата, 1961. – С.129.
17. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. – Алматы: Қазақстан, 1993.
18. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.) /Отв. ред. В.М. Кабузан. – М.: Наука, 1986. – 245 с.
19. Обзор Уральской области за 1915 год. – Уралск, 1916.

20. Герасимова Э.И. К истории переселения крестьян в Уральскую область в начале XX века //Изв. АН КазССР, серии ист., арх. и этногр. Вып. 3 (20). – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1962. – С.77-87.

21. Елеуов Т. Борьба за установления Советской власти в Уральской области и бывшей Букеевской Орде //Установление Советской власти в областях Казахстана / Под ред. Т. Елеуова и др. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – С. 161-192.

22. Обзор Уральской области за 1913 год. – Уральск, 1914. – С.128.

23. Сулейменов Б.С. Рабочее и аграрное движения в Казахстане в 1905-1907 гг. //Вопросы ист. Казахстана XIX - нач. XX века. – Алма-Ата, 1961.

24. ҚР ОММ, 78-к., 2-т., 511-іс, 1-п.

25. Нусулбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. – Алма-Ата, 1966. – С.41 (317 с.).

26. ҚР ОММ, 678-к., 1-т., 82-іс, 7-п.; 695-к., 1-т., 56-іс, 4-п.

27. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Қазак энциклопедиясы, 1995. – 141-б.

28. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы, 1997. – 88-б.

29. Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века (Вопросы социально-экономической и политической истории). – Алма-Ата: Наука. – 1977.

30. ҚР ОММ, 40-к., 1 доп.-т., 60-іс, 88-п.

31. Ресей Федерациясы Астрахан облыстық Мемлекеттік мұрағаты (РФ АОММ), 1-к., 2-т., 1336-іс, 18-п.

32. Варламов П. О 1917 годе в Букеевской Орде (Из воспоминаний) //Большевик Казахстана. – Алма-Ата, 1935, № 9-10. – С.119.

33. «Қазак» газеті. – Алматы: Қазак энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998.

34. Мендешов С. Мои личные воспоминания о мобилизации казахского населения на тыловые работы в империалистическую войну в 1916 г. – Кызыл-Орда, 1926. – С.3.

35. РФ АОММ, 625-к., 1-т., 193-іс, 16, 52-пп.

36. РФ АОММ, 194-к., 1-т., 3000-іс, 74-п.

37. Рабочее и аграрное движения в Казахстане в 1907 - 1914 гг. //Сб. документов и материалов. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – С.505-506.

38. Обзор Закаспийской за 1911 год. – Асхабад, 1914. – С.162.

39. Памятная книжка Уральской области на 1916 год. – Уральск, 1915. – С.158.

40. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚР ПА), 811-к., 7-т., 95-іс, 97-п.

41. Борьба за власть Советов в Астраханском крае (1917-1920 гг.).

Документы и материалы. – Часть 1. Установление Советской власти и начало гражданской войны в Астраханском крае (март. 1917 – ноябрь. 1918 гг.). – Астрахань: Изд. газеты «Волга», 1958.

42. Пайпс Р. Русская революция. – М.: Росспэн, 1994. Часть 1. – С.265.

43. РФ АОММ, 37-к., 1-т., 229-іс, 122-123 пп.

44. Тәкенов Ә.С. «Толығымен қайта жазылуы тиіс...» Тарих ғылымд. докторы, профессор Ә.Тәкеновпен сұхбат //Қазақ тарихы. –1996.–№ 6.– 3-5 б.

45. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). – Алматы: Санат, 1995. – 170-б.

46. Сармурзин А.Г. Участие национальной интеллигенции в национально-освободительной движении казахского народа 1916 года // Национальные движения в условиях колониализма: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ. Материалы Всесоюзного «круглого стола». 27-28 июля 1990 г. – Целиноград, 1991. – С. 113

47. ҚР ОММ, 78-к., 1-т., 1048 -іс, 18-п.

48. Қойгелдиев М. Отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері // Қазақ тарихы, 1993. – № 1. – 49 б

49. Манаев Н. Он алтыншы жылдың лаңы //1916 жыл (Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына). Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар. – Алматы, 1996

50. ҚР ПМ, 811-к., 6-т., 153-іс, 178-п.

51. РФ АОММ, 440-к., 2-т., 240-іс, 53-п.

52. ҚР ОММ, 316-к., 2-т., 1-іс. 158. 136. 135-п.

53. ҚР ОММ, 687-к., 1-т., 29-іс, 6-п.

54. ҚР ОММ, 695-к., 1-т., 251-іс, 65-п.

55. «Рабочая правда», 1926, 3 ноября

56. Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917). – Алма-Ата: Наука, 1966. – 376 с.

57. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 210-б.

58. Олкотт М.Б. Қазақтар //Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1994. – 122-146-б.

59. Варламов П. За Совета в Букеевской степи //В огне революции (Воспоминания участников Великой Октябрьской социалистической революции и гражданской войны в Казахстане). Под ред. П.М. Пахмурного и Т.Е. Елеуова. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957.

60. Сүйінов С. Қайраткер Құлманов (Алаш көсемдерінің бірі Бактыгерей Құлманов туралы тарихи әңгіме) – Алматы: Ғылым. 1997. – 48 б.

61. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.–Алматы: «Ататек». 1995.–256 б.

62. Исхаков С.М. Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.). – М.: Институт российской истории РАН, 2003. – 476 с.
63. «Рабочая правда», 1927, 3 ноября
64. Рабинович А. Кровавые дни: Июльское восстание 1917 г. в Петрограде. – М.: Республика, 1992. – 272 с.
65. КР ОММ, 679-к., 1-т., 118-іс, 1-п.
66. КР ОММ, 316-к., 1-т., 8-іс, 13-п.
67. Койгелдиев М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқайұлы //Ақиқат, 1993. – № 3. – 73 б.
68. РФ АОММ, 1093-к., 1-т., 46-іс, 116-п.
69. Нұрпейісов К., Құлқенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Санат, 1996. – 67-б
70. Рабинович А. Большевики приходят к власти: Революция 1917 года в Петрограде. – М.: Прогресс, 1989. – 416 с.
71. Логинов В. Продовольственная политика (осень 1917-1920 гг.) //Свободная мысль, 1997. – №10. – С.26-36.
72. РФ АОММ, 1094-к., 1-т., 11-іс, 310, 316-пп.
73. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920 жж.). Тарихи очерк. – Орал: Изд. ЗКГУ, 2000. – 39 б.
74. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Сб. докум. и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь, 1917 г. /Құраст. Грибанова Е.М., Смағұлова С.О.. «Алаш мұрасы» сер. ред. алқасы. – Алматы: Алаш, 2004. – 1 том. – 263-264 б.
75. Бюллетень №1 Всероссийского съезда мусульман в Москве. Доклад А. Цаликова. – М., 1917. – С.18, 19.
76. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX - начале XX веков. – Алматы: «Жеты Жарғы», 1996. – 352 с.
77. РФ АОММ, 39-к., 1-т., 11-іс, 8-п.
78. КР ОММ, 689-к., 1-т., 5-іс, 118-п.
79. КР ОММ, 681-к., 1-т., 110а-іс, 4-п
80. Қазақстан Республикасы Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (КР АОММ), Р-193-к., 18-т., 1-іс, 1, 2-п.
81. Революционное движение в военных округах. Март 1917 г. - март 1918 г. /Под ред. Ю.И. Кораблева. – М.: Наука, 1988. – С. 306.
82. Спирин Л.М. Россия 1917 год: Из истории борьбы политических партий. – М.: Мысль, 1987. – 333 с.
83. И.Е. Еремينا. Политические партии и общественные организации Казахстана в канун и период выборов в Учредительное Собрание (исторический аспект): Рукопись дис. к.и.н. – Алматы, 2001. – С.83-84

84. Аманжолова Д.А. Алаш, Советы, большевики //Отеч. история. – М., 1994. – № 1. – С.57-73.

85 Халидуллин Ф.Х. Политика советского государства в отношении казахских шаруа (1917 – 1940гг.). – Алматы: НИЦ Ғылым. 2001. – 214 с.

86. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 384 б.

87. ҚР ОММ, 686-к., 1-т., 38-іс, 10-п.

88. Дариенко В.И. Установление Советской власти на Мангышлаке //Изв. АН Туркменской ССР, серия обществ. наук. – Ашхабад: Ылым. 1987. – № 6. – С.27.

89. ҚР ПМ, 141-к., 16-т., 1909-іс, 4п.

90. Ілясова К. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1919 жж.). Тарихи талдау: т.ғ.к. дис. қолжазбасы – Алматы, 1999. – 106 б. (187 б.)

91. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сб. докум. и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. /Сост.: Алдажуманов К.С., Хангожиева Р.К., Койгельдиев М. и др.; Инс-т ист. и этнологии им. Ч. Валиханова; Архив Президента РК. – Алматы: Алаш, 2005. – 2 том. – 25-26 бб.

92. Циркулярное письмо Оргбюро РКП (б) « О политике по отношению к казачеству» от 24 января 1919 г.// Известия ЦК КПСС. – 1989. – № 6. – С.176-178

93. Қазақстан Республикасы Орал облыстық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ООММ), 653-к., 2-т., 5-іс, 6, 7-п.

94. ҚР ПМ, 140-к., 1-т., 82а-іс, 51-п.

95. Омарбеков Т. Ресейде түрік мемлекеттігін құру идеясы неге жүзеге аспады // Ақиқат, 1993. – № 7. – 38-б.

96. Верт Н. История Советского государства. 1900 – 1991 /Пер. с фр. Н.В. Бунтман, Е.С. Дружинина и др. – 2-е изд., испр. – М.: ИНФРА-М; Изд-во «Вес мир», 2003. – 544 с.

97. Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай. Естеліктер.– Истанбул. 1997. – 29 б.

Қарғалар:

1. XIX ғасырдың аяғы-XX ғасыр басындағы қазақ жүздерінің қоныстары (<http://ru.wikipedia.org/wiki/Файл:Жуз.svg>).

2. XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстандағы көш жолдары және олардың бойындағы суат көздері (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2003, Т. 5. – 57 б.

3. Дала өлкесі (Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары және Жайық,

Орынбор, Сібір казактарының қарамағындағы жерлер) (<http://narod.ru/disk/5094204000/atlas1914.zip.html>)

4. XX ғасыр басында қоныс аударушыларға бөлінген территориялар (<http://narod.ru/disk/5094204000/atlas1914.zip.html>)

5. Астрахань губерниясының құрамындағы Бөкей уезінің (Бөкей Ордасы) әкімшілік бөлінісі (<http://narod.ru/disk/5094204000/atlas1914.zip.html>)

6. Орал облысы. Құрамында Орал, Ілбішін, Темір, Гурьев уездері және Жайық казак әскерлерінің жері. (http://www.genealogia.ru/projects/maps/maps/map_XXX_jpg.htm)

7. Жайық казак әскерлерінің қарамағындағы жерлер (<http://www.krasplace.ru/wp-content/uploads/2009/atlas1871/map35.jpeg>)

8. Закаспий облысы құрамындағы Маңғыстау уезі (www.genealogia.ru/projects/maps/maps/map_zakasp_jpg.htm)

Фотодеректер:

9-11. XX ғасыр басындағы казактар (Календарь из серии «Ескі фото/Старое фото_Old photo». Фотографии из архивов Центрального Государственного музея РК, г. Алматы)

12. Киіз үйде отырған казактардың бір тобы. XX ғ. басы. Ресей Этнографиялық Музейі қорынан (http://www.ethnomuseum.ru/gallery71/1112/1627_1619.htm)

13-14. Бөкей Ордасының казактары (http://www.ruzgd.ru/il-i_342.jpg; <http://www.pratyeka.org/books/kazak-exodus/kazak-exodus/6.jpg>)

15. Қазак. XX ғ. басы. Ресей Этнографиялық Музейі қорынан (http://www.ethnomuseum.ru/gallery71/1112/1629_1619.htm)

16. Жайық казак әскері.

(http://ru.wikipedia.org/wiki/Файл:Уральский_казак_19_век)

17. Жайық казак әскерлері. 1914 жыл. (http://ru.wikipedia.org/wiki/Файл:Казак_Уральской_сотни_лейб-гвардии)

18. Қоныс аударушылар. (<http://upload.wikimedia.org/wikipedia/ru/1/10/Переселенцы.jpg>)

Көне Гурьев келбеті. Фотожинақ. – Атырау, 2006:

19. Жайық өзені жағасындағы бақша суаруға арналған шығыр

20. Каспий теңізінен балық аулайтын кайық. 1904 жыл.

21. Гурьев балықшылары жүзуден кейін.

22-24. Тұз өндірушілердің ауыр еңбегі

25. Гурьев қаласы. Жайықтың оң жағалауындағы мешіт.

26. Гурьев қаласы. Астрахан көшесінің көрінісі.

27. Гурьев қаласы. Қалалық абақты.

28. Гурьев қаласы. Станица алаңындағы жиналыс.

М А З М Ү Н Ы

КІРІСПЕ.....	3
--------------	---

I ТАРАУ

АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ҚАРСАҢЫ МЕН ТҮСЫНДА

Аймақтың әкімшілік-саяси басқаруындағы ерекшеліктер	8
Халыққа білім беру ісі — отарлау саясатының жалғасы	19
Отаршылдық саясаттың дәстүрлі шаруашылыққа тигізген зардаптары және қосалқы шаруашылықтардың қалыптасуы	24
Аймақтағы жер мәселесінің шиеленісуі	39
Балық кәсіпшілігінің дамуы және тұз ондіру	49
Бірінші дүниежүзілік соғыстың аймақ экономикасына тигізген зардаптары	56
Майдандағы «қара жұмысқа» адам алу және оган қарсы толқулар	65

II ТАРАУ

АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫНДА ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аймақта Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен кеңестердің құрылуы, олардың қызметі. Бөкей Ордасы	77
Гурьев уезі және мұнай кәсіпшіліктері	84

Маңғыстау уезіндегі жағдай	92
Жер мәселесін шешуге ұмтылыс	96
Қоғамдық-саяси өмірдің жандануы, оның негізгі бағыттары	109

ІІІ ТАРАУ

1917 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЙМАҒЫНДА. АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУДАН АЗАМАТ СОҒЫСЫНА ӨТУ

Аймақтағы жалпы дағдарыстың ушығуы және саяси билік үшін күрестің күшеюі. Бөкей Ордасы.....	128
Гурьев уезіндегі саяси күрес.....	132
Маңғыстау уезі	140
Земстволық басқаруға көшуге әрекет және Құрылтай жиналысына делегат сайлау.....	145
Аймақта кеңес өкіметінің орнауы және қоғамдық-саяси, шаруашылық өмірдегі өзгерістер. Бөкей Ордасындағы ахуал	164
Гурьев уезіндегі жағдай	172
Маңғыстаудағы қоғамдық-саяси ахуал.....	179
Азаматтық қарсы түрудан азамат соғысына өту.....	187
ҚОРЫТЫНДЫ	205

Қуаныш Серік

АТЫРАУ-МАҢҒЫСТАУ АЙМАҒЫ
1917 жылғы революциялық
өзгерістер тұсында

Редакторы *Жұлдыз Әбділда*
Техникалық редакторы *Ардақ Мұқышева*
Корректоры *Айман Бабиқызы*
Мұқабасын көркемдеуші *Рамазан Омаров*
Беттеуші *Динара Ниетқалиева*

Басуға қол қойылған күні 27.07.10.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$.

Шартты баспа табағы 15.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 1167.

“Өлке” баспасының өз баспаханасында басылды.

050062, Алматы қ-сы, 1-ықш. ауд. 66^Б.

Тел.: 276-09-13.



ҚУАНЫШ
Серік
Орынғалиұлы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының кандидаты.

1964 жылы Гурьев облысы Мақат ауданында дүниеге келген. 1986 жылы ҚазМУ-дың тарих факультетін бітірген. 1986-1991 жж. Ақтөбе облысы Шұбарқұдық поселкесінде, Гурьев облысы Мақат поселкесінде орта мектеп мұғалімі, Қазақстан ЛКЖО Темір аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, Қазақстан ЛКЖО Мақат аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1991 ж. бастап Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде еңбек етіп келеді.